

ПРОФ. Қ.Ж.ЖҰМАЛЫЕВ

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ
ТАРИХЫНЫҢ
МӘСЕЛЕЛЕРІ
ЖӘНЕ АБАЙ
ПОЭЗИЯСЫНЫҢ
ТІЛІ



Проф. ЖҰМАЛИЕВ

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТІЛІ



ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ
АЛМАТЫ — 1960

КІРІСПЕ

«Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» деген атпен осы кітаптың I томы 1958 жылы баспадан шыққаны оқушылар жұртшылығына мәлім.

Біз ол кітапта әдебиет тарихымен байланысты: ауыз әдебиеті мен тарихы, жазба әдебиеттің айырмасы, бірлігі, әр қайсысының өздеріне тән ерекшеліктері, әдебиетіміздің тарихын не себептен XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастаймыз, XIX ғасырдың бірінші жартысындағы әдебиет, ол кездегі әдеби бағыттар, оның әлеуметтік себептері, «бірыңғай ағым» тағы басқа мәселелерге тоқталып және жеке авторлардың шығармаларына талдаулар берген болатынбыз.

Автордың бұл кітаптарды жазудағы негізгі мақсаты: XVIII—XIX ғасырдың қазақ әдебиетінен ғылыми тарихи курсын жасау, жоғарғы оқу орындарының филологиялық факультеттері үшін оқулықтар жазу ісіне даярлықтар жүргізумен қатар, әзірше, оқушыларымыздың әдебиеттің тарихи даму жолдарын дұрыс түсінуге бағыт сілтеу, көмектесу.

Бұл томдарды баспаға әзірлеуде автор XVIII—XIX ғасыр әдебиеті туралы көп жылдар бойы жүргізген өзінің зерттеулерін сын тұрғысынан қарап пайдаланумен қатар, ол еңбектерде кездесетін кемшіліктер болса түзете отырып, сол кездегі әдебиетіміздің даму жолдары туралы бұрын айтылған кейбір пікірлерін тереңдетіп, жеке авторлардың шығармаларына берілген талдаула-

рының кейбіреулерін толықтырса, кейбіреулеріне мүлде жаңаша талдаулар жасау бағытында жұмыстар істеді.

Бұл томға енгізілгендер ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы әдебиетіміздің ірі тұлғалары Алтынсарин, Абай, олардың жолын қуып, әдебиетімізді метод, жанр жағынан толықтырушы Абайдың шәкірттері Ақылбай, Мағауия және ХІХ ғасырдағы айтыс ақындарының Біржан мен Сара тәрізді ірі өкілдері.

Қазақтың шын ұғымындағы жазба әдебиетінің, әдебиет тілінің негізін салушылар, оны биік сатыға көтерушілер Алтынсарин, Абай Құнанбаевтар бола тұрса да, көркем туындылар қалдырмағанмен де Алтынсарин, Абайлармен идеялас, әлеуметтік ірі мәселелер жөнінде олармен пікірі үндес адам Шоқан Уәлиханов болды. Ол тарихи, халықтық мәні зор мәселелер жөнінде өз ой-пікірлерін Алтынсарин, Абайлардан бұрын айтты. Ауыз әдебиетін жинау, олардың қоғамдық мәні мен туу себептері туралы тамаша бақылауларымен қатар, бүгінгілерге көп үлгі боларлық әдеби бағалы зерттеулер қалдырды.

Әдебиеттің тарихы ғана емес, теориясымен байланысты да Шоқанның құнды пікірлері бар. Міне, осы жақтарын еске алып, сол дәуірдің алғашқы әлеумет қайраткері және әдеби зерттеушісі есебінде ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы әдебиет тарихының бетін Шоқан Уәлихановпен ашып отырмыз.

ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті

Жержүзі әдебиетінің тарихына көз салсақ мәдени-рухани даму кезеңдерінің белгілі бір белі, елеулі кезеңдері болады. Әр елдің әлеумет өміріндегі әралуан тартыс, тап күресі, қоғам өмірінің жалпы даму процесі, таптың немесе таптық топтың ой-пікір, тілек, мүддесін сөзінде жыр, ісінде ту етіп жоғары көтеретін адамдарды да дүниеге ала келеді. Олардың кейбіреулері ескінің шырмауынан шыға алмай, өткеннің күңгейін, жаңа заманның көлеңке жағын көрсе, кейбіреулері ескіліктің сыншысы, жаңалықтың жаршысы дерлік дәрежеге көтеріледі. Олар тарихты даттамай да, мақтамай да әділ бағалап, үмітті алдан, жарықты келешектен күтеді. Өз кезіндегі әралуан мәселелерді терең толғап, кеңінен шо-

лиды. Айналасына көз тігіп, ел қамы, жұрт пайдасы деген нысананы алға қояды да тарихтың үлкен сахнасында бой көрсетеді. Сүйтіп, олар кезінің ұраншысы, келешектің жыршысы болады.

XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген қазақтың әлеумет қайраткерлері; оқымысты, ақын, жазушыларына, олардан қалған мұраларға біз осы тұрғыдан келсек, өмірге екі түрлі көзқарас, екі түрлі тілек, мүддені аңсаушылардың болғандығын көреміз. Әсіресе, бұл әдеби нұсқалардан айқын аңғарылады.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиеттің идеялық-мазмұны, стиль ерекшеліктеріне қарап, біріншісі, регресшіл романтизм бағытындағы әдебиет те, екіншісі, реалистік және прогресшіл романтизм бағытындағы әдебиет деуге болды.

Бірінші бағыттың басты өкілдері: Шортанбай, Әубәкір (Әбубәкір), Мұрат, Нұржан т. б. Бұл ақындардың әрқайсысы Қазақстанның әр түкпірінде өмір сүрді. Көбінің бір-бірімен қарым-қатыс, байланыстары болған жоқ. Бірақ, олардан қалған мұраларды алсақ, барлығына ортақ, барлығының шығармаларына тән бірнеше ерекшеліктерді көреміз. Олар: өмірге торыға қарап, кезіне риза болмаушылық, сол дәуіріндегі қазақ даласына жайыла бастаған капитализм элементтеріне, олармен байланысты әртүрлі жаңалықтарға қарсылық, Қазақстанның Россияға қосылуына наразылық, өткен заманды, хандық-феодалдық құрылысты мадақтау, барлық тұрғысымен ескі өмір, көне заманға бой ұрып, сөзі арқылы басқаларды да сол өткен күндерге жетектеу, кейде өмірден торығып, діншілдікке берілу, бұл дүниеден безіп, ол дүниені іздеу. Бұл айтылған ерекшеліктердің бәрі де жоғарғы аттары аталған, немесе солармен үндес ақындарға тән, олардың қайсысының шығармаларынан болсын табылатын ерекшеліктер деуге болады.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында болған әралуан қоғам өміріндегі өзгешеліктерді суреттей келіп, кердері Әубәкір ақын:

«Қарадан туып хан болды,
Құлдан туып паң болды,
Сары — азамат, сардар — бек,
Сары сулар — ас болды...
Халық ұстаған хандарым,
Тағынаң түсіп көлбеді,

Ақсақалдар жығылып,
Жас балалар тергеді.
Не жамандар түзеліп,
Жоғары қарап өрледі» —

десе, Шортанбай:

«Ақсақалдан әл кетті,
Алмайды оның кеңесін.
Старшин қойған болыпты
Қайда пысықсыған немесін».
«Шұнақ бидің тұсында,
Жауға қалқан ер кетіп,
Би қалмады шүйделі» —

деді.

Әрине, XIX ғасырдың екінші жарымында «күлдан туып» теңдік алып, кедейден шыққандар ел билеп, «сарысы — әкім, сардары — бек» болған қазақ жоқ. Оны қазақ тарихы білмейді. Әубәкір, Шортанбайдың бұл айтып отырғандары шын мәніндегі құл, кедейлер емес, XIX ғасырдың екінші жартысында қанат жая бастаған капитализм элементімен байланысты сауда арқылы байыған қазақ даласындағы жаңа байлар, яғни аталы сойдан шықпаса да байлықтың арқасында ел тізгініне жармасушылар еді. Қазақтың әлеумет өміріндегі үстемдік хандар мен сұлтан, ірі феодалдардың ғана қолында болуды заң деп ұғынушы Шортанбай, Әубәкірлердің бұл жағдай жандарына ауыр тиеді. Сондықтан да олар өткен заманды сұғына жырлады.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы болған: қазақтың Россияға үзілді-кесілді қосылуы, 1861 жылғы реформа, оның нәтижесінде қазақ даласына орыс шаруаларының орналасуы, 1868 жылы «Жаңа низам», оның нәтижесі, бұл кезде қазақ даласына жайыла бастаған капитализм элементі сықылды жағдайлармен байланысты әралуан жаңалықтардың да төбесі көріне бастады. Бұл жаңалық өзгерістердің бәрі де Шортанбай, Әубәкір, Мұраттарға жан түршіктірерлік нәрсе болып көрінді, олар «заман азды, ел тозды» көйгейіне басты. Аз-мұз өзгерістердің өзін де адам айтқысыз дәрежеде үлкейтіп көрсетті:

«Заман кетті қырынға,
Бұрынғы шіркін заманның.
Исі де келмес мұрынға.
Биттей нәрсе қалсайшы,
Бұрынғы заңнан ырымға»

деді Шортанбай. Бұл кездегі өзгеріс, жаңалықтардың егжей-тегжейін Шортанбайдан көрі де құлдилата суреттеген, әсіресе, Әубәкір акын. Әубәкірдің қай мәселе жөніндегі өлеңін алсақ та ол кездегі өмір шындығын шектен шығара әсірелей суреттегендігін көруге болады. Бұл бағыттағы ақындардың қайсысы болсын, заман азды, ел тозды дегендегі келген қорытындысы біреу-ақ, ол:

«Ақыл сұрасаң азбас ең,
Көпті көрген көнеден.
Қасиет кетті төреден,
Әділдік кетті билерден,
Абырой кетті енеден,
Мейір кетті бендеден.
«Тар заманға» душар боп,
Жаздым, тәңірім, мен неден» —

деді.

Ғасырлар бойы үстемдік етіп келген хандықтың жойылуы, феодалдық құрылыстың іргесінің босай бастауы — сол таптың идеологі — жыршысы болған ақындардың бәрін де торығуға әкеп тіреді. Олар қоғам өмірінің даму процесін — жаңаны даттау, ескіні дәріптеу арқылы тоқтатпақшы болады. Заманның ешбір өзгермей өз қалпында қалуын ансады. «Ел азып, жұрт тозбайтын заң да, жақсылық та, ескілік те көне заманда» деп, келешекке ұсынған шарасы осы ескілік болды.

Бұл кезге шейін өзінің үстемдігін өмірдің барлық саласында толық жүргізіп келген қазақтың феодал табы, оның идеология майданындағы акын, жыршылары жаңалыққа қарсы әралуан жолдармен күрес ашты. Сол кезде орыс мектептерінде білім алып, ел билеу жұмысына араласқан бірен-саран оқымыстыларды, қазақ салтына ене бастаған кейбір жаңалықтарды ескішіл феодал ақындары өлтіре сынап, мейлінше кекесін етті. Әубәкір:

«Тар шалбар, бешпет шықты қынамалы,
Жігітке шапан киген ұнамады.
Сары жез самауырын тағы шықты,
Машине шүмегі бар бұрамалы.
Төсектен ерте тұрып, басы ауырса,
Бөтен ем шайдан басқа сұрамады.
Сол болды ауруының жаққан емі,
Халықтың бәрекелді тапқан емі»,—

десе, тап осы пікірді Мұрат сөзбе-сөз қайталап:

«Киім кісе жеңі жоқ,
Етегі бар да белі жоқ.
Бармақ сияр жері жоқ,
Қатпа болған түйедей,
Киенкі болған биедей
Ел билейді бір сымпай,
Екі бұты таралған»,—

деді.

Феодалшыл қоғам құрылысының қаймағын бұзғысы келмеген феодал табы жыршыларының жаңалыққа қарсы күресте күшті құралдарының бірі дін мәселесі болды. Олар діннің кертартпалығын жақсы түсінді. Сондықтан, ислам дінінің әралуан шарттарын өлеңге айналдырып, халыққа таратуға тырысты.

Бұл кезде ислам діні қазақ даласына екі түрлі жолмен тарады. Бірінші жолы қазақтың әр облысында, әр ауданында ресми түрде ашылған мектеп, медресе болса, екіншісі түрік, татар тілінде басылған кітаптар болды. Мектеп, медреселердегі схоластикалық діни оқудың өзінде жақсы білмейтін дүмше, надан молдалар жастарға надандық оқытып бірнеше жыл басын шатса, үлкендерге қараңғылық, кертартпалықтың ұрығын септі. Тәңірге, оған апаратын тура жол дінге шәк келтірмей бас июді үндеді, жұрттан осыны талап етті. Әйтсе де схоластикалық оқу, үгіт арқылы таратпақшы болған дін жалпы көпшіліктің бойын түгел улап, мүлгіте алмады. Араб, иран, түрік елдеріндегі діни-фанатизм қазақта болмауы былай тұрсын, өзіміздің көршілес қазан татарларымен салыстырғанның өзінде де қазақтың діншілдігінде көп айырма бар еді. Діншілдер әралуан жолдармен, қалайда болса, қазақ даласына дінді мол тарату, діншілдіктің ең жоғарғы сатысы фанатик халге жеткізуге әрекеттер жасады. Әфтиек, құраннан бастап, Мұхамметтің 40 фарзын үйрететін «қырық хадис», «Шорт-сала» кітаптарының әрбір шартын қазақшылап оқыту, үйрету әдісіне көшті. Діншілдердің бұл әрекеттері де олардың өздері ойлағандай нәтиже бере алмады. Ислам дінін ресми түрде алса да, оған бағынса да иланудың ішкі мағынасына толық түсінуден, не түсінбесе де оған түгел берілуден халық көпшілігі алыс жатты.

XIX ғасырдың 60—70-жылдарында қазақ елінің көп жерлерін аралап, олардың әдебиетін, салтын, ғұрпын, дінін, тілін зерттеуші атақты ғалым, тюрколог В. В. Радлов бұл жөнінде былай деп жазады:

«Халықтың (қазақтың) көпшілігі ислам жолын сыртқы әдет-ғұрып жөнінде ғана қолданады: шаш алдыру, мүрт қағу әдеттері қатты сақталынады. Намаз оқу, ораза ұстау дегендерді Мұхаммет дініндегі отырықшылар, олардың маңында тұратын қырғыздар болмаса, одан басқа халықтың көпшілігі ораза, намазды берік ұстай бермейді. Дәретті теріс алады, дәреттің орнына таямамды (ташбық тарат) жақсы көреді. Мал бауыздауда ғана құран сөздері қатты ескеріліп, қырғыздардың (қазақтардың), әсіресе, қарттар жағы құран сөздерінен үзінді келтіруді ұнатады. Бірақ, иланудың ішкі мағынасын толық білу — олардың арасында сирек кездеседі...»¹ дейді.

Радловтың бұл айтқандары, бізше, шындық. Қазақ өзімен көршілес түрік тектес халықтармен салыстырғанда діншіл халық емес. Ислам дінінің зәрімен түгел улану дәрежесіне жеткен жоқ. «Оразаны күзге, намазды жазға қалдыруға», не намаздың орнына «Ақ қойдың келдесі, қара қойдың келдесі, мен құдайдың пендесі» — деп баса беруге олар әрдайым әзір болатын. Молда мен қожа, хазірет пен ишан «ясин», «тәбәрәкті» өлердей мүлгітіп, махамын келтіріп қанша оқыса да араб, парсы тілін үзіп алмайтын қазақтар үшін олардың аяты, калистері қаңғыры бар, мандыры жоқ, үні бар, ұғынары жоқ жай сөз, жалаң әуеннің дәрежесінен аса бермейтін. Осындай жағдайда қазақ даласына дін әсерін күшейту жолының мықты құралы ретінде түрік, шағатай, татар баспаларынан шыққан «көркем» әдебиет нұсқалары көп араласты.

Діншілдік идеяға әбден суарылған, әулие-әмбие, пайғамбар, сақабалардың іс-әрекеттерін асыра дәріптейтін тәңірді, оған құлшылық етуді жырлайтын бұл әдебиеттің ұясы мен ойнағы түрік мемлекеті болды. Сол кездің өзінде-ақ азған ой, тозған пікірдің жылымы болған түрік милләті өздерінің пантюркистік көзқарасын басқа түрік тектес елдерге тарату саясатын әралуан жолдармен жүргізуге тырысты. Соның бірі дін және діншілдік моральді үгіттейтін кітаптар болды.

Бұл діншілдікті үгіттеуде 1801 жылдан бастап ХХ ғасырдың алғашқы жылдарына шейінгі Қазан, Уфа

¹ В. В. Радлов. Түрік жынысты елдердің халық әдебиеті үлгілері. III бөлім, С. П. 1870 жыл, 17 бет.

т. б. татар баспа орындарында басылып шығып, қазақ даласына тараған жыр, өлең, бәйіт, қисса деп аталатын кітапшалардың көпшілігінде-ақ дін, діншілдік мәселесі қозғалды. Бұл кітаптардың идеялық мазмұнын айқындай келіп атақты тюрколог проф. С. Е. Малов «Дін және діни мораль — барлығының мазмұны осы ғана», — деді.

Дін және діни моральді пропагандылаған бұл кітаптар қазақтың феодал табы және олардың жыршысы болған кертартпа көзқарастағы ақын, жазушылардың көкейіне қона кетті. Олардың бәрі де өз домбыраларының құлақ күйлерін сол кітаптардың сазына сала бұрады. Бұл кездердегі түрік, татар баспаларында шыққан кітаптардың, оның авторлары — діншілдердің алға қойған негізгі мақсат, тілектері жұртты ислам дініне әбден бағындыру, уландыру — фанатик халге жеткізу. Екінші сөзбен айтқанда, бұл панисламдық, пантюркистік идеяның торына әбден шырмау әдісінің бір көрінісі еді. Бұл жағдай ескішіл ақындардың, солардың ішінде, әсіресе, діни мектептерден тәлім-тәрбие алғандардың таптық тілек мүдделеріне дәл келді. Олар мұны алғашқы әзірлерде ескіліктің жаңалыққа қарсы күрес құралы етіп қолдануға тырысты. Бірақ жаңалықтың күнбе-күн кернеп, дами түсуі, ескіліктің болашағы күңгірттеп, іргесі сөгіле бастауы, көп ұзамай-ақ, оларды өмірден түңілдіріп, пессимистіктің ең құлдилаған түрі — мистикаға әкеліп тіреді. Бұл кездегі әдебиетке шолу жасасaq, «Ақырзаман», «Бадауам» сарынында жазылған қазақ ақындарының өлеңдері аз емес.

Бұрынғы қожа, молдалар ислам дінін «құран», «хадистың» өз тілінде, не өздерінің ұққандарын (олардың көпшілігі-ақ, «құранды» түсіне бермейтін) долбарлап, жай сөзбен түсіндірсе, енді оны қазақтың өз ішінен шыққан ақындар өлеңмен түсіндірді. Исламның бес фарызын — Әубәкір, қырық хадисті — Нұржан Наушабаев т. б. өлеңге аударды. «Ақырзаман» кітабында:

«Заман ахри болғанда нелер болғай,
Дүниеге түрлі-түрлі пәле толғай.
Ғалымдар шығыр ішіп, зина қылғай,
Әннен артық, тақиғажап таңлари уәр» —.

десе, кердері Әубәкір:

«Әуелі алла жараттың,
Топырақтан халық етіп..

Қараңғылық жарыққа
Шығардың бізді ерік етіп,
Біреу ауру, біреу сау,
Біреу жарлы, біреу бай,
Біреуді қойдың жаһанда
Бак, дәулетке қарық етіп»,—

деп аурулық, саулық, байлық, кедейлік — бәрін де тәңірге тіреді, өзі осылай ұғынып, ақын басқалардың да солай ұғуын талап етті. Осы поэмасының екінші бір жерінде:

«Зекет беріп, хажы бар,
Ораза ұстап, намаз қыл
Айналмаңыз құр малға,
Дүнияға айналып,
Тәңір берген дәулеттен,
Махшар күні құр қалма»,—

деді. Нұржан Наушабаев бұл мәселені Әубәкірден көрі де тереңдетіп «қырық фарыздың» әрқайсысына жеке тоқтап, оның мәні мен тұтыну жолдарын өлеңмен үгіттеді.

XIX ғасырдың екінші жартысында, бұл саладағы ақындардың идеялық бағытына сәйкес тілдерінде де араб, парсы сөздерін көп қолдану жиі ұшырады. Араб, парсы сөздерін өлеңдерінде неғұрлым көбірек қолданса, ол ақынның «мәдениеттігін», басқалардан «артықшылығын» көрсететіндей білді.

Бұл бағыттағы әдебиеттің ислам дінін таратудағы ролі және зияны бұрынғы діншілдерден асып түспесе, кем түскен жоқ. Радлов өзінің жоғарғы еңбегінде, түсініксіз араб, парсы тіліндегі сөйленетін 20—30 молданың оғазынан да, жұртшылыққа түсінікті, дін мен діншілдікті үгіттейтін бір «Жұм-жама» поэмасының әсері анағұрлым күшті еді, поэзияны жанындай сүйетін қазақтарға жансыз кітап сөздері, молдалардың құрғақ оғаздарымен «Жұм-жама» тәрізді діншілдік рухтағы өлең-жырларды салыстырсақ соңғылар жұртшылыққа анағұрлым түсінікті, әсерлі екені сөзсіз. Сондықтан да Радлов ондай әдебиеттің зияны да күшті болды деген қорытындыға келді.

Сүйтіп, XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінің тарихынан орын алған бұл әдеби бағыттың таптық идеясы феодалдық, арманы ескілік, қандай мә-

селеге болсын олар өмір құбылысына осы ескі тұрғыдан қарады. Олардың әдеби методы негізінде пессимистік романтизм, оның құлдилаған түрі мистика болды.

XIX ғасырдың алғашқы жылдарынан бастап татар баспаларынан шыққан ислам дінін тікелей уағыздайтын әр түрлі кітаптар, дін тарату жолында күресушілердің қанды соғыс, жойқын жорықтарын дәріптей суреттейтін: «Салсал», «Зарһум», «Мәлікаждар» тәрізді қисса, хикаялармен қатар шығыстың классикалық әдеби нұсқаларының да кейбір үлгілері: «Шахнама», «Мың бір түн», «Тотынама», «Қырық уәзір», «Ләйлі мен Мәжнүн», «Жүсіп пен Злиха», «Сейфел-Мәлік пен Жамал», «Таһир мен Зуһра» тағы басқа да сүйіспеншілік-махаббатты жырлайтын лиро-эпос поэмалары да мол тарай бастады. Бұлар көпшіліктің сүйіп оқитын әдебиеттерінен саналды. Өйткені, «Ләйлі мен Мәжнүн» поэмасы тәрізді лиро-эпостардың сюжет желісі араб аңызының желісіне құрылса да, көп жақтары жалпы шығыс елінің салт-тұрмысына жақын келетін. Әсіресе, жастардың бас бостандығы үшін зор бөгет, із салдырмас дүлей тәрізді ескілік дәстүрлері, ол дәуірде, бүкіл шығыс елдерінде, солардың ішінде қазақта әлі күшті еді. Демек, мақсаттарына жете алмай, арманда өткен Ләйлі мен Мәжнүннің қайғылы халдері қазақ оқушыларына әрі таныс, әрі мейлінше аянышты және аңыздың негізінде өмір шындығы жатқандығына ешкім шәк келтірместей оқиға болатын.

«Шахнама», «Жүсіп пен Злиха», «Ләйлі мен Мәжнүн» поэмаларының халыққа көп тарап, сүйіп оқитын шығармалар болуының және бір басты себебі, олар өздерінің суреттілік таланттарымен жер жүзін таңырқатқан шығыстың ұлы классиктері: Фирдоуси, Низами, Физули, Дурбек, Навои қаламдарынан туды. «Юсуф пен Злиха» поэмасын ең бірінші шығарған тәжік әдебиетінің негізін салушы, даңқты «Шахнаманың» авторы Абуль-Касим Фирдоуси 934—1020(27) болса, онан кейін өзбек әдебиетінің алғашқы өкілдерінің бірі (XIV ғас. аяғы, XV ғас. басы) Дурбек. Бұл поэманың да сюжет негізі дін кітаптарында әңгімеленетін Юсуф пен Египеттің ірі билеушілерінің бірі Пентефрияның әйелі Злиха туралы аңыз. Бірақ, Фирдоуси, Дурбектер ол аңызды өздерінше қиялдап, оқиғалардың шиеленісуін тартымды, қызықты етіп, драмалық элементтерді қою-

латып, махаббат-сүйіспендік мәселесін бірінші орынға қояды да, дінді, оның сәуегей иелерін дәріптеу сарындарының көмескі ізін ғана қалдырып, аңызды ғашықтық мадақтаған лиро-эпосқа айналдырды.

«Ләйлі мен Мәжнүнді» шығыстың даңқты классиктерінің үшеуі бірдей жырлады: Низами (1141—1203), Навои (1441—1501), Физули (XV ғас. аяғында туған).

Шығыс елдеріне ертеден таныс «Ләйлі мен Мәжнүн» сюжетінің желісін сақтай отырып, үш үлкен классиктің жыр етуі тек өнер таластыру емес, поэмада суреттелетін Қайс пен Ләйлінің бастарында болған ауыр жайлар мен қайғылы халдер өз елдерінің өткен тарихы, өздері өмір сүрген дәуірлердің шындығына дәл келушіліктен. Сонау араб елдерінде ер адам сүйгенін алып, әйел сүйгеніне бару мүмкіншіліктеріне ескілік, дін салдарынан туған сан бөгет, қиын шатқалдардың кездесушіліктері бұл елдерде де нақ солай болушылықтан еді. Сондықтан кезіндегі прогрестік идеяны қолдаушы, өз заманының кемеңгер акындары «Ләйлі мен Мәжнүн» оқиғасын бірін бірі толықтырып, бірі екіншісінен асыра жырлауға тырысты. Егер Навоиға шейінгі атақты акындар парсы (персидский) тілінде жазса, бүкіл түрік тектес халықтардың бәріне ортақ тілде (ескі өзбекше — шағатайша) «Ләйлі мен Мәжнүн» поэмасын бірінші рет жыр еткен Навои. Бұл оның өз халқы үшін де, өз елімен туыстас, тіл түбірі бір елдер үшін де тарихи мәні зор еңбегінің бірі саналады.

Шығыс классиктерінің махаббатты жыр еткен поэмалары XIX ғасырда өмір сүрген қазақ акындарына белгілі дәрежеде әсерін тигізді. Кейбірін ерікті түрде аударса, кейбіреулерінің тақырыбын, сюжетін алып, өздерінше поэма етіп шығарды. Кейде «Мың бір түн» ертегілерінің өздеріне ұнаған оқиғаларын поэмаға айналдырды. «Қырық уәзір», «Тотынама», «Мың бір түннен» үзінділер. Қазақ әдебиетінің бұл саласы, кең шолып, терең зерттеуді қажет етеді. Бұл жердегі шолу тек соған сілтеу ғана.

Тап осы дәуірде жоғарғы әдеби бағытқа қарсы, қазақ әдебиетінде бұрын болмаған, екінші әдеби бағыт туды. Бұлардың тақырып таңдауы, өмір құбылысын тануы, шығармаларының идеялық мазмұны, жалпы өмірге көзқарасы, суреттеу әдісі алдыңғылардан мүлде басқаша екені аңғарылды.

Бұл бағытты қолдаушы әдебиет өкілдеріне тән ерекшеліктері: өз дәуірінде қазақ даласына кіре бастаған әртүрлі жаңалықтардың прогрестік жақтарын дұрыс түсініп, оларды қазақ халқы үшін пайдалы нәрселер деп ұғыну және көпшілікке басшылық етіп, жұртшылықты өнер-білімге, оқуға шақыру, көршілес, мәдениеті алдағы орыс халқының әлеуметтік ой-пікірлеріндегі прогрестік идеяларын қазақтың әлеуметтік өміріне жанастыра қолдану, сол прогрестік идеяны іске асыру арқылы қазақ халқын алға бастыру, ескіліктің кертартпалық жақтарын шенеу, олардан жұртшылықты бездіру болды.

Бұл жаңа бағыттағы әдебиет өкілдерімен прогресшіл әлеумет қайраткерлерінің өзіне шейінгі және өз кездеріндегі ескішілдік көзқарасты аңсаушы кертартпа ақындардан үлкен бір айырмасы халықтың келешегін қырағылықпен болжай алғандығы.

Ол кезде қазақ даласына екі Россия қатар келіп еді: бірі қазақ даласын отарлау саясатын көздеген патша үкіметінің Россиясы болса, екіншісі, алдыңғы қатарлы мәдениеттің, жалпы адамгершілік, азаттық пен прогрестің туын көтерген ұлы орыс халқының кеменгер ұлдарының — декабристердің, Пушкиннің, Толстойдың, Белинский мен Герцен, Чернышевскийлердің Россиясы, — үлкен, озық, прогресшіл ой-пікірдің, алдыңғы қатардағы идеяның Россиясы еді.

Қазақ қоғамының шаруашылық жағынан да, мәдениеті жағынан да ілгері дамуына соңғы Россияның атқарған қызметі баға жетпестей зор болатын. Мұны жоғарғы айтылған Шортанбай, Мұрат, Әубәкір тәрізді ескішіл, кертартпа ақындар түсінбеді. Олар қазақ даласындағы патша үкіметінің отаршылдық саясатын ғана көрді, басқа жақтарын көрген жоқ, не көргілері келмеді. Бұларға қарама-қарсы, екінші Россияның тарихи мәнін терең түсінгендер де, өз халқының прогресшіл ой-пікірлерін мақала, ғылыми трактат, көркем туындыларында сәулесін қалдырған жаңашылдық бағыттың басты өкілдері: Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаевтар болса, оларды қостаушылар Ақылбай, Мағауия тәрізді жаңа талапты жастар болды.

Бұл тәрізді бір дәуір, бір кезеңде өмір сүрген ақындардың келісімге келмейтін екі түрлі әдеби бағытта болуы, бір жағынан, ақындардың өмірге көзқарасын айқындайтын нәрсе дәуірі емес, таптық тілек екендігін

дәлелдесе, екінші жағынан, сол көзқарастарға сәйкес, олардың шығармалары белгілі әдеби метод — әдеби стиль жасайтындығын көрсетеді.

Жаңашыл бағытты қолдаушылардың бәрі де орыс мектептерінде оқыған, ұлы орыс халқының бай мәдениеті, замананың алдыңғы қатардағы идеяларын жырлауда бүкіл дүние жүзі әдебиетінің алдыңғы сапында болған орыс әдебиетінен нәр алып қаруланушылар. Олардың қайсысы болсын, қазақ даласына жайыла бастаған шығыс мәдениетін — кертартпа мәдениет деп таныды да, әлеумет өмірінің даму жолындағы қай мәселесінің айналасында болсын, қазақ халқы үшін керекті мәдениет — орыс мәдениеті, екі халықтың қаярсыз шын достығы деген қорытындыға келді. Шығыс мәдениетінің сол кездің өзінде-ақ келешегі кесіліп, кертартпалық ұясы ескішілдіктің шарлауы тәрізді мәдениет екендігін дәлелдеп әралуан еңбектер жазып, оған қарсы аяусыз күрес ашты.

Бұл мәселе жөнінде Шоқан Уәлиханов: «...Ой-пікірің, не нәрсені болсын қабылдауға қабілетті қазақ халқы, ой мен сезімнің өсуіне бөгет өлі схоластика болмаса, басқа татар ағартушылығынан не күтуі мүмкін! Біз қайткенде де татар дәуірін аттап өтуіміз керек, мұның үшін өкімет бізге көмектесуі қажет. Суға кетіп бара жатқан адамға көмек қандай керек болса, бұл туралы бізге де көмек сондай керек. Мұндай адамгершілік істі жүзеге асыру үшін, бірінші ретте, ислам идеясы мен молдаларға деген қамқорлықты өкімет қайтып алып, молдалар басқаратын округтердегі татар мектептерінің орнына орыс мектептерін ашу керек...» деді¹.

Шоқан казак халқы үшін бұл кезде қай мәдениеттің (шығыс мәдениеті ме, әлде орыс мәдениеті ме) керектігін тарихи, теориялық жағынан алып дәлелдесе, Ыбрай Алтынсарин оны мектеп арқылы іс жүзіне асырушы, Абай өзінің поэзиясы арқылы сол идеяның рухани жыршысы болды.

Шоқанның пікірімен Алтынсарин, Абайлардың пікірлері бір жерден шықты.

Ыбрай Алтынсарин 1879 жылы: «Қазақ халқының оқу, білімге қолын жеткізетін ең басты құрал — мектеп.

¹ Шоқан Уәлиханов. Избранные произведения, 1958 г. стр. 184.

Қазірдің өзінде-ақ мектеп ашып, оның жұмысын дұрыс жолға қоюымыз керек», — деп жазды.

Мектеп ашу, қазақ халқын оқу-өнерге, мәдениетке үндеу Ыбрай Алтынсаринның негізгі мақсаты, ұлы арманы болды. Осы жұмысқа ол өмірі мен ісін, қабілеті мен өнер-білімін түгел жұмсады. Ыбрай Алтынсаринның барлық творчествосын бір сөзбен ата десе, «Педагогикалық поэма» — деп жауап беруге болар еді.

Ыбрайдың өлеңі де, қара сөзі де, аудармалары да түгел дерлік халық ағарту тілегіне, тәлім-тәрбие беру мәселесіне бағынады.

Бұл мәселе жөнінде Алтынсаринның еңбегі мен ісі тек әдебиет тарихы ғана емес, жалпы қазақ тарихында үлкен орын алады.

Ыбрай Алтынсарин өзінің халық ағарту идеясы және осы бағыттағы жазылған өлең-әңгімелерімен өз кезіндегі әдебиетіміздегі кертартпалық көзқарас, ой-пікірлерге де, оның ең зиянды түрі мистикалық — діншілдік бағыттарға да аяусыз соққы берді.

Алтынсарин: надандыққа қарсы — оқу, діншілдікке қарсы — ғылым, араб, иран мәдениетіне қарсы — орыс мәдениетін, кертартпалыққа қарсы, прогресшілдік пессимизмге қарсы — оптимистік, медресеге қарсы — мектеп, ескілікке қарсы — жаңашылдық, жаңаша тәрбие мәселелерін қойды. Сүйтіп, жоғарғы Әубәкір, Шортанбай, Дулат т. б. кертартпалық діншілдікті үндеуші ақындарға да, сол көзқарасты таратушы әдебиетке де түгел қарсы шықты.

Ең алдымен Ыбрай Алтынсарин жұртшылықты, әсіресе жастарды оқу-өнер білімге шақырды.

«Оқысандар, балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Тілегенің алдыңнан,
Іздемей-ақ табылар.
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпенен тоқылық!» —

деді. Бұл мәселе жөніндегі Алтынсаринның сүйенгені — орыс әдебиеті, сенері — жастар.

Оның замандастары, кертартпа ақындар: «Атаны билеп ұл кетті, ананы билеп қыз кетті...» — десе, заманының көзі ашық жастарына бұзылған деп, сенімсіздік көз-

бен қараса, Алтынсарин болашақ — жастарда деп білді. Жастардың келешегіне оптимистік тұрғыдан қарады.

Алтынсарин оқу-өнерді меңгерудің мақсатын халық тілегі, ел мүддесімен ұштастырды. «Өнер, білім бар жұрттардың» қолы неге жетіп отырғандығын суреттей келіп, жұртшылыққа келелі кеңес айтып, келешегіне жол көрсетті. Мәдениеті озық орыс халқын қазаққа үлгі етті.

Бірақ, сол мақсатқа жету үшін күрес керек. Өйткені, қазақтың кең даласын мол басқан қараңғылық, сан ғасырлар халықты рушылдық торына шырмап келген сал бөксе ескілік — феодалдық салт-сана, ел ойына у егіп, зәрін жайған дін — ол кездегі әлеумет қайраткерлерінің алдарында тұрған шатқалаң асу, бүк түскен бөгеттер еді.

Бұл қиыншылықтарды олар көре де, түсіне де білді. Шоқан да, Ыбрай да, Абай да арман алыс, алдарында асу-асу бел, қия тартқан жол жатқандарын жақсы ұғынды. Сондықтан да Ыбрай:

«Біз болмасақ, сіз барсыз,
Сіздерге бердім батамды»,—

деп, үмітті жастардан күтсе, Абай:

«Қайратым мәлім,
Келмейді әлім,
Жолым алыс, өмір шақ»,—

деді.

Бірақ, қиыншылық қанша ауыр, бөгет қанша көп болса да, заманы артқан зор міндеттердің тарих алдында жауапкерлігін мойындаған өз халқының адал ұлдары асуды көріп бөгеліп, қиындықты көріп шегінбеді. Бар бөгет, барлық қара күштерге қарсы барды. Бел бұйып күреске, белдесіп майданға шықты.

Жаңашылдықтың ескішілдікпен күресінде, өз мақсаттарын терең түсінген кәрі тарих, келешек ұрпақтар алдында өздерін әділдіктің солдаты білген жаңашылдар, қай кезде, қай дәуірде болсын ескі қоғамның тамырына балта шабады, теректі түбінен қопаруды мақсат етеді. Өмірдің барлық саласында да ескі өмірдің тозығы жетіп жыртылуға, қиюы кетіп үзілуге шақ тұрғандығын жаңашылдардың ойшылдары теорияда дәлелдеп, суретшілері — образбен көрсетеді. Бұған орыстың ХІХ ғасырының тарихы толық дәлел.

XIX ғасырда халық мүддесін туғып көтерген орыстың революцияшыл-демократтары мен жазушылары Россияда тозығы жеткен крепостнойлық-помещиктік құрылыстың тек кейбір жақтарына ғана қарсы шығып, жыртығын жамап, тесігін бітесе түзеледі деген либералдық пікірден аулақ болды. Олар тозығы жеткен өмірдің түбіне өрт қойып, тамырын терең қазуға күш салды. Сондықтан да революцияшыл-демократтардың көсемдері күреске шақырып, келешек күннің күрделі жоспарын жасады, ақындары мен жазушылары өздерінің шығармаларында езілуші ел мұңын, жұрт арманын көзінің жасы, жүрегінің қанымен жазып, оларға үн қосты. Өз кездеріндегі өмірдің егжей-тегжейін кеңінен алып, тереңнен толғады. Өздерінің жан толқытып, ой тербететін көркем жыр, кекке толы әңгімелері мен орыстың революцияшыл демократ ақын, жазушылары халықты қолына «балта» алуға үндеді.

Бұл тәрізді, орыстың демократтық әдебиетінің тарихына шегініс жасап, азырақ тоқталудағы мақсат, қазақ халқының ағартушылары Шоқан, Алтынсарин, Абайларды орыстың революцияшыл демократ ақын, жазушылары: Белинский, Чернышевский, Добролюбов, Салтыков-Щедриндердің дәрежелеріне зорлап көтеру, олардың араларына тепе-теңдік белгісін қою емес, орыс халқының революцияшыл ұлы демократтарының шығармаларын оқу, идеяларынан нәр алу, теориялық жағынан қарулану арқылы қазақ ағартушыларының ой-пікір, дүние тану көзқарастарында үлкен-үлкен өзгерістер болғандығын аңғарту және жаңашылдық үшін күрес, ат үсті қарайтын жұмыс емес, жолы алыс, кешуі көп, саналуан бөгеті барлығын түсініп, қаусаған ескіліктің шіріген бұтақтарын сындыру ғана емес, оның өзіне қол көтеріп, өзегін үзу, тамырына балта шабудың керектігін ұғынғандықтарының бетін ашу.

Осы жағынан алғанда қазақ ағартушыларының бәріне де орыстың революцияшыл демократтарының әсері болғандығы даусыз.

Шоқан да, Ыбрай да, Абай да қоғам құрылысын революцияшылдық жолмен өзгертуге ғана болатындық идеяға көтеріле алмады. Ол екінші мәселе. Бірақ олардың ескі өмірдің салты мен ғұрпын, көзқарас — дүние танушылығын өлтіре сынап шенеулерінің бір тамыры, өздерінің өмірден алған сабағы, шыншылдығы десек, ол

көзқарастарының ұшталып, тереңдей түсуіне, өмір құбылыстарының бетіне қайнап шыққан көбігін емес, қайнатып шығарған күшін көре білуінің, екінші тамырын, жоғарғы аттары аталған ұлы демократтардың идеялық ықпалдарынан іздеуіміз керек.

Жоғарғы айтылғандарды қорыта келгенде, XIX ғасырдың екінші жартысындағы екі түрлі ағымның соңғысы келешек әдебиетіміздің прогрестік жаңа арнамен дамуына сара жол салды, өздерінен кейінгі әдебиет өкілдеріне көрнекті үлгі болды.

ШОҚАН (МҰХАМЕДХАНАФИЯ) УӘЛИХАНОВ

(1835—1865)

Шоқанның өмірі. Шоқан Уәлиханов 1835¹ жылы, ноябрь айында, Көкшетау облысы, Сырымбет тауына жақын, Қошмұрын деген жерде туған. Шоқан Абылайдың шөбересі. Өз әкесі Шыңғыс, қарт әкесі Уәлихан.

Абылай тұқымдары өзара хан-сұлтандық тізгінге тартысқанда, Шыңғыс орыс еліне арқа сүйеген адам.

Шоқан бала шағында, өзінің туып өскен жері Көкшетау, Сырымбетте өзінің ата-анасының қолында тәрбиеленеді. Мұсылманша оқып хат танып, кітап оқи алатын халге жетеді. Бірақ, мұның білім болып жарытпайтындығына көзі жеткен әкесі Шыңғыс, Сотников деген бір оқымысты адамның кеңесі бойынша, Шоқанды 1847 жылы Омбыдағы Кадет корпусына оқуға береді.

Шоқанмен бірге оқыған оның жолдастары — Шоқан Кадет корпусына кірген кезде орыс тілін білмейтін еді, бірақ зерек еді, әсіресе, оның ерекше көзге түсетін өнері сурет салғыштығы еді, — деп жазады. Алайда, ол алғашқыда орысша білмесе де, өзінің зеректігі арқасында

¹ Бұрынғы басылған кітап, еңбектерде Шоқанның туған жылын 1837 жылы деген мәліметтер кездеседі. Бірақ, соңғы зерттеулер бойынша Шоқанды 1835 жылы ноябрьде туды деген қорытындыға келіп отыр. Шоқанның негізгі зерттеушілерінің бірі академик Ә. Марғұлан бұл туралы бұлжытпай мойындатарлық екі дәлел келтіреді. Біріншісі, Шетелдер министрлігінің архивында сақталған дата да, екіншісі, Шоқан Уәлихановты орыстың географиялық қоғамының толық мүшесі етіп сайлардағы өзі толтырған анкета. Сондықтан, мұнан былай осы Шоқанның туған жылы туралы датаны шексіз дәлелденген деп санауымыз керек.

орыс тілін тез үйреніп, өзі шамалас оқушылардан анағұрлым озық шығып отырады. Өткір, алғыр, ізденгіш, талапты, зерек жас Шоқан сабақты жақсы үлгіріп, өз бетімен де әртүрлі кітаптарды көп оқып, өз класында көрнекті орын алады. Сол оқушы кезінің өзінде-ақ Пушкин, Гоголь, Лермонтов, т. б. орыс классиктерін және батыс әдебиетінен Диккенс, Теккерей, тағы басқаларды үзбей оқиды.

Сонымен қатар, сол кездегі әдебиетпен танысып отырады, «Современник» журналын үзбей оқып, әлеумет өмірінің және әдебиет ағымының қай бағытта, қалай дамып бара жатқандығын аңғара алатын, өз кезінің саналы оқушысының бірі болады.

Шоқанның оқушылар арасындағы айнымас жақсы досы — болашақ үлкен оқымысты, этнограф — Г. Н. Потанин болған. Бұл екеуі оқуды біткеннен кейін де шын дос болып қалады. Бұлардың өмірі мен еңбектерін зерттеушілердің қайсысы болсын бұл жайға ерекше тоқталып, атап көрсетіп отырады. Шоқан 14—15 жасында-ақ өзінің оқытушылары мен мектеп бастықтарының көңілін аударып, болашақ ғалымдығының ұшығын (шет-жағасын) сол күнде-ақ көрсете бастайды. Бұл туралы Г. Н. Потанин былай деп жазды:

«...Шоқан білім жағынан тез өсті. Өзінің бірге оқыған жолдастарынан білімі озық болды... Кадет корпусының бастықтары 14—15 жасында-ақ Шоқанға болашақ зерттеуші, яки болашақ ғалым деп қарайтын... Ол кезде Шоқан көп оқитын. Бұл көп оқуы оның сыншылдық қабілетінің артуына себепші болды. Оның адамгершілік жөніндегі және кейіннен өзінің мамандығы болып кеткен шығыс филологиясы жөніндегі пікірлері бізді таңқалдыратын еді».

Шоқанның оқып жүрген кезіндегі өзінің міндетті сабақтарынан тыс терең шұғылданып, көп оқыған еңбектері әртүрлі жиһанкездердің өмірі мен ісі туралы жазылған еңбектер болады. Мұның өзі Шоқанға үлкен әсер етеді. Ол жиһанкез болуды, ең алдымен, Орта Азияны кезіп шарлауды, оны зерттеуді арман етеді.

Шоқан 1853 жылы, өзімен бірге оқитын жолдастарынан бір жыл бұрын Омскідегі Кадет корпусын бітіріп, офицер атағын алып шығады.

Кадет корпусының соңғы курсына әскери ғылымнан оқылатын мамандық сабақты оқуға Шоқанның мүмкін-

шілігі болмайды. Өйткені, басқа ұлттың адамы болғандықтан оның ол курста сабақ тындауға правосы жоқ еді. Сөйтіп, оқуды бітіріп шыққаннан кейін офицер атағын береді де, сол жылы 25 мартта Батыс Сибирьдің генерал-губернаторының адъютанты етіп тағайындайды.

Осы қызметті атқара жүріп Шоқан өзінің оқу, зерттеу жұмыстарын тастамай, ұдайы ізденумен болады. Әсіресе, Орта Азияның тарихына, оның географиялық, этнографиялық жақтарына көп көңіл бөледі. Ол 1856 жылы қырғыз елін зерттеу мақсатымен құрылған экспедицияға қатысады. Экспедицияны Хоментов басқарады. Шоқан экспедициямен қырғыз елінің көп жерін аралайды, халықтың тұрмыс-салтымен жақсы танысып, қырғыздың атақты эпосы «Манастың» мазмұнын жазып алады; кейін осы эпосты орыстың даңқты ғалымдарына бірінші рет таныстырушы да Шоқан болады. Бұл сапарында ол қырғызбен шектес Ұлы жүз қазақтарының мекендеп отырған жерлерін, олардың шаруашылыққа жайлы-жайсыз жақтарын жақсы зерттеп, елдің әдет-ғұрпымен, тұрмысымен, ескіден қалған әңгіме-ертегі жырларымен танысып, оларды да жинай жүреді¹.

Сол экспедициядан қайтқаннан кейін, 1856 жылдың август айында Шоқан орыс өкіметінің Құлжадағы сауда-саттық жұмыстарын басқаратын арнаулы өкілі болып тағайындалады. Қытай еліндегі арнаулы өкіл болып жүрген кезінде ол Қытай елінің тарихын, тілін, этнографиясын зерттейді.

Ол Құлжада 3 ай тұрып, Омскіге қайтып келеді. Мұнда келгеннен кейін шығыс тарихын терең зерттесем, ол үшін білімді молайтсам деген оймен әскери жұмысты тастап, Петербургқа оқуға бармақ болады. Шоқанның бұл ойын 1856 жылы 5 декабрьде Ф. М. Достоевскийге жазған хатынан, Достоевскийдің оған қайырған жауабынан анық көруге болады.

Шоқанның бұл ойын атақты географ П. П. Семенов-Тянь-Шанский де мақұлдайды. Ол Шоқанның Петербургқа барып университеттің шығыс факультетіне түсуіне кенес береді. Шоқан өзінің ғылыми еңбегінің, зерттеулерінің және орыс ғалымдарының оған көңіл аударуларының арқасында, 1857 жылы 20 жасында орыс-

¹ Шоқан Уәлиханов. Шығармалары ред. басқарған Н. И. Веселовский, басып шығарған Империялық география қоғамы, С.-П. 1904 ж. 12-бет.

тың императорлық географиялық қоғамының толық мүшесі болып сайланады.

1857 жылы Шоқанды қырғыз еліне әртүрлі материал жинауға жібереді. Ал, 1858 жылы Қашқарға жөнелтілген экспедициямен бірге көп тапсырмалар беріп, оны Қашқарияға жібереді. Ол 1858 жылдың 27 сентябрінде Қашқарияға барып, 1859 жылдың 11 мартына дейін сонда болады. Ол жердің жаратылысы, этнографиясы, тарихы, экономикалық және саяси тұрмыстары жөнінде көп материалдар жинап, өзіне тапсырылған міндеттерді толық орындап қайтады. Сол 5—6 айдың ішінде ұйғыр тілін үйренеді, шығыс тарихы жайында сирек кездесетін кітаптарды қолға түсіріп алады. Қысқасы, аз уақыттың ішінде көптеген ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізеді.

Шоқанның бұл экспедиция кезінде жинаған материалдары патша өкіметінің сол кездегі сыртқы саясатына және соғыс мақсатына пайдалануы үшін аса құнды мәліметтер берді, сонымен қатар Орта Азияның әлі мәлімсіз, зерттеліп жетпеген түкпір-түкпірін білу, тану ісіне көмектесті, география ғылымына зор еңбек боп қосылды.

Шоқан Қашқар экспедициясынан қайтқан соң, 1860 жылы март айында Петербург қаласына келеді. Мұнда келгендегі негізгі мақсаты — оқып білімін толықтыру болады. Ол күн-түн демей оқып, үлкен оқымыстылардың лекцияларына қатысып, өзінің білімін көтереді.

Сонымен қатар, ғылыми жұмыстар да жүргізеді. Әскери министрдің тапсыруы бойынша Кіші Бұхара мен Қырғыз Ыстықкөлінің картасын жасайды және императорлық география қоғамының ғылыми жұмыстарымен танысып, оларға қырғыздардың этнографиясы, географиясы, тарихы, тұрмыстары жайлы көп мәліметтер береді. Сөйтіп, ол бұл жолы өзінің «Алты-шардың жай-жапсары, «Жоңғар тарихы» және Қырғыз жайындағы басқа да біраз ғылыми еңбектерін баспаға әзірлейді. Осымен бірге сол кездегі әлеуметтік-саяси мәселелерді көбірек жазатын журналдарды үзбей оқып, айналасында болып жатқан тартыстар мен әлеумет өмірінің ағымын толық түсінуші, саяси көзі ашық білімпаздардың бірі болып саналады.

Шоқан Петербургта көптеген ірі оқымыстылармен, жазушылармен танысып, пікір алдысады. Өз кезінін озат,

пікірі ірі адамдарымен достық қарым-қатнас жасауы Шоқанға көп нәрселерді аңғартады.

1861 жылы ескі өкпе ауруы қайта қозғалғандықтан Шоқан елге оралады, бірақ, елге келгеннен кейін де Петербургтағы пікірлес достарымен хат арқылы хабарласып отырады.

1862 жылы Шоқан Атбасарға аға сұлтан болғысы келеді. Ондағы мақсаты — елге шектен тыс әкімшілік қысымын көрсетіп, зорлық-зомбылық істеп, паракорлыққа салынып, жүгенсіз кеткен жергілікті өкімет орындарына қарсы күресу, сөйтіп, қиянатшыл әкімдердің тепкісінде отырған бұқараға жәрдемін тигізу болады. Бірақ, Шоқанның бұл ойы іске аспайды. Қазақтың байфеодалдары, Омскідегі патша өкіметінің ұлықтары қарсы шығып, Шоқанды аға сұлтандыққа бекіткізбей тастайды.

Шоқан бұл жылдарда да аулында қарап жатпайды. Өзінің дағдылы әдеті бойынша, ғылым ісімен шұғылданып, халықтың ауыз әдебиетін жинау, зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

«Бақсылық туралы», «Қазақтың шежіресі», «Қазақтың Ұлы жүзінің ертегі, аңызы туралы» атты еңбектерін жазады. Шоқан өзінің осындай істері, ғылыми еңбегі, ақыл-кеңесі арқылы бұқараға әсер етіп, оларды жаңалыққа сүйремек болады. Бірақ, ол кездегі қазақ даласын қоршаған қараңғылық қай жағынан болсын Шоқанға бөгет бола береді. Әйтседе, Шоқан өзінің алған бағытынан қайтпай Омск, Петербургтағы достары Достоевский, Майков тағы басқалармен хат арқылы байланыс жасап, қазақтың әдет-ғұрпы, ауыз әдебиеті туралы жазылған еңбектерін бастырмақшы болып, баспаға дайындайды.

1863 жылы, Омскінің генерал-губернаторы Дюгамельдің шақыруы бойынша, Шоқан Омскіге келіп, 1864 жылға дейін сонда болады. Сол кезде Омскіде қазақ елін басқару, билеу жүйесіне өзгерістер кіргізу жөнінде құрылған комиссия болатын. Шоқан комиссия жұмысына көмектесу үшін шақырылады. Бұл комиссияның жасаған жобаларын сынап, Дюгамельге Шоқан өз жобасын ұсынады және оның бұл ұсынысы қабыл алынады.

Бұл жылдары Шоқанның өте шұғылданған мәселесінің бірі — көшпелі қазақтардың мал жайылымдарын

қайткенде дұрыс пайдалануы деген мәселе болады. Ол жөнінде Шоқан «Қазақтың көшіп қонуы туралы» деген мақала жазады. Қысқасы, бұл кезде де Шоқан ғылыми жұмыстан қол үзбейді.

1864 жылы 24 мартта Ташкент қаласын алуға аттанған Черняевтың шақыруы бойынша, Шоқан Әулиеатаға (қазіргі Жамбыл қаласына) келеді. Бірақ, Ташкентке шабуыл жасау кезінде Черняевпен келісе алмай, сол жылдың жазында Верный (қазіргі Алматы) қаласына келеді. Одан кейін Жетісу қазақтарының бір бөлегін басқарушы Тезек төренің аулына барып жатады, осы кезде Тезектің қарындасына үйленеді.

Мұнда да Шоқан өзінің дағдылы ғылыми жұмысын тастамайды, Жетісу қазақтарының өмірін зерттей бастайды. Албан, Дулат елдерін басқару мәселесіне үлкен өзгерістер кіргізу туралы жоғарғы орындарға ұсыныстар жасап, ірі-ірі әлеуметтік мәселелер жөніндегі өз пікірін генерал-губернаторға білдіріп отырады.

1864 жыл мен 1865 жылдың арасында Шоқанның денсаулығы күн санап нашарлап, көкірек ауруы асқына береді. Ақырында, 1865 жылдың күзінде сол аурудан қайтыс болады.

Сүйегі Алтын-Эмель маңындағы Кошен-Тоған деген жерге қойылады.

Шоқан қазақтың әлеумет өмірінің әралуан мәселелеріне зор көңіл бөліп, оларды терен зерттеп, сол дәуірдегі мәдениетті елдердің алдыңғы қатарлы демократ интеллигенттерінің пікірлерімен өрістес, солардың көзқарастарына жақын пікірлер айтқан қазақтың тұңғыш ғалымы және демократ интеллигенті Шоқан болды.

Біз жоғарыда Шоқанның жас кезінен-ақ ғылымға бейім, әртүрлі мәселелермен шұғылданғыш, ізденімпаз оқушы болғанын айттық. Оның болашақтағы демократиялық пікірлері де сол шәкірттік кезінен-ақ қалыптаса бастайды, Шоқанның демократиялық идеясының да бір тамыры осы Кадет корпусында оқып жүрген кезінде жатқан сияқты.

Г. Н. Потаниннің айтуынша: «Кадет корпусы ол кезде Сибирьдегі таңдаулы оқу орнының бірі болды». Демек, Шоқанның бойына біткен табиғи талап, ізденімпаз қасиетінің үстіне, оның сол кездегі «таңдаулы оқу ор-

нында» оқуының мәні де үлкен болғаны сөзсіз. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аларсың» — дегендей Шоқанның он жасынан бастап тәлім-тәрбие алған оқытушыларының жас Шоқанға — оның ғылымға талпынуда болсын, келешектегі демократиялық идеясының қалыптасуында болсын еткен әсері аз емес.

Шоқан оқушы кезінің өзінде-ақ оқытушыларымен тығыз байланысты болып, олармен әрдайым пікірлес болған. Потаниннің айтуынша, Шоқанның ой-пікіріне көбірек әсер еткен оқытушылары Гонсевский және Костылецкий болған.

Г. Н. Потанин Шоқанның оқушылық кезін еске түсіре келіп: «...Гонсевскиймен жақын болып, пікір алысуының арқасында Шоқан сол кездегі саяси көзқарастармен танысты. Бұл оның жолдастарына, соның ішінде маған, қолға түспейтін кітап тәрізді болатын. Бізден жасы кіші болса да, өзімізбен салыстырғанда ол үлкен сықылды еді де, біздер оған қарағанда бала тәрізді едік. Өзінің бізден артық білетіндігін, не біздерден білімі жағынан жоғарылығын білдіруге тырыспаса да, жолдастардың арасында болатын жай әңгімелердің өзінде-ақ оның білімінің бізден артықтығы танылып қалатын. Жалпы жолдастарына, соның ішінде маған, ол еріксіз, «Европаға ашқан терезе» сықылды болды», — дейді.

Шоқанның «современник» журналын оқып Россияда күнбе-күнгі болып жатқан саяси ағыммен таныс болуы да жоғары айтылған Гонсевскийдің әсері болса керек.

Кадет корпусын бітіріп шығып, губернаторға адъютант болып істеп жүрген кезінде де Шоқанның Омскідегі жоғарғы интеллигенттердің ортасында болуы, оның болашағына үлкен әсер етеді. Потаниннің айтуы бойынша, оның саяси бетінің айқындалуына тағы бір әсер еткен адам С. Ф. Дуров болады.

Дуров Петрашев ағымының белді адамының бірі, өз кезіндегі Россияның саяси-әлеуметтік құрылысын, оның төрешілдік сүйегіне сіңген аппаратын, мәдениет жағынан артта қалушылығын қатты сынап, демократиялық және социалистік идеяны көпшілікке үндеуші адам болған. Оның әралуан ісі, үгіт-насихат жұмысы, шығармалары өзінің жолдастарына да, онымен қарым-қатысы болған басқа адамдарға да үлкен әсер еткен. Сондық-

¹ Ш. У э л и х а н о в. Жоғарғы көрсетілген кітап, 14-бет.

тан да, патша үкіметі Дуровты Сибирьде айдауда болған жерінен босатылғаннан кейін Омскіге жер аударған.

Дуров пен Шоқанның үлкен дос және көп мәселелер жөнінен пікірлес болғандығын оның өз сөзінен де байқауға болады. Г. Н. Потанинге Дуровты сырттан таныстырғанда Шоқан: «...Ол толық білімді және жаны жақсы адам»...— дейді. Осы екі ауыз сөздің өзінен де Дуровқа оның қалай қарағандығын аңғаруға болады.

1854 жылы Шоқан атақты жазушы Ф. М. Достоевскиймен танысып, екеуі өмір бойы дос болып өтеді. Достоевский де жоғарғы айтылған петрашевшіл үйірмеге қатысқандығы үшін төрт жылдай Омскінің абақтысында отырып, 1854 жылы Семейге жер аударылған. Міне Шоқан осы жағдайларда Достоевскиймен танысып, ұлы талант, ірі суретшінің өмірге көзқарасын түгел қолдамаса да, жазу тәжірибесі, өмірді бақылау әдістерімен жақсы танысады. Кейін, Петербургқа барған кезінде Достоевскиймен таныстығының Шоқанға үлкен пайдасы тиеді.

Шоқанның Потанин, Дуров, Гонсевский, Костылецкий, Достоевский, Майков, т. б. сияқты орыс халқының алдыңғы қатарлы жазушы, ғалымдарымен жақын дос, сырлас, мұндас болғанын және олардың Шоқанды шын жүректерінен жақсы көріп, қатты бағалағанын Г. Н. Потаниннің, Н. Ядринцев, тағы басқалардың еске түсірулерінен де көруге болады. Мысал үшін Ф. М. Достоевскийдің 1856 жылғы хатынан бір үзінді келтірелік.

«...Сіз,— дейді Ф. М. Достоевский,— мені жақсы көремін деп жазыпсыз. Ендеше мен туралап-ақ айтайын, мен сізді жанымдай жақсы көремін. Мен Сізді жақсы көргендей ешуақытта да, ешкімді де, керек десе туған аға-інімді де жақсы көрген емеспін, мұның себебін құдай білсін...»¹

Сонымен қатар, бұл кез бүкіл Россияда қоғамдық ой-сананың үлкен оянған кезі еді. Патшалық құрылысты сынға алу, әртүрлі саяси тілектер қойып, қарсылық білдірушіліктің көбеюі тек қана орталыққа тән нәрсе емес, орталықтан алыс жерлерге де шарпуы тиген еді.

Бұл кез атақты демократ жазушы Салтыков-Щедр

¹ Шоқан Уәлиханов. Мақалалары мен хаттары. Алматы, 1949 ж. 125 бет.

риннің, Чернышевскийдің әңгіме, мақалалар жазып, ұлы майданның тартысына түскен кезі болды. Олардың дабылы Омскіге де жетіп жатты. Шоқан болып жатқан саяси тартыстармен газет, журналдар арқылы жақсы таныс болды.

Ол кезде айдаудан қайтқандардың бәрі де, тіпті декабристер де, петрашевшілдер де Омск арқылы қайтып жататын. Омскіге бұлардан басқа да жаңа адамдар келе бастады. Омскідегі Кадет корпусына Чернышевскийдің досы Лободовский келді. Шоқан онымен де танысады. Мұның үстіне Шоқанның Петербургта болған жылдары Россияда крепостниктік правоны жою, жоймау мәселесі қатты қолға алынып, ол мәселенің айналасында күрестің қызу жүріп жатқан кезі болды.

Россияның әлеумет өміріндегі әралуан өзгерістер, күрес-тартыстар, орыстың революцияшыл ұлы демократтарының озат пікірлері Шоқанға қатты әсер етті, дүниеге көзқарасын өзгертті. Шоқанда байқалатын демократиялық идеяға бойұрудың негізгі бір сабағы осында десек, екінші сабағын, қазақ халқының, әсіресе, оның езілушілерінің ауыр халі қиын жағдайларын көре білуінде деп ұғуымыз керек.

Қай кезде болсын демократтық бағытқа тән негізгі ерекшелік — өз халқының езілушілерін сүю. Халық көпшілігімен қоян-қолтық келіп, олардың мұң-мұқтажын көре біліп, солардың жоқшысы, жаршысы болуды арман ету. Езілуші бұқараның ауыр тұрмысын жеңілдетуге қолынан келген бар мүмкіншілігін жұмсау. Шоқанның өмірі де, жазған еңбегі де осыны дәлелдейді.

Шоқанның өз халқының келешегіне көз жіберіп, қайткенде оның елдігін сақтау, қай жолмен дамуы, ілгерілеуі керек, халық көпшілігін сорып жатқан эпжыландар кімдер, жалпы елдің ілгерілеуіне бөгет болған қай қырсық, осылар тәрізді әлеуметтік мәні зор, келелі мәселелерге жауап іздеген кезінің әлеуметтік қайраткері екендігін өзімен бірге оқыған орыс жолдастары мен замандас ғалымдары да растайды. «Шоқан өз халқын, өзінің тайпасын жақсы көруші адамның бірі болып қала алды. Онда өз елінің халықтығын сақтап қалушылық пен европалық ағартушылықтың басын қосса деген қиял болушы еді...» деп жазды Шоқанның жақын жолдасының бірі Ядринцев.

Шоқанға халықтың қалай қарағандығы жөнінде

Ядринцев сол еңбегінің екінші бір жерінде: «...Қазақ даласындағы шалдармен әңгімелесіп, Шоқанды еске түсіргенде, олардың аппақ сақалдарын ыстық жаспен жуып егілетіндігін өз көзімізбен көрдік. Шоқан өз елінің мақтаны, әрі сүйікті ұлы еді. Ол жұртшылықтың жүрегінде тап осы дәрежеде сақталған еді...» деп жазды.

Шоқанның өз халқын шын сүйгендігін дәлелдеу үшін жоғарғы айтылған пікірге досы Потаниннің ол туралы жазғандарын және өзінің сот реформасы жөніндегі мақаласын қоссақ, оның шын мәнінде патриот екендігіне шек келтірмейміз. Шоқан ел тағдырын дұрыс шешіп, айқын бағыт сілтеуді күрделі мәселе деп түсінді, елді басқару ісіне ерекше мән берді. Сондықтан Көкшетау еліне аға сұлтан болуға тырысты. «Мұндағы мақсатым — өз халқымды әкімдер мен зорлықшыл бай қазақтардан қорғау еді»,— деп жазды Шоқан 1862 жылдың 15 декабріндегі Потанинге арнаған хатында.

Сол жылы, 6 декабрьде Майковқа жазған хатында, әлгі пікірін тіпті ашық айтады. «Жергілікті сұлтандармен, қара сүйектерден шыққан байлармен келісе алмай жүрмін,— деп жазды Шоқан,— себебі олар өздерінің құлдарын өте нашар ұстайды, құлдардың олардан азат болғысы келеді, бірақ қалай азат болудың жолын білмейді. Мен олардан (сұлтандар мен байлардан) жалшыларына еңбек ақы төлеуді, адам қатарында ұстауды үнемі талап етем. Сондықтан, даланың пролетариаты мені жақсы көреді, мен олармен доспын».

Шоқанның бұл сөзінен оның ауылда кімді дос, кімді қас санағандығын айқын көреміз. Сөйтіп, қазақ оқымыстыларының арасынан қазақ елінде тілегі қайшы екі таптың бар екендігін алғашқы рет көрген де, ашып айтқан да, тап қайшылығын түсіне келіп, қаналушы көпшіліктің жоқшысы болған да Шоқан еді деуге болады.

Біз, жоғарыда, Шоқанның өмірбаянымен байланысты ол 1864 жылы генерал-губернатор Дюгамельдің шақыруымен Омскіге келіп, «Сибирь қазақтарына жүргізілетін ел билеу реформасын» жасауға қатысты, сол туралы өзінің жобасын ұсынды дедік.

Шоқанның демократиялық көзқарасын айқындауда бұл еңбегінің мәні өте зор. Шоқан өз жобасында мәселеге тарихи, теориялық мән беріп, терең толғап, кеңінен алып шешпекші болды.

«...Біздің заманымызда халықтың нағыз мұң-мұқтажына тікелей қатысы бар, халыққа ең маңызды, ең керекті реформа — экономикалық және әлеуметтік реформа. Ал, саяси реформа сол экономикалық реформаларды жүзеге асырудың құралы есебінде жүргізілмек. Өйткені, әрбір адам және бүкіл адам баласы өзінің өрлеу жолында түпкілікті бір мақсатқа ұмтылады... Ол мақсат — өзінің тұрмысын жақсарту. Прогресс дегеніміздің негізінің өзі осы. Біз осы тұрғыдан алып қарасақ, адамның тұрмысын жақсартуға жағдай туғызған ғана реформалар керекті де, ал осы мақсатқа қандай болса да кедергі келтіретін реформалар болса, ондайлар халыққа зиянды, керексіз реформа болып табылады...»¹

Сөйтіп, Шоқан жүргізілгелі тұрған реформаға ерекше мән берді, қазақ халқының, азаматтық жағынан өсіп-өркендеуге зор үміт туғызып отырған миллиондардың тағдырымен байланысты мәселенің барынша дұрыс шешілуін көздеді.

Сол елдің болашағы үшін келешекте Россия империясының қамқорлығы керек екендігін, әйтпегенде өз беттерімен жарқын жол таба алмайтындығын, ол елдің ұлы орыс халқын шын бауыр тұтып, арқа сүйер аға көретіндігін дәлелдеді.

— Біз Батый татарларының ұрпағымыз, орыстармен тарихи жағынан да және тіпті қан араласу жағынан да тығыз байланыстымыз. Азаматтық жағынан өсіп өркендеуде зор үміт туғызып отырған, орыстарды отандас туысқанымыз деп санап отырған және орыс мемлекетінің қарамағына өз еркімен кіріп отырған миллиондаған адамдардың тағдырын Шекспирше айтқанда,— не тіршілік етуі, не құруы керек сияқты, үзілді-кесілді мәселелерді шешерде көбірек көңіл бөліп, көбірек қамқорлық жасауға тұратын сияқты...» деді. Алайда халық тағдырымен байланысты осынша күрделі мәселеге кейбір үстірт қараушылық бар екендігін айтты.

...Бізге, қазақтарға облыстық бастықтар арасында әдетке айналып кеткен үстірт қараушылықтың салдарынан ғана облыстық басқарманың жанындағы комитет өз жұмыстарының басты негізі етіп ешбір талғамастан сұлтандардың, билердің және басқа да қазақ

¹ Шоқан Уәлиханов. Мақалалары мен хаттары. Алматы, 1949 ж. 48 бет.

шонжарларының пікірлерін алып отыр және сол әбден сүйекке сіңген үстірт қараушылықтың салдарынан ғана өзінің жобасында ол қазақ халқының ардақталынған табы — қазақ аристократтары «қара халық» деп атайтын қазақ халқы керексіз тауып отырған көпшілік үшін керексіз және зиянды қайта құрылыстар мен өзгерістерді бекітіп отыр. Халықтан жиналған пікірлерді дұрыс талдап-бағалау үшін комитеттің, ең болмағанда, қазақтардың сословиялық қарым-қатнастарына және олардың өз араларындағы орыс басшыларына қалай қарайтындықтарына назар аудару керек...» — деді¹

Реформа осындай үстірт қараушылықты айта келіп, Шоқан бұл мәселеге халықтың «яғни дәулетсіз, шеншекпенсіз қарапайым қазақтардың» кеңінен қатыстырылуын, солардың пікірлерімен санасу керек екендігін, реформаны ақсүйектер емес, қалың бұқараның тілек-мүддесіне сай жүргізілуді талап етті.

«...Халықтың, әсіресе, надан және жартылай тағылық дәрежеде тұрған халықтың пікірін, халықтың шын мұқтажын білдіреді деп тануға бола бермейді. Ал қоғамның ардақталған топтарының пікіріне халықтың шын мұң-мұқтажына мүлдем қайшы келетін пікір-деп қарау керек, өйткені, мәдениетті қоғамның өзінде де атақты бай адамдардың мүдделері, бұқараның, көпшіліктің мүдделеріне, көбінесе қарсы болып отырады.²

Тап қайшылықтарына Шоқан тарихи көзбен қарап, мәдениетті елдердің өзінде де езуші тап пен езілуші таптың арасындағы қайшылықтың атам заманнан бері келе жатқандығын көрсете келіп қазақтың өз жағдайымен байланысты:

«Аға сұлтандардың араға түсуі арқылы екі жағы да бір-біріне кеңшілік жасап, мынадай келісімге келді: билер болыстарға, болыстар билерге, ал болыстар мен билер сұлтандарға кедергі жасамайтын болды... Қарапайым халықты қанауға қазақ әкімдерінің бір-біріне кедергі жасамау үшін оларға керегінің өзі де осы болды...» — деді.³

Осымен қатар, сол кездегі халықты қанаудың бір түрі — алым-салық жөнінде де жергілікті өкіметтің істеп отырған істерін қатты сынайды.

¹ Бұл да сол кітап, 50 бет.

² Бұл да сонда, 54 бет.

³ Бұл да сонда, 54 бет

Бұл келтірілген үзінділердің қайсысын алсақ та, Шоқанның жаны аштыны қалың бұқара — езілуші халық екендігін, жай халықты сұлтандар мен байлардың қанап отырғандығын көре біліп, содан шығудың жолын іздегендігін көреміз.

Шоқанның үстем таптан шықса да, халықты кімдер қанап отырғандығын дұрыс көре білуі, халыққа жаны ашып, олардың мұң-мұқтажын ойлауы — оның демократтығы еді. Бірақ, ол Чернышевский, Добролюбовтардың дәрежесіне көтеріліп, революцияшыл демократ бола алған жоқ. Халықтың халық болып, ел қатарына қосылып, мәдениетті, іргелі ел болуы, ел болмауы реформаның қалай жүргізілуіне байланысты деген түсінік Шоқанда басым болды.

Әрине, ол үшін Шоқанды кінәлауға болмайды. Ол кездегі қазақ елінің әлеуметтік-экономикалық тұрмысының артта қалуы, Шоқанның революцияшыл-демократтардың сатысына көтерілуіне мүмкіндік бермеді. Әйтсе де, өз дәуірі, өз кезіне қарағанда қазақ даласындағы тап қайшылығын, бұқара халықтың мұң-мұқтажын көре білуі, өз кезіндегі қазақтың саяси-әлеуметтік құрылысын демократияландыруға ұмтылуы үлкен прогресшіл, демократиялық идея болатын. Сондықтан да оны қазақтың өз ішінен шыққан тұңғыш демократы дейміз.

Шоқанның оқушылық кезінен бастап, қайтыс болған күніне дейінгі өмірін шолып өтсек, оның ұдайы ғылыммен шұғылданған адам екендігін көреміз. Әрине қалдырып кеткен үлкен монографиялық еңбегі жоқ. Бірақ, қысқа-қысқа мақала, ғылыми баяндамаларының өзінен де оның зор білімді, ғылыми-зерттеу мәселелеріне қалыптанған, оның әдісін толық меңгерген, шын мәніндегі ғалым екендігін мойындамауға болмайды. Шоқанның ғылыми-зерттеу еңбектері әралуан: тарих, география, право, дін, фольклор, әдебиет, этнография тағы басқалар.

Қай мақала, қай жұмысын алсақ та, Шоқан өзінің алған тақырыптарын барлық жағынан терең зерттейді, олар жайлы бұрынды-соңды жазылған еңбектермен толық танысады, дұрысын мойындап қате дегендерін сынайды, өзі оған қалай карайтындығын көрсетіп отырады.

Шоқан тек бір мамандықты ғана жақсы білетін ғалым емес, ол әр жақты ғалым. Бұл бір жағынан Шоқанның зиректігін, ғылыми жұмысқа қабілеттілігін көрсетсе, екіншіден ол кездегі қазақ елінің тарихи жағдайы Шоқанды ғылымның әр саласын зерттеуге мәжбүр етті. Өйткені, ол қазақтың бірден-бір оқыған адамы болды. Сондықтан да қазақтың тарихи шежіресі, этнографиясы, әлеуметтік құрылысы, тағы басқа жақтарымен байланысты мәселелерді сол кездегі орыстың мәдениетті, оқымысты-ғалымдар жұртшылығының алдына салу үшін, оған көп оқып, көп зерттеу, ғылымның қай саласынан да білімді адам болу керек болды. Оның үстіне Шоқан сол кездегі орыс ғалымдарымен тығыз байланыс жасап отырды. Ғылымды меңгеру жөнінде де олардың Шоқанға үлкен әсер еткені даусыз. Сөйтіп, осы айтылған екі жағдаймен байланысты оның ғалымдық жолға түсуі қалыптасты. Шоқан ғылым дүниесінде өзін замандас оқымыстыларына шын ғалым ретінде танытты. Императорлық географиялық қоғам басып шығарған Шоқан Уәлихановтың шығармаларына жазған басмақаласында академик Н. И. Веселовский:

«Шоқан Уәлиханов Шығыс тану әлеміне құйрықты жұлдыздай жарқ етіп шыға келгенде, орыстың шығыс тану ғылымының жолындағы ғалымдар оны үздік күш деп түгел мойындап, түрік халқының тағдыры туралы онан маңызы зор, ұлы жаңалықтар ашуды күткен еді, бірақ Шоқанның мезгілсіз өлімі біздің бұл үмітімізді үзіп кетті...» деп жазды.

Шоқанның тарих, этнографиялық, географиялық бағалы ғылыми еңбектерімен қатар, оның әдебиет мәселелерімен де тікелей байланысты еңбектері аз емес. Оның әдебиет туралы қалдырған мақала еңбектерін екі салаға бөлуге болады: бірі — қазақ, қырғыз елдерінің, өзінше құнды, бағалы деп тапқан кейбір нұскаларын қағаз бетіне түсіріп жазу; екіншісі — фольклор және аты мәлім әдебиет тарихының өкілдері жайлы, әдебиеттің кейбір теориялық мәселелері туралы өзінің көзқарасын аңғартып, құнды талдаулар беру.

Шоқан Уәлихановтың жинастырғандары: Қырғыз халқының атышулы эпосы Манастан үзінді («Көкетай ханның өлімі және оның асы»), «Ер көкше», «Ер Қосай» туралы аңыз, «Өлі мен тірі және олардың достықтары»

туралы аңыз, «Шона батыр» ертегісі т. б. Сонымен қатар, қазақтың атақты жыршылары: Жұмағұл, Жанак, Арыстанбайлармен таныс болып, олардан жазып алған қазақтың ескі жыр, ертегілері.

Шоқан осы әдеби мұралар туралы ғылыми қорытынды, пікірлер де айтқан. («Манас» т. б.). Оның «Бірінші санды қолжазба» — дейтін мақаласының көп жерлері әдебиеттің тарихи және теориялық мәселелеріне тікелей қатысы бар. Шоқанның фольклор, әдебиет нұсқаларын жинап, кейінгі ұрпаққа жазба түрде қалдыруының мәні зор. Өйткені, ең алдымен Шоқан тарихи маңызы бар шығармаларға көңіл бөлді және кейбіреулері тарихи адамдардың атымен байланысты десек, ал кейбіреулерінің жалпы фольклорды, оның өсу кезеңдерін тану, білу үшін ғажап құнды мұра деуге болады. Мысалы: Қырғыз халқының «Манас», «Сәметей» туралы дастандары эпостың кемеліне келіп жетіскен кезін көрсететін және көлемі жағынан дүние жүзінде теңдесі жоқ эпостар, бұлар уақиға құру, адам образдарын жасау жағынан да аса құнды эпостар болып саналады. Қырғыз халқының бұл эпостары елдің өткен өмірінің сәулесі болуға жарарлық шығарма деп Шоқан жоғары бағалаған.

Жазуы жоқ елдердің өткен тарихы мен салтын тануымыз үшін мұндай ұзақ желіге құрылған, күрделі эпостардың үлкен мәні барлығын Шоқан дұрыс түсініп, соны қырғыз елінің «Манасының» үлгісінде көрсетпек болған.

«Манас» бірінші рет Шоқан арқылы баспаға түсіп, орыс ғалымдарына Шоқан арқылы мәлім болды.

Қырғыз, қазақ халқының ертегілері мен аңыз, өлең-жырларының тарихи мәні туралы Шоқан Уәлиханов былай деп жазды:

«Егер жұрттың айтуынша Геродот жинаған Гомердің көркем өлеңдері мен аңыздарының аз да болса тарихи мәні бар десек, егерде өзгеріліп, мысал тәрізді болып кеткен аңыздардың негізінде уақиға, шындық жататын болса, қырғыздың ата-бабаларының өмір тұрмысын, әдет-ғұрпын әр жағынан қамтып, белгілі бір жүйеде суреттеген, сол елдің өткен кездегі өмірінің сәулесі болған аңыздарын алып, ол халықтың осы күнгі мінез-құлықтарымен және олар жөніндегі тарихи нұс-

қалармен салыстырсақ, ол аңыздардың тарихи мәні болуының мүмкіндігіне күдіктенбеуіміз керек»...¹

Шоқан ноғайлы дәуірінен қалған жырларды жинағанда да көбіне тарихи адамдардың атымен байланысты, негізінде тарихи дерегі бар әңгіме-жырларға көбірек көңіл бөлді. Әрине, Шоқан тарихи әңгіме жырлардың көркемдік мәнін де бағалай білді, алайда сол әңгіме, жырлардың тарихпен байланысты жағын бірінші орынға қояды. Бұл туралы Шоканның мына сөзін еске алуға болады: «Маған,— дейді Шоқан,— қазақтардың арасында тағы бір-екі жыр мәлім. Біреуі — «Ер Көкше мен Ер Қосай» деп аталады. Ол жырда Уақ руынан шыққан Ер Көкше мен оның баласы Ер Қосайдың күшті ру Қыпшаққа қарсы соғыстардағы ерліктері суреттеледі. Бұл жырдың тарихи жағынан қызықты ешнәрсесі де жоқ, онда қатысушы қаһармандарының аттары да бізге мәлім емес, бірақ өлеңдері көркем, дыбыс әуезділігі күшті, жыр уақиғасы басынан аяғына дейін қызықтырып отырады, әсіресе көңіл аударарлық бір жері, бірінші бөлімінде бас қаһарманы жеңіліске ұшырап, жаралы халде жаудың қолынан өлуі деуге болады. Соңынан Көкшенің ұлы Ер Қосай Қыпшақтардан әкесінің кегін алады. Бұл жырда өткен дәуірдегі дала жауынгерлерінің барлық стратегиясы мен тактикалары толық баяндалады, жырдың қызықтырарлық жағы деп осыны ғана айтуға болатын сықылды...»²

Шоқан әдебиет теориясының да кейбір мәселелерімен шұғылданған қазақтың поэзиясының жанры, түрі, өлең құрылысын зерттеген, қазақтың өлең құрылысымен орыс ғалымдарын таныстырмақшы болған.

Қазақ өлеңдерін Шоқан: жыр, жоқтау, қара өлең, кайым өлең, өлең деп беске бөледі. Қайсысы ескі түр, қайсысы жаңарак, олардың қайсысын кімдер айтады, міне осы жағына талдаулар береді.

Шоканның қазақ өлеңдеріне берген бұл анықтаулары сыртқы түрі жағынан ғана берілген анықтамалар. Қазақ өлеңдерінің құрылысының негізі жағынан алсақ, Шоканның қателіктері жоқ емес. Оның негізгі қатесі қазақ өлеңдері құрылысының силлаболоқ жүйеге жататындығын аңғармай, жыршылардың өлең айтқанда, не шығар-

¹ Шоқан шығармалары, импер. геогр. қоғ. ант. бөл. XXIX том. С—П.

² Бұл да сонда, Шоқан Уәлиханов. Шығармалары, 225-бет.

ғанда кобыз, не домбыраға қосып айтуына қарап, қазақ өлеңінің құрылысын басқаша түсінуінде. Қазақ өлеңдерін сөз еткенде, оларды буын жағынан алып бөлмей, түр жағынан алып бөлудің себебі де осыдан келіп шыққан.

Жоғарыда айтқан бес түрлі өлеңді буын жағынан алғанда, 7 буынды, 11 буынды деп екіге ғана бөлуге тура келеді. Алайда, сыртқы түрі жағынан алғанда, Шоқанның бақылауы дұрыс, қазақта ондай өлеңдердің түрлері бар.

Әдебиет теориясымен байланысты пікіріндегі кейбір кемшіліктері үшін біз Шоқанды кінәлай алмаймыз. Өйткені, Шоқан әдебиеттің теориялық мәселелерін жеке мәселе етіп, оны зерттеуді мақсат етіп қоймаған. Бұл жөніндегі пікірлері, көбіне басқа мәселелермен байланысты, сөз арасында айтылған өзінің алғашқы бақылаулары ғана деп ұғуымыз керек.

Бірақ, аз да болса, ол жөнінде пікір айту фактысының өзі біздің үшін өте керек. Өйткені, XIX ғасырдың бас кезінде қазақта қандай өлеңнің түрлері бар екендігі жөнінде, өз кезінің оқымысты адамының бақылаулары, қазіргі зерттеушілер үшін құнды мәлімет болып есептелінеді.

Шоқанның әдебиет мәселелері жөніндегі аса бір құнды пікірі мынау: Ол мен-менсіген Европа ғалымдарының көшпелі халықтар, олардың мәдениет мәселелері жөніндегі жат пікірлеріне соққы берді. «Көшпелі елдерді аң тәрізді жауыз тобыр санап, беталды жүрген тағылардың есебінде түсінетін жалған ұғым, қазірдің өзінде де Европада үстем болып келеді. Олардың көшпелі моңғол, немесе қазақтар туралы ұғымдары бұларды тұрпайы, мал тәрізді тағылар деген пікірмен тығыз байланысты. Ал шындығына келгенде, сол тағылардың көбінің жазба түрінде, немесе ауыз әдебиеті, аңыз-әңгімелері бар... Өлеңге, әсіресе суырып салма өлеңге бейімділік барлық көшпелі елдердің өздеріне тән ерекшеліктер деуге болады...»¹ деп жазды Шоқан бұл жөнінде.

Орыс мектебінде тәрбие алып, орыс ғалымдарының еңбектерімен жете танысқан, орыс қоғамының озат пікірлерінен қорек алған қазақтың тұңғыш оқымыстысы Шоқанның мен-мендікке кеудесі толған Европа оқы-

¹ Бұл да сонда. 192-бет.

мыстыларын өлтіре сынап, олардың пікірлерінің терістігін фактілермен дәлелдеп беруі тек сол кез үшін ғана емес, қазірдің өзінде де мәні зор.

Шоқанды біз қазақтың тұңғыш ағартушысы, ол қазақтың мәдениетті ел болуы орыс халқымен достық қарым-қатынасқа, ұлы орыс халқының мәдениетін үйрену, соны меңгеруіне байланысты екендігін бірінші рет дұрыс түсінген, осы мәселе жөнінде қазақ тарихында бірінші рет пікір айтқан, сол пікірінің жүзеге асуын арман еткен адам болды дедік.

Шоқан кезінде қазақ даласына жайыла бастаған ислам дінімен байланысты араб, парсы мәдениетімен қатар орыс мәдениеті де ене бастаған еді. Араб, парсы мәдениетін таратушы да, қолданушы да татар молдалары болды. Қазақтардың мәдениеттенуіне ол кезде еш көңіл бөлмеген патша үкіметі арабшылдық бағытты қолдады. Сондықтан да, кертартпа араб мәдениетін таратушы татардың шалағай молдаларына толып жатқан кеңшіліктер, шексіз праволар берді.

Шоқан патша өкіметінің бұл саясатын қолдамады. Өйткені, ислам дінімен біте қайнасқан араб мәдениеті орыс мәдениетіне қарағанда, өмірді түсінуге пайдасыз, жоқ нәрселерді үйретумен басты қатыратын кертартпа «мәдениет» болатын. Шын ғылым көзімен қарағанда, оның қазақ даласына жайыла бастаған түрі мәдениет емес, діншілдіктің мықты торы болатын.

Мұны жақсы түсінген Шоқан қазақ мәдени дамуы үшін ислам дінінің зиянды екендігін ашық айтып, барынша қарсы шықты. Бұл туралы Шоқан былай деп жазды:

«Жалпы алғанда, қазақ Европалық мәдениетке жету үшін орыстардың византиялық дәуірді басынан кешіргені тәрізді, татар дәуірін бастан кешіруге мәжбүр болып отыр. Қазақтың алдында тұрған бұл болашағы өліммен тең деуге болады. Өйткені, византияшылдықты қаншама сұмырай десек те ол христиандықты енгізді, христиандықта ағартушылық элементінің бар екендігі даусыз еді. Ал, ой-пікірі тың, не нәрсені болсын қабылдауға қабілетті қазақ халқы ой мен сезімнің өсуіне бөгет жасау ғана қолынан келетін татар ағартушылығынан өлі схолостика болмаса, басқа не күтуі мүмкін. Біз қайткенде де татар дәуірін аттап өтуіміз керек, мұның үшін өкімет бізге көмектесуі қажет. Суға кетіп бара

жатқан адамға көмек қандай керек, болса, бұл туралы бізге де көмек сондай керек. Мұндай адамгершілік істі жүзеге асыру үшін, бірінші ретте, ислам идеясы мен молдаларға деген қамқорлықты өкіметі қайтып алып, молдалар басқаратын округтердегі татар мектептерінің орнына орыс мектептерін ашу керек...» деді¹.

Сөйтіп, Шоқан өз еңбектерінің көпшілігінде қазақ халқы мен ұлы орыс халқын қай жағынан болсын жақындастыруға күш салды. Шығыстың кертартпа мәдениетінен елін аулақ ұстап, орыс мәдениетіне, батыс мәдениетіне қол созды. Ол қазақ халқының ілгері дамуын аңсады. Оның ішінде еңбекші бұқараның ауыр тұрмысын жеңілдетуді көкседі. Қорытып айтқанда Шоқан қазақ тарихында демократиялық, пікірді тұңғыш рет қолдаушы адам болды.

«Нағыз, шын әділдігін айтқанда, Уәлихановты үздік адам деп айтуға болады. Уәлиханов өз еліне шын берілгендігін, оны терең сүйетіндігін, қазақтың тұрмысын жақсы көрушілігін сақтай алуымен қатар, батыстың мәдениетін де жоғары бағалады және өз халқының қызықты келешегі тек қана Россияның қамқолығымен болатындығын күні бұрын болжай білді...»² деп жазды, орыс империясының географиялық қоғамы.

Географиялық қоғамның Шоқанға берген бұл бағасы негізінен дұрыс баға. Шоқанның қиядағыны болжаған көрегендік пікірі, оның артына қалдырған еңбектері біздің үшін мейлінше құнды. Ол қазақ халқын орыс халқымен достастыруды көздеді, қазақ халқы тек ұлы орыс халқының қамқорлығымен ғана алға баса алатындығын өзінше дәлелдеді және тарихи көзбен қарағанда бұл сияқты бірден-бір дұрыс пікірдің қазақ жағдайында тұңғыш рет жаршысы болды.

Бұл күні бүгінге шейін мәні зор, актуалдық мәселе десек, сонымен қатар оқуға, ғылымға талпынушы, советтік ұлы Отанының коммунизм құрудағы күрделі істердің керегіне жарарлық шын мәніндегі маман болып шығамын деушілер үшін де Шоқанның өмірі мен қызметінде де үлгі, өнеге аларлық жағы көп.

Шоқан 1847 жылы Кадет корпусіне түсіп, 1853 жылы бітіріп шығады. Не барлығы алты-ақ жыл. Бірақ, оның

1 Шоқан Уәлиханов, Шығармалары, 194—195-беттер.

2 Орыс геогр. қор. 1865 ж. С—П, 1866 ж. 9—11-беттер.

бізге қалдырып кеткен еңбектерін оқып отырып, Шоқанның көп білетіндігіне қайран қаласың. Ғылымның көптеген саласын мейлінше терең түсінетіндігі кімді болсын мойындатады. (Этнография, тарих, филология, география, шет тілдер, шет елдердің әдебиеті, орыс, қазақ, қырғыз әдебиеті, философия т. б.). Бұларды ол тек біліп қана қойған жоқ, сол пәндердің кейбіреулері жайлы қазақ, қырғыз елдерінің өміріне байланысты, тарихи мәні зор ғылымдық трактаттар жазды. Кейінгілерге құнды-құнды пікірлер қалдырды. Бұл тәрізді үлкен мәдениет, ғалымдік дәрежеге ие болуының себебі оның тек қана асқан қабілеттілігі емес, ерінбей еңбек етіп, жалықпай оқуы, өзінің Қадет корпусында негізін салған білімін күн сайын, жыл сайын толықтыра, дамыта түсуімен байланысты. Өзінің аз өмірін оқумен, еңбекпен өткізуінің арқасында ғана оның ғалымдық дәрежеге қолы жеткен.

Демек, кімде-кім мәдениетті, білімді адам боламын, сол арқылы өз еліме, өз отаныма бір пайда келтіремін десе, Шоқанның өмірі мен ісінен үлгі алуы керек.

ЫБРАЙ АЛТЫНСАРИН

(1841—1889)

Алтынсариннің өмірі мен қызметі. Қазақтың оқымысты, ағартушыларының ірі өкілдерінің бірі Ыбрай Алтынсариннің өмірбаяны, оның ағартушылық жолындағы жұмыстары, жазушылығы, педагогикалық еңбектері, көзқарастары жайлы жазылған мақала, таныстыру, талдаулар көп (М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Ә. Қоңыратпаев, С. Сүлейменов, Қ. Жармағамбетов, т. б.).

Алтынсариннің творчествосын мұқият зерттеп, терең түсінгісі келгендерге бәрі де керекті. Бірінде аз айтылған, не мүлде айтылмай, қалтарыста қалып қойған жазушының кейбір құнды пікір, өмірге көзқарастары екіншісінде айтылады. Сондықтан, олардың барлығымен таныс болып, сын мұнарасынан әділ бағасын бере отырып пайдалану әрбір оқушы, зерттеушілердің келелі міндеті.

Сонымен қатар, Ыбрай Алтынсарин туралы бірнеше монографиялық зерттеулер де бар. Солардың ішінде

Алтынсариннің өмірбаянын және ағартушылық ісі мен педагогикалық ой-пікір, көзқарастарын мол қамтып, тереңірек зерттеген Ә. Сыздықов жолдас. Оның «Педагогическая идея и просветительство Ибрая Алтынсарина» (1949 ж.) атты еңбегі Алтынсаринды тануда бағалы еңбектердің бірінен саналуға тиіс.

«БІ. Алтынсариннің жазушылық қызметі туралы» жас ғалым Ә. Дербісалин жолдастың бір кітапшасы 1957 жылы шықты. Бұл жоғарғы аталып өткен еңбектердің негізінде жазылса да, автор өзінше бірталай зерттеу жүргізіп, жаңа фактілер, салыстырулар арқылы көп жұмыстар жасаған. Әсіресе, бір құндылығы бұрынғы зерттеушілерде кездеспейтін, Алтынсариннің балаларға арналып, қысқа-қысқа, әралуан тақырыпқа жазылған әңгімелерінің қайдан, кімдерден алынғандығын айқындауы деуге болады. Бұл кітапта да оның өмірбаяны айтылады. Сондықтан біз еңбегімізде Алтынсариннің өмірбаянына мейлінше аз тоқталамыз.

Ыбрай (Ибрагим) Алтынсарин 20 октябрьде 1841 ж. Қостанай облысы, бұрынғы Аманқарағай болысы, қазіргі Затоболь ауданында туған. Өз әкесі Алтынсары Ыбрайдың 4 жасар кезінде өледі де, үлкен әкесі Балғожаның тәрбиесінде өседі.

Балғожа Жаңбыршы ұлы өз кезінің қабырғалы биі, патша үкіметіне де қызмет еткен адам. Бірақ оны өзі қатарлы, қазақтың басқа феодалдарымен салыстырғанда, өмір ағымының бет алысы қалай бара жатқанын аңғара алатын адам болған. Балғожа ендігі жерде оқу, өнер-білім керектігін ерте түсінген. Келешекте ел басқару үшін де, күн көріс үшін де оқу қажеттігін жақсы білген.

1844 жылы Орынборда қазақ балаларына арналған жеті жылдық мектеп ашу туралы патша ережесі бекітіледі.

Балғожа осы ашылмақ мектепке 1846 жылы 5 жасар немересі Ыбрайды жаздырып қояды. 1850 жылы 23 августа орыс-қазақ мектебі ашылып, қазақтан 30 бала алынады, солардың бірі Ыбрай Алтынсарин болады.

Жеті жылда Ыбрай мектептен ойдағыдай, жақсы білім алып шығады.

Мектеп программасы бойынша арифметика, тарих, татар тілі, дін сабағы тағы басқалар өтілсе де, негізгі нысана орыс тілін жақсы білгізіп шығару болады да,

басқалары осыған бағындырылады. Өйткені, орыс-қазақ мектебін бітіріп шыққан қазақ балалары писарьлік, тілмаштық қызметтерін атқарып, патша чиновниктеріне көмекші болуын солар арқылы қазақ даласына патшаның саясатын молырақ, кеңірек таратуды мақсат еткендіктен орыс тіліне айрықша көңіл бөлінеді.

Алтынсарин 1857 жылы мектепті жақсы бітіріп шығады. Біразырақ өз елінде писарь болып істейді де, 1859 жылдан бастап Орынборда тілмаштық жұмысын атқарады.

Алтынсариннің жалпы білімін толықтыруда болсын, орыс тіліне жетілуінде болсын, не әлеуметтік мәні зор ірі мәселелерге құлаш серпунде болсын оның өмірінде шешуші орын алған кез осы Орынборда болған жылдары тәрізді.

Шығыс зерттеушісі профессор В. В. Григорьевпен жақындасып, оның бай кітапханасын еркін пайдаланудың арқасында орыс әдебиетінің және шет елдердің ұлы адамдарының еңбегімен мол танысады. Сүйтіп, кешегі жеті жылдықты бітіріп, писарьлік, тілмаштыққа ғана жарап жүрген Ыбрай, Григорьевтің көмегі, өзінің талмай оқып, ерінбей еңбектенуінің арқасында, 1860 жылдар елде учитель боп бала оқытуға жарарлық дәрежеге шейін көтеріледі. Осы мақсатпен ол 1860 жылы Торғайға келеді. Бірақ мектеп ашу оған оңайға түспейді. Жаңа талап жас мұғалім кертартпа феодалдардың әр түрлі бөгеттеріне кездесіп көп қиыншылықтар көреді. Көп жылдар аңсап, өз өмірінің арманы болған мектебі тек 1864 жылы ғана ашылады. Бұл оқытушылық жұмысында ұдайы бес жыл болып, өзінің оқу-ағартушылық майданында қабырғалы қайраткер екендігін танытады. Енді оны бір мектеп емес, Торғай облысының барлық мектептеріне басшылық етіп, ақылшы, жетекші боларлық орынға тағайындайды. Оны 1879 жылы облыстық мектептердің инспекторы етеді. Қысқасы, 1864 жылдан бастап 1889 жылға шейін Алтынсарин өзінің барлық күш, барлық ынта-жігерін халық ағарту ісіне жұмсайды. Оның осы ағартушылық жолында, әсіресе, тарихи үлкен еңбегінің бірі көп жылдар бойы жоғарғы үкімет орындарынан сұрана жүріп, ақыры 1887 жылы қазақ қыздары үшін Ырғызда мектеп-интернат ашқызып, әйел балаларды оқыту ісіне өз халқының тарихында бірінші рет жол салушылығы Ыбрай қайтыс болғаннан кейін 1891—1896

жылдар арасындағы Қостанай, Қарабұтақ, Ақтөбе қалаларындағы интернатымен ашылған әйелдер училищелері де Алтынсариннің ізденулерінің нәтижесі екендігі документ арқылы дәлелденіп отыр. Қазақ балалары үшін ауылшаруашылық қолөнер кәсібіне үйретерлік училищелер ашу туралы да көп ізденіп, үлкен әрекеттер жасағаны, ақыры Торғай қаласында ремесленное училище ашуы, басқа қалалардағы ауыл шаруашылық оқу орындарына қазақ балаларын жіберуге, оларды орналастыруға күш салулары — бәрі де оның өз халқы үшін істеген айбынды іс, ұмытылмас еңбектері екені сөзсіз.

Алтынсарин 25 жасында Достарқызы Айғанысқа үйленеді. Айғаныстан Абдолла (1882), Абдрахман (1884) атты екі ұл, Шәрипа деген бір қызы (1886) болады. Ыбрай балаларына өзі тәрбиеші болып, жасынан орыс тіліне үйретеді. Абдрахман гимназияда оқып жүргенде жастай қайтыс болады. Абдолласы аурулы болған себепте оқи алмайды (ол революциядан кейін өлген).

Алтынсариннің мектеп ашу, бала оқыту, ондағы тәлім-тәрбие жұмыстарын алдына нысана етіп қойып, белгілі жүйемен жүргізу мәселесі өз алдына, сонымен қатар ол өзінің педагогтік, тәрбиешілік міндетін бір минут ұмытпай, оны әрбір ісінде жүзеге асыруға тырысады.

Оқыту, мектеп жұмыстарынан тысқары кезде, халықтың көпшілігімен қоян-қолтық келіп, асқан кішіпейілдікпен олардың мұң, мұқтаждарына зор көңіл бөлумен қатар, халықтың жуан, ортасынан шыққан талант иелері ақын, әнші, әралуан өнерпаздардың өсу, ілгерілеуіне көмек көрсетіп, жетекшілік еткен.

Күдері, Ақмолда, Сейтахмет, Нұржан т. б. ақындардың теріс бағытын оңға түзеуге көп кеңес береді. Күдері де, Нұржан да ескішіл, кертартпалық көзқараста болған ақындар. Әйтседе, олардың кейбір шығармаларының әдебиеттік, идеялық жақтарының жақсаруына Ыбрайдың ықпал тигізгендігі сөзсіз. 1879—1880 жылы болған «Жалпақ қоян» атты жұтты суреттейтін ұзақ өлеңін Күдері ақын Ыбрайдың кеңесімен жазады. Оның бұрынғы өлең, жырларына қарағанда бұл анағұрлым бағалы шығарма.

Көп ақындар Ыбрайды өздерінің рухани басшысы білген. Сондықтан да олар Ыбрайдың іс-амалдарында-

ғы бұқарашылдықты, ел қамын сөз етіп, жұрт пайдасын ойлаушылығын, ел арасындағы дау-шар мәселелерінде туралық, әділдігін өздерінің өлең-жырларына арқау етіп, өзін әділдікті қолдаушы адам образының негізгі үлгісі етіп алған. Мысалы, Сейтахмет ақын өзінің «Бір нашардың әділ төреге айтқан сөзі» деген ұзақ өлеңінде бай мен кедейдің арасында болған бір дауға төреші болған оқымысты қазақтың әділдігін көрсетеді. Дауды тыңдап болып оқымысты төре шындық кедей жағында, байдікі дәу-кестік, әлсізге жасап отырған зорлық екендігіне көзі жетеді де, билікті кедейдің пайдасына шығарады.

Алтынсариннің өмірбаяны жөнінде көп материал берген және жақсы білетін, оның шәкірті Әбдіғали Балғынбаев: «Бір нашардың әділ төреге айтқаны» атты өлең Ыбрайдың өміріне алынған еді»¹ — дейді (бұл өлең Алтынсариннің 1879 ж. хрестоматиясына енгізілген).

Алтынсариннің өмірбаянын сөз еткенде айрықша көңіл аударарлық жайттың бірі орыстың оқымысты-интеллигенттерімен байланыс, қарым-қатынастары. Бұл бізде әлі жүйелі түрде зерттелмей келе жатыр. Әрбір мақала, зерттеу еңбектеріндегі атүсті, шолу түрінде ғана айтылып жүрген пікірлер бағалы, керекті екені рас, бірақ ол жеткіліксіз.

Алтынсариннің достасқан, істес, пікірлес болған адамдары: ол кездегі Орынбор, Қазан қалаларындағы шығыс тану ғылымымен шұғылданушы ғалымдар В. В. Григорьев, Н. И. Ильминский, оқытушы және тіл ғалымдары В. В. Катаринский, А. А. Мазохин; үйездік қызметкерлер — Яковлев, Қараулов т. б. тығыз байланысты болды. Оқу-ағарту мәселелер жөнінде олардың Алтынсаринға көп көмектері тиген. Әрине, Ыбрай олармен достас, істес болғанда қазақ халқының келешек дағдырымен байланысты барлық мәселелер жөнінде де пікірлес болды десек, қателескен болар едік. Кейбір күрделі мәселелер жөнінде Алтынсариннің Ильминский, Григорьевтермен де келіспейтін жайлары аз емес. Бірақ, Ыбрай олардың ешқайсысымен араздасып, не айтысып-тартыспай-ақ өзінің ойға алған жұмысын іске асыруға тырысқан. Бәрімен де істесе білген. Бірақ, ешқайсысының ықпалында кетпеген.

¹ Алтынсарин жөніндегі қолжазба, 10 бет. ИЯЛ қолжазбалар фондысында сақтаулы.

Әрі мәдениетті, әрі талантты педагог-жазушы, әрі мінезге бай, адамгершілік, жолдастық қасиеті мол Ыбрай орыс жолдастарының арасында да мейлінше беделді, құрметті, бағалы болады.

1889 жылы Ыбрай айлап ауырып, төсек тартып қалғанда орыс жолдастарының оны дәрігерге қарату ісін ұйымдастырулары, ол қайтыс болған күні ақырғы рет қоштасу үшін қаладан көптеген жолдастарының арнайы келуі, өлгеннен кейін Н. И. Ильминскийдің «Ыбрай Алтынсарин туралы есте қалғандардан» деген атпен Қазан баспасында арнаулы кітап бастырып шығаруы, жоғарғы айтылған Алтынсариннің жолдастары арасындағы беделді, құрметті болғандығын және оның өзінің де, істеген жұмыстарының да тарихи әлеуметтік мәні зор болғандығын дәлелдейді.

Қазақ халқын мәдениетке үндеп, халық ағарту мәселесінде көп еңбек еткен қазақтың тұңғыш педагогі, әрі акын, әрі жазушысы Ыбрай Алтынсарин 1889 жылы дүниесін салды дедік. Ол қайтыс болғаннан кейін орыс жолдастарының Ыбрай туралы жазған мақаласында оның әлеуметтік ісі мен дүниетанушылық көзқарастарына әрі шындық, әрі дәл төмендегі тәрізді үлкен бағалар беріледі.

«Ыбрай Алтынсарин қазақ арасынан шыққан тұңғыш кемеңгер адам еді, ол қараңғы көшпелі өз халқының ішіне еуропалық цивилизацияның жарығын таратты және оларды Россияны сүйуге шақырды»¹ — дейді.

Бұл тамаша дұрыс, мейлінше терең айтылған және күні бүгінге шейін мәнін жоймаған, Алтынсариннің өмірі мен творчествосын зерттеушілердің әрдайым есінде боларлық құнды пікір. Әрбір әлеумет қайраткерлеріне жақсы білетін тұстас, замандастарының қалай түсініп, оны қалай бағалағандықтары көп жайттарда пайдалы, кейінгі зерттеушілер үшін ат айдарлық меже деуге болады.

Алтынсарин педагог-жазушы	Алтынсариннің өмір сүрген дәуірі, жағдайы ол кездегі әлеумет өміріндегі тартыс, әлеумет қайраткерлерінің өмірге көзқарастары, әдебиеттегі екі түрлі бағыт, ол тартыстарда Ыбрайдың жаңалықты жақтаушы адам-
--------------------------------------	---

¹ МНП жанындағы Педагогикалық-ғылымдар институтының қолжазба материалынан.

ның бірі болғандығы кітаптың кіріспе бөлімінде айтылды. Біздің бұл жердегі тоқталмағымыз оның жазушылық қызметі.

Кейде біз Алтынсариннің ағартушылық ісі, жазушылығы деп бөле сөйлейміз. Мектеп ашу, бала оқыту тағы басқа оның игілікті жұмыстар жүргізгені, ат үсті қарағанда олар екі бөлек нәрсе болып, көрінетіндігі рас. Бірақ, Ыбрай бұл шеңберге сыймайды. Өйткені ол жай ғана ағартушы емес, әрі оқытушы- педагог, әрі жазушы. Көп жайттарда оның бұл тәрізді екі алуан профессиясы мидай араласып, жігін таптырмай жатады. Сондықтан, оны педагог-жазушы деп бір сөзбен ғана атауға болады.

Ыбрайдың өмірі мен ісіне көз жіберіп, оның жұмыс еткен жағдайын еске алсақ, таңқалмасқа болмайды. Ол іске кіріскенде, сонау Торғай, Қостанай, Орынбор қолтықтарындағы қазақ далаларында қараңғылықтың қаймағы бұзылмай, мұрты кетілмей жатқан болатын. Татар молдалары арқылы тағы басқа да жолдармен ел ішіне уын жая бастаған ислам діні, оны таратушылардың «балаңды орысша оқуға берсең, шоқынып кетеді»,— деп, елді үркітуге барынша күш салды. Ыбрай, не Ыбрай тәрізділерді оқытып шығарғандағы миссионерлердің ойлаған ойы мен көздеген мақсаттарынан Ыбрайдың ойлаған мақсат, көздеген нысанасы мүлде басқаша болды. Олардың үстіне елдегі бай-феодалдармен, ең аржағы өз туыстарымен де оның тілек-мүдделері қабыспады. Ыбрайды оқытқанда «әкесінің баласы болар»,— деп олар үміт етуші еді. Ол армандары орындалмады. Оқып білім алып, өз тізгінін өз қолына алған күннен бастап-ақ Ыбрай туыстарынан іргесін бөлек салды. Олардың күткен үміттерін үзіп кетті. Осы айтылғандардың бәрі де Ыбрайдың жолында бүк түсіп жатқан үлкен-үлкен бөгеттер болатын. Өзімен білімі деңгел, көзқарасы бір серігі жоқ, ең қараңғылықтың жуан ортасында жалғыз өзі болса да, Ыбрай бар бөгетке қарсы барып, күрес майданына шықты. Сүйгені де, сүйенері де халық болды. Сол халықтың келешегі үшін басын бәйгіге тігіп, желіні ұзаққа тартып, белсеніп іске кірісті. Кезіндегі жағдаймен санаса отырып, Алтынсарин екі түрлі ірі мәселені алдына мақсат етіп қойды: біріншісі — мектеп ашу, бала оқыту — жалпы халық ағарту жұмысы да, екіншісі халықтың ой-санасын жаңалыққа

қарай бейімдеу жолындағы тәрбиелік істері. Оның барлық іс амалы мен бізге қалдырып кеткен мұраларына көз жүгіртсек амалсыз осы қорытындыға келеміз.

Өзінің алғашқы адымында-ақ ол мектептің ролін бірінші орынға қойды. 1871 ж. 31 августа Н. И. Ильминскийге жазған хатында жастарға дін мектептерінің басын қатырған зияннан басқа ешбір пайда бермейтінін, халықтың ілгері дамуына бөгет жасайтындықтарын айта келіп: «Қазақтардың білімге қолын жеткізетін ең басты құрал — мектеп. Бірақ даладағы мектептер шашылыңқы, сондықтан әлі пайдалы бола алмай отыр, әйтседе олардың үміт күтері — мектеп, тек қана мектеп және қазақ халқының болашағы да мектептермен байланысты», — деді.

Ол кезде мектеп, оқу, оқыту мәселесіне әркім әр түрлі қарады. Қазақ ішінде мектептің, оған бала оқытудың пайдасын тез ұққандар да, баласын орысша оқытатын мектептерге беруден тартыныпқырағандар да болды. Тіпті үстем тап өкілдері феодалдардың өздері де бірыңғай болған жоқ. Ислам дініне берілушілер және ескілікті берік сақтағысы келгендер қадым оқуын қолдады. Кейбіреулері өздерінше жаңаға қарай бейімделіп, ел билеу үшін де патша үкіметінің ұлықтарымен араласу үшін де орысша білу керек деп ұқты да, балаларын жаңа мектептерге беруді мақұл көрді. Мұндайлар қазақтың әр губерния, әр үйездерінен де табылды. Бұлардың жерлері басқа болса да, аңсаған арман, көздеген мақсаттары бір болатын.

«Үміт еткен көзімнің нұры, балам,
Жаныңа жәрдем берсін хақтағалам,
Атаң мұнда, анаңмен есен-аман,
Сүйіп сәлем жазады бүгін саған.
Атаңды сағындым деп асығарсың,
Оқуға көңіл берсең, басыларсың.
Ата, анаңды өнер білсең асырарсың,
Надан боп білмей қалсаң аһ ұрарсың.
Шырағым, мұнда жүрсең не етер едің?
Қолыңа құрық алып кетер едің.
Тентіреп екі ауылдың арасында
Жүргенмен не мұратқа жетер едің?» —

деп, Балғожаның Ыбрайға жазған хаты, тек Балғожа ғана емес, сол сықылдылардың бәрінің көздеген мақсатының бір арнаға құйылатындығын аңғартады. Балғожа, не Балғожа сықылдылар баласын оқуға бергенде,

оқы, білім ал, өнер үйрен, соған қолың жетсе ғана ата-ананды асырай аласын деп оқудағы мақсатты, қара бастың қамына әкеліп тіреді. Бірақ сол 1850 жылғы орыс-қазақ мектебіне түскендердің бәрі бірдей «әкесінің баласы» болған жоқ, оның іштерінен «адамның баласы» — халықтың баласы болып шыққандары да болды. Екінші жағынан олар патша үкіметінің қазақ балалары оқитын мектептер ашқандағы алдарына қойған мақсат-міндеттерін орындаудан да бас тартты. Ата-аналары: «оқу-өнеріңмен тек біз үшін қызмет ет» десе, миссионерлер: «білімді патша үкіметінің ықпалын қазаққа молырақ таратуға күш сал» десе, Ыбрай тәрізді халықтың адал ұлдары алған білімдерін өз елін мәдениетке жетелеуге, оқу, ағарту ісін өркендетуге жұмсады. Ол кезде надандыққа белшесінен батып жатқан елді оқуға шақыру, мәдениеттілікке үндеу айтарлықтай тарихи іс еді. Сол бір тарихи кезеңде әлеуметтік мәні зор үлкен іс, ауыр жүкті арқалаған адамның бірі Ыбрай Алтынсарин болды.

Ыбрай өзінің көптеген бір алуан өлең, әңгімелерін жастарды оқуға шақыруға арнады.

«Оқысандар, балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар.
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпенен тоқылық!» —

деді.

Кезінде бұл өлеңнің тарихи мәні айрықша зор болды. Ақын бір жағынан, жастарды оқуға, білім алуға үндесе, екінші жағынан, өмірдің бар қызығы тек қана байлықта деп ұғатын, оқу-өнер, ғылым-білімге, оның жалпы халық үшін керектілігіне еш мән бермейтін ескі көзқарасқа соққы берді.

Өмірдегі сарқылмайтын мол байлық — білім екендігін айта келіп, білімге адамның қолы жету үшін ерінбей оқу, қажымай еңбек ету керектігін түсіндірді. Есті бала мен ессіз баланы қарама-қарсы қойып, жастарға кімнен үлгі алып, кімнен безу керектігін көрсетті.

Ақын «Өнер білім бар жұрттар» атты өлеңінде оқу, білім алудағы мақсатты алдыңғысынан да көрі аша түседі. Балғожа сықылдылардың бала оқытқандағы арма-

ны «ата-ананы асырау» болса. Алтынсарин оқушылардың білімді адам болғандағы мақсат, міндеттері өз халқының бір керегіне асу, оның прогрестік жолмен ілгерілеуіне жетекшілік жасау, мәдениет жағынан салыстырғанда басқалардан бірнеше ғасырлық кейін қалған өз елін, «тастан сарай салдырып, айшылық алыс жолдардан, көзінді ашып-жұмғанша хабар алдыратын» елдердің қатарына жеткізу деп білді.

Алтынсарин мейлінше қиын жағдайда жұмыс істеді, талай бөгеттерге кездесті. Өтірік арыз, «Жаптым жала, жақтым күйенің» неше түріне жолықты. Бірақ ол күрестен қажыған жоқ. Әсіресе, оның келешекке сенімі зор болты. Аңсаған армандарын өзі орындай алмаса, болашақ жастар орындайды деп білді. Елді қараңғыдан жарыққа шығаратын жастар, тек қана жастар деген қорытындыға келді. Өзін қоршаған қараңғылық, надандықтарды шеней келіп:

«Біз надан боп өсірдік,
Иектегі сақалды,
«Өнер жігіт көркі»,— деп,
Ескермедік мақалды.
Біз болмасақ, сіз барсыз,
Үміт еткен, достарым,
Сіздерге бердім батамды» —

деді.

Ыбрай қазақ жастарын оқуға үндеумен қатар, адамгершілікке, махаббат-достыққа, еңбекке, жігерлілікке, тапқырлыққа, халқын сүюшілікке, қысқасын айтқанда, адам деген ардақты есімді ақтай алатын кісі болып шығуға үндеді және жастарға бала кезінен бастап дұрыс тәрбие бергенде ғана бұл міндеттерді іске асыруға болатындығын ол жақсы ұғынды. Сондықтан Ыбрай өзінің оқытушылық, жазушылық, аудармашылық жұмыстарын осы мақсатқа бағындырды.

Балаға жастай дұрыс тәрбие беру бүкіл дүниежүзіндегі педагог-ғалымдардың кәрі замандардан бері үлкен көңіл аударып, айрықша көтерген мәселесінің бірі десек, XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласынан оларға үн қосушы бірінші қазақ педагогі Ыбрай Алтынсарин. Бұл мәселе жөнінде ол көптеген педагогтердің, әсіресе, орыстың алдыңғы саптағы ұлы педагог-ғалымдары К. Д. Ушинский, Л. Н. Толстой, Бунакаковтармен пікірлес болды. Оның 1879 жылы басылған «Қа-

зақ хрестоматиясын» алсақ, әрі методология, әрі методика жағынан жастарға дұрыс тәрбие беруге лайықталынып құрылғандығын көреміз. Методологиялық жағы: татар тіліндегі әдебиеттер арқылы далаға кең тарауға бет алған ислам діні, оның зиянды әрекеттеріне қарсы шығу, оның орнына шын ғылым беретін жаңа принципті ұсыну және оны орыс алфавиті арқылы өзінің ана тілінде тарату болса, методика жағынан: балалардың жастарына лайықты, ең керекті материалды теріп жанастыру болды.

1) Бұл кітапқа балалар өмірі туралы орыс тіліндегі әртүрлі хрестоматия, көбіне Паульсонның хрестоматиясынан алынған әңгімелер, 2) әр түрлі жастағы адамдардың өмірін суреттейтін әңгімелер, 3) қазақ жыршыларының өлең, жырларынан үзінді, 4) қазақтың мақал, мәтелдері.

Осы тәрізді төрт бөлімнен құралады. Жинастырған материалдарына да, құрастыруларына да автордың мейлінше ұқыптылықпен қарауымен қатар олардың тәрбиелік мәніне зор көңіл бөлгендігін де аңғару қиын емес.

Соңғы зерттеушілер (жолдас Ә. Дербісалин) Алтынсариннің отыз бес аудармасының барлығын айқындатып және әңгімелерінің көпшілігі И. И. Паульсонның «Книга для чтения и практических упражнений в русском языке» хрестоматиясынан алынған да, басқалары К. Д. Ушинскийдің «Детский мир», «Родное слово», Л. Н. Толстойдың балаларға арналған кітаптарынан алғандығын анықтап отыр.

Бұлардың көпшілігі дәл аудармалар да, бір қатары ерікті аудармалар. Кейбіреулері орысшадан тек тақырып, сюжетін ғана алып, қазақтың өмірімен тұрмыс-салғына жақындатып, өзінше жазған деуге болады.

Қалай болғанда да жастарға дұрыс тәрбие беру үшін олардың дүние танушылық көзқарасын кеңейту үшін «қазақ хрестоматиясының» тек өз кезі ғана емес, қазірдің өзі де мәні зор. Сондықтан да ол талай жылдар, талай рет басылып, мектеп оқушыларына ұсынылып келеді. Бұл кітапқа енгізілген әңгімелер: еңбек сүйшілік, оқу, өнерге ұмтылушылық, отанын-елін сүйшілік, талаптылық, жігерлік, іздемпаздық, кішіпейілділік, махаббат, қайырымдылық, адамгершілік, жинақтылық тағы басқа осылар тәрізді жақсы мінез-кұлыққа

тәрбиелеуге керекті мәселелерді қамтиды. Бұларға жалқаулықты, қиянатшылдықты, надандықты, сотқарлықты қарсы қойып, жастардың мұндай әдеттерден аулақ болуына жол көрсетті. Мысалы:

Хрестоматияға енгізілген өлең, әңгімелердің балалардың жасына, сана-сезімдеріне лайықтыланып, педагогика ғылымының міндетті түрде тәрбиешілерден талап ететін әдіс мәселесінің берік сақталынуы өз алдына, сонымен қатар жоғарғы аталып өткен: оқу, еңбек, талап, мейірімділік тағы басқа тақырыптарға арнаулы, қолға таяқ ұстатқандай әңгімелерді әдейі, саналы түрде тандап алғандығын да көрмей кетуге болмайды.

Кітаптың бет ашары оқуға шақырудан басталып, оның әлеуметтік мәнін түсіндіру болса, сонымен қатар негізгі тақырыбының бірі — еңбек.

«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде, ең кішкентай жәндіктердің де өмір, тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүретінін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді. Қарлығаш, өрмекші ғұрлы жоқпысың, сен де еңбек ет, босқа жатпа дейді. Мысалы, Ыбрайдың «Әке мен бала» деген шығармасында мынадай әңгіме айтылады:

«Бір адам он жасар баласын ертіп, егістен жаяу келе жатса, жолда қалған аттың бір ескі тағасын көріп, баласына айтты: анау тағаны, балам, ала жүр»,— деп. Бала әкесіне: «сынып қалған ескі тағаны не қылайын»,— деді. Әкесі үндемеді. Тағаны өзі іліп алды да жүре берді. Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң, әкесі қайрылып, тағаны соларға 3 тиынға сатты. Одан біраз өткен соң, шие сатып отырғандардан 3 тиынға бірталай шие сатып алды. Сонымен, шиені орамалына түйіп, шетінен өзі бірлеп алып жеп, баласына қарамай, аяндап жүре берді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артынан келе жатқан бала да тым-ақ қызығып келеді екен. Жерге түскен шиені жалма-жан жерден алып, аузына салды. Біраздан соң және бір шие, одан біраз өткен соң және бір шие, сонымен, бала әрбір шие тастаған жерге бір еңкейіп шие теріп жеді. Ең соңында әкесі тоқтап тұрып баласына шиені орамалымен беріп тұрып айтты: көрдің бе, бағана тағаны жамансынып, жерден бір ғана іліп көтеріп алуға еріндің. Енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп, бір еңкеюдің орнына он ең-

кейдің. Бұдан былай есінде болсын: «аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың, азға қанағат етпесең, көптен құр қаларсың»,— деді.

Кейде сәл нәрсені қомсынып, оған көңіл бөлмеушілік, «аз жұмысты қиынсынып» бойкүйездікке салынушылық өмірде көп кездеседі. Бұл жақсы әдеттің нышаны емес. Сондықтан, балаларды жастайынан-ақ бойкүйездікке, жалқаулыққа қарсы еңбекке тәрбиелеу мәселесіне Ыбрай ерекше көңіл бөлген. Жастарды еңбек етуге дағдыландыруды үгіттеген оның басқа да әңгімелері аз емес.

Жазушы «Атымтай жомарт» әңгімесінде еңбекті дәріптейді. Ешнәрсеге мұқтаждығы жоқ Атымтай еңбектен ұдайы қол үзбейді. Бұл ел аузында ертегі жыр болып кеткен, ежелгі араб жұртының әңгімесі болатын. Ыбрай осы ел аузындағы ертегіні балаларға арнап әңгіме етіп ұсынды. Әңгіменің идеясы да, кейінгілерге үлгі боларлық жағы да Атымтайдың сөзінен айқын көрінеді. Атымтай бір сөзінде: «Күн сайын өзбетімен тапқан пұлға нан сатып алып жесем, бойыма сол нәр болып тарайды. Еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі өзгеше болады екен»,— дейді.

Алтынсариннің тәрбие жөніндегі негізгі тақырыбының бірі — талап. Талап етіп талпынбаса, адам баласы ешбір алға баспаған болар еді. Талапты ерге нұр жауар»,— деген халық мақалы да өмір тәжірибесінен туған пікір. Жастық шақ жігер, қайраттың толы кезі. Бойдағы жасырын талант, өнерлерін жарыққа шығарып қалатын кез де осы. Ол үшін талап керек. Әр нәрсені де жігермен істе, өзіңнің не нәрсеге қабілетің, ыңғайың бар, қолыңнан не келеді, соны жақсы біл, қай өнердің соңына түссең, әрі өзіңе, әрі қоғамға пайда келтіре аласың, талаптан да таңдап ал дейді. Кейде талаптың, жігердің жоқтығынан жап-жақсы өнердің жарыққа шықпай кетуі де мүмкін. Сондықтан, өз талабыңмен өрге шық дегенді айтады. Міне, Ыбрай «талаптың пайдасы» деген әңгімесінде өзінің осы пікірін, негізгі идеясын жеткізіп бере алды. Әңгіменің мазмұны мынадай:

Даңқты І Петр шеркеуге барып ғибадат етіп тұрғанда, сурет салып жатқан бір баланы көреді де, оның не жасап жатқанын сұрайды. Бала: «Сіздің суретіңізді салып жатырмын»,— дейді. Петр суретті көрсе, мәз ешнәрсесі жоқ екен. Бірақ, ақылды Петр патша ол баланың суретке талабы бар екенін аңғарып, сурет салуға

үйрететін орынға бергізеді. Кейін сол бала үлкен суретші болады.

Жазушының бұл арадағы көздегені Петрдің ақылдылығын көрсету ғана емес, жас баланың талабын, сол талаптың арқасында неге қолы жеткендігін көрсету, кім талап етсе, сол мақсатына жететіндігін дәлелдеу.

Ыбрай жас ұрпақтарға дұрыс тәрбие беру, оларды жас кезінен дұрыс баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Баланы дұрыс күт, түзу тәрбиеле, қисығын түзе, адасса айқын жолға сал деді. Бұл жөнде де елге үлгі боларлық әңгімелер жазды. Ыбрай осы тақырыпқа жазған бір әңгімесінде:

«Жаздың бір әдемі күнінде бір кісі өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағашты көріп жүрді. «Мына ағаш неліктен тіп-тік, ана біреуі неліктен қисық біткен?» — деп сұрады баласы. «Ата-анаңның тілін алсаң, ана ағаштай сен де түзу кісі болып өсерсің. Бағусыз кетсең, сен де мына қисық ағаштай болып бағусыз өсерсің. Мынау ағаш бағусыз өз қалпымен өскен», — деді атасы. «Олай болса, бағу-қағуда көп мағына бар екен ғой», — деді баласы. «Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым, бұдан сен өзің де ғибрат алсаң болалы, сен жас ағашсың, саған да күтім керек. Мен сенің қате жеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы түзу кісі болып өсерсің. Бағусыз кетсең, сен де мына қисық біткен ағаштай қисық өсерсің», — деді.

Бұл әңгіменің оқушылар үшін де, оқытушылар үшін де үлкен тәрбиелік мәні бар. «Баланы жастан», — дегендей, оған жас күннен түзу тәрбие беру, оның болашақ өмірі үшін керек. Есейіп кеткен соң қисығын түзеу қиынға түседі. Кейде сол қисаюмен барып мерт болады. Ыбрайдың бұл әңгімесі қазіргі мектеп балаларын тәрбиелеу үшін де үлгі бола алады.

Махаббат, мейрімділік туралы, әсіресе, «Мейірбанды бала», «Шеше мен бала», «Аурудан аяған күштірек» деген үш әңгімесін алуға болады.

Махаббат, мейрімділік ата мен ананың үйішіне деген махаббатынан басталады. Адамгершілікті туғып көтерген ұлы адамдар да алдымен өз атасын, өз туғандарын сүйеді; олардың кейбіреулері өсе келе, тек «атасының баласы болмай, адам баласы» бола біледі. Тек өзіме ғана болсын деген мешандық көзқарасты аттап

өтіп, адам деген ардақты атқа ие болушылардың шын бақыты үшін қол созады.

«Мейрімді бала» әңгімесінде, 13 жасар қыз, патшаның үкімі бойынша қолы кесілуге бұйырылған әкесі үшін, патшаға арыз етіп, өз қолын кесуге ұсынады. Қыз: «тақсыр, жұмыс жасап, бала-шағаларын асырайтын атамның қолын қалдырып, мына менің қолымды кесіңіз»,— дейді. Мұнда жас қыздың тек қана атасы емес, анасы мен бауырларына деген де махаббаты суреттеледі.

Ананы қандай түрде бағалап, қалай сүюдің айқын үлгісін жазушы «Аурудан аяған күштірек» деген әңгімесінде айқын көрсеткен. Бұл әңгімеде аяғы сынған Сейт деген бала жанына аяғының ауруы қанша батса да анасын ренжітпеу үшін қабақ шытпағандығы айтылады. Автор бұл көріністі былай суреттейді:

«Сейт орам-ораммен жүгіріп бара жатқанда, бір арбалы келіп аңдаусыз соғып кетіп аяғын сындырыпты. Ойбайлап жылап жатқан баласын көріп, шошығаннан шешесі талып қалыпты. Мұны көрген соң Сейт жыламақ түгіл, сынған аяғын орнына салып таңып жатқанда да дыбысын шығармай, қабағын да шытпай жатты. Сонда сынықшы кісі: «Аяғың ауырмай ма, қабағыңды шытпайсың?» деп сұрайды. Сейт шешесі шығып кеткен соң, демін алып сынықшыға сыбырлап: «ауырмақ түгіл жаным көзіме көрініп тұр, бірақ менің жанымның қиналғанын көрсе, әжем де қиналып жыламасын деп жатырмын»,— деді.

Сейт шын мәнінде мейрімді бала болып суреттеледі. Мұндай жастарда жалпы адамды сүйетін жақсы мінездің біртіндеп өсетіндігі сөзсіз. Бала кезінен әлпештеп өсірген анасының қадірін білген жас, алақанына салып аялап, тәлім-тәрбие беріп отырған ұлы анасы — Отанын сүйетін, ол үшін де өз жанының ауырғанына ыңқ етпейтін нағыз отаншыл болып шығады. Ыбрайдың бұл әңгімесінің идеясы осы. Бұл әңгімені осылай түсінсек қана Сейттің мейрімді мінезін дұрыс түсіне аламыз.

Тәрбие мәселесін сөз қылғанда, ерекше тоқтап өтуге керекті мәселенің бірі — Ыбрай еңбектерінде түрлі елдердің мәдениет майданындағы өзара достық қарым-қатынастары да бейнеленіп отырады. Ыбрай балаларға шетелдің жақсы адамдарын үлгі етуі — оның жалпы

адам баласының достық идеясын аңсағандығын көрсетеді.

Ыбрай қазақ халқын қалай еткенде тез көркейтуге болады деген сұраққа жауап іздеді, төбеге шығып, төңірегіне қарады. Оның көзіне өскелең орыс елінің озық мәдениеті түсті, осы мәдениетке бойұрды. Орыс халқы қазақтың досы, үлгі-өнеге боларлық үлкен ағасы. Біз осы халықтан үйренуіміз керек; идеясынан рух, мәдениетінен нәр, өнерінен үлгі алуымыз керек деді. Сөйтіп, Ыбрай бұдан жарты ғасыр бұрын осы идеяның жаршысы болды. Жаршысы болып қана қойған жоқ, оны өз қолымен іске асыруға кірісті.

Біз жоғарыда хрестоматияға енгізілген әртүрлі әңгімелердің Паульсон, Ушинский, Толстой тағы басқалардан алынғандығын көрсетсек те, талдау үшін мысалға келтірілген әңгімелерді: «Алтынсарин әңгімелері» — деп атадық. Өйткені, олардың аударма екені белгілі бола тұрса да орта мектептерге арналған оқу құрал не кейбір мақалаларға көп жылдар бойы шартты түрде солай жазылып келгендіктен, бұл ұғымды біз де шартты түрде қолданып отырмыз. Екінші, сол тақырыптарды қамтитын оның өз қаламына тән де әңгімелері болғандықтан («Асан мен Үсен», «Надандық», «Сейтқұл». Олар жөнінде кейін тоқталамыз) аудармаларын да қоса «Алтынсарин әңгімелері» деп атауды ерсі көрмедік.

Бұл жердегі біздің дәлелдемегіміз жастарға дұрыс, жақсы тәрбие берудегі оның көзқарасы мен үлгі үшін кітабына енгізген әңгімелерінің тәрбиелік мәнін көрсету болғандықтан солай жалпылап атадық та, аудармалары туралы жазылған жеке зерттеулерге сілтей бердік¹.

Екінші жағынан, Алтынсариннің орыс авторларынан алған әңгіме, көркем шығармаларын қазақшалауында ерекшеліктері де бар. Ол әңгімелерді аударғанда Алтынсарин барлық жерде түп нұсқасын бұлжытпай, сол күйі аударуды принцип етіп қоймаған. Кейде тақырыбын, кейде сюжетін, кейде баяндау әдісін өзгертіп, қайткен күнде де, қазақ өміріне жақындатып, қазақ балаларына түсінікті баяндауды негізгі нысанасы еткен. «Алтынсарин әңгімелері» дегенде біз бұл жағын да еске алдық.

¹ Қай әңгімесі кімнен аударылғанын білгісі келген жолдастарға Ә. Дербісалиннің «Алтынсариннің жазушылық қызметі туралы» кітабының 114—115-беттерін қарауды ұсынамыз.

Әңгіме атында емес, тәрбиелік мәнінде, ол әңгімелердің өз кезінде атқарған қызметінде ғой. Мәселеге осы тұрғыдан келсек, өзі жазған әңгімесі болсын, орышадан аудармалары болсын Алтынсарин жазба әдебиетіміз тарихында балалар әдебиетінің негізін салушы — атасы болды.

Ыбрай Алтынсариннің кезінде орыс не Европа елдерінде балалар әдебиеті сол елдің жалпы әдебиетінің негізгі бір саласына айналып еді. Біздің қазақ жағдайында (XIX ғас.) Махамбет, Абай тәрізді ұлы ақындарымыздың кейбір өлеңдерін айтпасак, балалар әдебиеті жоқ, не жоқтың қасы болатын. Бұл мәселені биік сатыға көтеріп, балалар әдебиетін жасауға саналы түрде кіріскен бізде бірінші адам педагог-жазушы Алтынсарин.

Оған шейінгі балалар әдебиетінің үлгілері тек фольклорымызда ғана болатын: «Жаңылтпаш», «Бесік жыры», «Құйыршық», «Қотыр торғай», «Өтірік өлең», «Жұмбақ», «Тазша бала» туралы ертегілер — бәрі де жастардың ой-санасына лайықталынған, балалар әдебиетінің қатарына жатады. Халық өздерінің дүние танушылық көзқарастарына сәйкес кекілді жас, келешек ұрпаққа өздерінше жақсы тәрбие беруге тырысты.

Ал, тарихи жазба әдебиетімізді алсақ, бұл мәселе ашығырақ айтқанда ескерусіз қалған болатын. Әлеуметтік мәні зор барлық істің тетігі жастарда деп сенуші Ы. Алтынсарин, басқа мәдениетті елдердің жазба әдебиетінің үлгісінде өз халқы, оның келешегі үшін керекті балалар әдебиетін жасауға күш салды. Орыстың педагог, ұлы жазушыларынан аудару, кейбір тақырып, әңгіме сюжетін оның өзінше жазу, араб, түрік халықтарының қазақ ауыз әдебиетінен естіген, оқыған әңгімелерінің іштеріндегі қызықтыларын балалардың ой-санасы, жасына лайықтап жазу және өз жанынан да бірнеше әңгімелер шығару арқылы Ыбрай кейінгі ұрпақтары үшін аса құнды мұралар қалдырды. Кейінгі жазба әдебиет өкілдеріне балалар әдебиетін қалай жасауы керектігінің үлгісін пішіп берді.

Бұл салаға жататын әдебиетінің өзінше ерекшеліктері бар. Ол: ең алдымен уақиғалы, қысқа, қызықты, тартымды болуы қажет. Мейлінше түсінікті, балалардың ұғымына жеңіл, тілі жатық және әдеп-әркен, оқу, өнер адамгершілікке жетектейтін тәлім-тәрбие берерлік болуы шарт. Балалар ешбір зорланбай, қызыға отырып

окумен қатар, көздеген нысана, ойлаған мақсат іске асуы керек. Яғни, автор әңгімесіне қандай мақсат қойса, сол балалардың ой-санасында мәңгілік қалатын болсын. Сонда ғана әңгіме өз міндетін атқармақ. Ыбрай әңгімелері осы шарттардың барлығына дәл келеді.

Мысалы, жоғарғы Паульсонның хрестоматиясынан алып, қаһарманына Сейт деген ат беріп, кейбір жерлерін өзгертіп, қазақшылаған «Ауырғаннан аяған күштірек» («чувство любви сильнее боли») дейтін әңгімесіне назар аударсақ, бірнеше жолдан ғана құралады. Бірақ, сол кіп-кішкентай әңгіменің ішінде оқиға бар, диалог бар. Қысқасы, өзінше, бас-аяғы бүтін, жап-жақсы шағын ғана шығарма болып шыққан.

Бұл келтірген мысалдардан басқа да Алтынсариннің аударған, өзі жазған қысқа әңгімелері әрі тәрбиелік мәні үлкен, шеберлігі жағынан мүлтіксіз әңгімелері көп және өмір құбылысы, адам өмірінің әралуан жақтарын камтиды.

Солардың ішінде, әсіресе, оның «Бай мең кедей баласы» атты әңгімесі айрықша көңіл бөлуді қажет етеді.

«Бай мен кедей баласында» ел көшіп кетіп, ойламаған жерден жұртта ұмытылып қалған екі баланың бастарынан кешірген бір тәуліктегі оқиғаны суреттеуге арналса да, тереңірек қараған адамға автордың ой түйінінде көптеген сыр жатқандығын аңғаруға болады.

Бұл әңгіме сюжеті, құрылысы жағынан орыстың ұлы демократ жазушысы Салтыков-Щедриннің «Бір шаруа екі генералды қалай асырады?» деген сатиралық ертегісіне ұқсайды.

Ол әңгімеде де екі генерал бір себептермен елсіз күнсіз тоғайдың ішінде қалады. Екеуі де әбден ашығады. Өздері амал жасап, тамақ табу, күн көрудің шарасын іздеудің орнына, сол елсізден орыс крестьянның іздейді. Олар өзара сөйлескенде «Бір мужик тауып алсақ, тамақ та, шарап та табылар еді, ол бізді қалайда асырар еді»,— дейді. Сүйтіп жүргенде, екі генералдың тілегі қабыл боп, елсіз тоғайдың ішінде ұйықтап жатқан бір мужиктің үстінен шығады. Екеуі оны көрісімен-ақ: «Тұр, біз ашпыз, тамақ тап бізге!» — деп әмір етеді. Бұрыннан оларды бағып қалған мужик, аң аулап, тұзақпен құс ұстап, екеуін де асырап, еліне әкеледі.

Барлық салыстыру дәл шыға бермейді. Біз бұл мысалды келтіргенде Алтынсарин Салтыков-Щедринді ау-

дарды, не соның әңгімесін көшіріп алды демек емеспіз. Біздің бұл жердегі айтпағымыз екеуінің пікір ұқсастығы.

Салтыков-Щедрин өзінің әңгімелерінде шаруалардың күшін ақысыз-пұлсыз пайдаланудың арқасында өмірге түк икемдігі жоқ адамдардың пайда болуын, мүгедек-дәрменсіздікке әкеліп тіреген сол жағдай екендігін, сондықтан ондай қоғамның тозығы жеткендігін, енді өмір сүруге правосы жоқтығын көрсетіп өлтіре шенеу, Салтыков тәрізді демократ жазушыларына тән болса, Алтынсарин әңгімесінің идеясы да солармен ұштасады.

«Бай баласы мен кедей баласы» атты Алтынсариннің әңгімесінде бізше үлкен идея бар.

Ғасырлар бойы еңбекшілерді қанап, халықты қанауды ата мирасындай көріп, соның арқасында үлде мен бұлдеге оранып өскен бай баласының басына күн туғанда дәрменсіздігін суреттеу арқылы жазушы сол қоғам құрылысының тамыры шіріп, оның адамдары өмірдің жасаушысы, күресушісі емес, бишарасы, үстемдік етуші таптың үлкені — жауыздық пен қаярлықтың қапшығы да, жасы — мүгедектіктің бейнесі деген қорытындыға келетін сықылды.

Шығармасының бас геройы етіп бай баласы мен кедей баласын алуының өзінде үлкен сыр жатыр.

Егер оның көздегені тек Үсеннің ақылдылығы, Асанның ақылсыздығы, яғни, бір жастағы балалардың бірі ақылдырақ, екіншісі ақылсыз болуы мүмкін екендігін көрсету болса, онда оларды екі таптан шығарудың қажеті болмас еді. Жазушының бұл жерде көрсетейін дегені биологиялық, не психологиялық мәселе емес, әлеуметтік мәселе. Асанның есі дұп-дұрыс, дені де сап-сау. Бірақ, оған қарағанда Үсен көш ілгері жатыр. Өмірмен бетпе-бет келгенде Асанның әлсіз, мүгедектігіне кінәлі да, Үсеннің өз құрдасынан асып түсіп, бетпе-бет келген өмір қиыншылығымен алыса кетуіне негіз де — тұрмыс. Өз бетімен жерден еңкейіп шөп алмай өскен Асанды өскен ортасымен, ақысыз-пұлсыз асыраған тұрмыс өз бетімен күн көруге келгенде әлсіздікке, бишаралыққа ұшыратса, әкесін де, өзін де өз күші, өз еңбегімен күн көруге дағдыландырған қиыншылық тұрмыс кедей баласы Үсенді күрес ері етті.

Асан да, Үсен де жай ғана алына салған балалар

емес. Бірі — бай баласының, екіншісі — кедей баласының типі.

Жазушы өз ортасынан үздік шығатын бірен-саран ақылды, талантты Асандардың, не ақылсыз Үсендердің де болу мүмкіншілігін, әрине, жоққа шығармайды. Бірақ, ол бай балаларының көпшілігіне тән мінез Асанда, кедей баласының көпшілігіне тән мінез Үсенде деп, оларды өз орталарының кейіпкері — типі етіп көрсетеді.

Әңгімені абайлап оқушыға жазушының симпатиясы Үсен жағында. Мұны олардың іс-әрекеттерін суреттеуінен де, диалогтарынан да көру қиын емес. Жазушы болашақты да кедей баласы Үсенде деп біледі.

Асан мен Үсен образына байланысты және бір айта кететін нәрсе, бай баласы мен кедей баласын салыстырғанда, алдыңғысы ақылды, соңғысы ақылсыз келеді деген ескі ұғымға да жазушы соққы бере кетеді.

Сүйтіп, Алтынсарин «Бай баласы мен кедей баласында» өз кезіндегі қазақ даласындағы, Обломов, обломовшылдықтың кішігірім бір көрінісін суреттеу арқылы, соны туғызып отырған негізгі себептердің бетін ашып, оқушыларын оған қарсы тәрбиелейді.

«Надандық» әңгімесі де көлемі шағын, бір-екі эпизодтан ғана құрылған кішкене әңгіме болса да, мәні зор. Өйткені, бұл қазақ даласындағы ғасырлар бойы серпілмей келген қараңғылықтың бір алуан көрінісі және сол қараңғылыққа дін надандығы ұштасып тұншықтыра түскен ескілікке жаңа заман, жаңа адамның шығарған үкімі деуге болады.

Алтынсарин тек балалар ғана емес, үлкендердің өзін де еңбекке, отырықшылыққа, саудаға тәрбиелеу мәселесін көтерді дедік. Бұл жөнінде «Қыпшақ Сейтқұл» әңгімесінің мәні зор. Автордың өзі: «...Тілеу Сейдалиев сұлтанның куәландыруы бойынша, Сейтқұл 1830 жылдарда өліпті»¹ дейді.

Торғайдың терістігі Қабырға өзенінің бойында Қыпшақтардың барлығы, ол жерде «Сейтқұл қорғаны» атанатын оба және осы тәрізді ел аңызы барлығы рас. Әрине, «Сейтқұл» оқиғасы тарихи нәрсе емес, бұл ел аңызы, сондай адам мен сол тәрізді өмірдің болуын аңсаған үміт елесі. Зерттеушілердің міндеті ол әңгімедегі оқиға-

¹ Ыбрай Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары, -Алматы, 1943 жыл, 39-бет.

ның болуы, болмауын дәлелдеуде емес, Алтынсариннің басқа аңызды алмай, осы аңызды алып, оны көркем әңгімеге айналдыруы, осының себебін ашу болу керек.

Орыс зерттеушілері Чернышевскийдің «что делать?» романын сөз қылғанда Вера Павловнаның мастерскаясы, не ондағы еңбек ұйымдастыру мәселесі шынында болды ма, болған жоқ па, оны сөз етпейді. Солай етіп көрсеткендегі автордың идеясы не еді, осыны ашуға тырысады. Бұны мысалға келтіргендегі мақсат Алтынсарин «Қыпшақ Сейтқұл» әңгімесін Чернышевскийден алды деу емес, бұл тәрізді әңгімелерді қалай талдаудың керектігіне бағыт сілтеу ғана.

«Қыпшақ Сейтқұл» әңгімесінің сюжет негізі халық аңызынан алғандығы талассыз. Бірақ, қаншасы халықтікі, жазушы нені өз жанынан қосты, ол арасын ашу қиын. Әйтсе де, халық аузындағы көп аңыздан «Сейтқұл Қыпшақты» таңдауы, бізше кездейсоқ емес.

Қай кезде болсын мәдениетті жазушы, фольклордан сюжет негізін алғанда жай ала салмайды, сол фольклор материалында жазушының идеялық бағытына сәйкестігі бар, кейбір жақтарынан өз пікірімен өрістес, аңыздың шығу негізінде қиял да болса бір шындық нәрі бар нұсқаларды алады.

Бізше, «Сейтқұл» аңызынан Алтынсаринде өз ойы, өз идеясының талшығын тапқанға, соны дамытқанға және оған әлеуметтік мән беріп, аңызды шындыққа жақындатып, аңыз адамдарын тарихи, хақиқат болған адамдар етуге тырысқанға ұқсайды. Әңгімесіне реалистік түс беруі, бас геройының өлген жылы туралы, сөз арасында болса да белгілі дата көрсетуі де осыны аңғартады.

«Қыпшақ Сейтқұлда» негізгі тақырып еңбек. Сонымен қатар, отырықшылық — егін кәсібі, сауда және еңбексіз ұрлықпен күн көрушілік мәселелері. Жазушы осы төрт түрлі мәселенің негізіне сюжет құрады да, оның әрқайсысына оқушыларға бағыт сілтерлік өз көзқарасын білдіреді.

Еңбекті сөз еткенде Алтынсарин жалпы түрде емес, пайдалы және өнімді еңбекті ұсынады, адал еңбек арқылы өмір үшін күрестің үлгісін және оның нәтижесін мынандай деп, басқа елдің басшыларына — Сейтқұлды, бағынушыларына — оның соңына ерген еңбекшілерін үлгі етеді. Еңбексіз, ұрлықпен күн көрмек болған Сейтқұл

дың ағасының сүйегі де табылмай қалды. Сүйтіп, жазушы — «Еңбек түбі — ырыс», «ұрлық түбі — қорлық» деген қорытындыға келеді.

Біз, «Қыпшақ Сейтқұлда», жазушының және бір көтерген мәселесі отырықшылық пен сауда мәселесі дедік. Енді соған келелік.

Қазақ халқының негізгі тіршілігі мал шаруашылығы, сол шаруашылықтың жағдайы көпшпелілікті керек етсе, XIX ғасырдың екінші жарымындағы әралуан әлеуметтік шаруашылық жағдайлар, әсіресе, қазақ халқының көпшілігі болған еңбекші-кедей шаруалардың отырықшылануын талап етті.

1868 жылғы «Жаңа низамнан» кейін жердің қазыналық болып, түгелдей патша өкіметінің меншіктілігіне айналу, қырға капитализм элементінің қанат жая бастауымен байланысты ескі феодалдық қоғамның өз ішінде әлеуметтік қарым-қатынастың өзгере бастауы бір-алуан жағдай болса, 1865 жылдардың шамасында қазіргі Қазақстанның, Маңғыстау өлкесінен басқа, түгел жайпаған «Жалпақ қоян» жұты халықтың көпшілігін керегесіне таяп, қолына таяқ ұстатып кеткен жылдың бірі болды. Бұл жағдайды қазақтың үстемдік етуші бай-феодалдары өзінше пайдаланып, кедей шаруаларды қанауын бұрынғыдан да өршіте түсті. Олардың ауыр халдерімен молынан пайдаланып, оларға «көтере алмаған қосып арқалардың» кебін келтіріп, тұра алмастай несиеге малтықтырды.

Қазақтың кедей шаруаларының бұл кездегі осы тәрізді ауыр халы Шоқан, Алтынсарин, Абай тәрізді адамдарын ойландырмауы мүмкін емес еді. Алтынсаринның «Қыпшақ Сейтқұл» аңызын — әңгімеге айналдыруының бір себебі осындай жайттармен байланысты тәрізді. Жоғарғы айтылған әлеуметтік және шаруашылық жағдайлар ендігі кезде отырықшылану қажеттігін керек етті. Ері мойнына кеткен кедей шаруалардың ауыр халін жақсартудың төте жолы отырықшылану, сүйтіп, егін кәсібімен айналысу деген пікірді қазақ ағартушыларының бәрі де мойындайтынға ұқсайды.

Шоқан Уәлиханов отырықшылану мәселесіне айрықша көңіл бөлсе, Абай:

«Болмасын кекшіл,
Болсайшы көпшіл,
Жан аямай кәсіп қыл!

Орынсыз ыржаң,
Болымсыз, қылжаң,
Бола ма дәулет, нәсіл бұл?
Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.

Егіннің ебін,
Сауданың тегін
Үйреніп, ойлап мал ізде.
Адал бол, бай тап,
Адам бол, мал тап,
Қуансаң, қуан сол кезде,
Біріңді қазақ, бірің дос
Көрмесең — істің бәрі бос»¹

десе, Алтынсарин отырықшылану, егін кәсібін қолданудың қазаққа пайдалы екендігін «Сейтқұл» әңгімесі арқылы үлгі пішіп, өнеге көрсетпекші болады. Бұлар өзара кеңес құрып, келісімге келмесе де, ой-пікір, көздеген нысаналары «әу!» дескендей бір жерден шығады.

Егін кәсібінің, әсіресе, еңбекші кедей шаруалар үшін пайдалы кәсіп екендігін ұғыну бұл кезде, ХІХ ғасырдың екінші жарымында, қиын мәселе емес болатын. Өйткені, 1861 жылғы реформадан кейін қазақ даласына орналастырылған орыс шаруалары, Россиядан малсыз-мүліксіз келсе де егін кәсібі, өздерінің адал еңбектерінің арқасында аз жылдың ішінде-ақ ес жиып, етегін жапқаны, ауыр хал, аштық тұрмыстарын анағұрлым жеңілдеткені Алтынсарин, Абайлардың көз алдында болған оқиға еді. Ал, қазақ еңбекшілері үшін егін кәсібін үйрену де бұл кезде оңайланған мәселе еді. Кімде кім егін егуді пайдалы кәсіп деп үйренгісі келсе, ауылы аралас, малы қоралас жатқан орыс шаруаларынан үлгі алуға үйренуге болатын.

«Сейтқұл» әңгімесіне қарағанда, Ыбрай тек жалпы егін егу ғана емес, Түркстан маңындағы орашение мәселесінен де толық хабардар екендігі аңғарылады. Әңгіменің бір жерінде: «Қабырғаның бойына келгесін Сейтқұл қолына кетпен алып, отыз үйлі кедейіне де кетпен беріп, жер тегістеп, егін егуге кірісті. Түркстан жағында көрген үлгісімен арық қазып, су шығарып, егінге су жіберді»² дейді.

¹ А. Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы, 1945 жыл, 71—72-беттер.

² Ы. Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары, 1943 жыл, 40-бет.

Алтынсаринның бұл әңгімені саналы түрде, алдына белгілі мақсат қоя жазғандығын әңгімедегі суреттеле- тін коллективизм мен оның айналасына жинала баста- ған кедей шаруалардың өзі-ақ дәлелдейді.

«Мұны көріп,— дейді, автор,— әрбір көшпелі елдегі жарлы-жақыбайлар да келіп Сейтқұлға қосылып, бес- алты жылда төрт жүз үйге таянды»¹. Бұл сөздерге қа- рағанда оның басқаларға үлгі ететін елі рушылдық емес, таптық негізге құрылған ел.

«Сейтқұл» әңгімесіндегі бұл айтылған отырықшыла- ну мәселесі Алтынсариннің негізгі нысанасы — ағартушы- лық мәселесіне де дәл келді. «Болыстық мектеп, көшкен елмен бірге көшіп» жұмыс істеуі қажет деп Алтынсарин ұсыныс жасағанда, сол әдіспен оқыту әбден қолайлылы- ғынан айтқан жоқ, сол жағдайда онан басқа мүмкінші- ліктің жоқтығы, лажсыздықтың күні еді. Ал, отырықшы- ланған елде оқу жұмысын дұрыс жолға қою, көшпелілік жағдаймен салыстырғанда, анағұрлым оңай, анағұрлым ыңғайлы екені тайға таңба басқандай айқын нәрсе бо- латын. Сондықтан, отырықшыланудың барлық жағынан халыққа пайдалылығы Алтынсариннің әбден көзі жет- кен мәселесі деуге болады. Демек, «Сейтқұл» әңгімесі Алтынсариннің ағартушылық идеясымен де сабақтас.

Бұл әңгімеде сауда-саттық мәселесі де қозғалады. Әңгіменің бір жерінде:

«Сейтқұл енді Бұхар, Қоканға мал айдатып, ол кент- терден қазақ қолы әртүрлі товар алдырып,— жылда егін піскен уақытта, манағы қорғанда жәрменке реуішті ба- зар болды, көшпелі халық белгілі уақытта малын, жүн- жабағысын, тері-терсегін келтіріп, егіншілер оларға ас- тығын, товарын айырбас етіп, осы қалыпты бір жағы егін, бір жағы саудамен Сейтқұлын жұрттан асқан бай болып- ты»² дейді.

Бізше, бұл үзіндіден екі түрлі мәселенің беті ашыла- тын сықылды. Бірінші, Алтынсарин өз кезіндегі қазақ даласына ене бастаған капитализм элементін қолдаушы, капиталистік даму жолы, ескі феодализм қоғамымен са- лыстырғанда анағұрлым прогрессивті жағы көп екендігін дұрыс болжап, дұрыс түсінген адам. Бұл өз кезінде, сөз жок, прогрессивтік пікір еді.

¹ Ы. Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары, 1943 жыл, 41-бет.

² Бұл да сонда, 41-бет.

Екінші, өз еңбегімен күн көру, отырықшыланып, егін кәсібі арқылы кедей шаруалардың тұрмысын жақсартуды, ең керекті мәселе деп біліп және оны бірінші орынға қойса, мал жиып қонданған елге қосымша түрде сауда кәсібін ұсынады. Сейтқұл елінің бәрі, теп-тегіс сауда арқылы байиды. Сауда арқылы баю мүмкіншілігін жоққа шығармағанда сауда болған жерде қанау бар, каналу бар. Демек, Сейтқұл елінің басына жазушы қаншама жұмақ орнатамын деп, «боз торғайды қой үстіне жұмыртқалатпақ» болса да, ол жері шындықтан тыс, қияли ғана нәрсе. Және саудагер жай халықты қанау арқылы ғана байитындығын көре алмаушылық. Бұл жазушының өмірдің кейбір құбылысын топшылауда аяғын шалыс басқан да кезі болғандығын аңғартады.

Сүйтіп, жоғарғы айтылған пікірлерімізді қорыта келгенде, ақын және жазушы Алтынсариннің ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің даму тарихында негізгі ролі өзіне шейінгі әдебиетте болмаған жаңа тақырып. Тақырып дегеніміз идея, — деп Горький айтқандай, жаңа мәселе көтеруінде, өзінің алдындағы және өз кезіндегі әдебиеттегі кертартпа-ескішілдік, діншілдік, мистикалық көзқарастарға азінің барлық ісі, творчествосымен тойтара соққы беріп, өз халқына болашағы мол прогрессивтік үлгі-өнеге ұсынуында. Бұл бір.

Екінші, орыстың ұлы демократтарының еңбектерімен танысып, олардың революцияшылдық жолмен ескі өмір құрылысын өзгерту идеясын толық түсініп, толық меңгеру, күреске шақыру дәрежесіне көтеріле алмаса да, ескі өмірдің мызғымас сал бөкселігін, діннің у қорғасындай халықтың ой-санасын уландырып бара жатқандығын, алуан түрлі қанауға ұшырап жатқан халық көпшілігінің ауыр халін көріп, ескі феодалдық қоғамның кейбір жақтарына ғана емес, оның негізіне қарсы шығуында. Келешегі жоқ, қараңғылық, діншілдік тұманы басқан ескі қоғамның мұнан былай өмір сүруіне правосыздығына өз творчествосымен үкім шығаруында. Орыстың ұлы демократтарының алтынсариннің көзқарасына, творчествосына еткен әсерін де біз осы мәселенің айналасынан іздеуіміз керек. Үшінші, Алтынсарин ескі өмірдің надандығын көріп, тек сынаушы, халықтың ауыр халін көріп, налушы емес, сол шытырманнан шығудың өз дәуіріндегі мүмкіншілікке сай дұрыс жол көрсетуші.

Ескі өмірге қарсы — «Сейтқұл» елін, кер жалқаулық-

тың зілі басқан, ақ алақандықтың арқасында дәрменсіздікке айналғандарға қарсы — Сейтқұл, оның маңындағы атсыз геройларды, көпшілікке қарсы — отырықшылық, надандыққа қарсы — ғылым, ағартушылықты ұсынды. Жұртшылыққа оқуды — өнеге, «Сейтқұл елін» үлгі етті.

Ыбрай Алтынсариннің бұл пікірлерінің қайсысы болсын қазақ әдебиетінде бірінші рет айтылған жаңа сөз, жаңа пікір, өзіне шейінгі әдебиеттегі зиянды идеологиялық сарынға қарсы ашылған майдан, белдескен күрес. XIX ғасырдың екінші жарымында, қазақ әдебиетінің даму жолындағы оның үлкен ісі, негізгі ролі осы айтылған идеологиялық майданында жүргізген күресінде деп білуіміз керек.

Біз, жоғарыда орыстың демократтық бағыттағы әдебиет пен Алтынсариннің идеологиялық байланысы туралы қысқаша айтып өттік. Оның орыс әдебиетімен үндес, туыстас жақтарын, тек жоғарғы аталған шығармалары ғана емес, басқа да өлең-әңгімелерінен көруге болады.

Алтынсарин орыс халқын қалтқысыз шын жүректен сүйді, оның мәдениеті дүние жүзі мәдениетінің алдыңғы сапындағы мәдениет екенін, әдебиеті бүкіл Еуропаға әсерін тигізе бастағанын, әлемді таңқалдырған демократтық ұлы идеялардың қайнар бұлағы да орыс елі екендігін ол дұрыс түсінді.

Ұлы орыс халқына, оның мәдениетіне деген сүйіспендік Алтынсарин шығармаларына өзек боп тартылды, оның шығармаларының бір саласы орыстың ақын, жазушыларынан аударма. Ақынның игілікті бұл еңбегі де далаға кеткен жоқ. Орыстың ұлы классик ақындарын аудару, олардан үлгі алу арқылы Алтынсарин қазақ әдебиетіне жаңаша леп беріп, жаңа бағыт сілтеді. Сол арқылы өзіне шейінгі қазақ әдебиетінің фольклорлық қалпын өзгертпекші болды.

Ол ең алдымен қазақ әдебиетіне басня-мысал өлеңнің түрін енгізді. Оған шейінгі қазақ поэзиясындағы қара өлең, қайым өлең, толғау, жыр тәрізді өлеңдер, орыс әдебиетінің үлгісінде тәрбиеленген ақынға аз, жеткіліксіз көрінді. Екінші жағынан, бұл мысал өлеңдер, оның алдына қойған негізгі тілегіне дәл келді. Өз кезіндегі қоғамның салтына айналған: зорлық, зомбылық, екі жүзділік, қарярлық, өзімшілдік, мен-мендік, жалқаулық, пәлекор, парақорлық тәрізді өмірдің көлеңке жақтарын өлтіре сынап, бүккенін жазып, бүкпегенін ашу үшін, улы

сарказм, өткір иронияға толы орыс халқының ұлы ақыны Иван Андреевич Крыловтың мысал өлеңдері оның көңіліне қона кетті. Өз кезіндегі орыс өмірінің қалтарыс жақтарының бетін ашып, Белинский, Добролюбов тәрізді әділ төре, қатал сыншылардың сотына тартқан орыстың дана ақыны Крыловты Алтынсарин өзінің ұстазы деп білді. Өмірдің әралуан құбылысы жөніндегі Крыловтың көзқарасын өзіне өнеге, кейінгілерге үлгі етті. Ыбрай аударған: «Егіннің бастары», «Екі шыбын», «Қарға мен түлкі», «Қайырымды түлкі» өздерінің мазмұны жағынан да, түрі жағынан да қазақ әдебиетіндегі көрнекті аудармалардың төрінен орын алады.

Алтынсариннің орыс әдебиетінен үйрену арқылы қазақ поэзиясына және бір енгізген жаңалығы — табиғат лирикалары.

Табиғат тек байлық кені, адам баласы рызығының сарқылмас қазынасы ғана емес, көркемдік, сұлулықтың да әлемі. Сарғая атқан таң, қызара батқан күн, дірілдеген сәуле, үдере көшкен бұлт, жайнаған жаз, құлпырған жазық, асқар алатау, тулаған теңіз, дүлей орман — барлығында да өзінше әдемілік, әралуан сұлулық, ақын, жазушылардың эстетикалық сезімін оятарлық күш, қиялын серпінтерлік қуат бар. Табиғат, оны суреттейтін өлеңдердің мәні туралы ұлы сыншы Белинскийдің: «Табиғат ақынның алғашқы оқытушысы, рух берушісі...», «Табиғатты сүйе білу — ақындық рух, ақындық шабыттың алғашқы адымы» дейтіні де сондықтан.

Мәдениетті елдердің ұлы ақындарының қайсысын алсақ та, табиғаттың әралуан кезі мен көрінісін шебер суреттеген, ақынның ой-пікір, сезім күйін оқушыларына жай өлеңдерден анағұрлым тез жеткізетін табиғат лирикаларын жалпы әдебиет тарихында аз кездестірмейміз.

Ал, қазақтың XIX ғасырдағы поэзиясын алсақ шын мәніндегі пейзаждық өлеңді жоқ деуге болатын. Табиғаттың кейбір құбылыстарын басқа жағдайлармен байланысты:

«Мұнар да-мұнар, мұнар күн,
Бұлттан шыққан шұбар күн» (Махамбет).

не,

«Ылдны жок, өрі жок,
Ат тайғанар жері жок,
Жазып салған кілемдей,
Аман бол қайран, жерлерім»,—

дегендер тәрізді сөз арасында ғана суреттелетін табиғаттың кейбір көріністері болмаса, табиғат құбылысы өзалдына жеке алынып, оқиға да, герой да өзі, ақынның ой-пікірлері де сол пейзаждың өз ішінде түйінделген пейзаждық өлең жоқ десек қателеспейміз.

«Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап.
Даланы жым-жырт, дел-сал қып,
Түн басады салбырап...»

Пейзаждық өлеңмен машықтану, немесе ақындардың табиғатқа барулары, табиғатты сырласар әлемі, сүйсінер керегі деп білушіліктің сан түрлі себебі, әралуан сыры мен шыны бар. Оның әрқайсысына жеке тоқтап, әлеуметтік-таптық сырын ашу өзалдына жеке бір мәселе. Сондықтан, Алтынсариннің табиғат лирикаларына келелік.

Алтынсариннің бұл тақырыптағы бізге мәлім өлеңдері: «Жаз», «Өзен», «Жаз шыққанда». Бұл өлеңдердің алдыңғы екеуі шын мәніндегі лирикалық өлеңдер. Мұнда негізгі тақырып та, герой да — табиғат құбылысы. Автордың ойын да, сезімін де, айтайын деген пікірін де сол пейзаждың өзінен көруге болады. «Жаз шыққанда» атты өлеңі пейзаждан көрі де портретке жақын — жаз кезіндегі ел өмірінің картинасы. Мұнда сол жаз кезіндегі адамдардың қарым-қатынастары, күйініш-сүйініштері суреттеледі. Табиғат сол қарым-қатынастардың — фоны ғана.

Алтынсариннің пейзаждық өлеңдері қалай болса, солай жазыла салған, табиғаттың әралуан кезі мен кезеңдерін құптау, не машықтау емес, бәрі де өмір шындығы, ел тіршілігінің сәулесі.

Қатал табиғаттың ойыншығы тәрізді қыста қысылып, жазда ғана кеуде керіп дем алатын көшпелі елдің көңіл күйлерімен, өздеріне тән, ерекше тұрмысы шебер түрде суреттелмеген деп таласу қиын.

Алтынсариннің пейзаждық өлеңдерімен байланысты айта кетуді керек ететін бір нәрсе, өмір құбылысын пейзаж арқылы шебер суреттеу әдісі де Алтынсарин, Абайлардан басталады.

XIX ғасырдағы қазақ поэзиясына негізгі тән, өлеңнің негізгі түрлері — саяси лирика мен дидактикалық өлеңдер болатын. Үздік талант иелері Махамбет өлеңдері мен Біржанның айтысын ғана алмасақ, өмір құбылысын суреттегенде оны полотноға түсірген суретшілердің порт-

реттері тәрізді, суреттемек объектасының әрбір қимылы мен қыбын, кескіні мен түсін, ісі мен әрекетін, бояуын қандыра, жеріне жеткізе суреттеу болған емес. Өмір құбылысын бұл тәрізді барлық жағын мүлтіксіз етіп, тым шебер, аса міскерлікпен және өмірдің шындығына дәл етіп суреттеу әдісінің Алтынсарин, Абайлардан бері ғана үлгісі салынды.

Алтынсаринді орыс әдебиетінен үлгі алды дегенде айрықша тоқтауды керек ететін бір мәселе — оның қара әңгімелері. Ең алдымен өз қаламына жататын новеллалары.

Алтынсаринге шейінгі қазақ әдебиеті түп-түгел поэзия. Ауыз әдебиетіндегі ертегі әңгімелерді ғана айтпасақ, тарихқа аты мәлім ХІХ ғасырдағы қазақ ақындардың біреуі де қара сөз жазған емес. Тіпті ұлы ақынымыз Абай да көркем қара сөзбен шұғылданған жоқ. Эпостық жанрдың бұл түрін жасауда бірінші рет қолына қалам ұстап, әдебиетімізге соныдан жол салып, үлгі пішкен жазушы — Алтынсарин. Сондықтан, оны қазақ әдебиетіндегі көркем қара сөздің негізін салушы, атасы десек, мақтау емес шындық.

Қара сөз жазудың үлгісін де Алтынсарин орыс әдебиетінен алғаны айрықша дәлелдеуді керек етпейді.

Оның жоғарғы талданылып өткен «Бай баласы мен кедей баласы», «Надандық», «Қыпшақ Сейтқұл» әңгімелері бізді өзінің мазмұны ғана емес, көркемдігі, композициялық құрылысының шеберлігімен де қызықтырады.

Бұлардың бәрі де шебер жазылған новелла. Новелла эпостық жанрдың әріден келе жатқан түрі. Оның өзінше даму тарихы, әр дәуір, әр жағдай, кезеңдерге, авторларының таптық көзқарастарына байланысты әралуан болатындықтарын атап өтіп, кейбір өзіне тән ерекшеліктеріне ғана тоқталалық.

Шын мәніндегі новелла өмір құбылысының жұртшылық үшін ең керекті, ең маңызды жағын алады да, әрі қысқа сюжетті, әрі ауызша айтып беруге лайықты оқиғаға құрады. Әңгіме көбіне бір не екі эпизодтан ғана құралады. Әрдайым оқиғаның шешуі, оқушының күтпеген жерінен шешіледі.

Осы айтылған ерекшеліктер Алтынсариннің новеллаларында шебер түрде қолданылады. Новелла жазамын деушілерге, бізше, оның әңгімелерінің күні бүгінге дейін үйренерлік жағы көп.

Біз өткен бөлімдерде Алтынсариннің өмір құбылысын шындық-реалистік тұрғыдан суреттейтіндігін сөз арасында айтып өттік. Бірақ, ол жеткіліксіз. Өйткені, ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінің негізгі методы реалистік әдіс болды. Бұл жайт сол әдеби бағыттың ең басты өкілдерінің бірі — Алтынсарин шығармаларында өзінің қандай сәулесін қалдырғандығын аша түсуді керек етеді.

Алтынсариннің ел арасында көп болғандығы бізге өмірбаянынан мәлім. Бұл оның жалпы қазақ өмірін жақсы білу үшін ең қажетті жағдайдың бірі болды. Жаратылысында сезімтал, аңғарымпаз және өз халқының ауыр халін көріп, оны жеңілдету үшін көркем туындылары арқылы атсалысқан орыстың ұлы классиктерінің даналық еңбектерімен жақсы таныс Ыбрай өз кезіндегі әлеуметтік өмірдің жай-жапсарын жай ғана бақылаушы емес, бүккенін жазып, бүркегендерін ашушылардың да бірі. Ең алдымен ол қазақ даласындағы әлеуметтік теңсіздікті көре білді.

Теңсіздік мәселесі сонау хандық замандарынан бері қарай келе жатқандығын, үстемдік етушілер өз қожалықтарын жүргізу үшін қандай сұмдықтан болсын жерінбейтіндіктерінің бетін ашты. Өзінше өлтіре шенеді.

* * *

Азған елдің хандары
Тақ үстінде отырғандары.
Жарлыдан алып байларға,
Сыйлар берсе керекті...

* * *

Азған елдің билерінің
Барар болсаң алдына
Алым берсең тамағына,
Қарар ма ол сенің әліңе.
Қорадағы малыңа.
Төре берсе керекті.

* * *

Азған елдің байлары
Ұлық тұтар басын-ай,
Қайда дәулетті болса,
Берер соған асын-ай.

* * *

Азған елдің молдасы,
Үлкен болар сәлдесі.

Аса бауыр қылмаңыз,
Оның рас емес алласы.
Көрмей-білмей біреуге.
Қуәлік берсе керек-ті.

Тағы басқа осылар тәрізді қожалық етуші, арамтамақтардың көпшілікке олардың шын бейнесін ашып береді. Қазақ өмірінде нақ осындай іс-әрекет, мінез-құлықтардың болғандығы даусыз. Сондықтан, мынау көрсеткені шындыққа қайшы деп ешкім де таласа алмайды.

Өмір құбылысын реалистік әдіспен суреттеуде оқушылардың айрықша көңілін аударарлық Алтынсарин шығармаларының біралуаны табиғат лирикалары: «Жаз», «Жаз шыққанда», «Өзен».

Бұл өлеңдердің лирикалық жағы қырдағы жаз көріністеріне сүйсіну, сезіне, толқына жырлау, құбылысқа өзінің көзқарасын көрсету десек, мал баққан елдің қыстан қысыла келіп жазға жеткендегі тынысының кеңуі, қуаныш-шаттықтары шындық түрде мейлінше шебер суреттелінеді.

...Бір малы шаруаның екеу болып,
Қыстаудан ауыл көшер алуан-алуан.
Күлісіп, құшақтасар, әзіл етер,
Әйелдер көш жөнелтіп кейін қалған.
Жүгіріп киік, құлан тау мен қырда,
Қуанып ықыласпен келген жылға...
Алыстан мұнарланған сағымдары,
Шақырып тұрар күліп кел деп мұнда!..

Осы тәрізді Алтынсариннің ана туралы өлеңдері де өзінің өмір шындығын дәл берушіліктерімен құнды.

Ыбрай Алтынсариндегі реалистік әдіс туралы сөз қозғағанда және бір көңіл аударарлық жайт — образ, сөз қолданыстарының өмір шындығына сәйкестігі. Үздік теңеу, асқақ әсірелеу Алтынсаринде кездеспейді. Теңейтін нәрсесі де өмір шындығында кәнігі, жұртшылыққа таныс құбылыстар. Не өмір көрінісінің, не адам қимылын көзге елестету үшін жазушы дағдыдан тыс не үлкейтіп, не кішірейтіп көрсетуге тырыспайды. Қандай құбылысты болсын, сол өз қалпында көрсетуге лайықты сөздерді таңдайтындығы аңғарылды.


Бұл бірінші жағынан, оның өмір құбылыстарын суреттеудегі реалистік әдісімен нық байланысты десек, екіншіден, педагог-жазушы Алтынсариннің қазақ тілін ұлттық тіл дәрежесінде сақтау, оның тазалығы үшін күресу идеясымен байланысты.

1871 жылы 31 августа қазақтар үшін орыс әліппесін алудың пайдасы жайлы Н. И. Ильминскийге жазған бір хатында Ыбрай: «Орыс әрпін қолданумен байланысты қазақ тіліне орынсыз кірген араб, татар сөздерінен тазарды. Орыс әрпімен жазғанымызда ғана сөзіміз дұрыс жазылатын болады. Қазір молдалар оқытып жүрген араб, парсы, татар тілдерінде шыққан діни кітаптар бізді кер кетіреді, таза ойымызды кірлетеді, басымызды құммен толтырады, таза тілімізді шұбарлайды»¹ деді.

Бұл тарихи жағынан да, теориялық жағынан да қырағылықпен, өз халқының келешегін ғажап болжампаздықпен айтылған пікір болатын. Бұдан бір жүз отыз жыл бұрын Алтынсарин әліппе жөнінде ұсынған бұл жобасының дұрыстығын өмірдің өзі дәлелдеп берді. Жалғыз қазақ қана емес, шығыс халықтарының қазір көпшілігі орыс тілінің графикасына негізделген жаңа Әліппені қабылдап алды. Қай жағынан болсын бұл шығыс халықтарының мәдени дамуларындағы игілікті іс, үлкен табыстарының бірі екендігі сөзсіз.

Қорыта айтқанда, Алтынсариннің өз халқын оқуға, өнерге үндеуі, надандыққа, зұлымдыққа қарсы шығуы, сол кезде әлеумет өміріндегі теңсіздіктің бетін ашып, өмір шындығын көрсетуі, жастарды жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуі оның творчествосының халықтық жағы десек, қазақтың қазіргі ержеткен проза жанрының және балалар әдебиетінің ең алғашқы негізін салушы болды. Сондықтан да, Ыбрай Алтынсарин жазба әдебиетіміздің төрінен заңды түрде орын алып отыр.

¹ Ыбрай Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары, Алматы, 1943 ж, 6 бет.



І - б ө л і м

**АБАЙДЫҢ ӨМІРІ
мен
ТВОРЧЕСТВОСЫ**

АБАЙДЫҢ ӨМІРІ ЖӘНЕ АБАЙ ТУРАЛЫ ЖАЗЫЛҒАН ЕҢБЕКТЕР

а) Абайдың қысқаша өмірі

Абай (Ибраһим) Құнанбаев 1845 жылы, осы күнгі Семей облысы, Абай ауданы, Шыңғыс тауында туған. Абайдың арғы атасы Ырғызбай, бергі атасы Өскенбай — екеуі де феодал. Өз әкесі Құнанбай жас кезінде «батыр» жігіттің бірі саналып, өсе келе сөз ұстап, ел басқарған адамның бірі болған.

1822 жылғы патша үкіметінің «Сибирь қазақтарына арнап шығарған уставы» бойынша қазақ даласы округке бөлініп, округтік приказ арқылы билеу тәртібінен кейін, Құнанбай Қарқаралы округіне аға сұлтан болып сайланады. Құнанбайдың атын шығаруға бұл жағдайлардың мәні үлкен болды. Өйткені, ел билейтін хан, аға сұлтандар бұрын хан-төре нәсілдерінен болып келсе, жоғарғы заң бойынша, ол міндетті төреден болмай-ақ, қарадан шыққан мықты феодалдар да атқарып, ел басқаруға жарай беру мүмкіншілігі Құнанбайды аға сұлтан етсе, бұл жай-жапсарды жақсы ұға білмеген көпшілікке Құнанбайды ерекше бағалатады. «Қарадан туып хан, айырдан туып нар болды»,— деп, өз кезіндегі феодал табының ақындары Құнанбайды ел мадағы етті.

¹ Абайдың өмірбаянымен толығырақ танысамыз деушілерге Мұқтар Әуезовтың «Әр жылдар ойлары» атты кітабын ұсынамыз.

Өз қолындағы әкімшілік тізгінін Құнанбай өз керегіне толық пайдалана білді. Бірақ, ел басқаруда Құнанбай жаңа тәртіп орнатқан жоқ, бұрынғы бір руды екінші руға айдап салу тәрізді ескі әдісті о да қолданды.

Оның бұрынғылардан бір өзгешелігі — дінді берік ұстау Қарқаралыға мешіт, Меккеге қажылар түсетін «Тәкие» атты үй салғызады. Бұл жағдайларды да ол өзінің ел билеу мақсатына толық пайдалана білді. Діншілерді өз қолына ұстап, ел басқарудың бір жағын дінге, діншілдерге тіреді.

Құнанбайдың тек өз қара басы ғана емес, оның достасқан, қастасқан адамдарының қайсысы болсын өзімен деңгел түскен, сол кездің сөз баққан адамдары болды. Талай дау, талай тартыстардың жуан ортасында болуы болашақ ұлы ақын, жас Абайдың шешендік тілге жаттығуларына әсер етпеуі мүмкін емес еді. Абайдың нағашысы: «Шаншар қулары» атанған, күлдіргі, мысқыл сықақпен аты шыққан қазақтың даңқты руының бірі. Ұлжанның (Абайдың шешесі) ағасы Тонтайдың қожа-молдаларды сықақтап, өлер алдында:

«Жазыла-жазыла қожа-молдалардан да ұят болды, енді өлмесек болмас», — деген сөзі күні бүгінге шейін ел аузында. Бұл сықылды сөз тапқыш, мысқылшылдық Ұлжанда да болған.

Атасы Құнанбайдың өзі және оның айналасының бәрі де сөз ұстаған шешендер болып, анасы жағынан «Шаншар қуларымен» тамырласып жатуы Абай тәрізді үлкен таланттың ең болмағанда тілі ұшталуына аз да болса әсер етуі сөзсіз. Абайдағы қазақтың нақыл-тақпақ, билер сөздерінің үлгісімен келетін шешендік сөздерге ұсталық, мысқыл-сықаққа асқан шеберліктердің бір тамырын осы өскен ортасынан іздеуіміз керек.

Абай он жасына шейін ел ішіндегі дін мектебінде оқып, он жасында Семей қаласындағы дін мектебіне түседі. Мұндағы оқудың бәрі де ескіше, дін сабағы. Онда Абай небәрі үш жыл мұсылманша және үш ай орыс мектебінде орысша оқиды.

Дін мектебінде жүргізілетін бар сабақты жақсы үлгеріп артылған уақытын өз бетімен кітап оқуға жұмсайды.

Оқитын кітаптары араб, парсы, түрік елдерінің даңқты ақындарының еңбектері болады. Солардың ішінде шын сүйіп оқыған ақындары — Навои, Сағадиді, Қожа-Ха-

физ, Фзули, Абай өзінің таланттылығы, қабілетінің күштілігімен үш жылда үлкен білімге ие болған ақын.

Сол жас кезінде-ақ араб, парсы, түрік ақындарының өлеңдеріне еліктеп, өзі де өлең шығара бастады. «Фзули, Шәмси, Сайхали», «Жүзі раушан» атты өлеңдері осы кезде жазылады.

Жасы 13 ке толып, мұсылманша үш жыл, орысша үш ай оқумен Абайға «оқудың есігі жабылады». Құнанбай Абайды оқудан шығарып алып, ел басқару жұмысына қосады.

Абай араб, парсы, шағатай әдебиетін де, орыс әдебиетін де көп білу, терең ұғыну, әр тілдің тек жалпы мағынасын ғана ұғынушы емес, сол тілдің әдемілігін де ұға білуіне қарағанда, ақынның мектепті тастағанын да өз бетімен үздіксіз оқығандығын дәлелдейтін фактының бірі деуге болады.

Абайдың жас кезіндегі өлеңдері жоқтың қасы. Жоғарғы аталған «Кім екен деп келіп ем түйе қуған» атты өлеңі мен араб, парсы, түрік ақындарына еліктеген өлеңдерінің алдыңғысы 1854—1855 жылдары, соңғысы 1858—1859 жылдары жазылған.

1864 жылы, 19 жасында, «Әліф-би» өлеңін жазады. Мұнан кейінгі өлеңдерінің жылдары 1870 жылдан бері қарай болып келеді. Абай өлеңдерін қолжазба түрінде сақтаған Мүрсейітте де, не басқа мәліметтерде де, 1870 жыл мен 1876 жылдың арасында жазған өлеңдерінен дерек жоқ. Ал, 1884 жылдардан бері қарай өлеңдерінің жылдары үзілмейді. Әсіресе, көп жазған жылдары 1886, 1889, 1895 жылдар.

1886 жылы 17 өлең, 1889 жылы 27 өлең (оның сегізін орысшадан аударған), 1895 жылы 13 өлең жазды.

Абай алғашқы кезінде өз өлеңдерін досы, замандасы Көкбай ақынның атымен жариялап, 1886 жылдардан ғана бастап өз атымен шығарған. Сөйтіп, өлеңді өзінің мамандығы етуі осы жылдардан басталады. Абай өмірін зерттеушілердің бәрі де мұны мойындайды. Абайдың көп өмірінің ел басқару ісіне жұмсалынып, сөз ұстап, билік істерін атқаруы, Абайдың өмірбаяны да, өлеңдерінің жылдары да үздік болуының негізгі бір себебі осында екенін аңғартады.

Абайдың ғылымға, өлең жазуға белсене кірісуі 40 жасынан бері қарай. Оған шейін білім іздеуден қол үзбеген-

мен, өлеңді жүрдім-бардым ғана жазып келсе, 40 жасынан бастап творчествоға түгелдей беріледі.

Өз айналасындағы ру тартысы, ескілік, надандықтан жеріне бастаған дана ақын өз елін ел етуді ойлайды да осының жолын іздейді. Ақын солардың барлығына қаламмен күрес ашу деген қорытындыға келеді.

Алдына зор мақсат қойған ақын, ұлы орыс халқының бай мәдениетін меңгеруге белсене кірісіп, орыс тілі, орыс әдебиетімен шұғылданады.

- Абайдың орыс мәдениетіне құлшына кірісуінің екі түрлі себебі болды. Біріншіден, Абай, қазақ елін шығыстың схоластикасының ықпалынан мүлде шығарып, тура орыс мәдениетін алу, сондықтан, қазақ даласында орысша мектеп ашу, молда, қожаларға патша үкіметі тарапынан берілген кейбір праволарды қайтып алып, оларды тізгіндеп ұстау, олардың правосын уезд, болыстарға беру жөнінде өз пікірін тарихи, ғылыми түрде дәлелдеген Шоқан Уәлиханов, онан кейінгі өзінің замандасы Алтынсариннің бағытын Абай дұрыс деп ұқты.

Екіншіден, бұл кезде ұлы орыс халқының әдебиеті дүние жүзі мәдениетінің алтын қазынасының қатарына қосылып қана қойған жоқ, Еуропаға өзінің революцияшыл әсерін тигізді. Батыстың кәрі әдебиетін басып озды. XVIII ғасырдағы орыстың кейбір жазушылары жамылған Еуропалық шапанын шешіп тастап, орыс әдебиеті мазмұнына түрі сай, өзінің ұлттық қалпында дүниелік сахнаға шықты.

Өз кезінің үлкен мәдениетті және талантты ақыны Абайдың оны білмеуі, көрмеуі мүмкін емес еді. Абай көре де, түсіне де білді. Оның үстіне Абай Семейге айдалып келген орыстың халықшыл демократтары: Михайлэс, Долгополов, Гростармен танысып, өзінің сол бағытын бұрынғыдан көрі де ұштай түседі. Орыс мәдениетіне тереңдеп, Чернышевский, Белинский, Добролюбов, Салтыков, Толстой, Пушкин, Лермонтов шығармалары, Аристотель, Сократ, Платон, Гоголь еңбектерімен танысады. Орыстың демократтары мен ұлы классик жазушыларының даналық еңбектерімен танысуы, батыс философтарының еңбектерін оқуы және өз кезіндегі шаруашылық-әлеумет өміріндегі болып жатқан әртүрлі өзгерістерді сезіну, ұғыну жиынтығы келіп, Абайдың өмірге көзқарасына, ой-санасына үлкен өзгеріс кіргізеді. Абайдың өзі айтқан:

«Шығысым батыс, батысым шығыс болды»,— дейтін сөзінің терең сыры, міне, осында.

Қазақтың әлеуметтік өміріндегі ескі феодалдық көз-қарасқа қарсы, кертартпа, надандық, жалқаулықтарға қарсы күрес ашып, бұл жөнінде көп өлеңдер жазған жылдары осы 1886 жылдардан басталады. «Ғылым таппай мақтанба», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Интернатта оқып жүр» тәрізді, оқу, өнер, адамгершілікке үндеген, «Қалың елім қазағым», «Байлар жүр жиған малын қорғалатып», «Адасқанның алды жөн» сықылды әлеумет өмірінің әртүрлі жақтарына арналған өлеңдері де осы жылдары шығарылған.

1886 жылдардан бастап, бұрынғы ел әңгімесінен аулақтап, өз еңбегін түгелдей ел игілігі үшін жұмсауға бел буғанына Абайдың өз сөзі айғақ.

«Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік, айтыстық, жұлыстық, тартыстық—әурешілікті көре-көре келдік, енді жер ортасы жасқа келдік, қажыдық, жалықтық, істеп жүрген ісіміздің бәрі баянсыз, байлаусызын көрдік,— бәрі қоршылық. Ал, қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын... Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған бел байладым: енді бұдан басқа еш жұмысым жоқ».

Бұның негізінде екі түрлі себебі болды. Бірінші: патша үкіметінің қазақтың жерін әбден отарлап алып, өз дегенін жасап, бұрынғы ру тартысын штат сайлауларымен үрлеп жандырып, ел бірлігін мүлде іріту саясаты болса, екінші, ескі феодалдық құрылысты ығыстыра кіре бастаған капитализм элементі, онымен байланысты ене бастаған әр түрлі жаңалықтар, қысқасы осылар тәрізді қайшылық қарым-қатыстар еді.

Абай, сөз жоқ, жаңалықты қолдады. Жаңа байлардың халықты қанауына қарсы шықса да, оны мықтап шенесе де, қазақтың орыс халқымен араласуы, ол арқылы қазақ даласына жайыла бастаған мәдениеттің, прогрестік идеяның қырдағы жетекшісі болды.

Өз кезіндегі Шортанбай, не Абубәкір тәрізді сары уайымға түспей, болашақты алдынан күтіп, халқын оқу-

ға, өнерге, ғылымға үндеді. Шын мәнінде халық қамқоршысы болды.

«Ыбырай (Абай) жас жолбарыс жүректенген,
Дұшпанға арыстандай білектенген.
Өзінің заманында бозбаласы,
Перінің жігітіндей іріктенген.
Ей, Сара, қай кісің бар оған жетер,
Өнерін көрген жанның есі кетер.
Адамның жалғыз басты білімпазы,
Оны да жамандайсың, Найман, бекер»,—

деп, өзінің замандас ақыны Біржан оны осылай дәріптеді.

Ел арасындағы дау-шар, әр түрлі ру тартысы тәрізді әңгімелерден аулақтап, орыс мәдениетін зерттеп, оны өз халқының пайдасына асыруға күш салуы, творчествоға берілу, халықтық ірі-ірі мәселелерді көтеріп, өзі айтқандай: «Әкесінің ұлы болмай, адамның ұлы болуы»— жұрт алдында оның беделін, даңқын бұрынғыдан да күшейте түседі. Оның елі үшін еткен күрделі істері Абайды жалғыз қазақ Абайы емес, қанаттас, іргелес және басқа елдердің де Абайы етеді. Әртүрлі себептермен Россиядан айдалып келген сол кездегі халықшылдар, оқымысты, жазушылар — бәрі де Абайды өзіндік санап, достасып кетті. Бәрінің ат маңдайын тірейтін жері — Абай болды. Бұған дәлел ретінде Долгополовтың арызы мен Тұраштың ескерткішін келтіруге болады.

Семейдің соғыс губернаторы — мырзаның ғұзырына.
(Нифонт Долгополовтан).

Өтініш

«Жүрек ауруы және безгек науқасымен менің денсаулығым өте төмендеп кетті. Оны жөндеу үшін жазғы айларда қаланы тастап, қырға шығып қымыз ішсем, таза ауаны пайдалансам деймін. Сол себепті өте кішілік етіп сіздің ғұзырыңыздан Шыңғыстау болысы, Құнанбай Өскенбаевтың ауылына баруға 15 августқа шейін ұлықсат етуіңізді сұраймын» (3).

Семей, 4 июль, 1885 жыл

(Н. Долгополов).

Сонымен қатар, басқа көршілес елдердің де кейбір патшаға наразы адамдары өз елінің бай-феодалдарына қарсы болғандар да Абайды паналайды.

«Жыл сайын Үркіттен қашқан, көбінесе, Кавказдағы Дағыстанның, Түріктің айдалған адамдары бірден, екіден келіп, кейі қыстап, кейі бір-екі ай жатып тынығып, бір-бір ат мініп кетеді. Осындай ат мініп кеткен қашқындардың менің көзім көргендегісі 15 шамалы» — деп жазады, өзінің баласы Тұраш (4).

Бұлар тәрізді фактілер Абай өмірінде көп. Басқаларын айтпағанда осы екеуінің өзі-ақ Абай тек қазақтікі ғана емес, басқа елдердің де өз кезінде мен жақсымын дегендеріне ортақ Абай болғандығын толық дәлелдейді.

Қазақтың ұлы ақыны Абайдың зор еңбегінің бірі — жастарды, әсіресе, болашақ ел өмірімен байланысты ақын-жазушыларды тәрбиелеу. Орыс, шығыс, батыс елдерінің мәдениетіне сүңгіп, түбінен керекті маржанын теріп ала білген ақын және елін өнер-білімге үндеп жастарды оқуға сүйреді. Балаларын орысша мектептерде оқытып, олардың жоғарғы дәрежелі білімі бар адам болуларын талап етті. Адамгершілік, жақсы мінез-құлыққа тәрбиеледі.

Ақындарына өзі тақырып беріп, әр халықтың өмірінен поэмалар жаздырып, өзі олардың сыншысы болды. Мағауияға «Медғат, Қасым», Ақылбайға «Қисса Жүсіп», тағы басқаларға осылар тәрізді өлең-жырлар жаздырды. Өзі Пушкин, Лермонтов, Крыловтардан өлең аударып, жас ақындарға солардың өлендерін үлгі етті.

Абайдан кейінгі қазақ ақындарының көпшілігі қазақтың өз әдебиетінің шеңберінде қалып қоймай, орыс, шығыс, батыс әдебиеттеріне еліктеулерінің негізгі бір себебі — Абайдың әсері, Абайдың үлгісі болатын.

Қазақ халқының жаңа әдебиетінің, әдеби тілінің негізін салушы, қазақтың өлең құрылысын бұрынғы қалпынан өзгертіп, әлденеше жаңа түр кіргізуші, өзінің даңқты ұлы еңбектерімен қазақ халқын басқа елдердің мәдениетімен қоянқолтықтастыруға басшылық еткен, елін мәдениет, білім, өнерге шақырып, сол жолда бойындағы бар асылын аямай жұмсай біліп, кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге қалдырған қазақтың ұлы ақыны — Абай 1904 жылы 23 июньде қайтыс болды.

б) Абай жөнінде жазылған еңбектер туралы

Қазақтың ұлы ақыны Абайдың алғашқы өлеңі бірінші рет 1885 жылы «Дала уәлаяты» газетінде басылды.

Бірінші өлеңдер жинағы 1909 жылы жарық көрді. Сол кезден бері жеке жинақ, таңдамалы өлеңдері әр кезде, әртүрлі редакцияда үздіксіз басылып келеді.

Абай шығармалары зерттелу, тексерілу жағынан да қазақ әдебиет тарихында бірінші орын алды. Оның ұлы еңбегі толық зерттеліп жетпесе де, қазақтың басқа ақындарымен салыстырғанда, ғылым қайраткерлерінің ерте қолға алған ақыны да — Абай.

Абайдың өмірі, еңбектері жайлы 1903 жылы «Россия біздің отанымыздың толық жағырафиялық сыпаты» (Орыстардың пайдалануы үшін В. П. Семеновтың редакциясы, XVII том, қазақ өлкесі) атты кітапта бір мақала, 1906 ж. — ағылшын Жорж Кененің «Сибирь және айдау» деген шығармасында ескерткіш, таныстырулар жазылды.

1907—1909 жылдар Кәкітай Ысқақұлының әуелі орысша, артынан қазақша «Абай Құнанбайұлының өлеңдері» деген кітап, Абайдың өмірбаяны басылды және осы 1909 жылы Зейнел Ғабден Әл Жауаһари, Омскау «Тобықты Ыбрай марқұмның сөздерінен» деп, Абайдың бірнеше өлеңдерін өзінің «Насихат Қазақия» атты жинағына кіргізіп, Абай сөздерін басқаларға үлгі етті. 1913 жылы қазақтың талантты ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров және 1914 жылы Арысұлы «Ақынның өмірі, еңбектері» туралы мақала жазды.

Совет дәуірінде Абайдың толық өмірбаянын жазып және ұлы ақынның еңбектерін жұртшылыққа түсіндірмекші, шын ғылыми баға бермекші болған жаңа авторлар да көп. Солардың ішінен күрделі еңбектер деп профессор М. О. Әуезовтың «Абайдың өмірбаяны», «Ата-тегі» (1939, 1940, 1945 жылдар). «Абайдың мәдениеттік іздеулері» 1939 жыл, «Абай және орыс әдебиеті» (1944 жыл); қазақтың ірі жазушысы С. Мұқанов жолдастың «Абай — халық ақыны» 1937, «1939 жылдары», «Абайдың философиялық көзқарасы» (1945 жыл); проф. Е. Ысмайловтың «Абайдың поэтикасы» 1934 жыл); профессор А. М. Марғұланнның «Абай және халық еркіншілігі» (1939 жыл), проф. М. С. Сильченконның «Ақын және халық» (1939 жыл), доцент Б. Ш. Шалабаевтың: «Абай және Пушкин» (1940 жыл), атақты орыс жазушысы Л. Соболевтың: «Данышпан өлмейді» (1939 жыл), доцент А. С. Мәметованың: «Абай және шығыс әдебиеті», проф. Мәлік Ғабдуллиннің: «Абай және шығыс» атты мақалалары. Абай жөніндегі соңғы жылдағы

күрделі еңбектер деп М. Әуезовтың: «Әр жылдар ойларын» 1959 ж. М. С. Сильченконың: «Творческая биография Абая» (1957 ж.) Х. Сүйіншәлиевтің: «Абайдың қара сөздері» сықылды жеке монографиялық еңбектерді және М. Қаратаевтың «Пушкин мен Абай», «Ұлы Абай» атты мақалаларын айтуға болады.

Бұл мақала, зерттеу жұмыстары ұлы ақынды жұртшылыққа танытуға мәні үлкен екені сөзсіз. Бұл авторлардың бірі Абайдың өмірбаянымен таныстырып, үлкен идея, зор мәдениетке қалай ие болғанын айқындайды, екіншісі Абайды халық ақыны деуіміздің себептерінің беттерін ашады: үшіншісі Абай мен Пушкин шығармаларының қарым-қатыстарын көрсетеді: төртіншісі Абай өлеңдерінің құрылысын зерттеп, қазақ әдебиетіне енгізген жаңалықтарының бетін ашады, қысқасы, дана ақынның ұлы еңбектерін әр жағынан тану, өз кезіндегі әлеуметтік жағдай әдебиет, мәдениет даму сатыларын ескерте отырып, ғылыми баға беруге күш салады.

Бірақ, біздің жоғарғы аттары аталған жолдастардың Абай еңбегін тану және оны жұртшылыққа таныстыру жөнінде үлкен-үлкен қателіктері де аз емес. Бұлардың кейбіреулері мүлде теріс, формалистік қателер жіберді (Ысмайлов, «Абайдың өлең өрнектері», «Әдебиет майданы», 12-саны, 1934 жыл). Әйтсе де оларға сын айту өз алдына жеке жұмыстың міндеті. Абай жөніндегі негізгі еңбектердің тізімін келтіргендегі біздің бұл жердегі айтпағымыз: «Абайдың поэзиясының тілі» жөнінде не бар, не жоқ, осының бетін ашу. Бұл тақырып туралы жоғарғы авторлардың ешқайсысы тоқталған емес.

Сондықтан, Абай поэзиясының тілі 1944—1946 жылдары айырықша зерттеліп, соның негізінде 1948 ж. «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» — деген атпен жеке кітап болып басылып шыққан. Қазір сол еңбекті өңдеп, кемшіліктерін толықтырып осы кітаптағы Абайға арналған бөлімнің екіншісі етіп енгізіп отырмыз. 1948 жылғы басылуы қазір библиографиялық сирек кездесетін кітапқа айналды. Абайды терең танығысы келгендер үшін де, оқушы студенттер үшін де Абай поэзиясының тілі жайлы терең зерттеудің қажеттігі сөзсіз. Сонымен қатар, бұл еңбекте Абай поэзиясының тілі оған шейінгі әдебиет нұсқаларының тілімен салыстыра

зерттелініп, ұлы ақынымыз әдебиетімізге идеялық мазмұн, тіл көркемдіктері жағынан қандай жаңалықтар енгізгендігі айқындалады, сол арқылы Қазақтың әдеби тілін дамытудағы оның тарихи ролімен әдебиеттегі орыны белгіленеді.

Бұл тілшілерімізге де әдебиетшілерімізге де бірдей керекті, ортақ мәселе.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ШЫНДЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ТЕҢСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абай өз дәуірінің әралуан жағын суреттеген — реалист ақын.

Ол дәуірінің жаман жағын да, жақсы жағын да өз шығармаларында айқын суреттеп, өз дәуіріне тән, сол жағдайға лайық, әлеуметтік, таптық ірі, келелі мәселелермен қатар, кейбір елеусіз нәрселерге дейін көре білді, сөйтіп ол өз заманының айқын айнасы болды.

Абай өмірге құлашын кең жайып, әлеумет тұрмысының әр саласына үңіле қарап, көп мәселелерді өлеңнің тақырыбы, айтайын деген ой-пікірінің өзегі етті. Толып жатқан тақырыпты жыр қылды. Мәселенің қайсысын алсақ та, Абайдың бүгілгенді жазып, бүркенгеннің бетін ашқандығын көреміз.

Ақын, еңалдымен, өз дәуіріндегі және өзінен бұрынғы мәдениетсіздікті, жалқаулықты, ру тартысын, пәлекорлық сықылды оңбағандықтарды көрді. Қазақ халқының дамуы үшін, оның басқа елдің қатарына жетуі үшін бұл әдеттердің бәрі де тұсау болатын, бөгет болатын қылықтар деп ұғып, бұларға барынша қарсы шықты. Оларға қаламы арқылы күрес ашты. Оларды қатты шенеп, мысқылға айналдырды. Ол әділетсіздік, мәдениетсіздік атаулының бәрімен де жалғыз жауласты.

Ойланып, ойға кеттім жүз жылғы өткен,
Тон қабаттап кигенім шидем-шекпен.

Жейде, дамбал ақсаңнан, жарғақ шалбар,
Жырым балақ матамен әдіптеткен...

деп, өткен өмірдің мәдениетсіздігін мысқыл-келекеге айналдырды.

Бұл қалыпта қала беруге енді болмайды, мәдениетке қарай аяқ басу керек деген қорытынды шығарды. Абай:

Сабырсыз, арсыз, еріншек,
Көрсө қызар жалмауыз,
Сорлы қазақ сол үшін,
Алтыбақан алауыз.
Өзін-өзі күндейді,
Жақынын жалған мінейді!.. —

деп, ел бойындағы, әсіресе үстем тап адамдарындағы ұсақ, пәлекор мінездерді әшкереледі.

Бір-ақ ырғып шығам деп,
Бір-ақ секіріп түсем деп,
Мертігеді, жатады,
Ұрлықпен мал табам деп,
Егессе ауыл шабам деп,
Сөйтіп құдай атады.

Күншілдік, шамасын білмес мақтаншақтық, өтірі өсек, кербездік, жалқаулық сол кездегі ауылдың баст. әдеттерінің бірі болған. Әсіресе, ұлыққа арқа сүйеген пәлекор пысықтардың сұрқиялығы шектен асады.

Сондықтан Абай:

Қызмет қылып мал таппай,
Ғылым оқып ой таппай,
Құр үйінде жатады
Ел қыдырып ас ішіп,
Еркек арын сатады.
Бала-шаға, ұрғашы,
Үйде жүдеп қатады.
Еңбегі жоқ еркесіп,
Бір шалақпен серкесіп,
Пысық деген ат шықты.
Бір сөз үшін жау болып,
Бір күн үшін дос болып,
Жүз құбылған салт шықты.
«Пысық кім?» деп сұрасаң,
Қалаға шапса демалмай,
Өтірік арыз көп берсе,
Көргендерден ұялмай.
Сыбырдан басқа сыры жоқ.
Шаруаға қыры жоқ.

Өтірік пен өсекке,
Ағып тұрса бейне су,
Ат-шапаннан кем көрмес,
Біреу атын қойса «қу»...—

деп, елді үйітіп жеген, бұлдіргіш пысықтарды, алауыздықты еңбексіздерді, жалақорларды жеріне жеткізе сынады. Мұның өзі кезінде өткір сықақ (сатира) еді.

Абайдың басқа өлеңдерін былай қойғанда, осы өлеңінің өзі-ақ жалқаулықты, қорқақтықты, мәдениетке ұмтылмаушылықты, алауыздықты, өтірік-өсекке жаны құмар пәлеқорлықты жексұрын етіп көрсетеді. Мұндай ел бұзарлардан аулақ болу керек деп, ол «ызалы сөз, өткір тілін» соларға қарсы жұмсайды.

Бұл сықылды жағымсыз-жұғымсыз әрекеттер сол кезде бар ма еді? Шындық па еді? Әрине, бар еді. Ел мүддесі емес, өз мүддесін ойлаған талай қу, талай сұмдар қазақ арасында ол кезде аз болған жоқ.

Ру араздығын қоздырып, не біреуді-біреуге айдап салып, арасына сөз айтып, пайда тауып, араздықты өзінің қос қалтасындай пайдаланған ұлықтар, «домалақ арызбен» біреудің тағдырын саудаға салатын пәлеқорлар Абай кезінде тіпті көбейеді.

Абай солардың бәріне қарсы болды. Ел бірлігін аңсады. «Бір жерден сөз, бір жеңнен қол шығарып» елдің түгел мәдениетке жұмылуын тіледі, өтірік, өсек, пәлеқорлықтан аулақ болуды, мәдениетті елдердің қатарына жетуді, ауызбірлігі күшті, азат ел болуды арман етті.

Ақын өзінің әлеумет өміріне арналған «Сегіз аяқ» атты өлеңінде жоғарғы әңгімелерді сөз қылады. Қазақ өмірімен байланысты мәселелердің әрқайсысына ерекше тоқтап, аталық сөздер айтады.

«Сегіз аяқ» Абайдың өз кезіне көзқарасының қорытындысы тәрізді өлең. Ақын бір жерінде:

Басында ми жоқ,
Өзінде ой жоқ
Қүлкішіл, кердең наданның.
Көп айтса көнді.
Жұрт айтса болды,
Әдеті надан адамның.
Бойда қайрат, ойда көз.
Болмаған соң, айтпа сөз! —

десе, екінші бір жерінде:

Ұятсыз, арсыз салтынан,
Қалғып кетер артынан...
Тасыса өсек,
Ысқыртса кесек.
Құмардан әбден шыққаны.
Күпілдеж мақтан,
Табытын қаққан,
Аңдығаны, баққаны...—

деп, надандықты, жігерсіздікті, сөзінде тұрмайтын алдампаз адамдарды, ұятсыз, арсыз, өсек, өтірік, мақтан тәрізді елді аздыратын мінез-құлықты, тағы осы секілді жаман әдеттердің бетін ашады. Өз кезіндегі өмір шындығының күңгірт жақтарын әйгілеп, жұртшылықты олардан сақтандырмақ болады.

Ақын талаудың, ұрлық-зорлықтың, алтыбақандықтың кара халыққа зиян екенін айтады:

Малынды жауға,
Басынды дауға,
Қор қылма, қорға — татулас.
Өтірік, ұрлық,
Өкімет зорлық
Құрысын, көзің ашылмас.
Ұятың, арың оянсын,
Бұл сөзімді ойлансын! —

дейді..

Ақын бұл өлеңінде өмір шындығының тек бетін ашып қана қоймай, алға қойған мақсатты орындау үшін не керек екендігін де ашық көрсетіп береді. Бұл — өз елінің малын жаудан, басын даудан қорғап, бір жерден сөз, бір жеңнен қол шығарып алға апарамын деген адамгершілік еді. Абайдың даналығының бірі — сол дәуірде өз ортасында озат шығып, халықты мәдениеттендіру мәселелерін жыр етуінде еді.

Еңбек, ғылым, адамгершілік жер жүзіндегі ұлы, данышпан адамдардың бәрінің де көңіл бөлген мәселелері болды. Міне, бұл мәселелер жөнінде Абай да қазақ даласынан шығып осыларға үн қосып, ұран тастады.

Еңбек туралы Абай көп жазды. Жастардың адам болуы үшін ең алдымен еңбек етуі керек. Ғылымға қолы жету де, әлеумет өміріне пайдалы жұмыс істеу де — бәрі де еңбекпен байланысты деген қорытынды шығарды.

«Сегіз аяқтың» бір жерінде:

Болмашы кекшіл,
Болсайшы көпшіл,

Жан аямай кәсіп қыл!
Орынсыз ыржаң,
Болымсыз кылжаң,
Бола ма дәулет, нәсіп бұл?
Еңбек етсең ерінбей.
Тояды қарның тіленбей,—

деп, адамның адамшылығы өз басын емес, көпті сүйген
адал жүрегінде, еңбек етуде десе, екінші бір жерінде:

Ғылымды іздеп,
Дүниені көздеп,
Екі жаққа үңілдім...—

деп, жұртты өнер, ғылымға шақырады. Сөйтіп, надан-
дыққа қарсы ғылымды, алауыздыққа қарсы бірлік, жал-
қаулыққа қарсы еңбекті, пәлеқорлыққа, жауыздыққа
қарсы адамгершілікті қояды да, алдыңғылары елді аз-
дыратын қылық, соңғылары халықтың көсегесін көгер-
тетін, игілікті іс деген қорытынды шығарады.

Абай кезінде әлгі айтылған әртүрлі кертартпалық
әрекеттер мейлінше өрістеп, «дағдыға» айналған бола-
тын. Өтірік, өсек, «домалақ арыздар» Абайдың өз сыр-
тынан да талай жауған болатын. Сондықтан оған қарсы
күрес оңайлықпен қолға түсе қоятын іс емес еді. Ақын
оны жақсы білді. Әйтседе, өз халқының ауыр халін көре
тұра, қиыншылықтан қорықпай тәуекелге бел буды.

Абай жолының ұзақтығын да, көздеген мақсатын
орындап шығуға өз өмірінің аздық ететіндігін де ұғып,
басынан базары өтпей, қолынан іс келетін жастық ша-
ғын өз халқының бір керегіне жаратып қалуға тырысты.
Жауыздықтың бетін ашып, жақсылыққа жөн сілтеді.
Толып жатқан кертартпа қара күштерге қарсы шығып,
күрес ашты. Айналасын оятып, өзінің жолына түсірмек-
ші болды. Бірақ, ол кездегі ел тізгінін ұстаушылар ескі
әдетіне қарысып игілікке қарай аяғын баспады. Абай-
дың:

Жартасқа бардым,
Күнде айқай салдым,
Одан да шықты жаңғырық.
Естіп үнін,
Білсем деп жөнін,
Көп іздедім, қаңғырып,
Баяғы жартас, бір жартас,
Қаңқ етер, түкті байқамас,—

дейтіні, міне, осындай жағдаймен байланысты шыққан жалғыздықтың ащы үні болатын.

Айналасының оны ұқпауы, ұғу былай тұрсын, оған бөгет болып, оңға деген ісін теріске айналдыруы, алға ұмтылған адымын етегінен басып кері жіберуі, міне осының барлығы қазақ елін ілгері дамытуға қиын асу болушылығы — жұрт дағдырын қолына алып, алдына зор мақсат қойған, ел түземекші болған ақынға аз соққы, жеңіл қайғы болған жоқ.

Өйткені, қазақ халқының мәдениетке ұмтылуына көмектеседі деп Абайдың көз тіккендерінің бәрі де «баяғы қулық, бір алдау, қысылған жерде жан жалдаудан» шыға алмады. Ақынға көмек берудің орнына, жаулық ойлады. Міне, сондықтан да Абай:

Атадан алтау,
Анадан төртеу,
Жалғыздық көрер жерім жоқ.
Ағайын бек көп
Айтамын ептеп,
Сөзімді ұғар елім жоқ.
Моласындай бақсының,
Жалғыз қалдым тап шыным! —

деп, өзінің жалғыздығын білдіреді.

Бірақ, Абайдың бұл сөзіне қарап, мүлде жалғыз қалған екен, оның сөзін ел ұқпаған екен деп түсіну қате. Абайдың бұл айтқандары түгелдей ел басқарушыларға, үстем тап адамдарына арналған сөз; жалпы көпшілік оны жақсы ұқты. Оның асыл сөздерін ауыздан-ауызға таратып, ұдайы жадында сақтады, көзінің қарашығындай қадірледі. Оны жоғалтпай алып келіп, оның шын мұрагері совет жастарына табыс етті. Демек, Абайдың сөзін ел ұқты да, бағалай да білді.

Абай жалғыз қалдым дей тұрса да, өмірден безіп, сарыуайымға салынбайды. Оның шығармаларын зерттей келгенде, жақсылықты болашақтан күткен, келешектің бір жақсаруына нық сенген ақын екендігін көреміз.

Сөйтіп, Абайдың «Сегіз аяғы» өз кезіндегі өмір шындығын да, одан қалай шығудың жолын да, ел тілегінен туған өз басындағы күйініш, сүйінішін де кеңінен толғап, дұрыс көрсетіп берген өлеңінің бірі. Мұның бір жағы — сын, сықақ болса, екінші жағы — өсиет, ғибрат беру еді.

Абай реализмінің күштілігі тек бұл ғана емес, оның негізі қазақ ішіндегі тап қайшылығын көре білуінде. Сол

дәуірдің өзінде, байлар кедейді езіп отырғандығын, кедейдің ауыр тұрмыста өмір сүретіндігін бұлжытпай өз қалпында суреттеп, оған аяныш сезіммен назар аударады.

Абай, жай суретші аңғармағандай сәл нәрселерді де көре алады. Сондықтан да оның өлеңдері шындық бейнесі болып отырады. Абайдың күздікүнгі кедей өмірін суреттей отырып, олардың іс-әрекет, тұрмыстарының әртүрлерін көрсетуі, біреу де болса бірегей, бір болса да көпке татырлық. Үстірт қараған адамдарға «иін илеу, шекпен тоқу», балалардың ойындарын суреттеу сияқты мәселелер «сәл» ғана мәселе тәрізді болып көріне тұрса да, шынында, бұл сияқты жайттарды көре білуі Абайдың үлкен реалистік ақын екендігін дәлелдейді.

Өз заманының суретшісі ақын — Абай сол кездегі теңсіздік мәселесін тек қана шолып өтіп, оған қалай болса, солай қарап қоймайды. Кедейлердің ауыр халі ақынның қабырғасын қайыстырады. Ол кедейді өзі аяп қана қоймайды, өзіндей болып басқалардың да аяуын талап етеді. Езілушілердің тұрмысын жеңілдетуге жол іздейді. Жұртқа адамгершілікті ұсынады. Абай шығармасындағы адамгершілік арманының негізі де осы қазақ ішіндегі теңсіздікті көре білуінде жатыр.

Қазақ аулындағы теңсіздікті шын көрсете білген өлеңі, әсіресе, «Күз», «Қараша, жел тоқсан мен сол бір екі ай» деген өлеңі. Абай бұл өлеңінде тек барды айтқан ұлы суретші ғана болып қоймай, сол өмірдегі ауыр тұрмыс, теңсіздікті көре де, ұға да біледі, одан қорытынды да шығарады.

Бұл өлеңінде екі тұрмысты — байдың тұрмысы мен кедейдің тұрмысын бір-біріне қарама-қарсы қойды. Октябрь, ноябрь айларының қара суығындағы кедейлердің ауыр тұрмысын:

Кедейдің өзі жүрер малын бағып,
Отыруға отын жоқ үзбей жағып.
Тоңған үйін жылытып, иін илеп,
Шекпен тоқыр қатыны бүрсең қағып...—

деп суреттейді.

Азынаған қара суықта, «кемпір-шалы болса», ол оның үстіне қиындықты жамай түседі деп жаны ашиды.

Теңсіздік, азап шегу тек қана үлкендердің емес, кедейдің балаларының да басында барлығын ақын дұрыс көрсете алды:

Қар жауса да тоңбайды бай баласы,
Үй жылы, киіз тұтқан айналасы.
Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты,
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы...—

дейді.

Абайдың шын мәніндегі реалистігі, өзі сол үстемдік етуші таптың жуан ортасынан шыға тұрса да, олардың жалпы қара халыққа жасап отырған зорлық, зомбылығын, аяусыз қанауын көре біліп және оны тайынбай әшкерелеу, «типтік жағдайға тән типтік образдар» жасауымен қатар, жай суретшілер аңғара бермейтін, әлеумет өмірінің көлеңке жақтарындағы кейбір құбылысты да көре біліп, олардан әлеуметтік мәні бар үлкен қорытынды шығаруында. Жоғарғы үзінді келтірген өлеңнің екінші бір жерінде:

Жалшы үйіне жаны ашып, ас бермес бай,
Артық қайыр, артықша қызыметке орай.
Байда мейір, жалшыда бейіл де жоқ,
Адастырған екеуін құдайым-ай! —

деп, байлардың кедейді күнбе күн езіп отырғандығын, олардың араларындағы экономикалық теңсіздікті және бұл екеуінің өмірбойы андысумен келе жатқан, бір-біріне тілектері кайшы екі тап екендігін ашық айтты. Кедейдің ауыр халін көріп, ақынның оларға жаны ашиды. Кедейдің сол ауыр халін қалай жеңілдетудің өзінше жолын іздеді. Сонда оның тапқан жолы — әділдік болды. Байлардың кедейге деген мейірімсіздігін ашық суреттеп, оларды дұрыстыққа, әділдікке үндеді. Соған орай кедейдің де байларға дұрыс қызмет етулерін керек деп білді. Бірақ, ақынның бұл пікірі, тап қайшылықтарының қандай жолдармен шешілетіндігін ұға алмаушылықтан туған қате пікір болатын. Бұл тап қайшылықтары тек қана таптық күреспен шешілетіндігін оның әлі түсіну дәрежесіне көтеріле алмағандығын көрсететін жайттың бірі деуге болады.

Қандай өмір құбылысына баға берсек те біз ешқашанда да мезгіл мен жағдайды ұмытпаймыз. Сондықтан, Абайдың өмір сүрген мезгілі мен жағдайын еске алсақ, оған революциялық көзқараста неге болмадың деп кінә тағу орынсыз. Тарихқа көз салсақ, езушілерді әділдікке үндеп, олардың санасын оятып, адамгершілігін арттыру арқылы әлеуметтік теңсіздікті жоймақ болған

француздың ұлы ағартушыларының іс-әрекеттері оқушылар жұртшылығына мәлім.

Ал, қазақтың ұлтшыл оқымыстыларының қазақ елінде тап жоқ деп, көп жылдар бойы айтыс ашып, өздерінше, дәлелдемек боп, қызыл өңеш болғанын тағы жақсы білеміз. Демек, ХІХ ғасырда Абайдың қазақта жігі айқындалған екі тап барлығын және үстемдік етуші байлар табының кедейлерді езіп, қанап отырғандығын тайға таңба басқандай етіп, шындық қалпында көрсетіп беруінің өзі тарихи мәні зор екендігі сөзсіз.

Абай туындыларының реалистік жақтарын сөз еткенде айрықша тоқталуды қажет ететін негізгі бір мәселе ақынның әйелге көзқарасы туралы. Бұл мәселе кеңірек тоқтап, кейбір салыстырулар жасауды керек қылады.

Абайға дейінгі ауыз әдебиетін және кейбір тарихи әдебиет нұсқаларын алсақ, әйелге екі түрлі көзқарастың болғандығын аңғарамыз: біріншісі — халықтық, екіншісі — феодалдық.

Халықтық көзқарас — әйелді жоғары бағалайды. Көп жайттарда ерлерден артық етіп көрсетуге тырысады. Ел бастар көсем де, сөз бастар шешен де, топ жарған батыр, аяулы ару, ардақты азамат та анадан туады. Сондықтан, өмірде ананың ролі ерекше деген қорытындыны ұсынады. Мысалы: «Алып анадан, ат биеден туады», «Аяғын көріп асын іш, анасын көріп қызын ал», «Ердің атын қатын шығарады, қатынның атын жатым шығарады», «Жақсы әйел жаман еркекті адам етеді, жақсы еркек жаман әйелді адам ете алмайды», «Жақсы әйел — жігітке біткен бак, жақсы жер, жайлы қоныс — алтын тақ», «Алғаны жақсы жігіттің әрқашан ісін оңдайды, алғаны жаман жігіттің ісінің сәті болмайды». «Әйел жерден шыққан жоқ, о да еркектің баласы, ерлер көктен түскен жоқ, әйел оның анасы», «Ал қызыл гүл жердің сәулеті, асыл жар ердің сәулеті», «Ананды Мекеге үш арқалап барсаң да, қарызынан құтыла алмайсың».

Қазақтың осылар тәрізді көптеген мақал-мәтелдерін алсақ, ер адамның өміріндегі бақыт та, бақытсыздық та — бәрі әйелінің жақсылық, жамандығына тіреледі. Кейбір мақалдарда әйел мен ерлердің әлеуметтік ролі бірдей деп санаса, ата мен ана туралы балаға жүктелетін міндет пен өтейтін қарызы жайлы ой-пікірлерінде де халық ананы әрдайым бірінші орынға қояды. «Ананды

Мекеге үш арқалап барсаң да, қарызыңнан құтылмайсың», «Әкелі жетім анық жетім, шешелі жетім жарым жетім», «Әке — жезде, шеше — кебе» тағы басқалар.

Ауыз әдебиетіндегі өлең, аңыз, ертегі әңгімелерден біз неше түрлі сұлу, ақылды, айлалы әйелдердің образдарын кездестіреміз. Ертегі, аңыздарда ұшырайтын аңғал батырлардың әралуан қиял дүниесі жасаған алып дәу, сұмғұла мыстан кемпірлер, жер астындағы жылан патшаларымен кездескенде өзін сүйген сұлу қыз, айлалы әйелдердің ақыл-кеңестері арқылы жауларын жеңіп шығып, мұраттарына жетеді. Басқаларын айтпағанда, көпшілікке мәлім Жәнібек пен Жиренше шешен аңызын алсақ та бұған толық мысал.

Аңызда Жиренше әрі сөз тапқыш, әрі ақылды, қандай қиын-қыстаудан болсын сүрінбей шығатын тайпалмалының өзі. Бірақ өте қиын, ханның үш тапсырмасын орындауға келгенде оның салы суға кетіп, не қыларын білмейді. Соның үшеуіне де ақыл тауып, Жиреншені ажалдан құтқаратын әйелі — Қарашаш. Ақыры ол өз сүтінен қымыз ашытып, ханмен бірге Жиренше жорыққа аттанарда жанторсыққа құйып, күйеуінің қанжығасына байлап жібереді. «Бір кезде хан шөлдеп, саған суын тап, әйтпесе, өлтірем! — дер, сол кезде сен осы қымызды ханға ұсын, ішіп болып, ненің сүті деп сұрар, сонда қымыздың сырын ашарсың»,— дейді.

Қарашаштың айтқаны жорықта дәл келеді. Хан қымызды ішіп алып, Қарашаштың сүті екендігін естігеннен кейін санын бір-ақ соғады. Енді оны әйелдікке ала алмайтын болады да, Жиреншеге жаулығын тоқтатады.

Сүйтіп, халық ханнан да, ханның атышулы шешенінен де ақылы артық әйел болу мүмкіншілігін тек мойындап қана қоймайды, «Жиренше, Қарашаш» аңызы арқылы сондай әйел болды деп, тарихи адамдардың атымен байланысты Қарашаш сықылды ақыл, айлалы мол ұнамды әйел образын жасайды.

Қарашашты бұлай көрсетудің өзінде де әйелге деген үлкен зет, зор құрмет жатқан жоқ па? Бұл шын мәніндегі халықтық көзқарас емес пе?

Әйелге деген халықтық көзқарастың бір алуан түрін біз эпостық, лиро-эпостық поэмалардан да кездестіреміз. Эпостардың көпшілігінде-ақ халық ең аяулы ару, адал сүт емген сұлуларын батырлардың серігі етеді. Құртқа,

Гүлбаршын, Ақжүніс, Қыз Назым — бәрі де халықтың ардақты ұлдары санаған батырларын сүйіп, соларға көмекке келеді. Кейбіреулерінің ел қорғарлық батыр дәрежесіне көтерілулеріне әйелдерінің көмегі, кейбір жайттарда жеңістікке ие болу үшін ақыл-кеңестері жәрдем етеді. Қобылдандының Алшағыр елін табуы да, жеңуі де Құртқаның ақыл-айласымен байланысты десек, ноғайлылықтарды қалмақ ханы Қараман келіп қамағанда, оларға Камбардың қол ұшын беруі, түптеп келгенде Назымда.

Бұл қыздардың қайсысы болсын, қолына найза алып соғысқа шықпаса да, жауларға қару көрсетерлік өздерінің не жұбайы, не сүйген батырларына көмекшілік істері арқылы ел қорғау ісіне араласады. Тіпті сұлулардың батырларға ғашық болуының негізінде ел қорғау тілегі, өз халқының бір пайдасына жарар деген арман, тілектері жататындығын көреміз.

Эпостық жырларда елдік мәселелерге әйелдердің қатысулары батырларға көрсететін ақыл, кеңестері арқылы болса, лиро-эпостардың кейбіреулерінде біз әлеуметтік мәселелерге әйелдердің тікелей қатысып, ел арасындағы дау-шарлардың арқауы өзі болуға жараған әйел образдарын да кездестіреміз.

Сондай қыздардың бірі Айман образы. Мен-мендік бақталастан туған Көтібар мен Маман арасындағы егестің аяғы екі рудың жауласуына, шабыншылыққа ұласқан жағдайда, өзі тұтқында жүрсе де, бүкіл мәселенің түйінін шешуші Айманның ақыл, айласы. Оқиғаның шешуінде өр көкірек Көтібар да, мен-менсінген Маман да мазақ болып қалады да, Айман бастаған топ дегеніне жетеді.

Келтірілген мысалдардың барлығы да әйел мәселесіне деген халықтық көзқарастардың қандай екендігін дәлелдесе, сонымен қатар фольклорда болсын, әдебиет тарихында болсын әйелге ескі феодалдық көзқарасты айқындайтын да нұсқалар аз емес.

«Алтын басты әйелден бақа басты еркек артық», «Әйел жеті дұшпанның бірі», «Астындағы атыңа, қойыңдағы қатыныңа сенбе», «Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» деген тәрізді мәтелдер әйелді ерлерден төмен санайтын феодалдық көзқарасты көрсетеді. Бұл тек ауыз әдебиетінде ғана кездесіп қойған жоқ, ХІХ ғас. өмір сүрген Абайдың тұстас ақындарының да шығармаларын-

да мол жырланды. Ескі хандық-феодалдық өмірді аңсаушы, сол таптың жыршысы болған Шортанбай, Әбубәкірлердің өлеңдерін алып, жалпы әйелге, әйелдің бас бостандығымен байланысты мәселелерге қалай қарағандықтарына шолулар жасап, Абайдың әйелге көзқарастарымен салыстырсақ, араларында жер мен көктей айырма барлығын аңғарамыз.

Әбубәкір өзінің заман туралы жазған ұзақ өлеңінде қазақ даласындағы әралуан өзгерістерді суреттей келіп, әйел мәселесіне, олардың бас бостандығы жайлы айрықша тоқталады.

Ерінің айтқан сөзіне
Қатын мойнын бұрмады,
Ерге қызымет қылмады.
Жалынып күнін көрмесе,
Қатты айтса қатын тұрмады.
Кітаптың сөзін тәрк етіп,
Көңіліне шайтан орнады,—

дейді.

XIX ғасырдың екінші жарымында тап осы айтылған тәрізді қазақ әйелдерінің бас бостандығы болған емес. Бұрынғы дәуірлермен салыстырғанда қанша әлсіреді десек те, бұл кезде де қазақ даласында үстемдік етушілер әлі бай-феодалдар болды. Демек, «Жесір дауы, жер дауы» олардың ел билеудегі көңіл аударарлық негізгі мәселелерінің бірі болды. Сондықтан әйелдің бас бостандығы, бата айырып сүйгеніне тию тек бір семьяның өз ішінде шешіле салатын мәселесі емес, рудың, не ру басыларының сарабына түсіп, шешілсе зор қиыншылықпен ғана шешімін табатын мәселе еді. «Әйел ерден кетсе де, елден кетпейді» дейтін нағыз кертартпа, феодалдық көзқарас ол кезде әлі өзінің толық күшінде болатын. Сол көзқарастың сәуегей жыршысы болған Әбубәкір ілуде біреудің бас бостандығына қолы жетсе, салт бұзарлық нәрсе деп жұртшылыққа мейлінше құбыжық етіп көрсетуге тырысты. Өз кезіне тән емес өмір құбылысын ескішіл ақын асыра суреттеп, оқушыларын теріс бағытқа сілтеді.

Әйелдерді еркектерден кем санаушылық тәрізді феодалдық көзқарастарға тойтара соққы беріп, бұл мәселе жөніндегі халық көзқарасын қолдаушы және мәдениеттік биік сатыға көтеруші қазақтың бірінші ақыны Абай. Ол өзінің ұлы адамдығын да, үлкен реалистігін де әйел-

дің қоғамдағы орнын айқындау мәселесінің айналасында толық дәлелдеді.

«Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» деген өлеңінде сұлу, жас қызға үйленбек шалдың «қалыңдығына» туғызған барлық жағдайы мен іс-әрекеттерін, оның өз басындағы қуаныштарын суреттей келіп, қыздың шалға барып тірлік еткеннен де, суға кетіп өлуін артық санғандығын тамаша түрде суреттеп берді.

Деген сөз: бұқа буға, азбан дуға,
Хан қарық боп түсіп жүр айқай-шуға.
Етімді шал сипаған құрт жесін деп,
Жартастан қыз құлапты терең суға...

Абайдың бұл айтқаны ол кездегі, я онан бұрынғы және соңғы кездегі өмір шындығы болатын. Ақын мұны көре де, сынай да білді. Әйел жөніндегі әлеуметтік теңсіздік Абайдың жанын ауыртқан мәселенің бірі болды.

Абай бұдан өзінше қорытынды жасап, бұл мәселені айта қалғандай жоғары сатыға көтерді:

Есерлер жас қатынды тұтады екен,
Жас қайғысын білдірмей жұтады екен.
Ортасында бұлардың махаббат жоқ...—

деп, бір жағынан әйел теңсіздігін айтып, соны қолдап отырған үстем тапқа, ескі салтқа өлтіре соққы берсе, екінші жағынан, әйелдің бас бостандығын, махаббат мәселесін айырықша мәселе етіп көтерді. Әйелді малға сату ең надандық, адамның адамдық қасиетін бағаламағандық деген қорытынды шығарды. Сағу мен сүю, кәрілік пен жастық, түн мен күн, жаз бен қыс сықылды бір жерде тұра алмайтын нәрсе деп, оған үлкен мән берді:

Кәрі, жас дәурені өткен тату емес
Епке көнер, ет жүрек сату емес.
Кімде-кім үлкен болса екі мүшел,
Мал беріп алғанымен қатыны емес! —

деп, сүю мәселесін малға сатып алуға болмайтындығын, шын адамгершіліктің көзімен қарағанда сүю саудаға салатын нәрсе емес екендігін, оның ерікті болуы керек екендігін айтты.

Абайдың бұл көзқарасы сол кезде қазақтың өз ішінен шыққан алдыңғы қатардағы адамдардың тілегімен, бүкіл халық тілегімен, әйелдің бас бостандығын көк-

сеген дүние жүзіндегі адамгершілік көзқараспен ұштасты.

Бұл жөнінде, Абайды әйелдің бас бостандығын жақтаған қазақтың бірінші ақыны деп толық айта аламыз. Мұны «Масғұд» дастанынан да айқын көруге болады. «Масғұд» дастанында Абай әйелдің семьялық және әлеумет өміріндегі орнын мейлінше жоғары бағалайды.

Дастанда өзін ажалдан айырып алып қалған Масғұдқа ақ, сары, қызыл үш түрлі жеміс ұсынып, шал:

Ағын жесең — ақылың жаннан асар,
Сарыны алсаң — дәулетің судай тасар.
Егерде қызыл жемісті алып жесең —
Ұрғашыда жан болмас сенен қашар,—

дейді.

Масғұд ойланып тұрады да, қызыл жемісті жеуге бел байлады дейді. Шал мәнісін сұрағанда: «еңбексіз мал дәме ету, — қайыршылық» деген сықылды пікірлерді айта келеді де:

Қызылды жесем, мені әйел сүйер,
Арамдыққа жүрмесе, не жан күйер.
Ұрғашы да көп жан ғой, досым болса,
Деп едім бір пайдасы маған тиер.

Еркектің еркек адам болса қасы,
Қатын, шеше, қызы жоқ кімнің басы,
Хан қаһар, қара кісі қастық қылса,—
Сонда ұрғашы болмай ма арашашы?

Тегінде адам басы сау бола ма?
Үйінде тексерілмес дау бола ма?
Ері ашу айтса, әйелі басу айтып
Отырса, бұрынғыдай жау бола ма? —

деп, жауап қайырады.

Бұл тамаша айтылған пікір. Абайдың бұл көзқарасы «әйел мені ғана ұнатсын» деген өрісі тар, өзімшіл тоғышарлық көзқарастан аулақ. Ол әйел мен еркектің тең дәрежедегі достығын, үй ішінің бірлігі мен әйелдің әлеумет өміріндегі орнын терең түсініп, мәселеге осы жағынан қарайды. Сондықтан да оның қаһарманы Масғұд қызыл жеміс жемек болады. Демек, қоғамның тең жартысы болып отырған әйелдердің әлеуметтік өмірінде үлкен орны барлығын және болуы керек екендігін айқындайды.

Ақын өз пікірін Масғұдқа айтқызып, «қыдыр» шалға

мойындатып және өзі де мойындап, мынадай қорытынды шығарады:

Сол заманда-ақ надандар шырыш бұзған,
Жалғанның дәмін бұзып қауып қылған.
Ақыл мен мал екеуін асырай алмай,
Арашашы тілепті катын-қыздан.

Бұл үзінді, дастандағы айтайын деген ойдың қазығы.

Ақын бүгінгі заман ғана емес, өткен заманның өзінде де, әйелдің әлеумет өмірінде үлкен орын алғандығын көре білді.

Абай әйелдің тек әлеуметтік ролінің зор екендігін айтты ғана қойған жоқ, махаббат, достық және әдемілікке көзқарастарын да өлеңдерінде айқын танытты.

Ең алдымен Абай махаббат, достық мәселесін басқалардан анағұрлым кең, анағұрлым терең түсінді. Ол жалпы адам баласылық достықты жыр етті. Абай ірі гуманист ақын. Сондықтан, ол адам адамды сүйе білуі керек деген идеяны берік ұстады. Оның бұл сапқа қоспай, жеккөріп, сатира еткендері адамдық ар-намыстан жұрдай өз басы, өз қамынан басқа ешнәрсе ойламайтындар болды. Осындай мінез-құлықтан жиренушіліктердің негізінде оның достықты жырлау мотиві келіп туды, әркім тек өз қамы емес, жұрт мүддесін ойлауы керек деген идея туды. Абайдың көп өлеңдерінде адам баласы біріне бірі жаулық емес, достық іздесін деген пікір өзек болып тартылып жатады. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» — деген өлеңінде:

«Кемдікүн қызық дәурен тату өткіз,
Жетпесе біріндікін бірің жеткіз.
Күншіліксіз тату боп шын көңілмен
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз».

Абайдың түсінігінше ең қызық өмір — татулық, достық. Бірақ, ақынның бұл тілегі өз кезінде орындалмады. Ру мен руды, бір ел мен екінші елді атыстырып, шабыстырып отыруды негізгі саясатының бірі етіп отырған феодалдық, «адам адамға қасқыр» деп білетін капиталистік қоғамдарда іске асуы мүмкін емес болатын. Оны ақын сезіне де, түсіне де білді. Әйтседе, алған бағыты мен аңсаған арманынан ол тайған жоқ. Күн сайын жаулықтың отына май тамызып, тұтатушы қоғамның жуан ортасында отырса да Абай өле өлгенше достықты жырлап өтті.

Махаббатсыз — дүние бос,
Айуанға оны қосындар.
Қызықтан өзге қалсаң бос,
Қатының, балаң — досың бар.



Жүрегі жұмсақ білген құл,
Шын дос таппай тынымас,
Пайда, мақтан бәрі тұл
Доссыз ауыз тұшымас,—

деді.

Бұл өлең ұлы ақынның достықты жыр еткен барлық өлеңдерінің кілті.

Жазба әдебиетіміздің тарихына көз салсақ, сүйіспеншілік, махаббат мәселесін де биікке көтере жыр еткен бірінші ақын Абай екендігін көреміз. Феодалдар үстемдік еткен қоғамдық құрылыста махаббат-сүйіспендік мәселесін жыр ету фактысының өзі кезінде үлкен прогрессивтік нәрсе еді. Өйткені мұның негізі, түптеп келгенде, әйелдің бас бостандығымен байланысты. Бұл бір.

Екінші, үстемдік етуші феодалдық қоғам әйелдердің азаматтық правосын мүлде жойып, белгілі нарық қойып, сатып алуға болатын тірі мүлік дәрежесіне жеткізген дәуірде, санаға сіңген кертартпалыққа тайынбай қарсы шығып, әйелдің әлеумет өміріндегі ролін көрсетумен қатар, олардың ерлерден еш кем түспейтін сезімін ерекше жыр етіп, сүйіспендік, махаббатты дәріптеудің өзі — ескішілдікке дөп тиер ауыр соққы еді.

Қандай тақырыпты сөз етсе де жеріне жеткізе жырлайтын зор талант иесі Абай махаббат мәселесін де үлкен шеберлікпен жыр етті. Өмір шындығына табанын нық тірей отырып, бұл мәселені кейде романтикалық асқақтық дәрежесіне шейін көтерді. Жазғы түн, жайлы кештерде, сарғая сағынып, сарқыла күткен ғашықтардың сәтті кездесу, сыпайы сырласу, тәтті сүйістерін таңқалдырғандай шебер, тамсандырғандай әдемі суреттей келіп, олардың ауызына:

Сенсің — жан ләззәті
Сенсің — тән шәрбәті

Қайғың — қыс, жүзің — жаз,
Боламын көрсем мәз.
Күлкіңіз бойды алар,
Бұлбұлдай шықса әуез,—

деген тәрізді ғашықтардың ішкі сезім дүниесін дәл бейнелейтін сөздер салды. Бұл тақырыпқа жазған ақынның өлеңдерінің қайсысын алсақ та оқушыларының эстетикалық сезімін оятарлық, асқан ісмерлікпен жазылғандығы даусыз. Кейбір жолдарда анайылық натурализм элементтерінің кездесетіндігі рас. Бірақ, ол ақынның жалпы стиліне тән нәрсе емес және оның әлеуметтік көзқарасына ешбір нұқсан келтіре алмайды.

Абайдың махаббат тақырыбына жазған өлеңдерінің ішінде оның эстетикалық идеалын айқындайтындары да жиі кездеседі. «Қақтаған ақ күмістей кең мандайлы», «Білектей арқасында өрген бұрым» тәрізді Абай өлеңдері тек қана сұлу қыздың портретін жасау үшін жазыла салынған емес, сонымен қатар ақынның әдемілікке көзқарасын да көрсетеді.

Әдемілікті кім қалай таниды, оның әлеуметтік себептері қандай деген мәселе жөнінде Г. В. Плеханов өзінің: «Адрессіз хат», «Қоғам өмірі және искусство» деген мақалаларында терең талдаулар бере келіп, барлық ел, барлық тап, барлық дәуірге сай, жұрттың бәрін бірдей мойындататын абсолюттік түрдегі әдемілік жоқтығын, әдемілікке көзқарас әр елдің тіршілік, күн көріс жағдайларымен, өзінің өскен ортасы, алған тәрбиесімен байланысты болатындығын дәлелдеп, ол туралы әр халықтың тарихынан көптеген фактылар келтіреді. Сайып келгенде, адамның әдемілікке көзқарасын айқындайтын нәрсе қоғам ішіндегі таптардың экономикалық жағдайлары деп қорытты. Мысал үшін ол орыстың ақсүйек-дворяндар табы мен орыс шаруаларын алып, кісі күшін пайдаланатын тап өкілдерінің көзқарасынша сұлу, әдемі саналатын, олардың искусство, әдебиетінде дәріптейтіні нәзік әйелдер, өз еңбегімен тіршілік етушілерді тіпті де әдемі емес деді.

Абай кезіндегі, не өзінен бұрынғы қазақтың әдемілікке көзқарастарын тамаша түрде қорыта келіп, қандай әйелді әдемі деп білуге болады деген сұраққа жауап іздейді, оның жауабы «әдептілік, арлылық, адамгершілік» болады. Абайша әдемі әйел — осындай болуы керек. Сайып келгенде, Абайдың эстетикалық идеалы — дене сұлулығы емес, жан сұлулығы. Бұл мәселе жөніндегі Абайдың тірелген жері осы деуге болады.

Жоғарғы аталып өткен екі өлеңінде Абай өзіне шейінгі қазақ және шығыс әдебиетіндегі әйелге сыртқы мүсін

сұлулығы жағынан келетін көзқарастың әсері барлығын, кей жерлерінде:

«Қиғаш қас, қыпша бел,
Солқылдар соқса жел...»

«Бұраң бел, бойы сұлу, кішкене аяқ,
Болады осындай қыз некен саяқ,
Піскен алма секілді тәтті қызды,
Боламын да тұрамын көргендей-ақ»,—

деп, әйелдің нәзіктігін дәріптейтіндігі де байқалады. Бірақ, Абайдың әдемілік туралы эстетикалық идеалын айқындайтын бұл өлеңдері емес. Бұлар суретшінің кейбір өмір құбылыстарына тереңдемей, кейбір жағдайлармен байланысты, ойнақылық түрде сыза алған эскиздеріне ұқсайды. Әйтседе, эскиз ұлы талант, үлкен суретшінің кистісінен шыққандықтан сол қалпында да ол мүлтіксіз де кең ойлап, терең толғанып жасалған суреттердей сенім туғызады. Бізше, бұл екі өлеңнің оқушыларға ететін әсері осындай тәрізді.

Абайдың эстетикалық идеалын толық аңғаратын және оның әйелге халықтық көзқарасты жалғастырушы екендігін дәлелдейтін шығармаларының түйіні «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» атты өлеңі. Бұл өлең акынның әралуан өмір құбылыстарын, адамдардың арасындағы қарым-қатынас, мінез-құлықтарды бақылай келе, көп ойлап, терең толғанып, олардан түйген қорытындысы, келешек үшін айтылған ең соңғы сөзі тәрізді.

«Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдап көрсе қызар нәпсіге ерме!
Әйел жақсы болмайды көркіменен,
Мінезіне көз жетпей, көңіл бөлме!

Көп жүрмес, жеңсікқойлық әлі-ақ тозар,
Жаңғырар жеңсікқұмар жатқа қозар.
Күнде көрген бір беттен көңіл қайтып,
Қылт еткізбес қылықты, тамыршы озар.

Толқынын жүрегіннің хаттай таныр,
Бүлк еткізбес қалайша соқса тамыр.
Жар көңіліне бір жанын пида қылып,
Білместігің бар болса, қылар сабыр.

Шу дегенде көрінер сұлу артық,
Көбі көпшіл келеді ондай қаншық.
«Бетім барда, бетіме кім шыдар» деп,
Кімі пандау келеді, кімі танық...»

Жоқ болса, қатынының жат өсегі,
Болмаса мінезінің еш кесегі.
Майысқан бейне гүлдей толықсыған,
Кем емес, алтын тақтан жар төсегі.

Жасаулы деп, малды деп байдан алма,
Кедей қызы арзан деп құмарланба.
Ары бар, ақылы бар, ұяты бар,
Ата-ананың қызынан ғапыл қалма¹,—

дейді.

Демек, ақынның эстетикалық идеалы «Піскен алма сықылды тәтті қыз» емес, ар, ұяты мол, жақсы семья құратын, тату-тәтті өмір сүруге көмек етерлік, ерге өмірлік шын серік бола аларлық әйел.

Қорыта келгенде, Абай өзінің ұлы еңбектерінде өз кезіндегі әлеумет өміріндегі теңсіздікті, бай-феодалдардың еңбекші кедейлерді езіп, қанап отырғандығын; әлеумет өміріндегі алауыздық, кертартпалық, мәдениетсіздік, еңбек сүймейтін жалқаулықтарды көре білді. Қазақтың феодалдық өміріндегі әйелдердің теңсіздіктерін терең суреттеп, сүйіспеншілікті, бас бостандығын жыр етті, олардың әлеумет өмірінде шынында үлкен орын алатынын, алуы керектігін көрсетті. Сөйтіп, қазақтың ұлы ақыны, әлеумет өміріндегі өте маңызды, үлкен мәселелерді шығармаларының тақырыбы етіп алды да, оларды терең түсініп, сол кездегі өмір шындығына дәл етіп көрсете білді. Жоғарғы айтылған көп мәселелер жөнінде өте маңызды, аса құнды пікірлер айтып, дұрыс сілтеулер берді.

Абай ғылым және искусство туралы. Қараңғыда қазақ елінің ортасынан жарқырап шыққан жарық жұлдыздай жалынды пікір иесі Абай өз халқын өрге сүйреудің қамын ойлады. Елді мәдениетке, ғылымға шақырады: Абай да Шоқан, Алтынсарин ұстаған бағытты өрістетуші болады.

Дүниежүзілік мәдениетке қол созған данышпан ақын, өз елін мәдениетке шақыра отырып, жастардың алдына оқу деген, өнер, білім деген мәселені қояды.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткесін түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім,—

¹ Абай Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы, Алматы, 1945 ж. 32-бет.

деп, өзінің жас кезінде оқи алмай қалғанын арман етеді. «Жастар, менің мұнымнан үлгі алма, жастық шақты бос өткізбей, оқуға, ғылым алуға жұмса» — дегенді айтады.

Ол кездегі байлардың балаларын оқытқандағы мақсаты: шен алу, патша үкіметіне қызмет ету, елдегі өз қожалығын берік ұстау болса, Абай оған қарама-қарсы, ғылым алуды, сол ғылымды ел керегіне жұмсауды мақсат етеді.

Абайдың бұл мақсаты, әсіресе «Интернатта оқып жүр» деген өлеңінен айқын көрінеді. Оқытқан әкенің де, оқыған баланың да ой-өрістерінің тарлығын, орыс тілін білудегі мақсат «прошение» жазудан әрі аса алмай жүргенін сынай келіп, Абай:

«Нан таппаймыз» демейді,
Бүлінсе елдің арасы.
Иждаһатсыз, михнатсыз,
Табылмас ғылым сарасы
Аз білгенін көпсінсе,
Көп қазаққа епсінсе,
Кімге тиер панасы? —

деп, ғылымның оңайлықпен қолға түспейтінін, адам өз білімін ешуақытта көпсінбей, өзіне-өзі сын көзімен қарау керектігін ескертеді.

Сөйтіп, оқу-білім алу — елге ептілік жасау үшін емес, бірлікке, ел болуға, мәдениетті болуға жұмсалса, сонда ғана одан нәтиже шығады деген қорытындыға келеді.

Абай оқыған жастардың теріс тәрбиеленуіне, олардың өскен ортасы, қазақтың надандығы, алауыздығы кінәлі деп біледі:

Ойында жоқ олардың,
Салтыков пен Толстой,
«Я адвокат, я тілмаш
Болсам» деген бәрінде ой,—

деп, өрісі тар, күнделікті ғана ойлаушылықты шеней отырып, адамның мінез-құлқын түзетуге әрекет істейді. Елді тұншықтырып отырған помещиктер қоғамының негізін жоюға күш салған Салтыков-Щедринді мадақтайды. Оқушыларға сендер де Толстой, Салтыков-Щедриндей болыңдар дейді. Оларды үлгі ету — қазақтан солардай ел қамын жейтін адамдар шығуын аңсағандық еді.

Оқып шығып, патша үкіметіне қызмет студі ақын қордык деп біледі:

Военный қызмет іздеме,
Оқалы киім киюге,
Бос мақтанға салынып,
Бекер көкірек керуге,
Қызмет қылма оязға
Жанбай жатып сөнуге,—

дейді.

Абай жастардың алдында тұрған зор міндет — ғылым, қайткен күнде де, ғылымға қол созу керек деп, көп өлендерінде-ақ ғылымды жыр етеді:

Ғылым таппай мақтанба!
Орын таппай баптанба!
Ойнап босқа күлуге...

Немесе:

Ғалым болмай немене
Балалықты қойсаңыз?
Болмасаң да ұқсап бақ
Бір ғалымды көрсеңіз.
«Ондай болмақ қайда?» — деп
Айтпа, ғылым сүйсеңіз! —

деп, ақын адамның ең қымбатты кезі — жастық шақтың оқу, ғылымға жұмсалуды талап етеді. Ойын-сауықты кейін қоя тұрып, алдымен ғылым жолында еңбек ет, ізден, ғалымдардан үлгі ал, солардай болуға тырыс деп айта келеді де:

Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл берсеңіз.—

деп қортынды шығарады.

Бұл сол кездегі жаңалықты аңсаушы алдыңғы қатардағылардың идеясы. Сол идея Абай өлеңінен орын алды.

Абайдың бұл пікірі, ғылымға жол бермей келе жатқан ескі надандыққа аяусыз соққы болып, жаңалыққа жол ашты. Халықтың білімге талпынуына басшылық көрсеткен пікір болды.

Абай халықты тек жалаң ғылымға ғана үндеп қойған жоқ, жастардың болашағына үлгі боларлық ақылдар айтты, қандай нәрседен қашып, қандай нәрсені өзіне жолдас ету керектігін көрсетті:

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз,
Тілеуің, өмірің алдында,

Оған қайғы жесеңіз,
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ,
Бес дұшпаның білсеңіз,
Талап, еңбек, терен ой,
Қанағат, рақым ойлап қой.
Бес асыл іс көнсеңіз,—

деді.

Абайдың бұл сөздерінің күні бүгінге дейін мәні зор. Күні бүгін айтылып отырған сөз сықылды. Ақын айтқан: өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, орынсыз мал шашу сияқты теріс әдеттерге біз, күні бүгіннің өзінде де аяусыз күрес ашып келеміз, біз де жастарды осы айтылғандарға қарсы тәрбиелейміз. Ал, оның айтып отырған талап, еңбек ғылым, қанағат рахымы да біздің казіргі тәрбиеге дәл келеді. Талап ет, еңбек ет, ойлы бол, бір нәрсені өзбетіңмен іздеуге тырыс, досқа қайырымды бол деп біз де айтамыз. Абай айтқан бұл пікірлердің бәрі де бүгінгі тілекпен түгел қабысады.

Әрине, Абайдың тәрбие жөнінде айтқандары жалғыз бұл емес. Басқа өлеңдерін былай қойғанда, осы «ғылым таппай мақтанба» деген өлеңінің өзінде тәрбиелік мәні зор үлкен-үлкен мәселелерді жастардың алдына қояды. Байға, ақсақалға бас имеу, шыннан өтірікті айыра білу, не болса да ақылға салып ойлап айту сияқты жастарды адамгершілікке үйретіп, олардың мінез-құлқын, көзқарасын дұрыс жолға салатын ақыл береді.

Абай ғылым мен еңбекті ешуақытта бөліп көрген емес:

Қызмет қылып мал таппай,
Ғылым оқып ой таппай —
Құр үйінде жатады,—

дегені тәрізді, еңбек пен ғылым мәселесін қатар көтерді. Талап, еңбек, ой, рақым деген сөздер Абайда әржерде әртүрлі айтылғанмен, құятын арнасы біреу. Талап пен еңбек бір жерде қайрат болып, ой — ғылым болып, рақым — жүрек болып айтылса да, ақыл, еңбек, жүрек, ғылым — осы төрт сөздің маңынан алыс кетпейді. Оның көп өлеңдерінде осы төрт сөздің мәнін кеңінен шолып, тереңірек түсінгендігі байқалады:

Әуелден бір суық мұз — ақыл зерек,
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек,
Тоқтаулылық, талапты, шыдамдылық.

Бұл қайраттан шығады,— білсең керек
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жолда жоқ, жарым есті жақсы демек.
Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ.
Тулап, қайнап, бір жүрек қылады әлек.
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз.
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек, —

деген тәрізді өзінің философиялық өлеңдерінде бұл төрт сөзді арқау ете сөйлейді. Сөйтіп, қазақ даласында да ол өзінің тамаша көркем асыл сөздерімен әділеттіліктің, ғылымның, еңбектің, адамгершіліктің туын көтереді. Ол тек өз заманының адамдары ғана емес, келесі ұрпаққа да осыны айтып өткен ақын.

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң арқалан,
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та бар, қалан! —

деп, кемеңгер ақын өз кезінің де, келесі ұрпақтардың да алдына үлкен бір игілікті міндет қойды.

Абайдың халықты ғылымға үндеуі — тек бір ғана ғылым мәселесін қозғаған бір жақты үндеу емес, ол заман жайында, өз халқының тіршілігіне, оның келешегіне, өз елінің алдыңғы қатарлы озық елдердің қатарына қосылуына байланысты саналуан келелі мәселелерді қозғаған, тереңнен толғаған, қиынға сермеген ақыл-ойдың, өз халқын жанындай жақсы көрген асыл жүректің жалынды үндеуі сияқты.

Абай адам деген ардақты атты тек талапты болса, еңбек етсе, терең ойлы болса,— ғылым тапса, рақымды болса ғана ақтауға болады деп ұғады. Абай адамның адамшылық қасиетін осылай белгілейді.

Демек, ақын оларға ақылды, ойлы бол, ғылымды меңгер, еңбек ет, рақымды бол, ел қамын ойла. Салтыков пен Толстой сияқты бол, іздеп, талапты бол дегенде, адамзаттың бір керегіне жара, оның кәдесіне ас, қоғамда өзіңе лайықты орын тап:

Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та бар қалан! —

деді.

Қазақ халқында искусствонның архитектура, скульпту-

ра, живопись тәрізді салалары кейін қалды. Олардың кейбір элементтері туралы болмаса, мынандай архитектура, не живописіміз бар деп, ешкім айта алмайды. Егер, искусствоның негізгі бір саласы ән мен өнер десек, бұл соңғы екеуі алдыңғылармен салыстырғанда, анағұрлым өскен, қанатын кең жайған түрлері деуге болады. Ғасырлар бойы жасалып келе жатқан сөз өрнегінің негізі — халық әдебиеті өзінің құндылығымен ел жүрегінен орын алып, бүгінге дейін сақталып отыр. Бір дәуірдің, не тарихи үлкен уақиғаның айқын айнасы болған күйлер, тамаша әндер, халықтың өзі туғызған зор мәдени байлығы еді.

Абай мұны жақсы түсінді. Искусствоның әлеуметтік мәнін дұрыс ұға білумен қатар, оның әр түріне ғылыми баға беруге тырысты.

Сөз өнері — өлең жөнінде қазақ елінде бұрын-соңды Абайдай асқан құнды пікірді ешкім айтқан емес:

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең,
Өмірдегі қызықтың бәрі өлеңмен,
Ойлансаңшы бос қақпай, елең-селең,—

деп, Абай қазақ халқының өмірінде өлеңнің қандай мәні барлығын айқын көрсетіп берді. Бала туғандағы шілде-хана, қыз ұзатқандағы той бастар өлеңдері, адам өлгенде айтылатын жоқтаулармен дәлелдей келіп, өмірде искусствомен байланыссыз ешнәрсе жоқ дейді. Шынында да, қандай жағдай болсын, көркемөнермен байланысты боп отыратыны сөзсіз.

Абайдың бұл пікірі — алғашқы қоғамнан бері қарай көркемөнер адам баласының күн көрісі үшін керекті құралы болды деген ғылымпаздардың көзқарастарына дәл келеді.

Абай — өлеңді искусство деп таныды. Өлеңді бағалай алмай, әркімді мақтап жырлаушыларды Абай қатты шенейді:

Бұрынғы ескі биды тұрсам барлап,
Мақалдап айтады екен сөз қосарлап,
Ақындары — ақылсыз, надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты, жоқтап қармап,
Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,
Мақтаумен өлең айтып әркемге арнап.
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Кетірген сөз қадірін жұрттың шарлап,—

деп, көркемдігі нашар, әлеуметтік мәні аз өлең шығарушыларға өлеңнің қадірін кетірушілерге, қарсы күрес ашып, өлеңнің мазмұны жағына да, түрі жағына да белгілі шарт қойды.

Жазықсыз елді талаған «ерді», «алтын иек, сары ала қызды» жыр етіп, «күн өткізбек әңгімені» дәріптеушілерге қарсы Абай:

Ақыл сөзге ынтасыз жұрт шабандап,
Көнгенім-ақ соған деп жүр табандап.
Кісімсіген жеп кетер, білімсіз көп,
Жіберсем өкпелеме көп жамандап.—

дейді.

Ақындарды жұртқа ақыл беретін сөз шығар деп үгітесе, елдің ондай сөзді үстірт тыңдайтынын сынап, ол әдеттерін жоймақшы болады.

Абай ақындардың алдына әлеуметтік мәні бар үлкен мәселелерді қойды. Ақындардың өлеңінде ынсап, ар, ұят, талап, ой, ғылым тәрізді көпшілікке пайдалы нәрселер болуы керек деді. Ақын екінші бір өлеңінде:

Мен жазбаймын өленді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін,
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін! —

деп, өлеңге өзінің көзқарасын ашық айтады. Абай қағидасы бойынша ақын да, оның өлеңі де халыққа қызмет істеуі керек.

Ақынның өлең жазғандағы мақсаты жастарға үлгі беру, олардың сана-сезімін ашу, жастардың халық үшін жұмыс істейтін сапалы адам болуын аңсау, міне, Абайдың түпкі қазығы, көздеген нысанасы осы болады. Абай осы пікірін басқаға да ұсынады.

Абай өлеңнің көркемдігіне де белгілі шарт қойды. Бірақ, ол түр мен мазмұнды бөліп қараған жоқ. Екеуінің айырмасын көре білумен қатар, бірлігін де көре білді.

Өлеңнің «іші алтын, сырты күміс» болсын деді. Абайдың өлеңге қойған бұл шарты күні бүгінге дейін дұрыс және ғылыми анықтауларға дәл келеді. Өлеңнің түрі мен мазмұны бір-біріне қабыспай, шалғай жатса, ондай өлеңнің ешбір бағасы болмайды деді Абай. (Бұл туралы Абай поэзиясының тілі деген бөлімде толық талданады).

Халықтың ауыз өлеңдерінде кездесетін:

Астымда атым мінген құла қасқа,
Құдыққа шеген салдым құламасқа,
Ауылын бірге отырып, кетсе басқа,
Беріп кет сақинанды жыламасқа...—

дегендер тәрізді, айтайын деген ой соңғы екі жолында болады да, алдыңғы екі жолы, тек тармақ, буын санын толтырып, шумақ жасау үшін босқа тұратын өлеңдер болатын.

Міне, Абай осыны көре білді де, соған қарсы шықты. Мәдениетті, ұлы классиктердің салтынан үлгі алған, өлеңнің ішінде мағанасыз, босқа тұрған сөздерді көзге шыққан сүйелдей көріп, басы артық сөз қолданушыларды қатты шенеді.

Абай мұны сөз жүзінде ғана айтып қойған жоқ, іс жүзіне толық асыра білді.

Шынында, Абай өлеңдерінен басы артық орынсыз тұрған сөз табу қиын. Әр сөзінің орны, өз мағанасы бар, айтайын деген ойының бір керегіне жарап, әрқайсысы өз жұмысын атқарып тұрады. Ол бір басқан ізін қайталамайды. Бір өлеңінде қолданған сөзін екінші өлеңде қайта қолданбайды. Қолдана қалса, оны біле тұра басқаша мән беріп, басқа бір жағдайға сәйкес етіп қолданады. Не сөзге эпитет қосып, басқа бір жаңа бейнеге айналдырып жібереді.

Абай көре білген кемшіліктердің бірі — қазақ поэзиясын шұбарлаған араб, парсы сөздері болды. Ислам діні арқылы, түрік, татар әдебиеті арқылы қазақ әдебиетіне де араб, парсы сөздері кіре бастады. Бұрынғы әдебиеттерде там-тұмдап қана болса, Абай кезінде тіл шұбарлау недәуір өрістегені байқалды. Жас уақытында ақынның өзі де оған еліктеді. Бірақ, ол ес біліп, ақындық өнері қалыптаса бастасымен-ақ, араб, парсы сөздерімен тілді шұбарлаудан бастартып, өлеңдердің тілі неғұрлым таза, халыққа түсінікті болуына көңіл бөлді.

Абайдың аса көңіл бөлгенінің бірі музыкалық өнер болды.

Еңалдымен ақын әнге, музыкаға өз көзқарасын білдіріп:

Құлақтан кіріп, бойды алар,
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсен, менше сүй! —

дейді.

Бірақ, Абайдың ән жөніндегі айта қалғандай еңбегі — әнге өзінің көзқарасын ғана айтып қоюы емес, әнге баға берушілігі.

Абай әннің көркемөнерлік қасиетін де, әлеуметтік мәнін де жақсы түсінді.

Шырқап, қалқып, сорғалап тамылжиды,
Жүрек тербеп оятар, баста миды.
Бұл дүниенің ләззәті бәрі сонда,
Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды,
Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар.
Оның тәтті оралған мәні оятар.
Кейі зауық, кейі мұң дертін қозғап,
Жас балаша көңілді жақсы уатар...

Бұл үзіндіде әнді көркем өнердің жоғарғы бір түрі деп бағалаушылық былай тұрсын, оның әсіресе адам өміріне керекті жағы тамаша айтылған.

Абай өз кезіндегі ән салушыларға да, әнді тыңдаушыларға да риза болмайды. Әннің әлеуметтік, тәрбиелік мәнін ән салушылардың көбі ұқпайды, тыңдаушылары да солай, бұл басты кемшіліктің бірі дегенді айтады.

Сөйтіп, Абай: өмір сәулесі, көңіл күйі болып туған, баста миды оятып, жүрек тербететін әнді және оны дәл нақысына келтіріп, дұрыс сала білген әншіні ғана жақсы әнші деп біледі. Жақсы әнді ғана бағалайды.

Абай:

Әннің де естісі бар, есері бар.
Тыңдаушының құлағын кесері бар.
Ақылдың сөзіндей ойлы-күйлі,
Тыңдағанда көңілдің өсері бар,—

деп екіге бөледі.

«Құлақты кесетін» есер ән-күйге көңілді өсіретін есті, әсерлі әсем әнді қарсы қояды. Соңғысын керекті, алдыңғысын керексіз дейді.

Сол сықылды, ол ән салушыларды да екіге бөлді.

Көбінесе ән басы келеді ашы,
«Кел, тыңда!» — деп, өзгеге болар басшы.
Керім толғап тауысар қаңғыр-күңгір,
Сол жеріне ойыңмен араласшы! —

дейді.

Абай әдебиет және музыка мәселесіне ерекше көңіл бөліп, музыкалық өнердің дамып, жоғарғы дәрежеге жетуін тілек етті. Музыканын тәрбиелік мәнін, әлеумет өмі-

ріндегі қызметін дұрыс түсінді. Оның қанатын кең жайып, ілгері басуына белсене атсалысты. Талай асыл әндер шығарды («Сегіз аяқ», «Қор болды жаным», «Татьянаның әні» тағы басқалар.)

Сөйтіп, ұлы ақынымыздың музыкалық өнердің әрі өзіне тән ерекшелігін, әрі әлеуметтік, тәрбиелік мәнін терең түсініп, классикалық анықтамалар беруі кейінгі ұрпақтар үшін мәні зор. Сонымен қатар, өзінің ән шығарып, композиторлық өнер мен шұғылданушы кезіндегі және келешектегі жастарға көрсеткен үлгісі болды. Абайдың айналасынан ақын, әнші, композиторлардың да шығуы кемеңгер ақынның тікелей әсері еді.

МАҒАУИЯ АБАЙҰЛЫ ҚҰНАНБАЕВ

1869—1904

Мағауия 1869 жылы туып, 1904 жылы қайтыс болды. Мағауия қазақша да, орысша да оқыған. Әбдрахманнан кейінгі Абайдың қатты үміттенген ұлының бірі Мағауия болады. Бірақ ол жас кезінен ауруға шалдығып, ақыры сол науқасынан 35 жасында қайтыс болған.

Абайдың өмірбаянын айтқанда, біз ұлы ақын өз кезіндегі жұртшылыққа ой-сана жағынан ұстаз болды дедік. Сонымен қатар, Абай өзінің өкше ізін баса шыққан жас ақын, жазушы таланттардың творчестволық өсуіне тікелей басшылық етіп отырады.

Абайдың шәкірттері көп. Солардың ішіндегі ең таланттылары: Ақылбай, Мағауиялар. Абай оларға тақырыпты өзі беріп, оқытушысы да, тәрбиешісі де әрдайым өзі болып отырады. Ақылбайға: «Қысса Жүсіпті», Мағауияға: «Медғат Қасымды» жаздырады.

Өзі оқыған ұзақ романдардың сюжетін ертегішісі Баймағамбетке айтып беріп, сол арқылы елге таратады. Абайдың мұнысы да кездейсоқ емес, өзінің негізгі принципімен байланысты. Өйткені, Абай қазақ, орыс, шығыс мәдениетінің үшеуін де меңгере білді. Өмір құбылысын айқындауда болсын, жазушылық жолында өзіне керекті азығын алуда болсын, оны толық пайдаланды. Мұны ол өзінің шәкірттеріне де үлгі етті. Мағауия, Ақылбай тәрізді оқыған шәкірттерінің орыс батыс әдебиетінің сол кездегі әдеби әдісін, өмір шындығын суреттеуде негізгі

басшылық ете білуін талап етті де және оларға өзі басшылық көрсетіп отырды.

Абай қазақ көркем әдебиетін дамытқанда оның стиль, түр жағына да ерекше көңіл аударды. Мұны Абайдың тек өз шығармаларынан ғана емес, шәкірттерінің шығармаларынан да анық көруге болады.

Абайды реалист ақын, оның негізгі стилі реализм, ал романтизмнің Абайда тек элементі ғана бар десек, оның кейбір шәкірттері шығармаларын романтизм бағытында жазды. Романтизмнің реализмнен негізгі бір ерекшелігі — әртүрлі тарихи себептермен байланысты өзінің айналасына риза болмаушылық екені жұртшылыққа мәлім. Мұндай өз ортасына риза емес таптың, немесе топтың өкілдері — жыршы, ақындары не өткен өмірді көксейді, не болашақты қиял етті.

Жалпы Европа және орыс әдебиетінде романтизмнің дәуірлеген кезеңі — XIX ғасырдың алғашқы жартысы болды. Романтикалық өлең, поэма, драма, әңгіме романдардың жарыққа көп шыққан кезі де осы кез еді. Бұлардың көпшілігі сюжетті, уақиғалы шығармалар болды. Романтикалық қаһарман реалистік қаһармандардан іс-әрекеті, өмірге көзқарасы, мінез-құлқы, тіпті, сыртқы кескіндері жөнінде де басқаша суреттеледі. Сөйтіп, Европа орыс әдебиетіндегі романтизм марқайып, қалыптасқан, кемеліне келген әдеби стиль болды. Романтизмге жоғарыда айтылған айналасына риза болмаушылықпен бірге тағы да мынадай өзгешеліктер тән:

Бірінші уақиға дағдыдан тыс жағдайда болады, қаһармандарын жеке адам ретінде алсақ, күшті, жігерлі, қолынан ерлік те, жақсылық та келерлік адам болып суреттеліп, қатардағы адамдардан дараланып көрсетіледі; екінші, романтикалық қаһарманның мінез-құлқында да айрықша ерекшелік болады, демек бұзылса да мықтап бұзылып, түзелсе де мықтап түзеліп, не жасайым десе де шегіне жеткізе істейді; үшінші, қаһармандардың сыртқы бейнесінің өзінде де сол ерекшелік байқалады.

Жалпы романтикалық шығармаларға тән осы айтылғандарды қазақ әдебиеті тарихына жанастырсақ. Абайдың шәкірттері Мағауия мен Ақылбайлардың дастандарына дейін бізде сюжетті уақиғаға құрылған романтикалық бір де шығарма болған емес. Сюжетке құрылған романтикалық бірінші шығарма «Медғат, Қасым» мен «Қысса Жүсіп». Бұл дастандардың басқа елдердің әде-

биеттеріндегі романтикалық дастандарға тән ерекшеліктерді түгел дерлік табуға болады. Бұларда уақиға құруда болсын, образ жасауда болсын, қаһармандардың іс әрекетін суреттеуде болсын романтизмнің сарыны анық байқалады. Бұл жөнде қазақ әдебиетін стиль жағынан зерттеу, білу үшін Абай шәкірттеріне, әсіресе, Мағауияның «Медғат, Қасымына» айрықша тоқтауға тура келеді.

«Медғат, Қасымның» қысқаша мазмұны мынадай: Ниль дариясы бойындағы Африка еліне Мұрат деген адам баю үшін, Мысыр қаласынан кәсіп іздеп келеді, оның Медғат деген ұлы, Ғазиза деген қызы болады және Мария деген бір қызды еншілес етіп алады. Мұраттың құлдары көп, соның ішінде әрі қайратты, әрі қайсар Қасым деген бір құлы болады. Бұл құлдың шешесін жас кезінде Мұрат сатып алып, Қасымды өзіне бала етіп алады. Бірақ, Медғат туғасын оны құл орнына жұмсайды. Ержеткеннен кейін Қасым Марияны сүйіп; өзінің көңлін білдіреді. Мария Медғатпен әліптес болғандықтан Қасымды менсінбейтіндігін айтып, оған теріс қарайды. Онымен қоймай, бұл әңгімені Медғатқа жеткізеді. Медғат Қасымды су түтігінің (насостың) астына отырғызып, жаза тарттырады. Қасым талып қалады. Алайда бұл жазадан аман құтылып бірнеше күннен кейін Марияны өлтіріп кетеді. Бірнеше жыл өткеннен кейін Мұрат бай Мысырға көшпекші болады. Қасым сол кеткеннен үш жылдай қарақшы болып жүреді. Бұлардың көшейін деп жатқанын естіп жол тосады да, түнде Мұратты өлтіріп, Медғатты, Ғазизаны қолға түсіреді. Ғазизаның Сәлім деген сүйген жігіті болады екен, бірақ Мұрат пен Медғат оны кедейсініп Ғазизаны бермеген соң, ол бір аңшыға қосылып, аңшы болып кеткен екен. Енді соған хабар жетіп, барлық мергендер жиналып, Ғазизаны құтқармақшы болып келеді. Қасымның жолдастары арақ ішіп мас болып, өзі ұйықтап жатқанда, Сәлімдер қамайды. Қасым Ғазизаны алып қашады. Сәлім артынан қуады. Бірақ, Сәлімді Ғазиза танып Қасымды тоқтатады. Қасым Ғазизаны Сәлімге береді. Дастан осымен аяқталады.

Дастанның идеялық мазмұнындағы бір құндылық — Мұрат, Медғат сықылды құл иеленушілердің құлдарға көрсеткен ауыр азабын суреттеу. Дастанда Медғат пен Қасымның арасындағы қарым-қатынастан қожаның құлға деген мейірімсіздігі өте айқын көрінеді.

Мұрат та, Медғат та өте қатал, өте мейрімсіз адам болып суреттеледі. Олар құлды адам деп санамайды. Олардың құлдарды қалай жазалаймын, қалай жазғырам десе де еріктері өзінде. Бар байлық, бар игілігі құлдардың қолымен жасалып отырса да, ешбір кінәсыз Қасымды қатты жазаға бұйырады. Туысында бірбеткей өжет Қасымды Медғат қылмысқа айдайды. Ақырында жас жігіт дүниеден түңіледі. Мұрат та, Медғат та байлықты, сол байлықтан туған мен-мендікті ең жоғарғы нәрсе деп ұғады да, соны берік ұстайды. Сөйтіп, ақын құл иеленуші, жауыз байдың типін жасайды.

Ақын өзінің дастанында Мұратты да, Медғатты да жамандықтың өкілі ретінде көрсетуді мақсат етіп қойған да, ол тілегін дұрыс орындап шыға алған. Дастанды оқығанда оқушылар Мұратты да, Медғатты да мейлінше жек көреді. Өйткені, олардың екеуінің де ойлайтыны — байлық пен мен-мендік. Сол жолға кімді құрбан етуге болса да тайынбайды. Олардың осы тәрізді іс-әрекеттері оқушыларды өздеріне қарсы қояды.

Дастанда ерекше орын алатын қаһарман Қасым. Автор Қасымды ұнамды кейіпкер етіп көрсетуді мақсат еткен. Оның кісі өлтіріп қарақшы болып кетуін де, басқа қылмысты іс әрекеттерін де автор өзінше дәлелдеп, соның бәріне жауапты Медғат екенін аңғартады. Автор өзінің дастанында, бір жағынан өткен кездегі құл мен қожаның арасындағы күресті көрсетпек болса, екінші жағынан, кекке-кек, қанға-қан деген ескі пікірді қолдайды. Әрине, соңғы пікірдің дұрыс та, теріс те жағы бар. Кекке-кек, қанға-қан таптық тұрғыдан, отан тілегінен туса, ол күрес ел жауы, отан жауы үшін жұмсалған күрес болмақ. Бірақ, мұндағы кекке-кек мәселесі, олай емес, сондықтан қазіргі тұрғыдан қарағанда, ондай күресті дәріптеуге болмайды.

Бірақ, автордың көрсетіп отырған уақиғасы өткен замандыкі. Ол кезде басқа жолдың болуы да қиын және автордың мақсаты кек үшін күрескен өжет, ер намысқор адамның образын жасау, айқындалған таптық санасы болмаса да, таптық жағдай, правосыз өмір, қожадан көрген орынсыз зорлыққа қарсы аттанған құлды, әржағдайда алып романтикалық қаһарман етіп көрсету. Объективтік көзбен қарағанда, Қасымның Медғатқа қарсы күресі тек сол дәуірдің шеңберінде ғана мәні бар. Ал, бү-

гінгі көзқараспен қарасақ, артта қалған, күрестің атам-заманғы ескі әдісі.

Бұл дастанның біздер үшін екінші бір құндылық жағы — өз кезінде қазақ әдебиетіндегі жаңалығы. Жас ақын Мағауия «Медғат, Қасым» арқылы қазақ әдебиетіне мәдениеті алдағы орыс әдебиетіндегідей романтикалық бағытты енгізді. Автор өзі оны айқын түсінді ме, жоқ па ол арасын ашу қиын. Бірақ, дастанның құрылысына, уақиғасына, образ жасау әдістеріне қарағанда, автордың ол кездегі романтик ақын, жазушылармен де, романтикалық дастан, романдармен де жақсы таныстығы байқалады. Сондықтан да, ақын өзінің дастанын шын мәніндегі романтикалық дастан етіп шығара алған.

Уақиғаның байланысы жай дағдыдағы эпостық дастандардың ізінше басталса да, кейін уақиғаның болған жағдайлары және уақиғаның даму кезеңдері басқаша бола бастайды. Ең алдымен уақиға дағдыдан тыс, жаңа географиялық ортада болады. Қаһармандарының іс-әрекет, мінез-құлық, наным-сенім, тіпті, сыртқы көрініс, т. б. алсақ қалыптағы жай іс-әрекет, мінез-құлықтардан мүлде ерекше.

Бір амалмен екінші амалдың байланысы, уақиғаның шиеленісі, шарықтау шегі — бәрі де күтпеген жерден кенет жалтарысқа ұшырап, шешілуі де осыған сәйкес болып келеді. Адам образдарын жасау әдісі де осыған дәл. Солардың ішінде, романтикалық қаһарманды көз алдына елестете аларлық және өте шебер жасалған образ деп бас қаһарманы Қасым образын айтуға болады.

Қасым — өжет, қайратты, бірбеткей, қайсар, мейлінше кекшіл. Оның істерінің қайсысын алсақ та ірі, басқалардан бөлек, ерекше. Бір жерінде:

Дейтұғын бір құлы бар Қасым атты,
Қара сұрлау, пішіні зәңгі затты.
Отты қара көзі бар, ұзын бойлы,
Тәкаппар, тәуекелшіл, бек қайратты,—

десе, екінші бір жерінде ақын Қасымның осы сыртқы кескініне, оның бірбет, қайсарлық мінезін де сай етіп суреттейді. Мысалы, Қасымды Медғат түтікпен (насоспен) жіберілген судың астына қойып, оны қатты жазалап жатқанда да ол дыбыс шығармайды.

Ылқ еткенімді естісе сүйсінер деп,
Тістеніп жатып алды ернін шайнап.
Су құйылды қраннан басына атып,
Қыңқ етіп дыбыс шықпай қалды қатып.
Ойбайынан өлгенін оңай көріп,
Шыдай берді жатса да қанша батып,—

деп суреттейді.

Қасым кекті қатты ұстайды. Жауына мейрімсіз және мейлінше қатал. Мұрат пен Медғатты жазалап, өлімге бұйырған жерінде де тайынбайды. Оның көз алдына жалғыз-ақ нәрсе елестейді. Ол — Медғаттың бұдан үш жыл бұрын қолданған жазасы. Мұрат пен Медғат қана емес, баяғыда Қасымды жазалап жатқанда ара түспегендігі үшін Ғазизаны да жазаға бұйырмақшы болады. Бірақ, Ғазизаның тәрбиешісі кемпірдің аналық сөзі Қасымның сезімін оятып, Ғазизаны жазадан аман алып қалады.

Бұл эпизодтың Қасым образын ашуда мәні ерекше. Оның романтикалық образ екендігі, әсіресе, осы жерде айқындалады. Романтиканың негізгі шарты екі түрлі шекке барушылық деп Белинский айтқан пікірге оның бұл жердегі мінезі дәл келеді.

Ғазизаны қолға түсірген жерде Қасымнан біз мейрімсіз, қаталдықты көрсек, кемпірдің сөзінен кейін өте мейрімді жұмсақтық, мейлінше рақымдылық мінезді көреміз. Енді ол Ғазизаны тек жазадан босатып қана қоймайды, оны өзі сүйген жігітіне қосып, өз жанынан жасау беріп, оған дәл туған ағасындай болады. Осының екеуі де романтикалық образдарға тән мінез.

Қасым қасына қол жиып, қарақшы болып жүргенде оның аңдығаны бай адамдар болады. Әрине, Қасымда оянған таптық сана жоқ. Бірақ, Мұрат Медғаттың өзіне жасаған зорлығы оның әрдайым көз алдында тұрады да, қарулы күшін соларға қарсы жұмсайды.

Ақын бұл жерді:

Әсіресе, байларға рақым етпес,
Ағаш толған зеңгінің бәрі ниеттес.
Сорлы болған адамға тағы әдеті,
Бір жақсылық қылады естен кетпес...—

деп суреттейді.

...Медғатқа көрсетермін өлсем-дағы,
Неге көмек болмайды істің ағы...—

деп, Қасым Медғаттан кек алу үшін бұл істеп жүрген іс әрекетін өзінше «ақтық» жолындағы, әділетсіздікке қарсы күрес деп ұғады. Сөйтіп, ақын өзінің дастанында өткен дәуірдегі жеке кекпен байланысты құлдар мен қожалардың арасындағы күрестердің бір көрінісінің суретін бермекші болған.

Жалпы алғанда құл мен қожалардың арасында болған үлкен-үлкен күрестердің тарихи шындығы көп болғанымен, қазақ әдебиетінде оның сәулесі аз болатын. Мағауияның «Медғат, Қасымының» бұл жағынан алғанда ерекше мәні бар. Өйткені, ескі ғасырлардағы Рим елдерінде болған құлдардың қозғалыстарын тарихтан өткенде оны оқушылардың көз алдарына елестету үшін де бұл дастанның көмегі тиеді.

Дастан тіл көркемдігі жағынан да құнды. Жаңа теңеу жаңа эпитеттер тәрізді сөз образдары өз алдына, әсіресе, құндылығы — қаһармандарына романтикалық мінездерді шебер түрде бере білушілігінде. Қаһармандарының ішкі сезімін, мінезін шебер суреттеуде жас ақын Мағауияның ұстазы Абайдан үйренгендігі анық байқалады.

«Медғат, Қасымды» романтикалық дастан дедік. Оған дейінгі қазақтың ауыз әдебиеті, жазба әдебиеті эпостық, лиро-эпостық және тарихи дастандарға бай болғанмен де, романтикалық дастандар бізде жоқ болатын. Сондықтан, бұл романтикалық дастанның үлгілерін, Абай шәкірттері орыс әдебиетінен алды. Өйткені, біріншіден, Мағауия, Ақылбайдың ұстазы оларға шығысты емес, орысты өнеге етті. Екіншіден, бұлардың екеуі де орыс әдебиетін еліктерлік дәрежеде жақсы білген. Ал, шығыс әдебиетін олар еліктерлік дәрежеде білді деуге дәлел аз. Осылардың жиынтығында бұл дастан орыс әдебиетіндегі романтикалық дастандардың әсерінен туды дейміз. Әрине, бір елдің ақыны екінші елдің әдебиетіне, ақындарына еліктесе өмір құбылысын тануда, көзқарасында олармен өзара жақындықтары болатыны белгілі қағида. Демек, Абайдың тәрбиесінде өскен Мағауияның да орыс әдебиетін нысанға алып, оған еліктеуі таңғаларлық нәрсе емес.

Қорыта айтқанда, «Медғат, Қасым» дастаны тақырыбы жағынан болсын, құрылысы жағынан болсын өз

кезінде жаңалық болды. ХІХ ғасырда қазақ әдебиетіндегі сюжетке құрылған романтикалық дастан, романтизм стилінің қазақ даласындағы әсері деп, «Медғат, Қасым» мен «Қысса Жүсіпті» ғана айтуға болады. Сондықтан да, оларды зерттеудің мәні зор. «Медғат, Қасымды» оқу, талдау арқылы біз жалпы романтикалық дастан және оның өзіне тән ерекшеліктерімен тұжырымды түрде танысамыз.



ІІ б ө л і м

АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТІЛІ

ТЕРЕҢ ҒЫЛЫМДЫҚ ЕҢБЕК

(Б е т а ш а р)

1946 жылғы июнь айының бірі қазақ халқы үшін аса бір қуанышты күн болды. Сол күні, кешкі сағат 8-де, Қазақтың мемлекеттік опера және балет театрының сәулетті кең залында салтанатты мәжіліс жасалып, Қазақ Ғылым академиясын ашу туралы СССР Министрлер Советінің қаулысы жарияланды. Сол мәжілісте Қазақстандағы жүздеген ғалымдардың озат отряды — Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелері және мүше-корреспонденттері сайланды. Оның бірі филология ғылымдарының докторы, жазушы Қажым (Қажығали) Жұмалиев жолдас.

Ғасырлар бойы ғылымға шөлдеген қазақ халқы совет өкіметі тұсында жүздеген бастауыш, ондаған орта, бірнеше жоғары дәрежелі мектеп ашылғаннан кейін, оқуға түгел жұмылды. Осы мектептерден аз жылдың ішінде ғылымның барлық саласынан талай жас мамандар даярланып шықты.

Осы совет мектептерінен оқып, көрнекті ғалым болып шыққандардың бірі — Қажым Жұмалиев. Ол — қазір филология ғылымдарының докторы. Қазақ ССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті. Оның үстіне жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Қажым Абай атындағы Педагогика институтына 1929 жылы түсіп, 1932 жылы оның тіл-әдебиет факультетін бітіреді. Соған кейін Қажым ұдайымен бес жыл Орал ка-

ласындағы Педагогика институтында қазақ әдебиетінен сабақ беріп, 1937 жылы Алматыдағы Педагогика институтына ауысады. Содан күні бүгінге шейін осы институтта педагог.

Қажымның қаламы ең алғаш көркем әдебиетпен ұшталды. Өлеңді 1928 жылдан бастап жаза бастады. Алғашқы өлеңдерін газет, журналдарда жариялап жүріп, 1933 жылы «Шабуыл» атты өлеңдер жинағын, 1934 ж. «Қанды асу» атты ұзақ поэмасын бастырды. Екінші жинағы «Өмір жыры» 1939 жылы шықты. Сондай өлең жазудан ол әлі қол үзген жоқ. Олардың ішінде қазақ поэмасының табысына жататын «Серт» сияқты өлеңдер мен «Сталин туралы жыр» сияқты поэмалар да аз емес. Соңғы кезде Қажым прозамен де айналысып жүр. Оның жазып жүрген «Исатай, Махамбет» атты романының үзіндісі «Айқас» деген атпен 1942 жылы жеке кітапша болып басылып, оқушылардан жақсы баға алды.

Қажымды 1932 жылдан бері жоғары дәрежелі мектепке қазақ әдебиетінен сабақ беретін мұғалім дедік. Мұғалім мен мұғалімнің арасында айырма бары мәлім. Бір мұғалім бар,— даяр кітаптарды қолданады, енді біреуі — әдебиетке өз көзқарасын айтады, жетпей жатқан кітап болса, жасауға ұмтылады.

Қажым осының соңғысына қосылатын творчестволық жолдағы мұғалім болды. Ол сабақ бере бастаған кезде қазақ әдебиетінің тарихы да, теориясы да жасалмаған еді. Осы олқылықты көре білген жас педагог Орал институтында жүргенде-ақ қазақ әдебиетінің теориясын жазуға кіріседі де, ол жұмысын 1938 жылы аяқтап жариялайды. Бұл қазақ тілінде жазылған бірінші әдебиет теориясы еді.

Қажым әдебиет теориясымен ғана шұғылданып қойған жоқ. Ол орта мектептерге арнап XVIII—XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихын жазды. 1941 жылы Қажым осы кітаппен филология ғылымдары кандидаты атағын алуға диссертация қорғап, қазақ әдебиетінің тарихынан филология ғылымдарының бірінші кандидаты болып атақ алды.

Бұл кітапты да Қажым қиын жағдайда жазған еді. Ол кезде қазақ әдебиетінің, әсіресе, XVIII—XIX ғасырлар әдебиетінің тарихы талқыланып болмаған мәселе болатын. Сондықтан, жалпы бағытын дұрыс ала отыра, Қажым бірнеше негізгі мәселелерді марксизм-ленинизм

тұрғысынан толық шешіп бере алған жоқ. Біріншіден, әрбір көркем шығарма тап тартысының құралы болса, осы мәселе кітаптың өнебойында бір тегіс айқын көрініп отырмады; екіншіден, феодалдық таптың әдебиетін, кейде, асыра бағалаушылық болды. Бұлардың бәрі елеулі кемшіліктер еді.

Жоғарыда айтылған ғылымдық екі еңбегіндегі осы кемшіліктерді түзеп, Қажым оқушылардың алдына тағы бір еңбегін тартқалы отыр. Онысы — «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі».

Қажымның бұл еңбегін орыстың қазіргі филология ғылымдарының атақты мамандары: СССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті Педагогикалық Ғылымдар академиясының толық мүшесі Н. К. Дмитриев, СССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті — С. Е. Малов, СССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті — В. М. Жирмунский, Өзбек Ғылым академиясының мүше-корреспонденті А. Қ. Боровков — бәрі де оқып, кейбір ұсақ кемшіліктерін көрсетумен қатар, бәрі де бірауыздан бұл еңбектің ғылымдық бағасы зор деп таныды.

СССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, Педагогикалық Ғылымдар академиясының толық мүшесі Н. К. Дмитриев былай деп жазды:

«Қ. Ж. Жұмалиев алған тақырыптың ғылымдық мәні өте зор. Абай қазақ әдебиетінде ең ірі тұлға, ол туралы жазылған сын, мақалалар да көп, бірақ Абай творчествосын бұл сықылды әр жағынан алып, тап осы көлемде әлі ешкім зерттеген емес...

Қазақ әдебиет тану ғылымында монографияның мұндай түрінің өзі жаңалық. Неге десеңіз, жазушының тіліне арналған монографиялық зерттеу орыс ғылымында зерттеу тәжірибесіне әлдеқашан кірген болса, қазақтың әдебиет тану ғылымында бұл енді қолға алынып отырған жаңа іс. Бұл еңбек филологияның екі түрлі саласын: тіл тану және әдебиет тану ғылымдарын жеткілікті дәрежеде жақсы түсінушілікті керек қылатын әдебиет зерттеу жұмысының анағұрлым жоғары белесі саналатын салада диссертация авторының жаңалық ашуы болып отыр. Бұған мынаны қосуға болады: ұлт әдебиеті классиктерінің тілін зерттеу ісі біздің одақтас және автономиялық республикамыздың басқаларында шын мәнінде әлі басталған да жоқ. Өзбекстанда Навои, Азербайжанда

М. Ф. Ахундовтың тілдері туралы жеке мақалаларды айтпасақ, ауыз толарлық нәрсе аз. Мысалы: Түркменстанда Махтумкулидің тілі туралы әлі құнарлы нәрсе жасалынған жоқ десек, Татарстанда Тоқайдың тілі туралы ешнәрсе де жазылған емес.

Автор өз жұмысын да тарихи тұрғыдан қарайды. Абай творчествосы барлық жерде де «Абай дәуіріне шейінгі» қазақ әдебиетіне салыстырылып отырылады, нақ осы әбден дұрыс әдіс. Бұл әдіс Абайдың өзгеріс енгізуіндегі еңбегі не екендігін айқынырақ тануымызға мүмкіндік береді.

Екінші жағынан Қ. Ж. Жұмалиев Абай творчествосын қазақ әдебиетінің кейінгі кезеңдерімен де байланыстыра талдайды. Сөйтіп, ақын еңбегі белгілі бір тарихи шеңберде алынып зерттелінеді.

Бұл негізгі мәселемен бірге автордың мұқият зерттеген мәселелерінің бірі — Абай творчествосының орыс әдебиетімен, жалпы орыс мәдениетімен байланысы. Бұл мәселенің де мәні зор...»

Профессор Н. К. Дмитриев айтқандай, автордың алғашқы еңбегі «Абай поэзиясының тілі» деп аталса да, автор жалғыз Абайдың ғана поэзиялық тілі емес, бүкіл ХІХ ғасыр қазақ поэзиясының тілін тұтасынан алады.

Осы дұрыс па? Біреулерден «негізгі тема Абайдың поэзиясы болған соң, сол туралы ғана неге жазылмайды» деген сұрау тумай ма? Әрине, туады. Бірақ, ол сұраудың үстірт екендігі еңбекті оқығанда аңғарылады.

Дарынды талант бола тұра, Абай не көктен түскен, не жерден шыққан, болмаса дара өскен адам емес. Оның өмір сүріп өскен, араласқан ортасы бар. Ол — осы ортаның жемісі. Бізше, автор бұл еңбегінде үш мәселені дұрыс шешеді:

1. Абайдың өскен топырағы — қазақтың халықтық әдебиеті. Ондай әдебиет болмаса, Абай да болмас еді.

2. Абайдан арғы кезде де, Абай тұсында да, қазақ әдебиетіне көбірек әсер еткен шығыс әдебиеті. Ол әдебиеттерден Абай да азықтанды.

3. Абай жасаған ХІХ ғасырдың екінші жартысында, қазақ халқының өмірінде жаңа дәуір басталған еді. Ол қазақтың ұлы орыс халқының бай мәдениетіне бойұруы, содан азық алуға ұмтылуы болды. Абай қазақ халқын осы жолға жетектеушінің де, осы жолдан мол азық алушының да бірі.

Осы үш мәселені де Қажым ғылымдық дәлелдермен ойдағыдай шешкен.

Бірақ, үлгі алу мен игерудің арасында көп айырма бар. Үлгі алам деп, сол алатын үлгісінің көлеңкесінде қалып қою бар да, алған үлгіні бойына сіңіріп, өзіндік іс жасай алу бар. Қажым Абайдың соңғы жүйедегі адам екенін дәлелдейді.

Қазақ әдебиетінің даму тарихында Абай — жаңа бел. Одан бұрынғы әдебиетте де дарынды және тарихқа аты мәлім ақындар болғанымен, сол ақындардың, олардың шығармаларының жалпы әдісі фольклордың шеңберінен шыға алмайды. Қазақ әдебиетін фольклорлық шеңберден шығарған, алдыңғы қатарлы орыс, европалық поэзияның дәрежесіне жеткізген қазақтың бірінші ақыны — Абай, Қажым еңбегінде бұл мәселені де дұрыс шешеді.

Сондай жаңалықты жасауда Абайдың үлгісі кім? Қажымның ойынша — орыс әдебиеті. Бұл да дұрыс айтылған мәселе.

Өзіне шейінгі қазақтың поэзиясы Абайға үлгі емес, азық қана. Өзіне шейінгі қазақ поэзиясына еліктеп жазған Абайдың шығармасы жоқ, не жоқтың қасы. «Жаздыкүні шілде болғанда» сияқты фольклордағы жыр түрімен жазылған өлеңінің өзі де сырты ғана ұқсас сияқтанғанмен, ішкі мазмұны фольклордан аулақ, жазба поэзиясымен қолтықтасып жатады.

Шығыстың, әсіресе, араб, парсы, шағатай әдебиетін жақсы білгенмен, ол әдебиет те Абайдың үлгісі емес, азығы ғана. Ертерек жазған бірер өлеңі болмаса, түр жағынан да, мазмұн жағынан да Абай шығармаларын шығыстың пәлен ақынның пәлен шығармасына ұқсайды деп ешкім дәлелдей алмайды.

Ал, орыс әдебиетін алсақ, Абайдың шығармаларының оларға қабысып жататындары көп. Мәселен, эстетикалық көзқарасында Абай Белинскиймен үндес, көп өлеңдері Пушкиннің, әсіресе, Лермонтовтың өлеңдерімен рухтас боп жатады, өмірге реалистік көзбен қарауда Толстоймен, өмірдегі кемшіліктерді сықақтауда Салтыков-Щедринмен ұрандасып кетеді.

Абайдың орыс әдебиетімен осындай тығыз байланысы барын кең және терең дәлелдеген Қажым Абайды орыс жазушыларының көлеңкесіне өскен көде сияқты ақын ғып емес, олардан үйрене отыра, солармен теңдесе

өскен, өзіндік ойы, көркемдік әдісі, шеңберлігі бар ақын ғып сыйпаттайды.

Қажымның бұл еңбегінің бір бағалы жері — негізгі үлгісі орыс әдебиеті болған Абайды қазақтың шын мағынасындағы көркем әдебиетін жасаушы, қазақтың әдебиет тілінің негізін салушы ақын екендігін дәлелдеу. Абайдың ірілігі де осында. Абайдың барлық шығармасында мәдениеттілік жағынан орыс әдебиетіне теңдес түсерлік, мазмұнына түрі сай, қазақтың бәрі ұғарлық, Абайдың ұлт қазынасын жасауы, адам қайран қаларлық және Абай тәрізді данышпан ақынның ғана қолынан келетін іс еді. Қажым бұл еңбегінде ұлы ақынның сол дәрежеге қалай жеткендігін ойдағыдай дәлелдей алған.

Тақырыбы «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» делінсе, мазмұны да осыған сай. Бұл мәселе еңбектің басынан аяғына шейін тармақталып, өрбіп отырады. Осы мәселені талдау арқылы автор оқушыларына көп жаңалықтарды ашып береді. Бұл жаңалықтарды автор Абайдың алды-артындағы қазақ поэзиясымен салыстыра отырып айқындайды. Абайдан бұрын өткен, я тұстас болған ақындардан Абайдың бойының қаншалық биіктігі осы салыстырудан айқын көрінеді. Егер мұны істемесе, Қажымның еңбегі жалаң теория болар еді. Ондай қатеден автор аулақ.

Әрбір ғылыми еңбектің жақсы жақтарымен қатар, кемшіліктері де болмай қалмайды. Бадырайып тұрған кемшіліктері болмағанмен, ұсақ-түйек жетімсіздіктерден бұл еңбек те құр емес екен, ондай жетімсіздіктердің көзге іліккені авторға айтылды да, автор оларды қабылдап түзетті де.

Бұл еңбек жарияланғаннан кейін, сынаушылар да болар, олар біз байқамаған кемшіліктерді табар да, бірақ солардың ешқайсысы кітаптың жақсы жақтарын бекер дей алмас. Мұның құнды еңбек екеніне таласпас.

Сәбит Мұқанов.

І тарау **ТҮСІНДІРМЕ**

Қазақтың әлеуметтік өмірінің даму процесінде болсын, әдебиет тарихында болсын Абайдың орны ерекше екені жұртшылығымызға мәлім. Қазақ әдебиеті тарихында басқа ақындар бір төбе де, Абай бір төбе.

Өйткені, Абай еңбектері өзіне шейінгі, өз кезіндегі алдағы әлеуметтік ой-сананың ғана асқар шыңы болып қойған жоқ, сонымен қатар, қазақ әдебиеті тарихындағы әдеби стиль, өлең құрылысы, поэтик тіл олардың да асқар шыңы болды. Абайдан кейінгі қазақ әдебиеті Абай бастаған жаңа арна, жаңа жолға түсті. Демек, Абайды білу, Абайды тану, бүкіл қазақ әдебиетінің даму жолдарын білу, ХІХ ғасырдағы әлеуметтік ой-сананың барысын аңғару болып шығады. Сондықтан, жалпы Абай еңбектерін, оның бір саласы — тілін зерттеудің тарихи үлкен мәні барлығы сөзсіз.

Бұл еңбекте Абай шығармаларының бір-ақ жағы, яғни Абайдың поэзиясының тілі ғана алынып отыр. Әңгіме, негізінде, тек осы поэзия тілінің көлемінде болмақ. Ұлы ақынның шығармаларының басқа жақтары бұл еңбекте сөз болса, олар тек негізгі мәселеміз — тілді айқындау үшін, сонымен байланысты ғана айтылмақ.

Негізгі тақырып — Абайдың жалпы тілі делінбей, поэзиясының тілі делініп, бұлай шек қоюымыздың екі түрлі себебі бар:

Бірінші. Абайдың жиырма жылдық еңбегінің көбі

өлең. Қара сөздері аз. Олардың өзі де көркем қара сөз емес,— публицистика, әр түрлі өмір мәселелері туралы жазылған философиялық ғылыми трактаттар.

Екінші. Бұл еңбектің мақсаты: Абайды не үшін қазақтың әдебиет тілінің негізін салушы дейміз, оның себебі не, Абай қазақ әдеби тіліне не берді, не жаңалық енгізді, оның жолдары қандай? — деген мәселелердің бетін ашу болғандықтан, бұл жайттар, Абайдың алдындағы ауыз әдебиеті, тарихи әдебиет, өз тұсындағы әдебиеттерде не бар, не жоғын айқындап, солармен салыстыра зерттеуді талап етеді. Ал, Абай өлеңдерін салыстыру үшін алынған қазақтың ауыз әдебиеті, жырлары, тарихи әдебиет — бәрі де өлең.

Алтынсаринның аз-маз әңгімесі болмаса, құнарлы қара сөз ол кезде қазақта жоқтың қасы және ақынның өз шығармаларының да дені өлең болғандықтан, тақырыбымызды да осыған сәйкес «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» деп атадық.

Абайдың тілін жалпы алмай, белгілі шек қоюмыздың тағы бір себебі — алған мәселені жинақты, тұжырымды етіп, әсіресе, мәселенің тереңдік жағына көңіл бөлу болды. Егер, Абайдың тілін жалпы алсақ, онымен байланысты көп мәселелерді қамту қажеттігі, сөз жоқ, жалпылап кетуге келіп тіреген болар еді. Сондықтан, біз бұл жұмыста талқылау, зерттеу мәселесін поэтикалық тілдің маңына құруды мақұл таптық.

Абай поэзиясының тілі күні бүгінге дейін зерттелмегендіктен және поэтик тіл туралы да қазақ тілінде монографиялық еңбектер болмағандықтан, басшылық құралымыз негізінде орыс тіліндегі әдебиеттер болды.

Ең алдымен басшылық құрал болған марксизм-ленинизм классиктерінің идеология, искусство-әдебиет туралы еңбектері десек, сонымен бірге, қазақ тілі, қазақ әдебиетіне тікелей байланысты болмаса да, тіл және поэтика жөнінде жазылған орыс ғылымпаздарының, орыс тіліне аударылған кейбір шет ел ғалымдарының зерттеу жұмыстары пайдаланылды. Соңғылардың ішінен қазақ тіліне тігілей байланысы бар деп СССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденты, проф. С. Б. Маловтың «К истории казахского языка» деген еңбегін ғана атауға болады. Тіл, әдебиет теорияшыларынан үлгі ретінде пайдаланылған еңбектердің негізгілері: Аристотель. «Поэтика» (изд. АН СССР, Ленинград, 1927 г.), Античные тео-

рии языка и стиля (ОГИЗ, Москва-Ленинград, 1936 г.), Арбатов Б. «Язык поэтический и язык практический» («Печать и революция», кн. VII, 1923 г. Архив Маркса и Энгельса, том IV, Москва, 1935 г.), Белинский В. Г. Полн. собр. соч. (Под ред. Венгерова, том I—II—III—IV—V—VI, С.-П. 1910—1917 гг.), Боровков А. К. «Узбекский литературный язык» («Язык и мышление», том II, АН СССР, Ленинград, 1934 г.), Вандриес Ж. «Язык» (Москва, 1937 г.), Виноградов В. В. «Язык Пушкина» (М.— Ленинград, 1931 г.), Виноградов В. В. «Очерки по истории русского литературного языка XVIII—XIX вв.» (Москва, 1938 г.), Виноградов И. Вопросы марксистской поэтики» (Ленинград, 1938 г.), Горький М. «О литературе» (Москва, 1936 г.), Гроссман Л. «Борьба за стиль» (Опыты по критике и поэтике, Москва, 1937 г.), Гофман В. «Язык литературы» (Ленинград, 1938 г.), член-корр. АН СССР Жирмунский В. М. «Задачи поэтики» (Сб. «Задачи и методы изучения искусства», С.-П. 1921 г.), Корш Ф. Е. «Древнейший народный стих турецких племен» (Запад. Вост. Общ., т. XIX, вып. 2 и 3, АН СССР, С.-П., 1910 г.), Корш В. Ф. «Язык. как явление природы и орудие литературы» (Всеобщая история литературы, том VI), Ленин В. И. Сочинения, том XIV—XV (Москва, Ленинград, 1929 г.), Ленин В. И. «О культуре и искусстве» (ОГИЗ, Москва, 1938 г.), Ленин В. И. «Ленин о литературе» (ГИХЛ, Москва, 1941 г.), член-корр. АН СССР Малов С. Е. «К истории казахского языка» («Известия АН СССР, отд. литер. и языка», № 3, Москва, 1941 г.), Мандельштам И. Е. «О характере гоголевского стиля» (СПБ, Ленинград, Гельсингфорс, 1902 г., 1934 г.), Мещанинов И. И. «Новое учение о языке» (Ленинград, 1936 г.), академик Орлов А. С. «Казахский героический эпос» (АН СССР, Ленинград, 1954 г.), Потебня А. А. «Мысль и язык» (Пол. собр. сочин. т. I, изд. 4, Одесса, 1922 г.), Потебня. «Из записки по теории словесности. Басня. Пословица. Поговорка» (Харьков, 1914 г.), «Поэтика» (Сборник по теории поэтического языка, П., 1919 г.), проф. Пospelов Г. Н. «Теория литературы» (Учпедгиз, Москва, 1940 г.), Радлов В. В. «Образцы народной литературы тюркских племен», ч. III и IV (СПБ, 1870—1872 г.), Русские писатели о литературе (под ред. Балахутного С. А., том I—II, изд. Сов. писатель, Ленинград, 1940 г., 1941 г.), Саади Г. «Язык, литература

и письменность в человеческом мире и их истор. развитие» (на татарском языке, Казань, 1928 г.), проф. Тимофеев Л. И. «Теория литературы» (Учпедгиз, Москва, 1945 г.), проф. Томашевский Б. «Теория литературы» (Поэтика, Ленинград, 1925 г.), Чернышевский Н. Г. «Эстетические отношения искусства к действительности» (Госполитиздат, 1945 г.), чл. корр. АН СССР, Чернышев В. И. «Русский язык в произведении Тургенева» (Известия АН СССР, № 3, 1936 г.) — тағы басқа да осылар тәрізді тіл және поэтик тіл туралы жазылған орыс ғалымдарының еңбектері болды.

Осы жоғарыда айтылған еңбектерді зерттеп, тексеріп, олардың бізге керекті деген жерлерін қазақ әдебиеті, қазақтың поэтик тілдеріне талдаулар беру үшін пайдаланып, өзімізге басшылық еттік. Біздің екінші иек сүйеген мәліметтеріміз Абайдың өзі оқыған Навои, Сағаді, Низами тәрізді ақындарының шығармалары мен олар жөнінде жазылған Е. Э. Бертельс тәрізді шығыс әдебиетін зерттеуші ғалымдардың әралуан еңбектері болды.

Үшінші, негізгі материалымыз қазақтың ауыз әдебиеті, Абайдың алдындағы, өзінің тұсындағы әдеби шығармалардың поэтикалық тілдерін және Абайдың өз өлеңдеріндегі поэтик тілдердің барлық түрі түгел қамтылып жасалған картотекалар. Бұл — жұмыстың ішіндегі ең ауыры да және ең құндысы да. Өйткені, онысыз салыстыра зерттеу жұмысын жүргізу мүмкін емес. Бұл жұмыстың Қазақстан жағдайында және бір қиындығы — қазақтың көп ақындарының сөздерін қолжазба, тек архивтік фондылардан табуға болады. Басылып шыққандары жүзден бір ғана. Олардың өзі де соғыс кезіндегі қағаз мәселесінің қиындығынан жаңартылып басылмай, көзі азайып, қиындықпен ғана қолға түсетін материалға айналған.

Әйтсе де, Қазақстан, Москва библиотекаларындағы керекті деген бар мүмкіншілік толық қамтылды. Абай өлең шығармаларының тілдерін салыстыра зерттеу үшін қажет болған қазақ әдебиет нұсқалары негізінде түгел қамтылды-ау деп ойлаймыз.

Сөйтіп, қазақ әдебиетінің әр саласынан мол жасалынған картотекалардағы поэтик тілдерден келтірілген мысалдарды салыстыру арқылы ғана Абайға шейін не барлығын, Абайдың өзі не жаңалық енгізіп, қандай жол, қандай әдістер қолданғанын айқындауға тура келді.

Бұл жөнінде сыншыларымыз тағы бір нәрсені ескерулері керек. Бұл еңбекте бір мысалдың бірнеше жерде қайталануы мүмкін. Ол — жаңылғандық, салақтық емес, не айтайын деген пікірдің қажеттігінен туған, не поэтик тілдің бір-бірімен нық байланыстырылғанынан туған нәрсе деп қарауымыз қажет. Мысалы:

*«Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ бөкен қабақ»,—*

деген екі жолды алсақ, курсивпен терілген сөз теңеу де, қара әріппен терілген сөздер эпитеттер. Сондықтан, бұл екі жол теңеуге алынған мысалдарда да, эпитетке алынған мысалдарда да кездесе беруі мүмкін.

Абай поэзиясында қолданылатын поэтик тілдердің негізгілері түгел қамтылды. Бірен-саран түрлері кіргізілмесе, олардың жалпы Абай тілін айқындауда мәні, орны шамалы болғандықтан, әдейі қалдырдық (мысалы: ана-колуф, полиптотон).

Сонымен қатар, Абай өлеңдеріндегі дыбыс мәселесін де ашық қалдырып кеттік. Өйткені, біз Абайдың поэзиясының тілін зерттегенде, оны өзінен бұрынғы әдебиеттегі поэтик тілдермен салыстырғанда, негізгі мақсаттың бірі — Абайдың жаңалық, ерекшелігін айқындау десек, дыбыс мәселесі жөнінде айта қойғандай жаңалық, ерекшеліктерді кездестіру қиын тәрізді. Ескі әдебиеттерде кездесетін бір жайт дыбыс қуалаушылық болса, одан Абай ғана емес, оның алдындағы әдебиет те арылған болатын. Ал, табиғи, заңды түрде кездесетін дыбыс қайталау (мейлі ассонанс, мейлі аллитерация) барлық ақындардан да табыла береді. Сондықтан, Абайдың өз өлеңдерінен және онымен салыстыру үшін бұрынғы әдебиеттерден жасалынған картотека, мысалдарымыз толық бола тұрса да, ол жөнінде әзірге пікір айтудан тоқтала тұруды мақұл көрдік. Біздің бұл еңбекте Абайдың өзінен пайдаланғанымыз — Абай Құнанбайұлы «Шығармалары» атты толық жинақ, I том, 1939 жыл), СССР Ғылым академиясының қазақстандық филиалының әдебиет секторы бастырған жинақ пен Абай Құнанбайұлы «Шығармалары» (аударма мен қара сөз, II том, 1940 жыл) мұны да Қаз. ФАН бастырған. Бұл екі том Абайдың тілін зерттеген кезде әрі соңғы, әрі Абай өлеңдерінің баспаға шыққандарының ең толығы болғандықтан картотекалар да, мысалдар да осылардан алынды.

Үзінді алған жерлерде, қысқарту үшін (Абай, I том), (Абай, II том) деп беттерін қойып отырдық.

Бұл монографияны жазу үшін пайдаланылған, басшылық үшін қолданылған еңбектердің библиографиясы және Абайдың неологизмі, теңеу, эпитет т. б. поэтик тілдері туралы жасалған сөздіктері кітаптың көлемі шағын болғандықтан енгізілмеді. Тек үзінділер алынған басқа материалдар ғана жақшаның ішіне қойылған реттік сандар арқылы кітаптың аяғында ескертуде берілді.

II тарау

ПОЭТИК ТІЛДІҢ ҚАЗАҚ ӨМІРІНДЕГІ ОРНЫ МЕН МӘНІ

«Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,
Ойласаңшы, бос қақпай елең-селең...»

(Абай, I том, 81-бет).

Қазақтың шын мәніндегі көркем әдебиетінің негізін салушы ұлы ақынның тілін ғылыми түрде терең зерттеудің жалпы қазақ әдебиет тілінің даму жолдарын айқындауда маңызы зор, орны ерекше. Абай өлеңдерінің тілін зерттеп, ұлы ақын қазақ әдебиетінің тілін қалай дамытып, қалай ілгерілетті, жалпы тіл қорына не қосты, осылардың бетін ашу — қазіргі кездің туғызып отырған, толғағы әбден піскен мәселе. Әрине, бұл оңай жұмыс емес, көп зерттеу, көп талдауларды керек етеді.

Абайдың поэтик тілдерінің биік сатыға жету жолдарының ғылыми түрде бетін ашу үшін жалпы сөз өнері, оның өзегі саналатын поэтик тілдерінің қазақ өмірінде қандай мәні, орны болды? Фольклор, Абай алдындағы және оның өз кезіндегі әдебиеттердің поэтик тілдері қандай сатыда еді? Олармен салыстыра зерттегенде, тіл жағынан Абай не жаңалық енгізді? Өз ерекшеліктері қайсы? Шығыс және орыс әдебиеттерімен қандай байланыс, қарым-қатынастары болды? Міне алдымен осы мә-

селелердің бетін ашуымыз керек. Онсыз Абайдың қазақ әдебиет тілінің негізін салудағы орнын белгілеу қиын. Бұл мәселелердің беті ашылмай, Абайға шейінгі әдебиеттегі барымыз анау еді, Абайдың енгізген жаңалығы мынадай деп салыстыра отырып зерттесек қана, Абай қазақтың әдеби тілінің негізін салушы дей аламыз. Сондықтан, бұл мәселелердің әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, салыстыра отырып талдаулар беруіміз керек.

Демек, ең алдымен, өлең, оның негізгі құралы поэтик тілдің қазақ халқының өміріндегі мәні мен орны қандай болды, соған тоқталайық.

Орыстың атақты ұлы сыншысы Белинский өзінің «Әдебиет» деген сөздің «Жалпы мәні» дейтін мақаласында жазба сөз өнері, әдебиет, олардың айырмасы, жақындығы, қарым-қатынастарын айта келіп, бір жерінде: «Халықтардың сәбилік дәуіріндегі ой-санасы ең алдымен олардың поэзиясынан көрінеді, өйткені, мәдениеттің және білімнің қандай сатысында тұрса да, әрбір халықтың әрбір тайпаның өзіндік поэзиясы болады... халық, немесе, бір тайпа жазу өнерін білмеуі мүмкін, бірақ оның поэзиясы болмауы мүмкін емес» (5).

Ұлы сыншының бұл айтқан даналық пікірі біздің қазақ халқының өміріне де дәл келеді. Қазақ халқы жазба әдебиетімен кеш танысса да, ауызша әдебиетке (фольклорға), мейлінше, бай халықтың бірі.

Қазақ фольклоры байлығы, мазмұндылығы, көлемділігі жағынан қай елдің болсын фольклорымен таласа алады.

Көп тәңіріге бағыну қалдықтарын көрсететін «Күн жайлату», «Күн жаудыру», «Жылан арбау», «Бәдік», «Бүйіні оқу» тәрізді салт жырлары және «Қара өлең», «Қайым өлең», қысқасы, ауыз әдебиетінің ұсақ жанрларына жататын әр түрлі өлеңдерден бастап, зор оқиғалы ұсақ жырлар, оқиғаға қатысушы қаһармандарының ерлік салттары атадан балаға беріліп, тұқым қуалата сүдеттелетін «Қырымның қырық батыры» тәрізді жырлардың бізде болуы — ауызша әдебиеттің жоғарғы Белинскийдің құнды пікірін дәлелдеуі өз алдына және қандай дәрежеде болғанын да толық айқындайды.

Қазақтың ауыз әдебиеті — халықтың дін, философия, этнография, саясат, тәлім-тәрбие, ғылым, тарих сәулесі — бәрінің басы түйіскен үлкен қазна. Мәдениеттің сәбилік дәуірінде дін, философия, этнография, тәлім-тәр-

бие, ғылым — бәрінің функциясын әдебиет, поэзия атқаратыны әр елдің тарихына тән нәрсе. Қазақ елінің ескіден қалған тарихи, әдеби мұралары да осыны көрсетеді. Қазақтың ауыз әдебиетінде негізгі сала — поэзия.

Халықтың көп тәңіріге табыну кезіндегі сана сәулесін ауыз әдебиетінің ескілеу жұрнағының бірі саналатын «Ұсақ жанрдың» өзінде де біз стихиялық күштерге сөз арқылы әсер ету, кейде, жалбарынып, «қатаң тәңірді» жібіту, кейде қорқытып ығыстыру, қалайда стихияны өз дегеніне көндіру тілегі ашық айтылатындығын көреміз.

«Темір, темір, темір жан,
Темірдің ұлы қауға жан,
Тасырқасаң, тас жаудыр,
Қаһарлансаң, қар жаудыр!..
Кел, кел, бұлт, кел бұлт,
Екі енеге тел, бұлт,
Ағысы қатты сулардан
Сырғи соғып кел, бұлт!..
Дария шор, дария шор!» (6)

Бұл үзіндіде «темір жан», «қауға жан» — бұлт тәңірісі, «Дария шор» — су тәңірісі ұғымында, «Күн жайлау», «Наурыз жырындағы» да осы тәрізді тілек, жаксылық иелері, рақымды тәңірлерді сөз арқылы сыпайы тілекпен өздеріне икемдеп, тіршілік керегіне пайдалану.

«Мары, мары, мары жылан,
Бызыри бір жылан.
Ұзын, ұзын, ұз жылан,
Ұзын шашты келте жылан,
Маркари, сарқари,
Былдыр, шылдыр, болған түннің басынан
Лек-лек келеді, шық, жылан,
Ыс жылан, ышпар жылан,
Отыз бес көзді,
Қырық жүзді,
Орман түннің басынан,
Лек-лек келді шық, жылан!..
Бүйі келді, Қамбар, шық!
Бүйі келді, Қамбар, шық!
Отыз омыртқадан шық!
Қырық қабыртқадан шық!»
«Бүйі, бүйі, бүйі, шық!
Бүйі келді, Қамбар, шық!
Заһарыңды жаймай шық!
Отыз омыртқадан шық!
Қырық қабыртқадан шық!» (7)

Біз, «Бұлт шақыру», «Күн жайлатудан» жақсылық иелеріне жалбарыну, тілек тілеуді көрсек, соңғы «Бақсы жыры», «Жылан арбау», «Бұлт шақыру», «Бүйі» жырларында жамандық иелеріне және жылан-шаян сықылды зиянды жәндіктердің адамға ететін әртүрлі зияндарын сөз арқылы бөгеп, сөзбен табиғат құбылысына да, әртүрлі жәндіктерге де өз әсерлерін тигізу, оларды өзіне бағындыру мүддесін көреміз.

Әрине, бұл үзінді келтіріп отырған нұсқа ауыз әдебиетінің «Ұсақ жанры», олардың түрі қанша десек те, адам өзін табиғаттан айырмай, бір санап жүрген кездерден анағұрлым соң шыққан табиғат сырларын толық ұқпаса да, өзін табиғат деп танудан әлдеқашан арылған кездердегі ой-сана қалдықтары. Әйтсе де, табиғаттың әртүрлі стихиялық күштеріне, зиянды жәндіктеріне сөз арқылы әсер етемін деген әлі де ой-сананың сәбилік кезінен арылып кетпеген наным, сенім көлеңкесі екенін түсіну қиын емес.

Сонымен қатар, бұл жырларды ой-сананың қаншама сәбилік кезін көрсетеді, мәдениеттің әлі қаншама төменгі сатыда тұрғандығын аңғартады десек те, бір кездегі халықтың дүние танушылық, оған өзінің қарым-қатысы, өзінше табиғат құбылыстарына әсер етемін дегендегі құралы — поэзия, өлең, жырлар болғандықтан, поэзияның жалпы ел өміріндегі орны, мәні ескі кездің өзінде де осал болмағандығына бұл келтірілген мысалдар дәлел бола алады.

Ал, халық санасының анағұрлым өскен дәуіріндегі ой-пікірдің сәулесі болған ұсақ жанрдың екінші түрі саналатын «тұрмыс, салт жырларын» және мақал, мәтел, шешендер сөздерін алсақ, поэзия әлеумет өмірімен тікелей байланысты болып, әр мәселеде де поэзия үлкен орын алып, елдің елдігі үшін нақтылы, күшті құралының бірі болғандығын көреміз.

«Үгіт, жұбату», «Бет ашар», «Бесік жырларынан» бірнеше мысалдар келтірелік:

«...Ата, анаңа жаққайсың,
Күйеуінді күткейсің,
Өз басын құрмет еткейсің,
Қанша көңіл қалса да,
Бір-біріңді түтпейсің...» (8)
«Қайнағанның алдынан,
Қақандама, келіншек,
Үйге түскен түйені,

Бақандама, келіншек.
Көксауыр кебісің сартылдап,
Үй қыдырма, келіншек...»
«Құрығыңды майырып,
Түнде жылқы қайырып,
Жаудан жылқы айырып,
Жігіт болар ма екенсің?
Айыр қалпақ киісіп,
Ақырып жауға тиісіп,
Батыр болар ма екенсің?
Бармақтарың майысып,
Түрлі ою ойысып,
Ұста болар ма екенсің?
Таңдайларың тақылдап,
Сөйлегенде сөз бермей,
Шешен болар ма екенсің?» (9)

Бұл үзінділерден үстем таптың да, халықтың да тілегі, мақсаты айқын көрінеді. Жаңа түскен келінді феодалдық ғұрыпқа бағындыру мүддесін «Бет ашардан» көрсек, «Бесік» жырынан батырлық, ел қорғауды аңсаған халық арманын көру де қиын емес. Сондықтан, ауыз әдебиетінің бәрін бірыңғай халықтікі деген дұрыс болмас еді. Ауыз әдебиетін сөз қылғанда, ол халық мұрасы дегенде, әңгіме көпшілік жөнінде екендігі әрдайым есте болуы керек.

Халық өз ұлының ел қорғайтын батыр, жұрт басқарарлық шешен, ең болмаса, қолынан шеберлік өнері келетін ұста болуын аңсайды, жаңа ұрпақтың еліне игілі іс етуін мақсат етеді.

Шын мәнінде поэзия болмаса да, өзінің құрылысы жағынан, ырғақ, дыбыс қайталақтауы жағынан өлеңге өте жақын, қазақтың мақал, мәтел, нақыл сөздерін алсақ, олар да біздің осы пікірімізді растай түседі.

«Алтау ала болса, ауыздағыдан айырылады.
Төртеу түгел болса, төбедегіні келтіреді».
«Байлық — байлық емес, бірлік — байлық».
«Бірлік, бірлік түбі — тірлік».
«Бейнет, бейнет түбі — зейнет».
«Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді»
«Мал — жаным садағасы, жан — арым садағасы».
«Ер бір өледі, ез күнде өледі».
«Еңбек етсен, емерсің» (10).
«Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды»,—

дегендер сияқты адам өмірінің тәжірибесі, өмірдің әр жағын қамтыған мақал, мәтелдердің қайсысы болсын —

кекілді жас, келешек ұрпақтар үшін сызылмаған хат, жазылмаған кітап, үлгі-өнеге, ілім-білім алатын мектебі.

Абайша айтқанда: әкесінің баласы болмай, адам баласы боламын деушілердің өмір тану, ой-пікірін өрістетуге, еліне керек еркек ұл болу үшін, керекті үлгі, өнегенің көпшілігі мақал, мәтелден, нақыл сөздерден табылады. Өйткені, нақыл сөздер, халық даналарының өмір тіршілік тартыстарын бақылап келіп айтылған тәжірибе жемісі, терең ой, данышпан ақылдың берік түйіні, халықтың өмірге көзқарасы.

Сөз өнерінің ел өмірінде қандай орын алғандығына және бір дәлел билер сөзі деуге болады.

Бізге аты ғана емес, сөздері мәлім қазақ билерінің көпшілігі — қазақтың ру басылары, феодал табының идеологтары. Билер өмірге өз табының мұнарасынан қарап, билік айтты, кейінгіге сөз қалдырды. Олар рушылдық дәуірдің өткенін жақсы біліп, өз кезін жете түсініп, өз көзқарастарынша, келешекке жөн сілтеді.

Халық тілегіне қарай бейімделген кейбір шешендердің сөздері, мәнімен қатар, түрі жағынан да көңіл аударуды керек етеді. Мысал үшін, XVIII ғасырдағы Қаздауысты Қазыбектің Қоңтәжіге айтқан бір сөзін келтірейік. Бұл — мазмұны жағынан да, түрі жағынан да шешендік сөздердің ең үлгілі түрі.

Абылай кезінде (XVIII ғасырда) калмақтың әрі қолбасы, әрі дипломат, атақты ханы Қоңтәжі қазақ елінің бір бөлегін шауып алып, көп мал әкетеді. Қоңтәжімен сөйлеске барған билердің ішінде 14 жасар бала Қазыбек те барады. Сөз ұстап барған Тайгелтір кезекті сөзін жөндеп айта алмағанына ашынған Қазыбек, ханнан сөз сұрап, ел билігін өз қолына алып, төмендегі сөзді айтады:

«Сен темір де, мен көмір,
Еріткелі келгенмін,
Екі еліктің баласын
Теліткелі келгенмін.
Егесетін ер шықса,
Иілткелі келгенмін.
Тұтқыр сары желіммін,
Жабысқалы келгенмін.
Жаңа үйреткен жас тұлпар,
Шабысқалы келгенмін.
Танымайтын жаттарға
Танытқалы келгенмін.
Қазақ, калмақ баласы
Табысқалы келгенмін.

Табысуға келмесең,
Тұрысатын жерінді айт,
Сен қабылан да, мен арыстан,
Алысқалы келгенмін» — (11)

дейді.

Қаздауысты Қазыбектің бұл сөздерінен шет бір ел мен екінші елдің адамдары кездескен берік сақталатын елдік — менмендік те, ерлік те, ел тізгінін өз қолында ұстап, шетпен сөйлесе аларлық, сөз жүйріктігі шешендік те, ерлік, тоңайбат, елдесуге құшағы, жауласуға пышағы әзір, өзінің қабырғалы ел екендігін аңғарту да толық ұғынылады. Осы сөзден кейін Қоңтәжі бітімге келеді.

Сөйтіп, шешеннің жүйесін тапқан шешендік сөзі арқасында екі елден де айдалмақ мал, төгілмек қан аман сақталынып, жойқын жорыққа, қырғын шабуылдарға бөгеу салынады.

Жоғарғы айтылғандарды қорыта келгенде, ескі салт жырларынан бастап, күні кешегі шешендік сөздер тағы басқа өлең, жырлардың әлеуметтік өмірінде мәні зор, үлкен орынға алғандығын көреміз. Халық өмірінің толық айнасы болған батырлар жыры, лиро-эпос, тарихи жырларды айтпай-ақ, осы ұсақ жырлар мен нақыл сөз, шешендік сөздерден келтірген үзінділер де бұған толық дәлел бола алады.

Енді негізгі мәселе: поэтик тілдің қазақ өміріндегі мәні мен орны, соған келелік.

Әрине, бұл мәселені әдебиеттен тыс жеке алып қарауға болмайды. Сондықтан да өлең, жырларға тоқтап, олардың ел өміріндегі мәнін, алған орнын, атқарған жұмысын сөз етіп отырмыз. Әлі де біз поэтик тіл мәселесін сол өлең, жырлармен байланыстыра отырып, тексереміз.

Жоғарғы үзінді келтірген өлең, жыр, мақал, мәтел, шешендік сөздердің әлеумет өмірінде зор жұмыс атқарғанын мойындасақ, поэтик тілдердің де мәні үлкен екенін мойындаймыз. Өйткені олардың қайсысын алсақ та, ырғақ, ұйқас, сөз қайталау, дыбыс қайталау, образды сөздерге құрылады. Ырғақ, поэтик тіл, қайсысының болсын негізгі құралы.

«Темір, темір, темір жан,
Темірдің ұлы қауға жан,
Тасырқасаң, тас жаудыр,
Қаһарлансаң, қар жаудыр!»

Кел, кел, бұлт, кел, бұлт...»
«Мары, мары, мары жылан,
Бызыри бір жылан
Ұзын, ұзын ұз жылан...» (12)

деген үзінділерде, өлеңнің әр жолдары белгілі буын санына негізделініп (әр жолы негізінде екі бунақ, 7 буын), өзіне тән ырғақ, белгілі ұйқасы бар, сөз қайталау, дыбыс қайталау (ассонанс, аллитерация) заңдары берік сақталады. Егер, үзінді келтірген өлең-жырлардың жалпы алғанда, әлеумет өмірінде үлкен орны, мәні болды дегенді мойындасақ, сонымен бірге, оны өлең етіп, жыр етіп, тақпақ етіп тұрған поэтик тілдің де мәні зор екенін мойындамасқа болмайды.

«Бүйі, бүйі, бүйі, шық?
«Бүйі келді, Қамбар шық!
Заһарыңды жаймай шық!
Отыз омыртқадан шық.
Қырық қабыртқадан шық!» — (13)

Мұндағы қайталанып отырған сөздер, сөз таба алмағандықтан қолданылып отырған жоқ, зиянды жәндіктің атын атап, оған бұйырып, айтқанына көндіру, сол сөз арқылы заһар-уын адамнан шығару мақсатымен айтылып отыр.

Бұл өлеңдердің ішінде, кейде, қазір бізге түсініксіз, шығу тегінің қайсы екенін біз білмейтін сөздер де жоқ емес.

Мысалы: «Бызыри бір жыланы» «Марқари-сарқари» деген тәрізді сөздер. Бұлар әуелде бір нәрсенің аты болуы, не қосарланып айтылып жүрген «Мар мен жылан» (мар — парсыша жылан деген сөз) тәрізді сөз болуы мүмкін, олардың шығу тегін айқындау тіл мамандарының жұмысы, біздің бұл жердегі айтпағымыз — қазір әлсіз көрінсе де, бір кездерде, адам баласының ой-санасы әлі сәбилік дәуірде, сөз арқылы стихияға әсер ету тілегінен туғандығын көрсету.

Бақсылар жырында поэтикалық тілін, айтайын дегенін образ арқылы беруге тырысу тіпті жиі кездеседі.

«Мінген атың сабылып,
Батырым, алып келіпсің
Жетпіс батпан темірді,
Жалғыз өзің жамылып,
Балалы қаздай ыңыранып,

Бәйтеректей бұралып,
Батыр, Терек, сен, сөйле!» —

деген үзіндідегі: «Жетпіс батпан темірді» тәрізді әсірелеу, «Балалы қаздай ыңыранып», «Бәйтеректей бұралып» деген жолдардағы теңеу, эпитеттер, көркемдеу құралы ретінде жұмыс атқарып отыр.

Ал, мақал, мәтел мен билер сөзін алсақ, түгелдей поэтикалық тілдерге негізделеді. Қай мақал, қай мәтелді алсақ та, белгілі ырғақ, сөз, дыбыс қайталау, теңеу, эпитет, әсіресе, метафоралық сөз қолданыстары жиі ұшырайды. «Бейнет, бейнет түбі — зейнет», «Байлық — байлық емес, бірлік — байлық» тәрізді метафора, «Қолы қимылдағанның ауызы қимылдайды» деген сықылты бүтіннің орнына бөлшегін қолданған — синекдоха, «Киіз кімдікі болса, білек соныкі» деп иесінің орнына киізін, адамның орнына білегін, бүтіннің орнына бөлшегін қолданған синекдоха, не поэтик тілдердің басқа түрлері екі мақалдың бірінен кездеседі.

Поэтик тілдер қазақтың шешендік сөздерінде көп табылады. Шешендік сөздер өзінің мазмұнымен ғана құнды емес, түрі, құрылысы, әсіресе, тілімен де құнды.

Қазақ халқының сөз өнерінен шешендік сөз ерекше орын алады. Қазақтың шешендік сөздерінің кейбіреулерін логикалық және көркемдігі жағынан алсақ, ескі грек, Рим елдерінің шешендік мұраларын салыстыра зерттеуге болады. Олар ескі грек, Рим шешендеріндей теориямен қаруланған адамдар болмаса да, өз бойларында табиғаттың таратқан зор сыйы бар, үлкен талант иелері жас кезінен шешендікке дағдыланып үйренуі, оны әрі өнер, әрі ел басқаруда үлкен құрал деп ұғуы — шешендердің шешендік өнері жолында көп нәрселерге ие болғандығын көрсетеді.

Қазақ халқы шешендік жөнінде теориялық ғылыми еңбектер қалдырмаса да, шешендік өнері үлгі-өнегесін қалдырды. Тамаша нәрсе, қазақ билерінің сөздерінде шешендік (ораторское искусство) өнеріне қойылатын шарттар анық байқалады.

Шешендік сөздердің құрылысы туралы Аристотель былай дейді:

«Шешендік сөйлем құрылысының түрін алсақ, метрика болып кетпеуімен қатар, ырғақсыз да болмасын. Сөйлем жалаң метрика болып келсе, тыңдаушының көңілі дауыстың көтеріңкі, басыңқы айтылу жақтарына

ауады да, пікір табиғи болмай, жасалынды тәрізденеді. Егер сөйлем ырғақсыз болса, онда ой бітпей қалғандай көрінеді. Әрбір бітпеген ой, ақылға ұнамсыз, көңілге қонымсыз. Сондықтан, метрдің көмегімен болмаса да, сөйлемге біткен түс беру керек. Барлық нәрсе санмен өлшенеді десек, сөйлем түріне өлшеуіш сан — ырғақ, метр — оның бұтақтарының бірі ғана. Демек, сөйлем ырғаққа негізделінуі шарт, метрге негізделсе ол өлеңге айналады» (14).

Қазақтың шешендік сөздері де негізінде ырғаққа құрылады. Сөйлем құрылысы өлең мен қара сөздің аралығында болып келеді. Поэтик тіл, ырғақ, метр, сөздің әуезділігін күшейту үшін қолданылатын дыбыс қайталаулар оны өлеңге жақын туыс етсе, сөйлемдерінің сезімге емес, келелі пікір, түйінді ой, терең логикаға құрылуы оны қара сөзге туыстас етеді.

Аристотель екінші бір жерінде: шешендік өнеріне, әсіресе, керекті тіл, ауыстыру мағынасында қолданылатын сөздер десе, қазақ шешендерінің сөзі бұл жағын да берік ұстайды.

Жоғарғы үзінді келтірген Қаздауысты Қазыбектің Қоңтәжіге айтқанын поэтик тілі жағын талдап көрсек, жалпы шешендік сөзінің поэтик тілдерден құрылатынына шек келтірмейміз.

«Сен темір де, мен көмір,
Сен қабылан да, мен арыстан...»

Әрі метафоралық, әрі шендестіру (антитеза) тәрізді сөз қолданыстар, не:

«Екі еліктің баласын...
Мен желім...
Мен тұлпар...» —

деген сықылды метафораның жай түрі, немесе:

«Тұтқыр сары желім мен»
«Жаңа үйреткен жас тұлпар»,—

деген тәрізді метафоралық эпитеттер түйісе келіп, шешеннің сөзіне әдемі көрік, терең мазмұн беріп отыр.

Сонымен қатар, ассонанс, аллитерация тәрізді дыбыс қайталаушылық, ырғақ, ұйқас сөз қайталау заңдары да белгілі мөлшерлерде қолданылып, сол сөйлеуді (Қа-

зыбек сөзі), бүтіндей алғанда, құлаққа қонымды етіп тұрған да—поэтик тіл, оның әр түрлі элементтері. Бұл—жалғыз Қазыбек қана емес, басқа да шешендердің сөз, сөйлемдеріне тән қасиет.

Жинақтай келгенде: «Тұрмыс, салт жырлары», мақал, мәтелдер, шешендік сөздер халықтың дүние тану, тәлім-тәрбие, үгіт саясат, жалпы тіршілігінде үлкен орын алды десек, олардың өлең жыр, тақпақ болып жасалып шығуында негізгі құралы поэтик тіл екені сөзсіз. Ендеше, осы тұрғыдан қарағанда өлең, жыр, оның негізгі құралы поэтик тілдің әлеумет өміріндегі орны ерекше, мәні зор.

Қазақтың ұлы ақыны Абайдың:

«Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,
Ойласаңшы, бос қақпай елең-селең»,—

деуінде үлкен мән, терең мағына жатқандығын осыдан да айқын көруге болады.

III тарау

АБАЙҒА ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ ЖӘНЕ АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТІЛІ

Абай қазақтың әдебиет тілінің негізін салушы, дамытып ілгерілетуші дегенде, біздің әдебиетшілеріміздің ескермей жүрген мәселенің бірі — Абайдың алдындағы әдебиетіміздің тілі қандай еді, онда поэтик тілдерден не бар, не жоқ деген мәселе. Мұны әлі ешкім сөз қылған емес. Абай жөніндегі тексеру-зерттеулерді ақтарсақ, бұл туралы ешнәрсе таба алмаймыз.

Абай ұлы ақын, кемеңгер ақын дегенде, онан бұрын ешнәрсе жоқ деп қарау дұрыс болмас еді. Абай — өзінен бұрынғы ауыз әдебиетін, жеке ақындардың әдеби мұраларын толық меңгеруімен, өз тұсындағы әдебиетке сын көзімен қарап, кемшіліктерін көре білуімен және кейінгілерге үлгі аларлық мұра қалдыруымен Абай.

Қазақ фольклоры (ауыз әдебиеті) бай фольклордың бірі боп саналады десек, поэтик тіл жағынан да осыны айтуға болады.

XVIII ғасырдың екінші жарымынан басталатын тарихи әдебиеттің алғашқы өкілдері: Бұхар, Дулат, Махамбет т. б. ақындардың өздері ауыз әдебиетінің негізінде өссе де, ой-пікір жағынан болсын, поэтик тіліне өздерінше жаңа образдар кіргізу жағынан болсын өмір бейнесін суреттегенде шындыққа негіздей отырып бейнелеу жағынан болсын, әдебиетіміздің тілін ілгерілетпесе, кері кетірген жоқ.

XIX ғасырдың екінші жарымындағы ақындардан әдебиетіміздің бұрынғы тіл тазалығын аздырып, тілді шұбарлау ағымы туа бастап еді, бұл кезде тарих сахнасына ұлы ақын Абай шығып, тіл шұбарлауға қарсы майдан ашты. Бұл жөнінде кейін айтпақпыз. Қазіргі тоқталатын мәселе ауыз әдебиеті, Абай алдындағы, кезіндегі тарихи әдебиет және Абай.

Бұл — осы еңбектің негізгі мәселесі. Өйткені, ауыз әдебиеті, оның алдындағы және тұстас әдебиетінде поэтик тілден не бар, не жоғын аша отырып, Абайдың жаңалық ерекшелігін аша алсақ, оның әдеби тіл жөніндегі ұлы еңбегінде қазақтың әдебиет тілінің негізін салып дамытушы, ілгерілетіп, жоғары сатыға көтеруші екені де айқындалады. Бұрынғы барды айтып, жаңаның бетін ашу жалпы зерттеу еңбектерінің негізгі нысанасы болса, Абай алдындағы әдебиеттердің тілі жөнінде еште бір даяр зерттеу еңбектерінің болмауы Абайдың тілін өзіне шейінгі, не өз кезіндегі әдебиет тілімен салыстыра отырып зерттеуді міндет етеді. Орыс әдебиетшілері бір ақынның тілін зерттеу керек болса, бұрын мынау бар еді деп жатпайды. Өйткені, оған шейін ол зерттеліп айтылған, тексерілген. Сондықтан, сол ақынның өзіне тән ерекшелік, жаңалықтарын айтып беруге тырысады.

Біздің жұмысымыздағы үлкен қиыншылықтың бірі, міне, осы. Абайдың тілін айту үшін, оған шейінгі әдебиет тілінен ешнәрсе болмағандықтан, оларға да тоқталмауға болмайды. Әрине, мұны бір ауыз сөзбен айта салу қиын. Бұл мәселе осы еңбектің ұзына бойына созылады, поэтик тілдердің әрқайсысына жекелеп тоқтағанда, өзімізше, Абайдың жаңалығы, ерекшелігі дегенімізге, сол тарау, қай бөлімдермен байланысты — айрықша тоқтап отырмақпыз.

Абай өз халқының әдебиетін сүйе де, сынай да білді. Ол өзіне шейінгі әдебиеттің жақсы табыстарын дамытты, сол үлгіде жаңартып, ілгерілетті, кемшілігін қайталамады.

Ауыз әдебиетінің кейбір түрінде өзіне тән бір «түршілдіктер» болатын. Абай мұны кемшілік санады. Өз өлеңдерінде оған жол бермеді.

Мысалы: Біреу: «Ап, түш!» — десе, екінші біреу: «Ақ сиырдың сүтін іш!» — дейді. Әңгіме, түшкірушіге жақсы тілек тілеу болса, «Қара сиырдың», не «биенің сүтін іш!» — десе де болар еді. Дәл «ақ сиырдың сүтін іш!»

деуі — түр іздегендік. «Түш» пен «іш» ұйқасып, екі сөздің басы да «а» дыбысынан басталуы осыны көрсетеді. Мағына жағынан қандай сиырдың сүтін ішсе де, бәрі бір.

Немесе, ауыз әдебиетінде он бірге шейін сан мен жұмбақ жасыру бар.

Мысалы: «бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, он бір. Ал, тап, жұмбағым осы!» — дейді.

Ш е ш у і:

«Бір дегенің — білеу,
Екі дегенің — егеу,
Үш дегенің — ұшпақ,
Төрт дегенің — төсек,
Бес дегенің — бесік,
Алты дегенің — асық,
Жеті дегенің — желке,
Сегіз дегенің — серке,
Тоғыз дегенің — торқа,
Он дегенің — оймақ,
Он бір — кара жұмбақ» —

деп жауап береді. Бұл жұмбақтың негізгі мақсаты он — он бірге шейін сан үйрету. Мақсат: әр санды есте қалдыру болғандықтан, есептік сандар қай дыбыстан басталса, оның әрқайсысына тең етіп алынып отырған сөздер сол дыбыстан басталады:

«Бір — білеу,
Екі — егеу
Үш — ұшпақ,
Төрт — төсек т. б.» —

бәрі де осы тәрізді дыбыс қуалау заңына сүйенеді. Әйтпесе, «бір мен білеудің», «екі мен егеудің» мағына жағынан еш байланысы жоқ. Бұларды байланыстырып тұрған түр — әр сөздің бас дыбыстарының бірлігі мен аяққы ұйқастарының бірдей естілуі.

Бірақ, сөз араларында мағына байланыстары болмаса да, дыбыс, үндестік байланысы бар. Сондықтан, құлаққа естілуі жат емес. Егер, дыбыс қайталауы мен ұйқасын алып тастап, «бір дегенің — ұшпақ, екі дегенің — арқа» десек, дыбыс құрылысы жағынан да еш байланысы болмай, құлаққа естілуі жағынан да қасиет қалмас еді.

Негізгі мақсат: он — он бірдің мөлшерінде сан үйрету болғандықтан, әрбір есептік санды есте қалдыру үшін,

мағына жағынан үш қайнаса сорпасы қосылмайтын сөздер болса да, дыбыстары сәйкес, әуезділігі бар, әр сөйлемі белгілі буын санына құрылып ырғақ жасап тұрғандықтан айтылуға оңай, үйренуге жеңіл, тез ойда қалады.

Ауыз әдебиетіндегі халық «түршілдігінің» екінші түрі — сөз ойыны (Игра слов). Бұ да сан есіммен байланысты. Біреу сан айтады. Екінші біреу, оның айтқан сан есіміне ұйқасып келетін күлкілі сөз тауып, бірінші сан айтушыны не ойынға қатысушы құрбы-құрдастарын әжуаға айналдырады.

«Бірінші адам — бір.
Екінші — жағаң сенің кір.
Бірінші — екі.
Екінші — үстің толған бекі.
Бірінші — үш
Екінші — сенде бар арам күш.
Бірінші — төрт.
Екінші — Ахметтен шығады өрт.
Бірінші — бес.
Екінші — Тәкенде жоқ ес.
Бірінші — алты.
Екінші — Жапардың ақылы жарты.
Бірінші — жеті.
Екінші — Әбділданың қара ниеті.
Бірінші — сегіз.
Екінші — Балтаның малы семіз.
Бірінші — тоғыз.
Екінші — ол бір жүрген доңыз.
Бірінші — он.
Екінші — басына оның қон».

Мұнда да алдыңғы тәрізді, айтылған сан мен оған жауап ретінде берілген сөздердің арасында логикалық еш байланыс жоқ.

Алдыңғыдан айырмасы: Бірінші мен екіншінің сөздерінде тек қана ұйқас бар да, ырғақ, дыбыс үндестіктері жоқ. Алдыңғыда сан үйренуді белгілі мақсат етіп қойса, мұнда ол да жоқ. Ұйқасты іздеушінің ой-хиялы, не жағдай нені керек етсе, соған қарап, ұйқас та өзгере беруі мүмкін. «Үш» дегенде: «үстің толған құс» деп те: «бес» дегенде, «онда бар аз-маз ес» деп те жауап беруге болады. Қысқасы, «екі мен бекіні» «бір мен кірді» байланыстырып тұрған құпия сыр — ұйқас. Аяққы сөз, дыбыстардың құлаққа бірдей естілуі, екінші сөзбен айтқанда, сөздің мазмұны емес, түрі.

Әрине, бұл тәрізді халық санасының сәбилік дәуіріндегі туған жабайы түршілдікті қайталамағандығы үшін Абайды мақтаудың өзі Абайға мін болған болар еді. Ол дәрежеден Абай тұрсын, халық әдебиетінің марқайған кездерінде туған лиро-эпостық жырлар да, Абай алдындағы дидактикалық поэзиясындағы түршілдік мәселесін сөз етудегі мақсат, көлемі үлкен, тілі бай халық әдебиетінің жақсылығымен қатар, кейбір кемшіліктерінің де бетін аша кету. Бұл үшін халық әдебиетін жазғырмақ емеспіз, Абайға шейінгі бардың жақсысының да, жаманының да бетін ашпақпыз.

Ауыз әдебиетінде ескі заманнан келе жатқан және бір жайт өлеңнің ырғағын, шумағын толтыру үшін өлеңнің шумағында айтайын деген ойына қатынасы жоқ сөз, не сөйлем я жолдар кіргізіп отырушылық болатын. Бұл әдеттен Абай алдындағы тарихи әдебиет те түгелдей арыла алмады.

Бұл «Қара өлең», «Қайым өлең», «Айтыс» — барлығында да кездеседі.

Жігіт:

— «Шыны кесе, ендеше шыны кесе,
Береді ер тілеуін құдай десе.
Өзіңді құдай айдап кез келгенде,
Айта көр өлеңіңді, жөні келсе».

Қыз:

«Ақын Сартай, ендеше, ақын Сартай,
Өлеңді алып жібердім басын тартпай.
Қай дұшпаның кемітер, сені жігіт,
Ажарың бар қызарып жанған нартай».

Тағы бір айтыста қыз:

«Сарманымды, ендеше, сарманымды,
Сасықкөлге қамаймын бар малымды.
Бірге өскен кішкентайдан, ай-ау, бала,
Отырмын саған айтып арманымды».

Жігіт:

«Тесіп алып, ендеше, тесіп алып,
Жыңғылдан жай қыламын кесіп алып.
Кішкентайдан бірге өскен, ай, құдаша,
Жүре көр бұл құрбыңды есіңе алып...» (15)

Келтіріліп отырған үзінділердің айтайын деген ой-пікірі соңғы екі жолында. Алдыңғы екі жолы: «Шыны кесе, ендеше, шыны кесе», «Ақын Сартай, ендеше, ақын

Сартай», «Сарманымды, ендеше, Сарманымды», «Тесіп алып, ендеше, тесіп алып» деген жолдар мен олардың сыңарлары екінші жолда тек өлеңнің шумақтарын ғана толтыру үшін тұр. Соңғы айтылмақ ой-пікірдің қазығы болған жолдарға еш байланыстары жоқ.

Әуелде, мұның шығу тегінде, мүмкін, параллелизм болып, бірнеше уақыттар өткесін өзінің алғашқы мәнін жойып, сыңар, дара қалуы, немесе, мүмкін, сөздің музыкадан айрылмай, ырғақ-саздың рольдері сөзден күшті болған кездің салтқа айналған жұрнағы болуы. Бұл арасының жігін ашу жеке зерттеуді керек етеді. Біздің бұл жерде айтпағымыз — халықтың ауыз әдебиетінде, өлеңдерде кейбір жолдар шумақтың жол санын толтыру үшін ғана жүретіндігін, оны жалпы көркем әдебиеттің көзімен қарағанда, халық әдебиетінің бойына сіңген жайттың бірі екендігін айқындау.

Бұндай кемшіліктерден Абай алдындағы тарихи әдебиетіміз де түгелдей арылып кете алған емес деп жоғарыда жай айта салғанымыз жоқ.

Абайдың алдындағы ірі тұлғалар: Махамбет тәрізді бірен-саран ғана ақын болмаса, Шернияз, Майтоқ, Жанұзақ, Шортанбай, немесе, Абайдың өзінің тұстас ақындарының қайсысынан болсын, бұл қайталаушылықтар табылады. Абай өзінің алдындағы Бұхар, Дулаттар тәрізді ақындардың өлеңдеріне қанағаттанбай:

«Шортанбай, Дулат пенен Бұхар жырау,
Сөздері — бірі жамау, бірі құрау.
Әттең тәңір, сөз таныр кісі болса,
Әр жерден кемшілігі көрініп тұр-ау»,—

(Абай, I т, 82-бет).

дейді.

Абай Бұхар мен Дулаттың өлеңдерінің кемшіліктерін сынау арқылы, өзінен бұрынғы және өз тұсындағы әдебиетте шумақтың жолын толтыру үшін басы артық жол, жолдың буын сандарын толтыру үшін ақынның айтайын деген ой-пікірлеріне қатысы жоқ сөз қолданушылыққа барынша қарсы шығады. Бұл ақынды да, поэзияны да ілгерілетпейтін, аулақ болатын құбылыс деген қорытындыға келеді.

Абайдың замандас ақындарының бірі — Мұрат ақынды алсақ, өзінің «Жантолымен айтысында»:

Мұрат:

«Болғанда сары жұлдыз, қаз келеді,
Қыс өтсе, оған жалғас жаз келеді.
Болғанша тапа-тал түс, ұйқың қанбай,
Деп пе едің қас әулие таз немені?»

Жантолы:

— «Болғанда сары жұлдыз қаз келеді,
Қыс өтсе, оған жалғас жаз келеді.
Айтқаның қатын өсек, басыңа сын,
Құдаеке,— дардай етіп аз немені» (16).

Мұрат XIX ғасырдың екінші жарымындағы тарихи әдебиет өкілінің бірі болса да, жоғарғы халық ақындарының айтыстарынан еш айырмасы жоқ. Мұнда да айтайын деген пікір соңғы екі жолда «Талтүс болғанша ұйықтап, тазды әулие деп пе едің» — деген пікір. Ол үшін қаздың, жаздың қажеті жоқ, олар тек өлеңнің шумағын толтыру үшін ғана қолданылған. Бұл кемшілікті Шортанбай, Кемпірбай, қысқасы, кез келгенінен табуға болады. Бірақ, бұл айтылғандар Абайға шейінгі әдебиеттің жалпы тіл байлығына нұқсан келтірмейді. Тек әлі кемеліне келіп болмағанын ғана көрсетеді. В. Г. Белинскийдің айтуынша:

«Сөз өнері өзінің әдебиеттік шын дәрежесіне жеткенше, сөзді көп талғамайды; жаман сөз де, жақсы сөз де өлеңге кіре береді де, сол күйі есте сақталып, жалпы сөздіктен орын алады.» Бұл — барлық ауыз әдебиетке тән нәрсе. Абайға дейінгі әдебиетіміздегі сөйлемге тікелей қатынасы жоқ сөздердің кездесулерінің негізгі себебі — осы деп білуіміз керек».

Мұны Абай көре де, ұға да білді.

«Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол ақынның білімсіз бишарасы»,—

деп, сөйлемде ойға қатынаспайтын сөз қолданушылыққа аяусыз күрес ашып, өзі ешбір өлеңінде ол кемшілікті қайталамайды. Ондай мағынаға қатысы жоқ сөздерден бірінші рет түгел арылған ақын — Абай. Айтайын деген ойына қатысы, байланысы жоқ, не буын санын толтыру үшін, не шумақтың жолын сыңар аяқ қалдырмау үшін қолданылатын сөз, не сөйлем Абай өлеңдерінде мүлде кездеспейді. Абайдың сөз місері, үлкен стилист, классиктігінің бір тамыры, міне, осында деуге болады.

Неге десеніз, шын мәніндегі көркем шығарма өмірдің құр ғана сыртқы бейнесі емес, суретті сөз арқылы берілген ішкі мазмұны. Ол мазмұнды айқын, ашық, жинақы, жанды етіп беру үшін әр сөз дәлдігі, анықтылығы, орынды, мағыналылығы жағынан таңдалынып алынуы керек. Сонда ғана ол шын мәнінде әдеби тіл бола алады. Қай елдің классик жазушыларын алсақ та, осы әдісті қолданады. Қай себептермен болсын мейлі, өз халқының тілінің рухына дәл келмейтін кездейсоқ сөздерге жол бермей, оларға қарсы күрес ашу арқылы, дәлдігі, анықтығы жағынан құнды сөздерді жалпы тіл қорына кіргізу арқылы әдебиет тілін жасайды. Бұл — дүниежүзіндегі классик әдебиеттің бәріне тән қағида. Қазақ жағдайында Абай да осы қағиданы берік ұстаған, шын мәніндегі классик. Абайдың:

«Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы»...
(Абай, I том, 78-бет).

дейтін сөзі де, әдебиет тілін жасауда өзінің тарих алдындағы міндетін толық ұғып, осымен байланысты ақындардың алдына зор тілек, үлкен-үлкен шарттар қойғандығын анық көрсететін сықылды.

Демек, мағынаға тікелей қатысы жоқ өлең сөйлеміне сөз кіргізбеу, қалай болса, солай шумақтың жол санын, не жолдың буын санын толықтыру үшін қолданылатын сөздерге жол бермеу, пікіріне — сөзі дәл, екі ұшты мағына бермейтін, мағынасы анық, «іші алтын, сырты күміс», сөз жақсысын тере білушілігі — қазақтың әдеби тілін жасаудағы, біздіңше, Абайдың зор еңбегінің бірі осы деуге болады.

Ауыз әдебиеті, XVIII ғасырдың аяғы, XIX ғасырдың басындағы тарихи әдебиетіміздің өзіне тән ерекшелік және бір қасиеті, жалпы құрылысы жағынан болсын, не тілі жағынан болсын, өзінше даралық, байырғылығы болатын. Бұл қалпы, Абайға шейін әбден тамыры терендеп, бекіп алған еді.

Қазақтың салт жырлары, мақал, мәтел, нақыл сөздері өз тілінде, қазақтың өз ұғымының шеңберінде ғана көркем, құнды. Басқа тілге аударылғанда көпшілігі-ақ не көркемділігі қалып қойып, не мағынасы жетпей, іші

бар да, сырты жоқ, не сырты бар да, іші жоқ болып шығатындығының негізгі себебі — осы байырғы қолтумалығында еді.

Қай елдің болсын тіл әдебиет тарихына көз салсақ, өз тілінде ғана көркем, өз тілінде ғана мағынасы түсінікті, басқа тілге аударылмайтын идиомалық сөздері болатыны мәлім. Олардың мәні де, қасиеті де, тек сол өз тілінде ғана.

«Ұры тісі ішінде», «Қырық қазанның құлағын тістеген», «Тас талауы сыртында», «Сайда саны, құмда ізі жоқ», «Ит мініп, ирек қамшылап», «Семіздің аяғы сегіз», «Қыры кеткен ит қырын жүгіреді», «Құр табаққа бата жүрмейді» т. б. осы тәрізді, қазақтың тілінде, әдебиетінде көп кездесетін сөздер басқа тілге аударылмайды, аударылса да, тап өз тіліндегідей жанды болып шықпайды. Дәл келтірген мысалдардай болмаса да, өз тілімізде ғана көркем, басқа тілге аударғанда не мәні, не көркемділігі жоғалып кететін көп сөз қолданыстар. Абай алдындағы тарихи ақындардың қайсысының өлеңдерінен болсын жиі кездесетін.

«Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай...»
«Бұзбай құлан пісірмей,
Мұз үстіне от жақпай...»
«Еңселігім екі елі,
Егіз қоян шекелі,
Жараған жеке мүшелі...» (17)
«Жапанға біткен жантақты
Жаһан кезген нар жейді...»
«Қолында жоқтар тайлақты
Солкылдақ өркеш нар дейді...» (18)
«Толарсақтан саз кешіп,
Тоқтамай тартып шығарға
Қас үлектен туған кәтепті
Қайыспас қара нар керек,
Біздің бұйткен бұл іске...» (19)

Жоғарғы ауыз әдебиетінен келтірген үзінділер болсын, не Махамбет, Дулаттардан келтірген үзінділер болсын, қазақтың өзі оқығанда өте көркем, сөз, сөйлемдерінің тура мағыналары да, ауыстыру мағыналары да түсінікті. Қазақ халқының өмірінің әр саласынан алынған құнды да, бағалы да сөздер. Бірақ, осыларды орыс тіліне аударғанда, не мүлде мағынасыз, не қазақ тіліндегі мәні мен көркемдік ерекшеліктерінің оннан бірі де

қалмайды. Мұның негізгі себебі тек қана бір ел мен екінші елдің тіл құрылысының өзгешелігі емес, тіршілік, күн көріс жағдайларымен де байланысты.

Қазақ, қырғыз тағы басқа мал шаруашылығымен күнелтетін халықтарда малға, малдың төлдеріне теңеу, балаулар көп ұшырайды. «Ботадай боздап», «Қозыдай маңырап», «Қозы жаурын қу жебе», «Көзі ботаның көзіндей», «Қиғаш қас, оймақ ауыз, бота көзім», «Қыз Жамал талтандайды бесті атандай», «Құлыным менің қайда екен?», «Қыздарменен тойда екен» тағы басқа осылар тәрізді теңеу, метафора, эпитеттер қазақ әдебиетінде көп. Қазақ үшін бұлар көркем. Қазақ үшін сезім дүниесін оятарлық тамаша образдар саналады.

Егер, осындағы теңеу, метафора, эпитеттерді, өз қалпында орыс, не басқа Европа тіліне аударса, көркемдігі былай тұрсын, сөз болмай шығар еді.

Мысалы: «Көзі ботаның көзіндей» әдемі дегенді, орысшаға: «у нее красивые глаза, как у верблюдонка» — деп, «Қыз Жамал талтандайды бесті атандай» — деген мақтау үшін айтылған өлеңнің сол жолын «Девушка Жамал шагает хорошо, как пятилетний верблюд-мерин» деп аударса, көркемдік әсер етуі былай тұрсын, еш мағына да бермес еді.

Түйені қолданбайтын елдерге, түйеге теңеу, не балаулар тіпті таңырқарлық нәрсе көрінуі де мүмкін. Жоғарғы айтылғандардан теңеу, метафора, эпитет тағы басқа әр түрлі образдардың халық тіршілігі, күн көрісімен байланысты поэтик тілден орын алғандығын және ол малдардың қайсысы қандай дәрежеде бағаланатынын қазақ әдебиетіндегі поэтик тілдерінің өзі-ақ айқындайды.

Қазақтың баласын жақсы көргенде: «қозым, ботам, құлыным» — дейтіні екі сөзінің бірінде кездеседі. Бірақ, ешуақытта да «бұзауым», «лағым» демейді. «Жігіттің нары», «адамның жампозы» деп нарға, не түс айырдың татысыз түрлеріне балап, не теңейді. Бірақ, жақсы ұғымда: «Өгіздей, сиырдай» — деп теңеу де, балау да қазақта жоқ. Сиыр туралы образды сөз келсе, тек қана ұнамсыз ұғымда қолданылады. «Сиырдай қасақы», «Жаман сыйлағанды, сиыр сипағанды білмейді». Жалпы алғанда сиыр малын образ ретінде қолдану, әдебиетте аз кездеседі. Түйе, жылқы, қойлардың әдебиетте теңеу, балау ретінде көп кездесіп, сиырдың аз кездесуі —

сиыр малын елдің көпшілік өмір тіршілігінде, өткен кездерде, онша орын алмай, кейінгі дәуірде ғана отырықшы елге пайдалы түлік болуында тәрізді.

Қорыта келгенде, үзінді келтірілген қазақ өміріне ғана тән әр түрлі образдардың құндылығы тек қазақтың өз тілінде, басқа тілге аударғанда көркемдік қасиетін сақтай алмайтындық, әдебиеттің ұлттық шеңберден әлі шыға алмаған кезін, өз буына өзі пісіп, одан әрі бара алмай жүрген кезін көрсететін еді десек, Абай өлеңдері жайлы оны айта алмаймыз.

Абай өлеңдерінің негізгі көпшілігін алсақ, қай елдің тіліне аударса да, өзінің мәнін де, көркемдігін де жоғалтпайды. Әрине, бір тілден екінші тілге аударғанда қандай жақсы аудармашы болсын, түп нұсқасымен дәлме-дәл шықпайтыны мәлім. Әйтсе де, қай елдің әдебиеті болсын, өзінің өсіп марқайған, тек қана ұлттық шеңбердегі идея, мінез, құлық, тілек мақсаттарды ғана емес, бүкіл көпшілік — бұқараның тілегіне қабысарлық идея, мінез, құлық, тілек, мақсаттарды алдына қоя бастаған кезінде, ол басқа тілге аударуға жеңіл, ыңғайлы келеді. Бұл әдебиеттің, оны жасаушы ақындардың кемшілігі емес, табысы. Бір адым алға басқандығы. Әрине, бұл сөзден ол ақын ұлт ақыны болудан шығып қалады деген ұғым тумайды. Оның даналығы да, сөз місеркерлігі де сол ұлт ақыны болып қала отырып және өз еліне де басқа елге де ортақ ақын бола алуында. Міне, Абайдың тарихи ұлы еңбегінің және бір тамыры осында. Ол шығармасының тақырып, идеясы жағынан жалпы адам баласылық идея-мақсатқа қол созса, оны суреттеуде, шет тілге аударғанда оңай келетін, өз халқына түсінікті «ортақ тіл» таба білді.

Бізше, мұның үш-төрт түрлі себебі бар тәрізді.

Бірінші: Абай өз өлеңінің тақырыбы етіп көбіне жалпы адам баласылық мәселелерді алды да, оларды адам баласылық идеяның дәрежесінде етіп жырлай білді. Шығарманың ұлттық көрінісі сол пікірді айтып беру үшін ат шаптырар майданы ғана болды.

Екінші: қандай өлең, қандай сөзді болсын, мазмұн мен сезімге құрды. Өлеңінде бірінші орынды мазмұнға, сезім дүниесін суреттеуге беріп, түр сол мазмұнды, сезімді оқушыға жеткізу үшін қолданылуы керек деп ұқты.

Үшінші: әрбір сөз мағына жағынан айтатын ойға қатесіз анық, айқын, дәл болуын берік ұстады.

Төртінші: өлең, сөйлемдерде мағына қатынасы жоқ, шумақтың жол санын толықтыру үшін қолданылатын бос сөздерге қарсы қатты күрес ашып, өз өлеңдеріне сөйлеммен байланысы жоқ, басы артық бір де бос сөз жібермей, әр сөздің шумақтағы айтылмақ ой, пікірге нық байланысты болуы керектігін және оның мүмкіндігін өз өлеңдерінің үлгісімен дәлелдеп берді.

Осы айтылған төрт түрлі жағдайлар арқылы қазақ әдебиетінің о заманнан бергі байырғы қалыптанып қалған поэтик тілін де жоғары мәдениеттік сатыға көтерді. Бұны да біз Абайдың әдебиет тілін жасаудағы ғылым үшін теориялық үлкен мәні бар тарихи ісінің бірі деп тануымыз керек.

IV тарау

АБАЙ СӨЗДІКТЕРІНІҢ ӘР ТҮРЛІ САЛАЛАРЫ

Абайдың өмірбаянында Абай көп өмірін шығыс және орыс әдебиетін оқып, оларды өз халқының әдебиетіндей білуге күш салды дедік. Тіл мәселесін зерттеушілерге мұның мәні зор. Өйткені, басқа елдің әдебиет-мәдениетімен таныстық, оны зерттеу, білу әр ақынның тек ой-сана, пікірінде ғана өзінің ізін қалдырып қоймайды, тілінде де өзінің ізін қалдырады. Міне, осы мұнарадан қарап, Абайдың жалпы сөз қорын зерттей бастасак, оның төрт түрлі арнасы мен саласы барлығын көреміз: ең алдымен өзінің ана тілі, сосын араб, парсы, орыс тілдері.

Қазақ тілі Абай сөздіктерінің негізгі қоры, қайнар бұлағы болғандығы дәлелді керек етпейді. Әйтсе де кейбір мысалдар арқылы халық әдебиеті мен Абай өлендерінің жеке сөз, сөйлемдер жағынан қандай байланысы барлығын көрсете кетелік.

Бірінші: Абай халық әдебиетіне қалай қарады?

Екінші: қазақтың мақал, мәтелдерін қалай қолданып, сөздіктерінен қандай орын берді?

Абай өз халқының мәдениетін, әдебиетін толық меңгеріп, жақсысын бағалап, кемістігін сынға алды. Қазақ әдебиетінің басы Бұхардан бастап, Көкбай, Әріп, Ақылбай, Мағауия ақындарға шейін Абай сынынан өтпегендері жоқ. Абай тек қана тарихи әдебиет емес, қазақтың бай ауыз әдебиетімен біте қайнап, бірге өсті.

Сонымен қатар, өзіне шейінгі әдебиет мұраларын жа-

лаң сынап қана қойған жоқ, оны сүйе де, одан үйрене де білді. Мұны Абайдың замандастарының бәрі растайды.

Көкбай акын, Баймағамбет ертекші, Тұраш тағы басқалар өздерінің акын туралы әңгіме, ескерткіштерінде Абайдың ауыз әдебиетін әрі көп білгендігін, әрі одан өзіне көп нәрселерді сабақ еткендігін ашық айтады.

«Қазақтың ертегілерінде естімеген, білмеген ертегісі кем шығар. Сонда қазақтың ескі ертегісінен, бұрын қай жерде жүргені, көршілес, күндес елдері қай жұрттар екені, діні, білімі қандай кезде шығарғаны, елдің ескі салты, арманы, кәсіп қаракеті не екені көрінеді»¹ деуші еді, дейді Абайдың өз баласы Тұраш.

Бұл ескертуден ұлы ақынның ескі ауыз әдебиетке қалай қарағаны айқын.

Ауыз әдебиетін сақтаушы, туғызушы халық ақындарын Абайдың қалай бағалағандығына төмендегідей тарихи фактылар бар.

1859 жылы атақты Дулат жырау мен Байкөкше ақындарды өз үйінде бір ай қонақ етіп, жібермей өлең айтқызады.

Біржан мен Әсет ақындарды әдейі шақыртып алып бірнеше ай аулында ұстап, басы өз әйелі Әйгерім етіп, әншілерден ән үйренуге қосады.

Абайдың Баймағамбет атты белгілі ертекшісі де болған. Оның бір міндеті Абайдың орысша, не басқа тілдерден оқыған кітаптарының мазмұнын басқаларға ертегі етіп айту болса, екінші міндеті, жұрттан естіген әр түрлі жаңа ертегілерді Абайға айтып беру.

«... Кейбір түндерде я кітапқа құмарлыққа түсіп кетпесе, біреуге ертек айтқызып, я өзі айтып отыратын еді. Біреуге айтқызғанда: есітпеген ертегісіндей ынтасын сала тындап, бір сөзін қақпай, әбден айтып болған соң, айтушының адасқан жері болса, қайтадан өзі айтып түзеп беруші еді»,— дейді Абайдың өз баласы Тұраш.

Бұл фактылар Абайдың ауыз әдебиеті, жалпы халық мұрасына қалай қарағанына дәлел бола алады десек, ақынның халық мұрасына қалай қарап, оны қалай пайдаланғанын, әсіресе, өз еңбектері айқын көрсетеді.

Абайдың еңбектерінде ең алдымен халық ауыз әдебиетінен пайдаланған сөз, сөйлемдер, мақал, мәтелдер көп кездеседі. Оларды Абайдың пайдалануы екі түрлі:

¹ «Абай», II том, 280-бет.

біріншісін, халықта қалай айтылса, сол қалпында өзгертпей қолданады да, екіншісін, ел аузындағы түрінен өзгертіп, сөз, сөйлемдерін, өзінше құрып, кейде жанаша мазмұн береді. Кейде сол мазмұнның өзін қалдырып, сөз сөйлемдерін басқаша етіп құрады.

Өлеңдері мен қара сөздерін қоса алғанда, Абай шығармаларында қазақтың елу үш мақал, мәтелі бар. Мұның ішінде өзгертіп қолданғандары мен тура өз мағынасында қолданғандары аралас. Өз мағынасында қолданылатындарының көпшілігі қара сөздерінде кездеседі.

Мысалы: «Би екеу болса, дау төртеу болады». (Абай, II том, 171-бет) «Ырыс баққан, дау бақпас» (Абай, II том, 195-бет), «Бас басыңа би болсаң, манартауға сыймассың, бас алқаңыз бар болса, жанған отқа күймессің» (Абай, II том, 237-бет), «Өзін ар тұтқан, жаттан зар тұтады» (237-бет), «Ағайынның азары болса да, безері болмайды» (237-бет), тағы осылар сықылды.

Абай әр мақалды өзінің бір керегіне жаратып, айтайын деген пікіріне лайықты түрде қолданады. Жоғарғы келтірген мақал, мәтелдердің бәрі де халықтың ел бірлігі туралы айтқан даналық сөздері десек, біз үзінді келтіріп отырған Абайдың «үшінші сөзі» мен «отыз тоғызыншы сөзі» де осы бірлік туралы. Ақын сол тәрізді мақал, мәтелдерді келтіре отырып, ел бірлігін, мінез-құлықты жөндеу, әр түрлі игілікті істерге жетектеу деген тілектерді алға қояды.

Абайдың халық мақал, мәтелдерін қолдану жолдарының екінші түрі бұрынғы мақалдарының негізін алып, өзінше құру дедік.

Қазақта: «Еңбек етсең, емерсің»,— деген мақалдың негізіне сүйеніп, Абай:

«Еңбек етсең, ерінбей,
Тояды қарының тіленбей»,—

(Абай, I том, 96-бет.)

дейді.

Мұның алдыңғыдан негізгі мазмұнында өзгешелік жоқ. Бірақ, Абайдың өзінде «Ерінбей еңбек ету», «Еңбекке тіленшілікті қарсыма қарсы қою» жөнінде қосу, толықтыру бар. «Талапты ерге нұр жауар» деген қазақ мақалын Абай, өзінше, өзгертіп, толықтырып былай деп келтіреді:

«Кісіде бар болса талап,
Отырмас ол бойын балап,
Жүрер, әрқайдан ізденер,
Алар өз сүйгенін қалап»,—

(Абай, I том, 91-бет.)

дейді.

«Жарлының бір тойғаны, шала байығаны», деген мақалдың үлгісін алады да:

«Бір тойған — шала байлық» деген қазақ,
Ет көрінсе қайтеді күйсей бермей»,—

(Абай, I том, 169-бет.)

деп қолданады.

«Қолың көтере алмайтын шоқпарды беліне қыстырма», «Әлін білмеген — әлек» деген мақал, мәтелдердің үлгісін ала отырып:

«Азат басың болсын құл,
Қолдан келмес іске ұмтыл»,—

(Абай, II том, 125-бет.)

дейді.

Тағы осылар тәрізді халықтың мақал-мәтелдерінің үлгісімен жасалған Абайдың өзіндік нақыл сөздері аз емес.

Өзінше құрып, жаңаша мазмұн беріп, бірақ, халықтың мақал, мәтелдерін қолдану, пайдалануда Абайдың өзіне шейінгі ақындардан тағы ерекшелігі бар.

Бұрынғы ақындар халық мақал, мәтелдерін сол қалпында алатын да және ол мақал, мәтелдердің ой-пікірлерінің бәрін бірдей дұрыс деп біліп, ешбір кемшілік таба алмайтын. Ал, Абай халықтың бай мақал, мәтелдерінің құнды мазмұны терең дегендерін сол күйі алып, кейбіреулерін, өзінше қайта жасап пайдаланса да, бірақ «Жылтырағанның бәрі алтын» дей бермейді.

Кейбіреулеріне сын көзімен қарайды. Жалпы адам баласылық, халықтық идеядан аулақ, өрісі тар, ұсақменшіктік, не тек қана ру шеңберіндегі пікірлерді ғана қамтыған мақал, мәтелдерге сын көзімен қарап, оқушылар жұртшылығына олардың пайдалы, керектісі қайсы, керексізі қайсы екендігінің бетін ашып берді.

Қазақтың: «Өзінде жоқ болса, әкең де жат», «Мал — адамның бауыр еті», «Малдының беті жарық, малсыздың

беті шарық», «Қарының ашса, қаралы үйіне шап», «Ердің малы елде, еріккенде қолда» деген бірнеше мақал, мәтелдерін келтіреді де Абай оған былай деп талдау береді:

«Бұл мақалдардан не шықты? Мәлім болды: қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен, бірақ мал үшін қам жейді екен, ол малды қалай табуды білмейді екен.

Егер, малды болса, әкесін жаулауды да ұят көрмейді екен. Әйтеуір, ұрлық, сұмдық, тіленшілік, соған ұқсаған қылықтың қайсысын болса да, жасай жүріп, мал тапса, жазалы демесек керек екен.

Бұлардың жас баладан несі артық? Бірақ, жас бала қызыл шоқтан қорқушы еді, бұлар дозақтан да қорықпайды екен; жас бала ұялса, жерге ене жаздаушы еді, бұлар неден болса да, ұялмайды екен. Сол ма айырылғаны?..» дейді (Абай, II том, 174-бет). Абай өзіне шейінгі халық мұраларына сын көзімен қарап, жақсысын жамаанынан аршып алғандығын осының өзінен де көруге болады.

Сонымен қатар, халықтың мақал, мәтелдерін қолдану, пайдалану фактысы Абайдың тіл қазынасы, сөздік қоры ең алдымен өз халқының әдеби мұраларымен нық байланысты екендігін де дәлелдейді.

Абай сөздіктерінің екінші бір арнасы — араб, парсы тілдерінен кірген сөздер. Мұсылман мектебінде оқып, дін кітаптарын көп аралап, шығыс тілдерінде жазған классик әдеби мұраларды да терең зерттеп, бір кездерде оларға еліктеген ақынның сөздерінде араб, парсы сөздерінің кездесуі таң қаларлық нәрсе емес.

Басқа тілдерден кірген сөздермен салыстырғанда, бұл екі тілден кірген сөз, сөйлемдер анағұрлым көп, Абайдың қолданған шет тілдеріне біз жасаған картотекалар да осыны аңғартады.

Абайдың өлеңдері мен қара сөздерін қоса алғанда араб, парсы тілдерінен 374 сөз қолданыпты. Мұның 162-сі өлеңдерінде, қалған 212 сөз әңгімелерінде кездеседі. Бұлардың бірқатары термин: әдебиет, ғылымдық, философиялық және діни ұғыммен байланысты сөздер. Мысалы:

«Ғадәләт пен Мархамат ер азығы,
Қайда көрсең, болып бақ соған көмек».

(Абай, I том, 194-бет).

«Ақыл мен хаос барлығын,
Білмей дүр жүрек сезе дүр.
Мутәкеллимин, мантиқын,
Бекер босқа езе дүр!»

(Абай, I том, 196-бет).

«Құран рас, алланың сөзі дүр ол,
Тәһуәліне жетерлік ғылымың шақ»

(Абай, I том, 227-бет.)

«Еннатыйна қалқаусар,
Пошел дереу күнәкар...»

(Абай, I том, 36 бет.)

Абай өлеңдерінен орын алып, ақынның жалпы сөздігінің бір бұтағы болған араб, парсы сөздерінің үлгілері осылар тәрізді. Ақынның шет тілді қолдану мәселесі кейін жеке айтылатын болғандықтан, әзірше, осымен тоқтала тұрып, Абай сөздерінің төртінші саласы болған орыс тіліне келелік.

Абайдың тіл қорының тағы бір саласы — орыс әдебиеті арқылы кірген сөз, сөйлемдер. Араб, парсы тілдерінен алған сөздері мен орыс тілінен алынған жеке сөз атауларды салыстырсақ, соңғысы анағұрлым аз. Өлеңдері мен қара сөздерін қоса алғанда, Абайда не барлығы елу шамасы ғана орыс сөзі бар. Бұлардың көпшілігі зат аттары мен кейбір термин сөздер.

Мысалы: «Виноват, адвокат, коренной, счет, пошел, ладан, нуль, прошение, судья, уезд, съезд, волость, старшина, закон, чин, доктор, партия, пьяница, такт, поднос, бутылка, рюмка, стакан, химия, лавка, барабан, самородный, уголовный, дознание, образование, назначение, подвижный, элемент, минута, сила, притягательный, однородный, интернат, здравомыслящий, занимайся, прямо, штык, картечь, форма, альбом, монастырь, гулять, висит...» және орышадан бұзып, қазақтың айтуына лайықтап қолданған «Аршепка» (аршин), «Бақалшік» (бакалея), «Каталешка» (каталажка), «Мелішсауда» — деген сөздерді қоспағанда, Абайдың өлеңдері мен әңгімелерінде кездесетін орыс тілі, әдебиеті арқылы кірген (ішінде шет сөздер де бар) сөздер жоғарғы санап өткендер. Олардың көпшілігі ақынның өз өлеңдерінде кездеседі, аудармасы мен қара әңгімелерінде мейлінше аз. Мысалы:

«Адал жүріп адал тұр,
Счетын тура келуге...»

(Абай, I том, 67 бет.)

«Балам закон білді» деп,
Қуанар ата-анасы...»

(Абай, I том, 66-бет.)

«Қисық болсаң, закон бар
Судьяға беруге.
Ол да оязной емес қой.
Алуға теңдік сенуге...»

(Абай, I том, 67-бет.)

«Бұл іске кім виноват?
Я Семейдің қаласы».

(Абай, I том, 66-бет.)

тағы басқа осылар сықылды.

Бұл келтірген мысалдар Абайдың тіл байлығы, сөздік қоры, жалғыз өзінің ана тілі ғана емес, басқа тілдермен тамырлас екенін, Абай тілін зерттеймін деушілер мәселенің бұл жағын да қатты ескеруі қажет екендігін көрсетеді.

V т а р а у

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ӨЗІНІҢ ТУРА МАҒЫНАСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН СӨЗДЕР

Біз бұл тарауға шейін «Абайдың өмірбаянын», «Ол туралы негізгі ғылыми еңбектерді», «Көркем тілдің қазақ өміріндегі мәнін», «фольклор, XIV—XIX ғасырдағы Абайға шейінгі әдебиет пен «Абай тілдерінің әр түрлі салаларын» сөз қылып, шолулар жасадық.

Біз «Абай тілдерінің әр түрлі салалары» деген тарауда Абайдың өлеңдері мен қара сөздерін қоса алдық. Бірақ, «Шет тіл» деген бөлімшеден басқа, кейінгі тарауларда Абайдың тек өлеңмен жазылған шығармаларының ғана тілдері талданады. Өйткені, Абайдың қара сөздері — публицистика. Сондықтан, ол басқаша зерттеу әдісін керек етеді. Демек, ол кейбір мәселелермен байланысты, ат үсті ғана айтылмаса, негізінде басы ашық, өз алдына жеке мәселе. Сондықтан, біз Абай өлеңдеріндегі өз мағынасында қолданылатын сөздерге тоқталамыз.

а) АРХАИЗМ. Абайды өзінің алдындағы Бұхар, Дулат, Махамбет сықылды ақындармен салыстырсак, архаизмдер Абай өлеңінде өте аз. Абайдан жүз жыл, елу-алпыс жыл, әдебиет майданына бұрын шығып, бұрын өмір сүрген ақындардың өлеңдерінде архаизм көбірек кездесуі түсінікті де. Бірақ, Абайды өз замандас ақындарымен салыстырғанда да оның өлеңдерінде архаизм анағұрлым аз кездеседі. Мұның негізгі себебі ақынның жаңалықты көксеген, прогресшіл ақын болғандығы. Абай өлеңдерін-

дегі архаизм дегендеріміздің өзі де бүгінгі күннің мұнарасынан қарағанда болмаса, ол өмір сүрген кезде көпшілігі әлі архаизм дәрежесіне жетпеген сөздер деп айтуға болады.

«Ойланып ойға кеттім жүз жылғы өткен,
Тон қабаттап кигенім — шидем, шекпен,
Жейде, дамбал ақсаңнан, жарғақ шалбар,
Жырым балақ, матамен әдіптеткен»
«Үлкен кісе белімде жез салдырған,
Шақпағым, дөңдәкуім жарқ-жұрық етіп,
Күләпара бастырған пұшпақ тымақ,
Ішкі бауын өткізген тесік құлақ».
«Жарғақ жастық, көпшігім жезді пыстан...»

(Абай, I том, 166-бет).

«Шидем шекпен», «Ақсаң», «Жарғақ шалбарым», «Пұшпақ тымақ», «Жезді пыстан» дарды ақын өзінен жүз жыл бұрынғы нәрселер еді десе де, бұл сөздер ол кезде жұртқа әлі түсінікті, қолданудан қалмаған сөздер болатын.

«Тас дулыға, тас сауыт киінгенім,
Денемді қысып жатыр бүгін менің...»

(Абай, II том, 95-бет).

«Қараша, жел тоқсанмен сол бір екі ай,
Қыстың басы: бірі ерте, біреуі жай»

(Абай, I том, 111-бет).

«Қаз, тырна қатарланып, қайтса бермен,
Астында ақшомшы жүр ол бір керуен...»

(Абай, I том 110-бет).

«Ашуланба, ей патшам, айтайын дат,
Алтын қақпа бермеді бізге рұқсат...»

(Абай, I том, 258-бет).

«Табысына табынып, қалтаң қағып,
Тойғаныңнан қалғанын берсе алашқа...»

(Абай, I том, 181-бет).

«Мыс былқылдап еріген кезінде шал,
Шөншіктен ұсақ қара алды қырып...»

(Абай, I том 261-бет).

«Алтынын алып берді қолындағы:
Сарапқа сал бар-дағы шаһаріндегі...»

(Абай, I том, 261-бет).

«Қақпаны ашайын деп хан ұмтылды,
Тұтқасын олай-бұлай қатты жұлды...»

(Абай, I том, 256-бет).

«Ақыл мен хаос барлығын,
Білмей дұр, жүрек сезе дұр»

(Абай, I том, 196-бет).

«Кей бірі пірге қол берген,
Іші залым, сырты абыз.
Кейбірі хажыға барып жүр.
Болмаса да хаж парыз».

(Абай, I том, 140-бет).

«Шалма ораған сопының,
Ішін арам демеймін.»

(Абай, I том, 150-бет).

«Баланың бар киімін шешіп алды,
Жүз қамшы арқасына дүре салды...»

(Абай, I том, 264-бет).

Біз бұл жерде қазақтың өз сөзі деген сөздермен, бірен-саран басқа тілдерден кірсе де, әбден төл бала, қазақтың «өз сөзі болып» кеткен сөздерді ғана алдық.

Мысалы: «Абыз, парыз, сопы, (сұпы) пір, хажы» деген тегі шет тіл: парсы, араб сөздері болғанмен, бір кезде қазақтың бәрі білетін, «төл бала» болып кеткен сөздер. Сондықтан, оларды да қазақтың өз сөздерінің қатарында архаизмге кіргізіп отырмыз. Абай өлеңдерінде: «Дат, дулыға, сауыт, шақпақ, дәндеку, ақ шомшы, шөншік» тәрізді ғана сөздер болмаса, үзінді келтіріп отырған өлеңдердегі «шалма, дүре, дұр» деген сөздер де Абай өмір сүрген кезде архаизм емес, тек қазір ғана оларды архаизм деуге болады.

б) ДИАЛЕКТ. Абай өлеңдерінде, архаизмнен гөрі де аз кездесетін сөздер диалект. Диалектінің Абайда екі-ақ түрі бар. Бірінші: Қазақтың кейбір өлеңдерінде ғана айтылатын жеке сөздер:

«Жейде, дамбал ақсаңнан, жарғақ шалбар,
Жырым балақ матамен әдіптеген...»

(Абай, I том, 166-бет.)

«Сабырмен талап беріпті,
Ақылың, рақымың қиынды...»

(Абай, I том, 244-бет).

«Қолынан ұстап алып, ертіп барып,
Далада бір бұзылған тамға апарды»

(Абай, I том, 250-бет).

«Мен-дағы жүрген жоқпын малдан күсіп,
Айттым, балам, басыңа мейрім түсіп...»

(Абай, I том, 260-бет).

«Ер Әзім тәуекел қып жаннан күсіп,
Арқаннан ұстады да, кетті түсіп...»

(Абай, I том, 269-бет).

Бұл үзінділердегі «жейде», «қиын», «там», «күсіп» деген сөздер — диалект. Өйткені, Орал (Батыс Қазақстан), Ақтөбе, Гурьев облыстарында қолданылмайды. «Қиын» — бір ұғымда, Қазақстанның барлық түкпіріне түсінікті сөз. Оңай қолға түспейтін, көп әрекетті керек ететін бір нәрсені «қиын» — деп атайды. Орал, Астрахан, Ақтөбе, Орынбор, Гурьев қазақтары тек осы ұғымда ғана түсінеді. Басқа еш мағына бермейді. Ал, осы сөз Оңтүстік, Жетісу қазақтарында жағымды ұғымда қолданады, «Мынау қиын кісі екен» дейді. Екінші сөзбен айтқанда: «Білгіш, ақылды адам екен» деген мағынада. Абайдың: «Ақылың, рақымың қиын-ды» дегені де дәл жоғарғы айтылған тәрізді ақылың көп, рақымың мол деген ұғымда қолданылып отыр.

«Там» деп, Орал, Ақтөбе, Гурьев, Орынбор қазақтары моланы айтады. Арқа, Оңтүстік, Жетісу қазақтары қыстауды, жер үйді, тастан, балшықтан салған землянканы айтады. «Далада бір бұзылған тамға апарды» дегенде «тамды» Абай да осы қыстау, землянка деген мағынада қолданған.

Абай өлеңдеріндегі диалектінің екінші түрі — қысқартынды сөздер. Бұл — көбіне өзбек елдерімен қанаттас, көршілес елдерге тән нәрсе. Мұның бір себебі — өзбек тілінің әсері тәрізді. Өзбек халқының тілінде кейбір етістіктерді қысқартып айту (алып-ап, келіп-кеп, болып-боп, болыпты-бопты) заң болып беркілген құбылыс десек, Оңтүстік қазақтарының тілінде бұл заңға айналған құбылыс деп айтуға болады. Бұл өлкеде кеп, боп, ап деп сөйлемейтін қазақты кездестіру қиын. Оңтүстік қазақтарының өзбек халқымен сыбайлас отыруы — сөздік, сөйлемдеріне де үлкен әсер еткендігі әрдайым анық байқалады.

Қысқартылып айтылатын сөздердің екінші түрі Абай өлеңдерінде де аз-мұз кездеседі.

«Ала жаздай байың кеп бір жатпайды,
Қазақтың не қыласың шарифатын»

(Абай, I том, 114 бет).

«Бірлікті шайқайды,
Араз боп өнбеске»

(Абай, I том, 153-бет).

«Өңкей уды жиып ап,
Себеді сорлы жүрекке...»

(Абай, I том, 172-бет).

Диалектінің бұл түрі ескі ауыз әдебиетінде де, Абайға дейінгі аты мәлім ақындардың өлең-жырларында да кездеседі: «Заманың түлкі болса, тазы боп шал». Бірақ өте аз. Әдеби нұсқалардың көпшілігінде: «ап-алып, кеп-келіп, боп-болып» сықылды толық формасында қолданылады.

«Көк айыл болып көпірсе,
Алты басып аттауға,
Айшылықты ойлаған» (20).

Мұнда «болып» дегеннің орнына, «боп» дегеннен сөйлемнің мағынасы да, өлеңнің ырғағы да өзгермес еді, бірақ «болып» деп толық түрінде алынады.

Жоғарғы келтірілген мысалдар тәрізді, кейбір етістіктерді қысқартып айту қазақ өлеңдерінде көп кездесушілік Абайдан бергі әдебиеттерімізде қанатын кең жая бастады. Қазір бұл дағдыға айналып отыр.

Бұл тәрізді сөздің буынын қысқартудың екінші себебі: өлең тармақтарындағы буындарды үнемдеу, кейбір бунақтың тармақта буыны асып кететін болғандықтан бір буынын қысқарту, сөзді ықшамдап қолдану арқылы өлеңді жанды, жинақы ету тілегінен туған деп айтуға болады. Алайда кездесетін қысқартынды сөздер осы айтылған өлеңдердегі сөздердің буын санын ықшамдаумен байланысты. Бірақ, Семей облысының қазақтары жай сөйлегенде: «болып» дегеннің орнына «боп», «алып» дегеннің орнына «ап» — деп ешуақытта да айтпайды. Демек, бұл тек қана өлеңдерде кездеседі.

в) ШЕТ СӨЗ. Қазақтың ауыз әдебиеті, оның негізінде өскен XIX ғасырдың екінші жарымына дейінгі қазақтың көркем әдебиеті өзінің байырғы ұлттық қалпын да, тілін де басқа елдердің әдебиет, тіл ықпалдарынан негізінде таза сақтап келді.

Қазақ даласына ислам діні бұл кезден бірнеше ғасырлар бұрын тарап, недәуір өріс алса да, қазақтың фольклоры мен XVIII—XIX ғасырдың бірінші жарымындағы әдебиетіне және тіліне әсер ете алған жоқ. Қазақ тілін зерттеуші Радлов, Ғ. Саади тәрізді оқымыстылар да бұл жөнінде осы қорытындыға келген.

Радлов былай дейді: «Ислам дініне сырттай иланудың нәтижесінде қырғыз (қазақ) тілі исламның іріткіш ықпалынан аман сақталып, өзінің бастапқы таза түріктік сипатында қалды. Оған кейбір жат элементтердің кіруі рас, бірақ олар Мұхамбет дініндегі басқа түрік елдеріндегідей дербестігін сақтай алмай, қазақ тілінің дыбыс заңдарына бағынып, сол халықтың өз сөздігіне айналып кеткен...» (21).

Ғ. Саади: «Қазірде ең таза, ең бай, ең табиғи және бұзылмай, бұрынғы қалпында сақталынып қалған бір тіл болса, ол да қазақ тілі және қазақ әдебиеті, шын ғылым намы үшін біз мұны ашық айтуымыз керек» деді (22).

Әрине, бұл айтылғандардан Абайдан бұрынғы әдебиетте шет сөздер мүлде жоқ деген ұғым тумайды. Біз үзінді келтіріп отырған ғылымпаздар да, біз де ол пікірден аулақпыз. Бірақ, қазақпен тілі тамырлас басқа елдерді алсақ, қазақ тілі мен XIX ғасырдың бірінші жарымындағы әдебиеті өзінің негізіндегі тазалығымен ерекше орын алады.

Дегенмен де, Ислам дінін алған елдердің қайсысында болсын, араб, парсы тілдері бірінде аз, екіншісінде көп, әйтеуір, із қалдырғаны сөзсіз. Қазақ елінің ауыз әдебиеті, XIX ғасырдың алғашқы жарымындағы әдебиетін басқа түрік елдерімен салыстырғанда анағұрлым таза, анағұрлым өзінің ұлттық тұлғасын берік сақтады десек те, кейбір араб, парсы сөздері тіпті әріректердегі ауыз әдебиет нұсқаларынан да бірен-саран кездеседі.

Кейбір арабистер (Н. Сәбитов) қазақтың көп сөздерін араб, парсыдан алынған деп жүр, мысалы: «мал, бала, кемпір» т. б. Бұл тәрізді қазақтың өз сөзі болып кеткен (егер сол дұрыс болса, өйткені, «мал» деген сөз маңғол

тілінде де бар, мүмкін, араб тіліне маңғол тілінен кіруі де) сөздерде, немесе, жырларда кездесетін:

«Көз түскен бенденің,
Жүрегі оттай күйеді» (23).
«Бейіштен шыққан шам-шырақ,
Көзі жайнап жанып тұр»,— (24.)

деген сықылды сөздерді алмағанда, ауыз әдебиетінің әрі-ден келе жатқан түрлерінде де кейбір араб, парсы сөздері кездеседі.

Мысалы: «Жылан арбау» тәрізді салт өлеңінің бір жерінде: «Мары, мары, мары жылан, Бызыри бір жылан» дейді. Мұндағы «мары» парсыша «жылан» деген сөз.

Егер, алдыңғы айтылған «мал, бала» деген сөздер, араб, парсы тілінен кірді дегеннің өзінде де, қазақтың өз сөзі болып кеткен сөз, ал жырларда кездесетін: «бенде, бейіш» деген сөздер, жинап бастырушылардың кейінгі кездерде қоспасы болуы мүмкін десек, соңғы айтылған «Мары, мары, мары жылан» әдебиет нұсқаларында кездесуі ел аузында әріден сақталынып келе жатқан кейбір араб, парсы сөздердің әріден-ақ кіре бастағанын аңғартады. Бірақ, мұндай сөздер қазақ ауыз әдебиетінде мейлінше аз.

Ауыз әдебиеті сықылды, XVIII ғасырдың екінші жарымындағы Бұхар, Жанкісі сықылды жырауларды, XIX ғасырдың бірінші жарымындағы тарихи әдебиетіміздің өкілдері — Махамбет, Шернияз сықылды халық ақындарын алсақ, шет сөздер не жоқ, не жоқтың қасы. Жоғарғы айтылған қазақтың өз сөзі болып кеткен сөздерді еске алмағанда, Махамбет ақынның мың жол өлеңінде «Сират», «Машурат», «Қалам» деген сықылды екі-үш-ақ сөз қолданылады екен. Бұл жалғыз Махамбетке ғана тән емес, жоғарғы аты аталған оның тұстас ақындарының бәріне де тән.

Демек, XIX ғасырдың бірінші жарымындағы әдебиетіміз шет елдің әдебиетінің, тілдерінің ықпалынан негізінде «таза» деуімізге осы фактының өзі-ақ дәлел бола алатын тәрізді.

Қазақ даласына Ислам дінінің қанатын кең жайып, ықпалының күшейе бастауы, әсіресе, XIX ғасырдың екінші жарымы. Патша өкіметі тарапынан қырға татар молдалары келіп, дін үйрету, мешіт ұстау, бала оқытулар

XIX ғасырдың бірінші жарымының, 1834—1835 жылдарынан басталады. Жәңгір Бөкеев (Бөкей ордасына) қазіргі Батыс Қазақстан, Орда ауданына бірінші мешітті 1834 жыл салдырды. Бірақ, ол кезде мешіттің жұртты өзіне тартуы өте нашар болған. Жәңгір хан жәрменкесіне келген қазақтарды жасауылмен қудырып әкеліп, намазға ұйдырған да күндері болыпты. Бұл мешіт пен молданың ықпалының қандай болғанын айқын көрсететін тарихи фактының бірі десек, XIX ғасырдың екінші жарымында мешіттің де, діннің де, молданың да беделдері артып, ықпалын күшейте бастады. Абайдың ересек болған кезі қазіргі Қазақстанның көп жерінде дін жұмысы гулеп, өзінің дәуірлеген кезі болды.

Бұл әдебиетке де әсерін тигізді. Шағатайшылау, араб, парсы сөздерін өлеңдерінде көп қолдану, хат білгендер ғана емес, хат білмеген ақындарда да жиі кездесе бастады. Мектеп, медіреседе оқығандар, хат білгендер шағатай, араб, парсы сөздерін неғұрлым көп қолданса, өлең тілі неғұрлым шұбарлана түссе, солғұрлым өзінің оқымысты, мәдениетті, басқадан артықшылығын көрсететіндей білді. Қысқасы, Абай кезіндегі хат білген де, білмегендер де араб, парсы сөздерін өз шығармаларына көбірек кіргізуге тырысты. Ақындардың бұл аңсау, армандарын Нұржан Наушабаев өте дұрыс айтқан:

«Парсы, ғараб ұлғатпен келтірер ем,
Ғалімдік дариясынан ішсем қанып.
Көңілге келген істі нұсқалайын,
Жоқ алтынды қазайын қайдан тауып»,— (25).

деп, өзінің араб, парсы сөздерін аз білгеніне қатты қынжылады. Бұл жалғыз Нұржан емес, сол кездегі көп ақындардың бәрінің арманы болатын.

Шет тілдің қазақ еліне көп тарауына екінші үлкен себеп болған нәрсе осы кездегі шағатай, түрік, татар тілдеріндегі басылып шыққан кітаптар еді.

Қазақ баспасында 1801 жылдардан бергі кітаптардың негізгі көпшілігі шағатай, түрік тілдерінде басыла бастады. «Ахуал, Шыңғыс хан және Ақсақ темір» (1819 ж.), «Шежіре түркі» (1825 ж.), «Ақыр заман кітабы» (1857 ж.), «Бақырған» (1857 ж.), «Бабыр нама» (1857 жыл) шықты. Бұл кітаптардың қайсысы болсын хат танығандарға бүтіндей, танымайтындарға жарылай тілі түсінікті кітаптар болатын.

الصمد شكر و سياسي اول احمد
ملكي دايم بي زوال اول حمده،
ملكوت اميره بلا شريك اول احمد
اني باقي دوالجلال بلدي ايمدي

اندن مالک یو سینه گنه صوری
یونلار سنی قل دیوبن سا صادی
او شبو ایشی او شو شوز راست مودیدی،
حقیقتی سی معین قیلاخل ایدی

زاینه برکون یاتیب او یور ایدی،
بردايه سی وای ایدی انی کوردی،
ایدرایا عاتوک سنکا نه حال دیکدی.
نه مغندهن بو حالک دوشدنکی، ایدی. (26)

«Көрдің қадір құдіретін,
Білсін даю сұңғатын,
Мұстапаның үммәтін,
Мұндағы ташырық қылдия», (27)

«الفحصه، برکون ایدار قاننلای قزی طوی بیکه گه قالج رحمتی
پیدا بولدی. هم هر نه علاج ایدوب اونکالمادی. ایدرحاننکی
باراج دیدکی وزیرکی بار ایدری. ایتدی ای عالم عم نلک
اوزاق بولسون. بر نلک شهم مزده ترب یور اهنده طبیب
که لکان، طیب لقه نظیر لاری یوقدر، دنی برن کی دیکلیدی.
ایدرحان ایدی، اول طبیب لادی اوندا کلک، قزم طوی
بیکه گر علاج ایلسون دیدی.» (28)

Әрине, бұл кітаптардың тілдері таза қазақша болма-
са да, казакка түсініксіз сөздері аз. Акындардың оларға

еліктеуі баспаға шыққан өлең-жыр, әңгімелерше сөз құрап, сөйлем құруы танданарлық нәрсе емес.

Нұржанның:

«Нәсілім ізгу болып оқыса аят,
Сауап нұр қабырымнан енсін емді» — 29).

дегені тәрізді, өлеңнің аяққы жолын «емді, енді» — деп бітірушілік те осы кітаптардың «Юсуп, Злиханың» әсері болатын.

Дін мектебінде түркі танып, өз бетімен оқи алатын дәрежеге жеткесін оқу құралы ретінде оқылатын араб, парсы тілдерінде жүретін: «Қырық қадыс», «Шүрүтсала», «Фиккайдани», «Тұқпа», «Мұқтасар» атты діни кітаптар да ол кездегі оқушы, кітап танушылардың сөз, сөйлемдеріне араб, парсы сөздерінің енулеріне өте қолайлы жағдайдың бірі болды. Бұл кездегі дін мәселесінің жалпы дәуірлеп, қанатын кең жаюы, дін иелерінің дінді қанау құралы етуі,— бәрі жинала келіп қазақ даласында дін, дін ғұрыптары, сонымен қатар, араб, парсы сөздерінде қанатын кең жайып тамырлана бастауына себеп болды.

XIX ғасырдың екінші жарымында өмір сүрген ақындардың, жазушылардың кейбір хат, кейбір өлеңдері жай адам түсіне алмайтын халге жетті.

Абай замандастары ақындардың сол кезде жазған хат, шыққан өлеңдерінен бірнеше мысал келтірелік. Қызылжар қаласында тұрған бір жазушы, ақын Нұржанға:

«محترم، محبم، صادق، ادیب، فصیح، شاعر، شاعر،
روز عقل، صبر الناس، سوکلو فصلتو، مهر بانلو
اعامن نورجان افندی ناوشابایو عصر تلری جنانا بلر نه
محبو صا جارب، تبرک ایتوب او شبو عطنی جولادیم
بعد السلام، نزدای فقیر شاگردن حال بلمک نیلا ساکن
الحمد لله سلامتک صان نیر ویاول شهر نه عالم
صان شمول بولب جانرم» (30)

«Қазанда бір фазил шықты алмас болып,
Хасталары көбейді ғам хас болып.

«حديتد حق رسولی کورساند طور،
 من طالب و خد ديگان سور صردی»
 «ديگنده اوچ ايستگم صالحان اوچ جول
 ديگانه کن صکون جارامده اول»
 «بزرگي ياردهم بر کدل ابي يلم سبعيان،
 يارالدي کاف بون بونان موبجا علام»
 «بطن ظلا هر اچقايسی کوز منرنی،
 محشر کور که صات ميذا ننده» (31)
 «باشنده هفتيکه نک الف، لام،
 بی، عی، نی، اناک صولک کيلا هم...» (32)

Мағани жәуәрім қолға ілген,
 Халайық теңізінде ғауас болып» (33)
 «Қолға алдым хат жазуға қалам, сия,
 Саруи зат мұхтан шаһи гүл насия.
 Шараптың шашыраған жәуһәріндей,
 Көңілімнің запарына салдық ұя.
 Кәстерен секілденген бәнде мақбуп,
 Бәндені бұрам деген кәні зия» (34)
 «Адамның екі көзі көрер ғайни,
 Самиғон ғала ра-аси иәл үзнәйни,
 Сіздерге махаббатым барлығына,
 Ташаһйон екі инімде мәләкейни» (35).

Бұл келтірген үзінділер, Абайдың мәдениет тарихи майданына шыққан кезінде қазақ тілінің араб, парсы сөздерімен әбден шұбарланып, кейбір ақындардың өлеңдері өзінің ана тілінен мүлде алыстап кеткенін көрсетеді. Халыққа түсініктілігі жағынан, бұл өлеңді шығарушылар қазақ бола тұрса да, «Жамғаләл тарих», «Тарих балғария» тілдерінен анағұрлым түсініксіз.

Абай кезінде шағатайшылау, парсышылаудың үстіне және татаршылау (татаризм) келіп қосылды.

Ислам дінінің шығыстағы күшті ордасының бірі болған Қазан шаһары, қазаққа тарайтын әртүрлі кітаптардың басылып шығатын баспа орны болып, бастырушылардың татар молдалары болуы және олардың өздерінің араб, парсы тілдеріне қатты еліктеулері татар тілін мейлінше шұбарлауға әкеліп тіресе, ХІХ ғасырдың екінші

жарымындағы қазақ ақындарының бірқатары араб, парсы, шағатайшының үстіне және татаршылауды әдетке айналдырды.

Мысал үшін 1895 жылы Қазанда басылып шыққан «Қысса әдеблi баланы» алалық. Бұл кітапты жазушы жақшаның ішіне қазақ тілінде деген.

«بالالار اشاب بولعايج وقى مينان باماق بويى حاج ،
كنايلار قولىنا الحاج ، او قور سبىق نجشى لاب بالالار
سبىقنى او قور بولسا ، قىقماس موله اسا ارده باي
بولسا ،» (36)

Бұл кітаптардың идеялық мазмұнын атақты тюрколог, СССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті проф. С. Е. Малов екі-ақ ауыз сөзбен айтып берді: «Дін және діни мораль — барлығының мазмұны осы ғана», — деді, сондықтан, ол жағына тоқталудың да қажеті аз.

Сөйтіп, шағатай сөз құрылысы, араб, парсы, татар тілі, қысқасы, әралуан тіл, сөз, сөйлемдермен қазақтың әдеби тілі шұбарланып, бұл салтқа айнала бастаған кезде Абай әдебиет майданына шығып, қазақ тілін бұзушыларға қарсы күрес ашты. Ана тілін аса қадірлеп, таза сақтауға күш салды. Тіл тазалығы жөнінде де ұлы ақынның орны ерекше. Сондықтан, бұл мәселе өлеңдеріндегі шет тілге ерекше тоқталуды керек етеді.

Біз «Абай сөздіктерінің әртүрлі салалары» деген бөлімімізде (34-бет) Абайдың қара сөздері мен өлеңдеріндегі қолданылатын араб, парсы сөздерінің жалпы саны 374, соның 162-сі өлеңдерінде кездеседі дедік.

Бұл Абай тәрізді араб, парсы, шағатай әдебиетін де, діни оқуын да көп білген, ислам дінінің қазақ даласында дәуірлеген кезінде, жиырма жыл өлең-шығармалар жазған ақынға көп деуге болмайды. Шет сөздер, әсіресе, өлеңдерінде аз кездеседі. Жоғарғы үзінді келтірген ақындардың сөздіктерімен салыстырғанда, Абайдың өлеңдеріндегі араб, парсы сөздері жоқтың қасы деуге болады.

Сол дәуірді алғанда, Абайдың өлеңдерінде шет сөз мүлде кездеспей, тап-таза қазақша неге болмайды десек, қателескен болар едік. Өйткені, тілдің жалпы даму заңы мұны көтермейді, ол бір. Екінші: ол дәуірде кейбір шет сөздің кіруі табиғи, заңды еді. Міне, осылай қара-

сақ қана Абайдың шет тілдерді қолдану мәселелеріне дұрыс түсінуге болады.

Абай шағатай, араб, парсы тілдеріндегі әдебиет нұсқаларымен 13—14 жастарында танысты. Араб, парсы сөздері көп кездесетін өлеңдері де — осы шағатай әдебиетіне еліктеп жүрген кезіндегі өлеңдері.

Болашағы зор, талантты ақын, өзінің жастығына қарамай, шығыстың сұлу лирикалы поэзиясына еліктеп, «Навои, Сағди, Федоуси», Юзі раушан, көзі гауһар» атты жұртқа мәлім өлеңін жазды.

Бұл өлеңдердің екеуі де, шын мәнінде шағатай әдебиетіне еліктеген өлеңдер. Өлеңнің өлшеуі де, ұйқасы да өзінің үлгі еткен шығыс ақындарының түрлеріне дәл келеді.

«Юзі раушан, көзі гауһар,
Лағылдек бет үші әхмәр,
Тамағы қардан һәм биһтар,
Қашың құдрет, қолы шигә...»

(Абай, I том, 32-бет).

Әр жолының екі бунақ, 8 буынды болып, ұйқасы (а, а, а, в, а, а, а, в) болып отыруы — шығыс әдебиетінде көп кездесетін ұйқасты айнытпай қолдану емес пе? Әңгіме, тек бұл ұйқасы мен ырғағында емес, осы төрт жолдың өзінде толып жатқан араб, парсы сөздерін қолдануымен және «Юзі-раушан, көзі гауһар», «лағылдек бет» тәрізді метафорларды қолдануында көп сыр жатыр. Бұл бір жағынан Абайдың тек қана еліктеуші, шығыс әдебиетіне әлі сын көзімен қарай алмай, өз халқының әдебиет тарихындағы өз міндетін әлі ашық түсіне алмаған жас екенін көрсетсе, екіншіден шығыс әдебиетіндегі көп қолданылып, өзінің көркемдік қасиетін жоғалтпаса да, дағдыға айналған теңеу, эпитеттерді жаңалық біліп құшағын аша түсуі де Абайдың шығыс әдебиетін әлі меңгеріп жетпегендігін көрсететін еді.

«Әлиф» деп ай юзіңе ғибрат еттім» — өлеңін жоғарғы айтылған екі өлеңнен алты жыл кейін (1864 жыл) жазды.

Бұл өлең білім жағынан болсын, шығыс әдебиетін меңгеруі, тануы жағынан болсын, қазақтың өз әдебиетіне бейімделуі жағынан болсын Абайдың жасаған үлкен адымы болатын. «Әлиф-би» өлеңі алдындағы екі өлеңнен арабша-парсыша сөз қолдану жағынан еш айыр-

масы болмаса да, ырғақ, ұйқасы жағынан мүлде өзгеше. Алдыңғы ғаруз өлшеуімен жазылса, соңғы «әлиф-би» өлеңі бас бунағы 4 буын, ортасы 3 буын, аяққы бунағы 4 буын болып келетін қазақтың қара өлеңінің бір түрі.

//Әлиф⁴ деп ай //юзіңе³ //ғибрат⁴ еттім// — а
//Бә⁴, бәлейі //дүэртіңа³/нисфат⁴ еттім// — а
//Ти⁴, тілімнен //шығарып //түрлі³ әбият// — в
//Си⁴, сәнәи //мәдхіне³ //хұрмет⁴ еттім//.

(Абай, I том, 34-бет.)

ұйқасы да (а, а, в, а) болып келетін, қазақтың қара өлеңінің ұйқасы. Абайдың бұл өлеңді шығарудағы үлкен адымы және тек құрылысы мен ұйқасында ғана емес, сонымен қатар, сол кездегі шағатай әдебиетіне енді жалаң еліктеп қоймай, олардың өздерімен тайталасып, жарысқа түсуі, түр, кестелеулерін сол ақындардың өзінен де асырам деген алдына үлкен тілек қоюында.

Шағатай поэзиясы, әсіресе, ғазалдарында әріпті суреттеу құралы етіп, бір нәрсені әріппен бейнелеу әріден келе жатқан әдіс. Абайдың «сиынған» ақындарының қайсысынан болсын мұны табуға болатын.

«Қанзадаға айтты ол: «Ғылым сүй» деп,
Ғылымның негізі сол: «Алиф-би деп.
«Әлиф — алам» — өзінше ұқты Фархад,
«Би» — «бола» талдау болмас, содан артық» —
«Қайғы оның тал бойын билеп, сүйіп,
Алмақ болды: «Әлифті» — далша иіп...» (38).

Ә. Навои әр әріпті қыздың бір мүшесіне балап, сол арқылы өзінің ішкі сезім дүниесін бермекші болса, Абай «Әлиф-би» інде дыбыс қайталау, әуезділік жағына қаты көңіл бөледі. «А» дан бастап, «Әлиф — ай юзін», «Би — бәләйі», «Ті — тіліңнен», «Си — сәнәйі» — дегені тәрізді бәрін осы ізден шығарады. Навои кейбір әріптерді ғана алса, Абай араб алфавитіндегі барлық әріптерді алып, түгел өлең қылып шыққан. Жоғарғы айтылған, бұл өлеңді жазған кезінде Абай шығыстың классиктерінің шығармаларын меңгеріп, олармен жарысқа түсті деуіміздің бір себебі — осы.

Абай өлеңдерін зерттеуші кейбір жолдастар шығыс әдебиетінің әсері дегенде, өлең құрылысы жағынан көбіне келтіретін бір мысалы:

«Сенсің жан ләззәті,
Сенсің тән шәрбәті» —

дейтін өлеңі. Шынында бұл дұрыс емес. Өйткені, бұл не ғаруз өлшеуі, не (а, а, а, в, а, а, а, в) ұйқасы емес, қазақтың буын санына негізделген алты буынды қара өлең ұйқасы (а, а, в, а). Сондықтан, араб тілінен қолданылған «ләзәті», «шәрбәті» деген сөздер — ол өлең құрылысына дәлел емес, оны тек сөздігі жағынан ғана алып қарауымыз керек. Кейде бұл сөздерді шығыс әдебиетінің өлең құрылысы етіп қараушы жолдастар «ләзәті, шәрбәті» деген сөздердің аяққы дыбыстарын өзгертіп «ләзәти, шәрбәти» деп жазып жүр, оның аты ақынға өз пікірін жапсыру.

Бізше, шағатай әдебиетіне еліктеудің ең соңғы кезеңі деп, Абайдың «Білімдіден шыққан сөз» деген өлеңін айтуға болады. Мұның алдыңғы, төрт жолы қара өлең ұйқасымен келеді де, сонан кейінгі шумақтары «Бақырғани», «Бәдәуәм» түрлерінше (а, а, а, в, а, а, а, в) болып кетеді.

«Айтшы, айтшылап жалынар,
Ұққыш жансып шабынар,
Ұқпай жатып жалығар,
Ұйқылы-ою бой күйез».
«Жас баладай жеңсік қой,
Байлаулы емес ақыл, ой,
Ойлағаны айт пен той,
Біржаң-қылжаң ит мінез».

(Абай, I том, 94-бет.)

Бұл — Абайдың шығыс әдебиетіне еліктеу сатысының бетін ашуда өте құнды, өте керекті өлеңінің бірі. Өйткені, біз үзінді келтірген Абайдың алғашқы екі өлеңі оның әлі бала кезінде шағатай әдебиетіне түгел беріліп еліктеудің өзін үлкен дәреже біліп жүрген кезін көрсетсе, «Әлиф-би» өлеңі шағатай әдебиетімен жақсы танысып, өзін олармен тең санап, түр жағынан өнер таластыру кезін аңғартса, мына «Білімдіден шыққан сөз» тілі жағынан болсын, құрылысы жағынан болсын шағатай әдебиетінің үлгілерін өз дегеніне әбден көндіріп алған кезі екенін көрсетеді. Бұл кез Абайдың орыс мәдениетімен жақсы танысқан және көп ақындардың қазақ тілін шұбарлап бара жатқандарын ұққан кезі болатын. Сондықтан, «Бақырғанидің» ұйқасын алса да, арабша не парсыша бір сөз қоспауы кездейсоқ емес, шығыстың ке-

регін алып, керексіз дегендерін шет қақпай қыла бастағанын аңғартады.

Абайдың жас кезіндегі жоғарғы айтылған екі-үш өлеңдері болмаса, басқа өлеңдерінде кездесетін араб, парсы сөздері үш түрлі деп айтуға болады.

Бірінші: шығу тегі араб, парсы тілі болса да, қазаққа әбден сіңіп, қол бала болып кеткен сөздер.

«Алла» деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз жол емес!
«Ынталы жүрек, шын көңіл,
Өзгесі хаққа қол емес».

(Абай, I том, 196-бет).

«Ұмытқаның жарамас
Жаратушы құдайды»
«Халық билеген патшалар
Уақыты жетсе құлайды».

(Абай, I том, 241-бет).

«Жаралы көңіл жазылар,
Дүниеде рақат бар шығар» т. б.

(Абай, I том, 150-бет).

Бұл үзінділердегі «алла, хақ, халық, уақыт, құдай, рахат» деген тәрізді сөздер тегі — шет тіл болса да, Абай дәуірінде қазақтың өз сөзі болып кеткен сөздер еді.

Екінші түрі — әралуан термин, атау сөздер болатын.

«Сол Масғұт Халифаға уәзір болты,
Тарқатыпты алдынан көп пен топты».

(Абай, I том, 252-бет).

«Аят, хадис емес қой,
Күпір болдың демек қой»

(Абай, I том, 62-бет.)

«Әмәнту оқымаған кісі бар ма.
Уәктубийһи дегенмен ісі бар ма.

(Абай, I том, 226-бет.)

«Ақыл мен хаос барлығың
Білмей дұр, жүрек сезе дұр.
Мүтәкәлімін, мантиқың
Бекер босқа езе дұр».

(Абай, I том, 196-бет.)

Абайдың араб, парсы сөздерін бұл екі түрлі жолмен қолдануының екеуі де заңды. Өйткені, тілдің тазалығы үшін күрес,— шет елдерден мүлде сөз алмау емес, керексіз сөзді алмау, өз тілін орынсыз шұбарлауға қарсы күрес. Абай оны дұрыс ұға да, түсіне де білді. Сондықтан, ол қазақтың бәріне түсінікті, бұрын шет тілден келсе де, халықтың өз сөзі, ана тіліндей болып кеткен сөздерді сол қалпы қолданады. Сонымен қатар, ол кезде жалпы шығыс еліне тараған Ислам дінімен байланысты әр түрлі діни, философиялық ағымдарды да сол өз терминдері мен атауын да орынсыз деп айта аламыз ба. Әрине, жоқ. Неге десеніз, бір жағынан ол сөздердің мәнін түгел берерлік қазақта сөз жоқ, екіншіден: «Әмәнтү», «аят», «хадис» тәрізді діни сөздерді қалай қазақшалауға болар еді және оның керегі қанша.

«Мүтәкәллімін, мантиқинын» — (дінді дәлелдеушілер және логикашылар) деп атанған белгілі ағымдарды өз терминімен атауды заңды емес деп кім айта алады.

Үшінші түрі, мысқыл, кекесін үшін әдейі қолданылатын кейбір араб, парсы сөздері:

«Әуелі аят, хадис сөздің басы,
Қосарлы бәйтсымал келді арасы»,—

(Абай, I том, 78-бет).

деп, аят, хадиспен бастап, «бәйт» емес, «бәйтсымал» мен аяқтайтын, орынсыз тілді шұбарлап, «қисынды», тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін өлең жаза алмай, «Бөтен сөзбен сөз арасын былғайтын» ақындарды мысқылдап шенейді.

«Еннатаяна кәлкаусар,
Пошел дереу күнәкәр» —

(Абай, I том, 36-бет.)

деген араб сөздерін орыс сөздерімен қатар алып қолдануы да сол мысқыл, шенеу үшін айтылған. Қай кезде, қай елде болсын сықақ ретінде шет тілді қолданушылық болады. Әрине, ол тіл шұбарлауға жатпайды. Ақынның айтайын деген пікіріне қабысып жатқан сөздердің ешуақытта да артықшылығы жоқ. Бұл белгілі қағида. Сонымен, қатар, Абай өлеңдерінде көп кездесетін әр түрлі қала, кісі аттары.

«Бағдатта бір жігіт бар аты Масғұт...»

(Абай, I том, 249-бет.)

«Фзули, Шәмси, Сайхали,
Навои, Сәғди, Фердоуси,
Хожа-Хафиз бу һәммәси...»

(Абай, I том, 33-бет.)

«Осы жұрт Ескендірді біле ме екен.
Македони шаһари оған мекен,
Филипп патша баласы, ер көңілді,
Мақтан сүйген, қызғаншақ адам екен».

(Абай, I том, 254-бет.)

«Аплатон (Платон), Сократ ақылды,
Қаһарман Ғали білекті.
Ескендір, Темір, Шыңғыстай,
Мұсылманда атақты»

(Абай, I том, 240-бет.)

«Сол күнде Аристотель жеке дара...»

(Абай, I том, 257-бет.)

«Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой»

(Абай, I том, 66-бет.)

тағы басқа осылар тәрізді. Жай қарағанда қазаққа таныс емес, көп адамның аттарын қолданушылық оның шет тілге әуестігін көрсететін сықылды. Бірақ, бұлай деп түсінсек, қателескен болар едік. Олар сықылды дүние жүзіне даңқы жайылған, атышулы адамдарды өлеңдеріне кіргізу — Абайдың шетшілдігі емес, бір жағынан көп оқып, көп білгендігін көрсетсе, екіншіден, жақсыларын кейінгі ұрпаққа үлгі ету, кейбіреулерінің қан төккіш жауыздық істерінен қашыру деген мақсатты алдына қойғандығын көрсетеді. Ал, татар тілі, не татар басында басылып шыққан қазақша кітаптар Абайға еш әсерін тигізе алған жоқ. Ол кездегі жазба әдебиеттің өкілдері:

«Балалар ашап болғаш,
Уахытымен тамақ тойғаш,
Кітаптарын қолына алғаш,
Оқыр сабақ якшылап»,—

деп бір жолында бірнеше татарша сөз, сөйлем кіргізіп

жүрген кезде, жиырма жылдық творчестволық өмірінде, мысқылдау ретінде әдейі қолданған:

«Ең семізін ілейін,
Қызық қылып ашарға».

(Абай, II том, 124-бет).

«Есі шықпай мұнан да ішкен артық,
Қисыны жоқ қышқырған неткен танық» —

(Абай, II том, 128-бет.)

деген тек екі-ақ сөздің болуы Абайдың татаршылдықтан іргесі аулақ екенін осының өзі-ақ айқын көрсетпей ме. Сөйтіп, Абай өлеңдерінде кездесетін араб, парсы сөздерін үш топқа бөліп, бірі — қазақтың өз сөзі болып, «қол бала» болған сөздер, екіншісі — діни ғылыми атау, термин мен қазақ тілінде ол ұғымды берерлік сөз жоқтықтан қолданылған; үшіншісі — күлкі, сықақ үшін қолданылған сөздер. Бұл ретте қолдануы дұрыс та, орынды да. Бұлай етіп қолдану — тілдің жалпы даму заңына да, ана тілінің шұбарланбауына да қайшы келетін жері жоқ десек, Абай өлеңдерін тіл жағынан негізінде тазалығын еріксіз мойындауға тура келеді. Өйткені, ол кезде қазақ тілінде кітаптардың екі сөзінің бірі арабша, парсыша, не шағатайша, татарша болып, ақындар, жазушылар, шығармаларына араб, парсы, шағатай, татар сөздерін көбірек қосса, сонда ғана оның өлеңі — өлең болады деген ұғымда жүргенде Абай дара шығып, шет сөзді орынды жерінде ғана қолданып, орынсыз, шетшілдікті шенеп:

«Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол — акынның білімсіз бишарасы.
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы»,—

(Абай, I том, 78-бет).

деп, жұртты тіл тазалығына шақырса, оны көрмей кетуге болмайды. Ақмолда, Ақансері, Нұржан т. б. 40—50 жолынан жүздеген шет сөз табылса, Абайдың 20 жыл жазған қара сөз өлеңдерінен не барлығы 300—400 ғана араб, парсы сөздерінің кездесуі оның шет тілшілдігін көрсетпейді, керісінше, тіл тазалығы үшін күрескендігін көрсетеді.

Сонымен қатар, Абай сол кездердегі ақын-оқымыс-

тылдардың қайсысынан болсын араб, парсы жаяпы шығыс тілін көп білген адам.

«Парсы, ғараб ұлғатымен келтірер ем,
Ғалимдік дайрасынан ішсем қанып»,—

деп, Нұржан өзінің парсы, арабқа шорқақтығын арман етсе, Абай парсы мен арабтың лұғатын қалай қолданып, қалай пайдаланамын десе де қолынан келетін еді. Бірақ, Абай олай жасаған жоқ, бар күшін ана тілін таза сақтауға жұмсады.

Ал, Абайдың сөздік қорының бір бұтағы орыс тілі, орыс әдебиеті деп жоғарыда айтып өттік. Бірақ, Абай қанша «батысшыл», орыстың мәдениетін, әдебиетін қанша қатты сүйген ақын десек те, орыс тілін орынсыз қолданып, өз тілінді шұбарладың деп кінә таға алмаймыз. Абайдың барлық өлеңінде елу-алпыс қана орыс сөздерінің кездесуі ол тіл шұбарлау болып саналмайды. Олардың, бірқатары термин, бірқатары сол кездегі қазақтың әлеумет өміріндегі өзгерістерімен байланысты кірген сөздер, ал, кейбіреулері қазақша айтуға болмайтын сөздер.

Ақынның орыс тілінен қолданған сөздерінің негізгі принципі екі түрлі:

Бірінші: Абай орысша жеке сөздерді алады да, сол күйі қолданады, не оған қазақтың жалғау, жұрнағын қосып, өзінің әуелгі мағынасының айналасында өлең сөйлемінің бір мүшесі етіп қолданады:

«Балам закон білді деп,
Қуанар ата-анасы»,
(Абай, I том, 66-бет).

«Бұл іске кім виноват.
Я Семейдің қаласы».
(Абай, I том, 66-бет).

«Енна тайна кәлкаусар,
Пошел дереу күнәкәр».
(Абай, I том, 36-бет.)

«Ұры, залым, законшік
Танып алды талайды...»
(Абай, I том, 90-бет.)

«Жалтыратып орысың
Шенді шекпен таққанға»
(Абай, I том, 92-бет).

Екінші түрі — бір шумақ өлеңнің бір тармағы болып келетін және сол шумақтың мазмұнымен байланысты сөз, сөйлемдер. Бұлар өте аз, екі, үш-ақ жерде кездеседі.

«Айтыңызшы, болсаңыз
Здравомыслящий...»
«Ол да уездней емес қой,

(Абай, I том, 66-бет).

Алуға теңдік, сенуге.
Я өз бетіңмен тәуекел,
Занимайся прямой...»

(Абай, I том, 67-бет)

«Сила притягательная однородного»

(Абай, II том, 245-бет.)

Бірақ, алдыңғы жеке сөздіктер, не соңғы сөйлемді сол қалпы қолданушылықтар Абайдың орыс мәдениетімен нық байланыстылығын көрсетуде нақтылы дерек бола алмайды. Жиырма жыл жазған, үзбей оқып, орыс әдебиетін көп зерттеп, көп білуге тырысқан адамның барлық еңбегінде не бәрі елу шамалы орысша сөз кездесуі мейлінше аз.

Бірақ, бізше Абайдың орыс әдебиетінен алған үлгісі оның еңбектерінің басқа жағында, Абай өзіне шейінгі ақындардың ешқайсысында болмаған жаңаша сөз, жаңаша сөйлем құрылыстарын көп кіргізген ақын. Жеке сөз, жеке атаулары араб, парсы сөздерінен көп қолданылса да, жаңаша сөз, сөйлемдердің үлгісін жасап, оны әдебиетке енгізу жағын зерттесек, мұның терең тамыры араб, парсы да емес, орыс әдебиеті, орыс тілінің негізінде жатқандығын көреміз. Бұл мәселеге осы еңбектің «Абай өлеңдеріндегі жаңа сөз, жаңа сөйлем»,— деген тарауда айрықша тоқтамақпыз. Сондықтан, мысал үшін бір ғана үзінділер келтіріп өтелік.

«Өзіне сенбе жас ойшыл,
Тіл өнері дертпен тең»

(Абай, II том, 90-бет.)

«Барасың қайда, қайда болмай маған,
Жас өмір — алтын, күміс жарқылдаған».

(Абай, II том, 83-бет).

Мұнда біріншіден «барасың қайда, қайда» деген орысшаның әсері жаңа оборот болса, екіншіден, өмірді «алтын, күміске балау тәрізді метафоралық эпитеттер — орыс тіліндегі өлең образының үлгісі, көріктеудің жаңа түрі.

Бұл үзінділердегі қара әріппен жазылған сөз, сөйлемдердің қайсысы болсын Абайға шейінгі әдебиетімізде жоқ, бұл — Абайдың орыс әдебиетін меңгере келе, солардың образ жасау, ой беру әдістерін қазақ ұғымына лайықтап кіргізген жаңа образ, жаңа сөйлемдер. Ендеше, мәселенің бұл жағын «Абай өлеңдеріндегі жаңа сөз, жаңа сөйлем» деген бөлімде талдамақпыз.

г) Абай өлеңдеріндегі жаңа сөз, жаңаша сөйлемдер. Ұлы ақынымыз Абайдың қазақ әдебиетінің тілін жасаудағы зор еңбегінің бірі — жаңа сөз, жаңаша сөйлем құрылыстарын енгізуі. Бұл жөнінен Абайдың қазақта ешбір теңдесі жоқ. Оның алдындағы ақындар да, замандастары да бұрынғы қолданылып жүрген сөз, не байырғы сөйлем құрылыстарынан әрі бара алған емес. Халықтың бай тілінен қолданылмай жүрген сөздерді теріп, әдебиетке кіргізіп, халық тілі ету, кейбір сөздерге жаңаша мән беру, сөздердің сөйлемдегі орындарын ауыстырып, дағдылы қалпынан өзгеше етіп құру, жаңадан сөз енгізу жайлы Абайға шейінгі де, Абайдың тұстас ақындарынан да пәлен бар деп айта қою қиын. Сондықтан, бұл тәрізді ауыр жүкті өзіне жүктегенде, «Нар жолында жүк қалдырмай», нәтижелі зор еңбек еткен де қазақтың әдебиет тарихында бірінші рет Абай болды десек, асырып айтушылық болмайды.

Қай кезде болсын ақын, жазушылардың әдебиеттік тіл қорына жаңадан кіргізулері — өте сирек, өте сараң түрде дамиды құбылыс. Ол үшін әртүрлі жағдай керек. Ақынның асқан талантты болуы, өз елінің де, басқа елдердің де мәдениетін, әдебиетін кеңінен шолыған оқымысты адам болып және өз кезіндегі тілдің даму процесін бақылап отырарлық қабілетінің болуымен қатар, әлеумет өмірінде де әртүрлі өзгерістер болуы керек. Әлеумет өмірінде болған өзгеріс, жаңалықтар, өзімен бірге жаңа сөз, жаңа сөйлем, жаңаша сөз құрауларды ала келетіні сөзсіз. Демек, бұл жағдайлардың бәрі де Абайда болды.

Өмірді кеңінен шолып, шығыс, батыс, өз елінің мәдениет, әдебиетін жете білген ұлы таланттың, ескі феодал-

дық дәуірінің әлсіреп, буржуазиялық жаңа заманның туа бастаған, әр түрлі қайшылықтардың күшті кезінде өмір сүруі, оның жалпы творчестволық бетін айқындауда үлкен мәні болды десек, бұл тіл мәселесінде де өзінің ізін қалдырды. Кейбір жаңа сөздердің сол өзгеріс жаңалықтармен жарыққа шыққаны талассыз.

Абайдың кіргізген жаңа сөз, жаңаша сөйлем құрылыстары көп және әралуан. Жаңа сөздерінің ішінде өз мағынасында қолданылатын сөздер де, ауыстыру мағынасында қолданылатын сөздер де жаңа теңеу, жаңа эпитет, не инверсия т. б. Поэтик тілдердің әрқайсысын жеке-леп талдағанда жаңа теңеу, жаңа эпитет тағы басқаларына айрықша тоқталмақпыз. Бұл бөлімде ақын жалпы алғанда қандай жаңалықтар кіргізді, солардың үлгілеріне тоқталалық.

Абайдың жаңа сөздері әртүрлі жол, әртүрлі әдістермен жасалынады. Кейбіреулері, қазақта бұрын қолданылмаған, өзінің кіргізген сөздері. Кейбіреулері, сөздің түбірі бұрын болса да, Абайдың қолданысындай жалғау, жұрнақтармен қоса айтылмайтын сөздер тобы бұрын бар, қазірде де қолданылатын сөздердің алдына жаңа эпитет, жаңа теңеулер қойып жаңа образ жасап, жаңаша көркемдік мән беру. Немесе, сөздерінің бәрі, күнбе-күн қолданылатын сөз болса да, дағдыдағы қалыптан сөз орнын ауыстырып, жаңаша экспрессия жасау, қысқасы, әралуан етіп сөз, сөйлемді жанарту.

«Артынан «ол нем» деп,
Ұялып кезнесіп».

(Абай, I том, 159-бет.)

«Анттасып алқайды,
Сен тентек демеске».

(Абай, I том, 153-бет.)

«Ұстай алмадым бірін де,
Кекиді кейін шегініп»

(Абай, I том, 137-бет.)

«Пайдасыз ақыл,
Байлаусыз тақыл
Атадан бала ойы өзге»,

(Абай, I том, 95-бет.)

«Қалқамнан калдым қарс ұрып,
Қайткенде болар жұбаныш.

(Абай, I-том, 246-бет.)

«Жамандық, жақсылыққа қарар салқын,
Долығы тез басылып, қайтар қарқын».

(Абай, II том, 100-бет).

«Ор қазып байқады
Туа жау емеске»

(Абай, I том, 153-бет).

«Татулықты, тыныштықты,
Қоңыр көрер, кем көрер»,

(Абай, I том, 137-бет).

«Ой тәңірі-ай, шыл кер өсек,
Қулық, сұмдық, я өсек»,

(Абай, I том, 294-бет.)

«Тың тұяқ күнім сүйтсе де,
Қарбаңдадым өкімдеп».

(Абай, I том, 87-бет.)

«Алқыны күшті асаулар,
Ноқтаға басы керілді».

(Абай, I том, 88-бет),

«Құбылға бәрі зерек қой,
Бәрі жайсыз тоқтауға»,

(Абай, I том, 217-бет.)

тағы басқа осылар тәрізді. Бұл сөздердің қайсысын алсақ та, Абайға шейінгі, не Абай кезіндегі әдебиетімізде болмаған жаңа сөздер. Бұлардың кейбіреулері түгелдей жаңа сөз «алқайды», «тақыл», «кекіді», «кезнесіп», кейбіреулері әртүрлі жалғау, жұрнақтар арқылы жаңартылған. «Құбылға», «өкімдеп», «долығы» — бұлар бұл түрінде Абайға шейін еш әдебиетте қолданылған емес. Бұрын «құбыл», «құбылу», «өкім», «долы» түрлерінде ғана қолданатын.

Әсіресе, Абайда көп кездесетін сөздер, жай сөздің алдында өзіне шейін қолданылмаған жаңа эпитет, теңеу тағы басқа поэтикалық тілдер қойып, солар арқылы жаңарту. Мысалы:

«Ой, тәңірі-ай, шыл кер өсек»,

(Абай, I том, 94-бет.)

«Жер қорығыш желкек шал
Желіп жүріп боздайды».

(Абай, I том, 151-бет.)

«Толқынын жүрегіннің хаттай таныр»,

(Абай, I том, 57-бет).

«Өсек» те, «кер» де жеке алғанда, күнбе-күн қолданылатын сөз. Бірақ, Абайға шейін осы екеуінің басы түйісіп, бір мағына беретін сөз қолданыс қағаз бетіне түскен емес. «Желкек шал» да осы тәрізді. Абай: «өсектің» алдына «кер», «шалдың» алдына «желкек» деген эпитетті қойып, жаңа образ, жаңаша мән туғызған.

«Толқынын жүрегіннің хаттай таныр» дағы «тай» арқылы жасалынған теңеуді алсақ, фольклорда жоқ екені түсінікті, өйткені, хат білмеген елде, хатқа теңеу болмайтыны өзінен өзі айқын нәрсе десек, Абайдың алдындағы әдебиет пен өз кезіндегі ақындардың да өлеңдерінен мұндай теңеуді таба алмаймыз.

Абай жалғыз үздік, оригинальный эпитет, теңеу ғана емес, поэтик тілдердің басқалары арқылы да үздік жаңаша образ, сөйлем құрылыстарын жасайды.

«Жақсы әнді тындасаң ой көзімен,
Өмір сәуле көрінер судай тұнық»

(Абай, I том, 188-бет).

«Талаптың мініп тұлпарын,
Тас қияға өрледің».

(Абай, I том, 191-бет).

«Боламын» деп жүргенде болат қайтып,
Жалын сөніп жас жүзін басады әжім».

(Абай, I том, 201-бет).

«Жүректегі жалынды көзден жас қып,
Ағызамын болады ол неге сеп»,

(Абай, II том, 142-бет).

«Әйел адам гүлмен тек, дымды сүймек,
Көзінен жасы шықса бойына ем»

(Абай, II том, 142-бет).

«Құйрықты жұлдыз сықылды,
Туды да, көп тұрмады...»

(Абай, I том, 180-бет).

«Ит көрген ешкі көзденіп,
Елерме, жынды сөзденіп.»

(Абай, I том, 91-бет).

«Шығып кетер, я қалғыр,
Оған ақыл — арам без».

(Абай, I том, 94-бет).

«Білгенге жол бос,
Болсайшы қол бос
Талаптың дәмін татуға»,

(Абай, I том, 98-бет).

Бұл үзінділерде поэтикалық тілдердің әр түрі бар: метафора, синекдоха, метонимия, метафоралық эпитет, қысқасы солардың әрқайсысы арқылы сөйлемді жаңарта білген. «Тұлпар міну» бұрын да бар, бірақ, «Талаптың тұлпарын міну» — Абайдың өзі кіргізген сөйлем құрылысы. «Әйел адам гүлмен тең, дымды сүймек» деген тәрізді метафоралар, «боламын деп жүргенде болат сынып», «Ауру жүрек ақырын соғады жай» деген тәрізді метанимиялар.

«Күнді уақыт итеріп,
Көкжиектен асырса»,

(Абай, I том, 219-бет).

деген тәрізді кейіптеу (олицетворение) бұрын жоқ, өзінің көркемдігімен де, жаңа сонылығымен де «мені Абай жасады, біз Абайдың ғана қаламынан шықтық» деп тұр. Қазақтың фольклоры, Абайға шейінгі тарихи әдебиеті, Абай кезінде басылып шыққан кітаптармен таныс адам жоғарғы келтірген мысалдардың қайсысы болсын жаңа нәрсе екеніне таласа алмайды.

Абайдың сөйлем құрылысына кіргізілген әралуан жаңалығының бір бұтағы өлең сөйлемдердің ұйқастарында. Абайға шейінгі әдебиетімізде болмаған, Абай өлеңдерінде ғана кездесетін, төмендегі тәрізді ұйқастар бар. Олардың жалпы бағыты бір болса да, құрылыстары әр келкі.

«Жарқ етпес, қара көңлім не қылса да,
Аспанда ай менен күн шағылса да,
Дүниеде сірә сендей маған жар жоқ,
Саған жар менен артық табылса да.
Сорлы асық сарғайса да, сағынса да,
Жар тайып, жақсы сөзден жаңылса да.
Қыжыртпай мені сырттан жүре алмайды,
Кім желігіп, қай шеттен қағынса да...»

(Абай, I том, 237-бет).

Бұл — бас бунағы 3 буын, ортасы 4, аяққы бунағы 4 буын, қазақтың, (а, а, в, а) болып келетін, кәдімгі қара өлеңінің ұйқасы. Мұндағы жаңалық — әр жолының аяғын «да» мен бітіруде. «Да» сөйлемге бітпеген түс беріп ішкі сезім дүниесін; аңсаған құмарлық, шын берілген жүрек

толқынын жай, қалыптағы сөйлем құрылысынан жанды, жайнақырақ етіп беретінге ұқсайды.

Екінші түрі:

«Жазды күні ақ бөркі бүктелмейді-ақ,
Қолында бір сабау бар ол-дағы аппақ...»
«Қу шалбар қулығына болған айғақ,
Тізесін созғылайды қалталанса-ақ...»
«Тірі жанға құрдас боп жап-жасында-ақ,
«Осындай сыйдаң жігіт елде мол-ақ,
Бәрі де шаруаға келеді олақ,
Сырын түзер біреу жоқ, сыртын түзеп,
Қас кермек, мойнын бұрмақ, қоразданбақ»,—

(Абай, I том, 53-бет).

Мұндағы әр жолдың аяғында келетін «ақ» деген сөздер жай алына салынған емес, автордың негізгі пікіріне лайықты, айтайын деген ойын дәл беруге әдейі сәйкестелінген. Сөйлем құрылысының, сөз тұтынуларының сонылығы, бұрынғы әдебиетте кездеспейтіні, кездесе қалса, тек анда-санда ғана кездесетіні өз алдына, ақынның суреттеме өмір құбылысын жанды етіп беруіне өте дәл.

Абай бұл өлеңінде: «Қулық сауып», «сұмдық жеккен», жалқау, арам тамақтарды шенеу, солардың бет пердесін жыртып, көпшіліктің алдында мысқылдап, сықақ ету деген тілекті алға қояды. Сол мысқылдау, өзіне тән сөз, сөйлем құрылысын керек етсе, сөзді де соған лайықтап қолданады.

«Жазды күні ақ бөркі бүктелмейді-ақ...»
«Тірі жанға құрдас боп жап-жасында-ақ»
«Қас кермек, мойнын бұрмақ, қоразданбақ»,—

деген жолдардың сөйлем құрылыстарында қаншама сықақ, мысқылдар жатыр. Екінші сөзбен айтқанда, Абайдың әр сөзі өзінің ой-сезімінің бір бөлшегі болып, бір онысына, бір мұнысына жарап тұратыны тәрізді, мұнда басы артық бір сөз жоқ, әр сөзі орынды, «ақ» деген көмекшінің өзі де сол мысқыл, кекесіндеу үшін қолданылса, өз міндетін толық атқарып отыр.

Біз жоғарыда Абайдың қазақ әдебиеті тіліне ендірген жаңалығының бір бұтағы орыс тілі әдебиетімен сабақтас деп атүсті ғана айтып өттік. Және әңгіме жеке-жеке сөздіктерде емес, оборот, сөйлем құрылысында, орыс тіліндегі сөздердің үлгісімен қазақтың кейбір сөздеріне жаңаша мән беруінде.

Абай — орыс мәдениетін, әдебиетін тереңнен сүйіп, өзінің ақындығын өрістетуге, дамыту жолында болсын, дүниеге көзқарасын кеңейтіп, жалпы адам баласылық мәдениетке қол созу мәселесінде болсын ол мәдениетті өзіне үлгі еткен, одан үйреніп, және өзіндік «мен» іні, Абайлығын да сақтай алған ақын. Бұл үйренуде, өзіндік тұрғысын сақтап қала алу оның басқа жағын былай қойғанда, поэтикалық тіл қолданыстарынан да анық байқалады.

«Қартаң бай, қатты сақ бол, тілге көнсең,
Мүйіз шығар, қатынның тіліне ерсең»

(Абай, I том, 184-бет.)

«Ел аулақта оңаша қолын алып,
Көңліндегі сабағын айтып тынар»,

(Абай, II том, 70-бет).

«Мен — сынық жан, жамағанмен,
Түзеле алман түрленіп...»

(Абай, II том, 75-бет).

«Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз,
Тасты жол жарқырайды бұға амалсыз»

(Абай, II том, 110-бет).

«Қонады бір күн жас бұлт.
Жартастың төсін құшақтап»,

(Абай, II том, 146-бет).

«Тас дулыға, тас сауыт киінгенім,
Денемді қысып жатыр бүгін менің...»

(Абай, II том, 95-бет).

«Уақыттай, өзі жүйрік ат мінеміз,
Сауыттай шынжырлаулы тереземіз»,

(Абай, II том, 95-бет).

«Жалтаңдаған жас жүрек
«Байғұс-ай» — десін, демесең»,

(Абай, II том, 91-бет).

«Жас жүрек жайып саусағын
Талпынған шығар айға алыс».

(Абай II том, 73-бет).

Егер осы үзінділердегі сөз қолданыстарды бұрынғы

әдебиетімізде бар-жоғы жағынан алып тексеріп көрсек, көп нәрселердің бетін ашуға болады.

«Мүйіз шығу» деген сөз қазақта бұрын да бар, «Мүйіз шықса көрерміз». Бірақ, Абайдың қолдануында мүлде басқаша ұғымда; жаңа сөз, жаңа ұғым, әйелі ерінің көзіне шөп салып, біреумен жүрсе, соны мазақтау ретінде айтылатын орыстың «рогоносец» деген сөзінің мағынасын береді. «Тасты жол жарқырайды буға амалсыз» Абайға шейін де толып жатқан жолдар бар: қара жол, айдау жол, қасқа жол, сыңар аяқ жол, соқырқай жол, сүрлеу жол, т. б. Бірақ, «тасты жол» жоқ. Неге десеніз көшпелі, жарты көшпелі қазақ халқы тастан жол салып көрген емес. Демек, бұл да орыс әдебиетінің үлгісімен жасалынған сөз.

Қазаққа «сауыт та, дулыға да» таныс сөздер. Бірақ, «тас сауыт, тас дулыға» түрінде еш жерде қолданылмайды. Не уақытты атқа балау» да жаңа образ. Әрине, бұл келтірілген үзінділер орысша аударманың ықпалы, соның әсерімен жарыққа шыққан.

Мысалы:

«Барасың қайда, қайда болмай маған,
«Жас өмір — алтын, күміс жарқылдаған...»

«Куда, куда вы удалились
Восны моей златые дни...»
«И после ей наедине
Давать уроки в тишине.—
«Ел аулақта оңаша қолына алып
Көңіліндегі сабағын айтып тынар»,—

деген жолдарды салыстырсақ, «Барасың, қайда, қайда болмай маған» деген тәрізді дағдыдан тыс сөйлем құрылысымен «көңіліндегі сабағын» айтып тынудың төркіндері орыс тілі, орыс әдебиетінде жатқаны талассыз.

Бірақ, орыс әдебиеті, орыс тілін өзіне үлгі етіп, қақтың әдебиет тіліне жаңа сөз, жаңаша сөйлем құрылысын кіргізді дегенде, біздің ерекше көңіл бөлетініміз де және Абайдың тарихи ұлы еңбегі деп қарайтынымыз да бұл емес, оның өзі енгізген жаңа сөздерімен төмендегі: «Мен — сынық жан», «ауру жүрек ақырын соғады жай», «жалтандаған жас жүрек», «қонады бір күн жас бұлт, жартастың төсін құшақтап», «жас жүрек жайып саусағын» деген тәрізді жаңаша сөйлем құрылысы, жаңаша

сөз қалауларды айтуға болады. Жай қарағанда бұлардың ешбір жаңалығы жоқ, бәрі де түсінікті, бәрі де қазақ сөздері сықылды. Бірақ, терең талдай бастасақ, олай емес екенін көреміз. Қазақтан «жан» мен «сынық» — екеуі дара-дара қолданылса да, Абайға шейін жанның алдына «сынық» тәрізді эпитетін қойып: «мен» сынық жан» деп, соны метафоралық эпитетке айналдырып қолданған бір де ақын жоқ. «Жалтандаған жас жүрек» деген сөйлемін алсақ, мұндағы өткен шақтық есімшемен жасалынған эпитет арқылы жүректі «жалтандату» — жансызға жандының ісін істетіп, кейіптеуге айналдыру. Абайдан бұрын ешкімде болған емес. Сол тәрізді «ауру жүрек», «ауру» да, «жүрек» те — қолданыла беретін сөздер. Қазақ: «жүрек ауру» дейді, «жүрегінің дымқосы бар», «жүрегі нашар» тағы басқа. Бірақ, Абайға шейін «ауру жүрек» деп қазақ әдебиетінде қолданған контексті табу қиын. Абай инверсиясының заңына сүйеніп, яғни, сөздің орнын ауыстырып, «ауру жүректің» соғуын сипаттауға дәл келетін эпитеттер арқылы айтайын деген пікірін жанды, жинақы етіп бере алған.

«Ауру жүрек ақырын соғады жай» деген сөйлемде қаншама көркем сурет жатыр.

Әрине, бұл сықылды жаңа сөз қолданыс, жаңаша сөйлем құрылысы Абайда көп, олардың әрқайсысына жеке тоқтап талдаулар беру — келешектің ісі. Біздің бұл жерде айтпағымыз — Абайдың қазақ әдебиет тілін көркем, образды сөздермен байытудағы жаңашылдығы. Ол үшін осы мысалдардың өзі-ақ жеткілікті ғой деп ойлаймыз.

Бірақ, бұл жерде бетін аша кететін өте маңызды мәселенің бірі; жоғарғы келтірілгендер тәрізді жаңа сөз, жаңа сөйлемдердің көпшілігінің үлгісін орыс әдебиетінен ала тұрса да, Абай оларды таза қазақтікі етіп шығара білген.

Әңгіме бір елдің ақынының екінші елдің ақынына еліктеуінде не еліктемеуінде емес, өз бетін сақтай білуінде. Араб әдебиетіне еліктеп — барлық сөз сөйлемін арабша етіп жіберген, шағатай әдебиетіне еліктеймін деп — шағатайшылап, татарға еліктеймін деп татаршылап, өз бетін, өздігін жоғалтып алған ақындар қазақта да аз емес. Абай одан аулақ.

Абайдың үлкен даналық, кемеңгерлігі, міне, осында.

Абай кімге еліктесін мейлі, он үш жасынан жоғары қарай, еш ақын, еш әдебиеттің жетегінде кеткен жоқ.

Олардан қажетін алды да, «Әліпті талша иіп» өз керегіне жаратты.

«Барасың қайда, қайда болмай маған», «Өзіңе сенбе жас ойшыл», «Мүйіз шығар, қатынның тіліне ерсен» деген бірен-саран сөз, сөйлемдер болмаса, көпшілігін қазақтың өз сөзінің негізінде құрды. «Жүрек» пен «ауру» қазақтың өз сөзі болса, орнын ауыстырып, жаңартып шығарды.

«Жас жүрек жайып саусағын,
Ұмтылған шығар айға алыс...»

тәрізді кейіптеу, қазақтың «Арыстан айға шауып, мерт болыпты» деген мақалының үлгісінен алынғаны сөзсіз. Абайдың әрбір жаңа сөз, сөйлем құрылысы, сөз қалаулары оқушыларына үздік, сезім қозғарлық әрі жаңа, әрі таныс та нәрсе болып отыратыны, сол өзінің енгізіп отырған жаңа сөз, сөйлемдерін қазақтың өзіне таныс, бір негізге құруында. Сөйтіп, оқушылардың ұғымында екі түрлі ассоцияның басы түйісіп, әрі түсінікті, әрі жаңа болып көрінуінің түп тамыры осында жатыр.

Сонымен қатар, Абай әрбір жаңа сөз, жаңа сөйлемге өте сақ, көп ойланып, көп сынап, талғап алатын сықылды. Мысалы: «Ойына алған сабағын айтып тынар» деген сөзді алсақ, бұл кезде, қазаққа ондай сөздің жаңа болса да, жат болып көрінбейтін кезі. Өйткені, бұл кез сабақ оқудың кіре бастаған кезі еді.

Жоғарғы айтылғандарды қорыта келгенде, Абай әртүрлі жол, әртүрлі әдістермен бұл жаңа сөз, жаңа сөйлемдер арқылы қазақтың әдеби тілін байыту мәселесінде тарихи ұлы еңбек еткен ақын екендігі айқын көрінеді.

VI тарау

АБАЙ ӨЛЕНДЕРІНДЕГІ ЭПИТЕТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Біз өткен тарауларда Абай өлеңдеріндегі архаизм, диалект, шет сөз, неологизмдерге тоқталып, олардың әрқайсысы Абай шығармаларында қандай орын алып, ақынның өзіне шейінгі фольклор тарихи әдебиет және өз кезіндегі әдебиеттерден тіл жағынан ерекшелігі қайсы, шет тілдерден нені қабылдап қарсы шықты, өзі не жаңалық кіргізді деген мәселелердің бетін аштық. Абайдың қазақ әдебиетінің тілін дамытудағы ұлы енбегін түсіну де, бағалау үшін де бұлардың әрқайсысының мәні зор. әрқайсысының орны ерекше. Әйтседе, поэтикалық тілдердің негізгі саласы болып саналатын эпитет, теңеу, тропа, фигура, олардың түрлері айрықша талдауды керек етеді. Мұнан былайғы тарауларда Абай тілінің осы жақтары зерттелмек.

Ұлы ақындардың қайсысының болсын тілін зерттеушілер ең алдымен поэтик тілдердің негізгі түрі деп те және көп кездесетін түрі деп те эпитет пен теңеулерді алады. Сондықтан, ең алдымен Абай өлеңдеріндегі эпитетке тоқталмақпыз.

Басқа тілдердегі тәрізді, қазақ тіліндегі эпитеттер де негізінде сын есім арқылы анықтауыш т. б. жолдармен де жасалынады. Сосынғы бір түрі — көсемше мен өткен шақтық есімше. Сөйлемнің мүшесі жағынан көпшілігі анықтауыш, кейде толықтауыш, пысықтауыш болып

келеді. Бұлар алдыңғы анықтауыш болып келетін эпитетке қарағанда, анағұрлым аз, анағұрлым сирек. Эпитеттің шығу тарихын зерттеуші дүние жүзінің ғалымдарының қайсысы болсын мейлі, эпитет поэтик тілдің кәрі замандардан бері келе жатқан адам баласының сәбилік дәуірінде өзінің ой-пікірін сурет арқылы берумен байланысты жарыққа шықты деп таныса, қазақ фольклоры да бұл пікірдің дұрыстығын растайды. Қазақтың ескі заманнан сақталынып келген фольклор нұсқауларын алсақ эпитет, әсіресе, тұрақты эпитеттерді жиі кездестіреміз.

«Қызыл шұбар айдаһар,
Қара шұбар жолбарыс», (39)

«Сары өзеннен өткенде,
Тас суындай *сарқырап*,
Тарлан атпен Көбікті
Артынан жетті *барқырап*», (40)

«Солқылдаған ақ найза,
Басыма сайғақ болсын деп,
Оң қарыма *ілгенмін...*» (41).

Бұл үзінділердегі қара әріппен терілген сөздер сын есім арқылы жасалған эпитеттер де, қара курсивпен терілген сөздер — көсемше мен өткен шақтағы есімше арқылы жасалған эпитеттер. Эпитеттің төртінші түрі және ауыз әдебиетінде өте жиі кездесетін түрі — тұрақты эпитет. Мысалы:

«Айнаменен ақ жүзімді көрейін,
Хақтың салған жарлығына көнейін», (42)

немесе,

«Есік алды қара су
Майдан болсын, жар-жар-ау.
Ақ жүзімді қарауға
Айнам болсын, жар-жар-ау.» (43)

Қысқасы, қандай жағдайда айтылса да, ауыз әдебиетінде «жүздің», «алдына» көпшілігіне «ақ» деген эпитетті кездестіреміз. Басқа түрлі эпитет, не өте аз, не кездеспейді. Немесе, тақтың алдында «алтын» деген ғана эпитет қолданылады. «Алтын тақтың үстінде» деп келеді.

Бұл тұрақты эпитеттердің шығу тегіне, мәніне көз салсақ, «алтын» эпитеті анықтамақ зат есімнің жасалынған затымен байланысты және соған әбден берілген

болса, «ақ» эпитеті кейінгі кезде тавтологияға айналғанға ұқсайды. Әсіресе, айтыстарда, айтысып отырған қызы сары болсын мейлі, не қара болсын мейлі, оның жүзіне келгенде: «Ақ жүзінді көруге құмармын» деп дағдымен кетеді. Кейде жақсы деген нәрсенің бәрін де «ақ» арқылы атайды: «ақ патша», «ақ пайғамбар», «әлди-әлди ақ бөпем», «ақ бесікке жат бөпем», «ақ қалқа», «Ақ еркем, отыр ма екен, жатыр ма екен.» т. б.

Қазақтың әдеби тіліндегі эпитеттің не бары осы төрт түрден құралады десек, осылардың өз ішінен шығатын күрделі эпитет және бар. Бұл, әрине, жеке түр болып саналмайды. Жоғарғы үзінді келтірген «қызыл шұбар айдаһар», «Қара шұбар жолбарыс» сын есім арқылы жасалынған әрі күрделі эпитеттерге мысал бола алады. Өйткені, күрделі эпитеттің жасалу негізі әлденеше эпитеттен тұратындықтан, бір сөйлемде эпитет біреуден жоғарғы болғансын, бәрібір күрделі эпитет саналады.

Эпитеттің барлық түрі халықтың ауыз әдебиетінен түгел табылғасын, Бұхардан бастап, Абайға шейінгі, не Абаймен тұстас ақындардан да, не Абайдың өз өлеңдерінен де түгел табуға болатындығы өзінен-өзі анық. Сондықтан, эпитет жөніндегі Абайдың өз ерекшелігі қайсы, соған келелік.

«Абай өлеңдеріндегі жаңа сөз, жаңа сөйлем» деген бөлімімізде біз, Абай өзіне шейінгі әдебиетте қолданылмаған жаңа сөз, жаңа сөйлемдермен әдеби тілімізді байытқан ақын деп, өзімізше, дәлелдеп, бірнеше мысалдар келтірдік. Бұл жаңалықтарды біз эпитеттер туралы да айта аламыз.

«Қан жүректе қайғылы-ау,
Қайрыла кет сен маған.

(Абай, 1 том, 211-бет).

«Ызалы жүрек, долы көл,
Улы сия, ащы тіл...»

(Абай, 1 том, 183-бет).

«Асау жүрек аяғын шалыс басқан,
Жерін тауып артқыға сөз болмай ма.

(Абай, 1 том, 206-бет).

«Алқыны күшті асаулар
Ноқтаға басы керілді...»

(Абай, 1 том, 88-бет).

«Өрбіген жүрек басылмай,
Талапты көңіл елірмес...»

(Абай, 1 том, 151-бет).

«Жер қорыған желкек шал
Желіп жүріп боздайды».

(Абай, 1 том, 151-бет).

«Адасқан күшік секілді
Ұлып жұртқа қайтқан ой»

(Абай, 1 том, 172-бет).

тағы басқа осылар сықылды ауыз әдебиеті, не Абай алдындағы тарихи әдебиетте қолданылмаған эпитеттер Абайда көп. Біз бұларды тек мысал үшін ғана келтіріп отырмыз.

Абай өлеңдеріндегі жаңа эпитеттер әр түрлі жолдармен жасалынады.

Кейбіреулері жалғаусыз түбір, кейбіреулері жалғау, кейбіреулері жұрнақ арқылы, не сөз, не дыбысты тастап кету арқылы жасалынады. Қысқасы, қалай болсын Абай сөзге жаңаша мән беріп, жаңа эпитет етіп шығарады.

«Қан жүрек», «долы қол», «алқыны күшті асау», «өрбіген жүрек», «желкек шал», «ұлыған ой» т. б. алсақ, бұл тәрізді сөз қолданыс Абайға дейінгі әдеби нұсқалардың ешқайсысында жоқ. Ал:

«Кейбіреуі дүрсіп жүр,
Жер тәңірісіп кер мағыз»,

(Абай, 1 том, 139-бет).

«Пәледен тұрмас шошынып,
Тұл бойын желік жеңген-ді»,

(Абай, 1 том, 119-бет).

алсақ, мұндағы: «дүр» — жеке алғанда архаизм. Сол «дүр» қалпында ескі әдебиеттерде кездесе береді. «дүр ақын», «дүрде араз» т. б. Абай осы «дүр» ді алады да «сіп» жұрнағын қосып, архаизм негізінде: «дүрсіп» деген, өзінен бұрын қолданылмаған, сондықтан жаңа саналатын эпитет жасайды.

Соңғы екі жолдағы ерекшелік — сөздің бір әріпін қысқарту. «Тұла бойы» бұрын да бар: «Тұл бойы» — Абайға шейінгі әдебиетте қолданылмаған сөз.

Бұл айтылғандарды жинақтай келгенде тілге жаңа

эпитет енгізудегі Абайдың бір алуан жолдары, әдебиетте, эпитет қатарында бұрын қолданылмаған сөздерді, жаңаша сөз байланыстары, сөйлем құрылыстары арқылы көркем тіл мүшесі ету; архаизмдік сөздерге жұрнақтар жалғап эпитетке айналдыру жаңа нәрсе етіп көркем тілге енгізуі, не кейбір эпитеттердің дыбыстарын әдейі тастап кетіп, құлаққа естілуін жаңа етіп (сондықтан, оның көңілге қонуы жаңа болуы сөзсіз) шығару.

Бірақ, бұл айтқанымыз — Абайдың жаңа эпитет жасаудағы әр түрлі әдістерінің бір түрі ғана. Өйткені, Абай өлеңдерінде эпитеттің жасалу жолдарының бұдан басқаша түрлері де бар екенін көреміз.

Абай эпитетінің ой-сезімге ететін әсерін жаңарту үшін кейде инверсия заңына сүйенеді. Екінші сөзбен айтқанда: эпитеттің дағдылы орнын ауыстырады. Дағдыда эпитеттердің қай түрі болсын мейлі, анықтайтын сөздердің алдында келеді. Мысалы:

«Қызыл шұбар айдаһар»,
«Сорғалап көктен қыран құйылғанда,
«Алтын тақ»
«Сайраған Орта жүздің бұлбұлымын».

Абайда эпитеттің бұл үлгілері көп те, орынды да, ол өз алдына. Біздің бұл жерде айтпағымыз — Абайдың инверсия заңына сүйеніп жасаған эпитеттері.

Өлеңде бұрын кездеспеген, не аз кездесетін жаңа сөз, жаңа образ, не жаңаша сөз құраулар көзге тез түседі. Бұл — табиғи нәрсе. Өйткені әлеумет өміріне енген әр түрлі жаңалықтар жаңа сөз, жаңа образдарды да ала келеді. Сонымен қатар, оқушы көркем шығармадан әрдайым жаңалық күтеді, адамның жан жүйесі, жаңаша сезімді аңсайды. Сондықтан, жаңа образдың жарыққа шығуы, не кейбір образдың бұрынғы дағдыдағы қалпынан өзгертіліп құрылуы оқушыға жаңаша әсер еткіш келеді. Ол образдар мүлде жаңаша, не бұрынғы бар образдың дағдыдағы қалпын өзгертіп, жаңаша құрды ма, бәрібір, оқушылар олардың шығу тегін іздеп жатпайды, өзінің жаңалық аңсаған жан жүйесі, сезім дүниесіне суын берсе болды, ол образ оған жаңа болып есептеледі. Шынында да бұл дұрыс ұғыныс. Өйткені, бір халықтың тілінде бұрын мүлде болмаған жаңа сөз кіргізу, кімге де болсын өте қиын. Достоевский өзі ойлап шығарған бір

сөзін газет бетінде көргенде орыс тіліне мен де бір сөз кіргіздім деп қатты қуаныпты дейді.

Сондықтан, халықтың жалпы тілінде болса да, өзіне шейінгі әдебиетте аз қолданылатын сөзбен сөйлемдерді орнықты, заңды етіп басқаша түрде әдебиетке енгізуді жаңалық деп қарауға әбден болады. Осы тұрғыдан қарағанда, Абайдың эпитеттерді қолдану жөніндегі екінші бір түрі жоғарғы айтылған инверсия заңына сүйеніп, эпитеттердің дағдыдағы орнын ауыстыру.

Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,
Ой желке, *үңірейген* болса сағақ»
Ойынды еті бөп-бөлек, *омыраулы,*
Тояттаған бүркіттей салқы төсті,
Ұршығы төмен біткен, *шақпақ* етті.
— Сырты қысқа, бауыры жазық келіп,
Арты талтақ, ұмасы *үлпершекті...*

(Абай, I том, 63-бет).

Мұндағы қара әріппен терілген сөздер эпитеттер жалпы көп ұшырайтын және дағдылы түрі де, қара курсивпен терілген сөздер Абайға шейін қазақ әдебиетінде кездеспейтін, не өте сирек кездесетін, орны ауыстырылып қолданылатын эпитеттер..

Дағдыда: «Шығыңқы ауыз омыртқа, майда жалды» болуы керек болса, Абай:

«Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды» деп эпитетін анықтайтын сөзден кейін қояды. Бұл әдіс Абайдың көп өлеңдерінде кездеседі.

Ал, ауыз әдебиетінде бұл мейлінше аз. Абайда эпитеттің бұл түрі ерекше орын алады. Бұрынғы әдебиеттерде өте сирек ұшырайтын эпитеттің бұл түрін Абай дамыты, ілгерілетті, заңды, орнықты етіп әдеби тілімізге бекітті, әр түрлі өмір құбылысын суреттеуде, оқушылардың ой-санасына әсер етуде бұл өте керекті тіл құралының бірі екенін танытып, өзінің өлеңдерінде тамаша үлгілер қалдырды.

Абайға шейінгі Бұхар, Дулат, Шернияз тағы басқа көп ақындарда не кездеспей, не кейбіреулерінде ілуде бірді-екілі ғана кездессе, Абайдың шәкірті Ақылбай Көкбай мен Мағауия өлеңдерінде жиі ұшырай бастауы да кездейсоқ нәрсе емес, Абайдың әсері.

Әйтсе де, эпитеттің осы түрінің маңында да ұлы ақынның өзіне тән ерекшелігі жок емес. Мысалы:

«Қар аппак, бүркіт қара, түлкі қызыл,
Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға»

(Абай, 1 том, 39-бет).

Бұл үзіндідегі эпитеттер де, жоғарғы талданғандар сықылды, инверсияның заңына сүйеніліп жасалынған. Бірақ, олардың айырмасы, инверсияға негізделініп жасалғанмен де, бұл тек жалаң эпитет, инверсия ғана емес, әрі шендестіру (антитеза). Суреттемек өмір құбылысын жайнақы, жарқын етіп беру үшін ақын поэтик тілдің үш түрінің бір жерге басын қосқан да, сол арқылы аңшылық өмірді таңқалғандай етіп бере білген.

Эпитеттің бұл сықылды қиыннан қиысқан түрін тек қана Абайдан табуға болады.

Бұған Абайға шейінгі де, не оның тұстасындағы әдебиет те таласа алмайды. Мұндай шеберлік — тек Абайдың қаламына ғана тән нәрсе. Мұны эпитеттің инверсиямен байланысты келген түрі жөніндегі Абайдың ерекшелігі, жаңалығы деп те айтуымызға болады.

Бұл айтылғандардың бәрі де Абай өлеңдеріндегі поэтик тілдердің негізгі бір саласы эпитеттердің сыртқы құрылысы, түрі.

Бірақ, Абайдың ұлы еңбегі эпитеттің әралуан түрлерін байытуында ғана емес, сол түрде әрдайым мазмұнмен тығыз байланыстыруында. Түрімен қатар мазмұнын да байытып, тереңдетуі түрді мазмұнының түрі етуінде.

Эпитет Абайдың көп қолданылатын поэтик тілінің бірі. Әсіресе, адамның не басқа өмір құбылысының сырт кескінін суреттемекші, портретін жасамақшы болса, эпитетті пайдаланады. Абайдың: Ат сыны, Қыз сыны, жылдың төрт мезгілі туралы өлеңдерінің негізгі тәсілі — эпитет.

Мысалы: (Ат сыны) — «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ», — деген өлеңі 28 жолдан құралған екен, соның ішінде поэтик тілдің басқа түрінен «Шоқпардай» деген жалғыз-ақ сөзден басқасы түп-түгел эпитет. Осының өзі-ақ эпитет Абайдың сүйіп қолданған тәсілі екенін дәлелдейді. Абайда, әсіресе, эпитеттің күрделі түрі көп ұшырайды. Мысалы:

«Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жак, бөкен қабақ
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,
Ой желке, үңірейген болса сағақ»

(Абай, 1 том, 63-бет).

«Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды».
(Абай, 1 том, 83-бет).

Қазақтың әдебиетінің даму жолдарына поэтик тілі жағынан байқасақ, ауыз әдебиетінде тұрақты және тавтологиялық эпитеттердің көп кездесетінін байқаймыз. Осы бөлімнің бас жағында үзінді келтірген «ақ» деген сөздің орынды-орынсыз болса да, тәуір деген нәрсенің бәріне бірдей эпитет ретінде қолданыла беруі тәрізді сөз қолданыстар ауыз әдебиетінен көп табылады. Мысалы: «ақ жүзің» «ақ бөпем», «ақ бесік», «ақ найза», «ақ семсер», «ақ алмас», «Ақ Жайық», «Ақ Еділ», «ақ ерке», «ақ қалқам» т. б. мұндағы аталынып отырған нәрселерге «ақ» эпитеті, шынында, заттың, не адамның ерекше қасиеті ақ болғандықтан емес, (бөпесі қара болуы мүмкін, семсері көк, патшасы сары болуы мүмкін) өзінің жақсы деген затына, нәрсенің шын түсі қандай болса да «ақ» эпитетін апарып дағды бойынша жапсыра беру дедік.

Әрине, мұның негізгі себебі,— тек қана дағдыға айналуында да емес, әуелде әртүрлі өмір құбылысын бір жағдайынан ғана танып, бір зат, не бір нәрсенің ерекшелігі деп, бір ғана қасиетін ұққан, ой-сананың сәбилік дәрежесінің жұрнағы болуында.

Адам баласы мәдениет сатысына көтеріліп, ой-сана ілгерілеген сайын өмір құбылысын терең түсініп, бір нәрсенің қасиетін, ерекшелігін әр түрлі жақтарынан тани бастайтыны мәлім нәрсе десек, бұл жалпы көркем тілдің, тәсілдерін әсіресе, эпитеттерді талдағанда айрықша көзге түседі. Өмір құбылысы, не зат, не бір нәрсенің ерекше қасиеті тек біреу, екеу емес, сансыз көп деп танып, сол әр түрлі қасиет, ерекшеліктерін таба біліп әдебиетке енгізу шын мәніндегі көркем әдебиет жасаушы, әдебиет тілін дамытушы ақын, жазушылардың дүниеге келгендігін көрсетеді және шын мәніндегі көркем әдебиетті, ауыз әдебиетінен айрықша ететін де негізгі мәселенің бірі осы деп қарауымыз керек. Міне, бұл тұрғыдан қарағанда, Абайдың өзінен бұрынғы әдебиеттен де, өз кезіндегі әдебиеттен де мойыны анағұрлым озық, анағұрлым жоғарғы сатыда тұрған ақын екендігін көреміз.

Мысал үшін «жүрек» деген сөзді алсақ, Абай жүрек-

тің алдына әр түрлі эпитет қойып, оның әралуан қасиетін ашады, эпитет арқылы «жүрекке» әр түрлі мән береді.

Мысалы: «ет жүрек», «асау жүрек», «қан жүрек», «күйген жүрек», «ыстық жүрек», «ызалы жүрек», «кірлеген жүрек», «шын жүрек», «елжіреген жүрек», «өргенген жүрек», «сорлы жүрек», «ит жүрек», «жау жүрек», «өрбіген жүрек», «суынған жүрек», «Жылы жүрек», «Ынтыталы жүрек».

Бұл сықылды бір сөздің сан ерекшелігін ашып, түрлі мән беруді Абайға шейінгі әдебиеттен табу қиын.

Абай өлеңдерінде қолданылатын әралуан эпитеттер автордың ой-пікірмен нық байланысып, мазмұнмен қабысып жатуы жайлы сөз қозғағанда, мұны тек Абайға ғана тән нәрсе демейміз. Абай алдындағы Бұхар, Махамбет, Дулат ақындар туралы да осыны айтуға болады. Бірақ, Абай өзіне шейінгі әдеби тілдің жақсы традицияларын алып дамытты, ілгерілетті, мәдениеттік саттыға көтерді. Әр түрлі өмір құбылысын суреттеу үшін өзіне тән образдарды пайдалана білу керек екендігінің үлгі, өнегелерін қалдырды.

«Көлеңке басын ұзартып,
Алысты көзден жасырса:
Күнді уақыт қызартып,
Көк жиектен асырса.
Күнгірт көңілім сырласар
Сұрғылт тартқан бейуаққа,
Төмен қарап мұндасар
Ой жіберіп әр жаққа.
Адасқан күшік секілді,
Ұлып жұртқа қайтқан ой,
Өкінді жолың, бекінді,
Әуре болма оны қой».

(Абай, 1 том, 172-бет).

Бұл өлең ақынның өз кезіндегі әлеумет өмірінде болған әр түрлі тар соқпақ, бұраң жолдары қажытып, өзінің ішкі сезім дүниесімен сырласпақ, өзінше айтсақ, «жүрегіне себілген — уларын» санамақ болған көңіл күйінің сәулесі, сезім дүниесіндегі қоңыр көңілсіздікті сөз арқылы сыртқа шығарған элегиялық өлең болса, эпитеттер де соған тән, дәл болып келеді: «Күнгірт көңіл», «сұрғылт бейуақ», «адасқан күшік», «ұлыған ой», «өкінді жол» — қысқасы, әр эпитеттің өзінен де сол көңілсіздік желі ескендей. Немесе:

«Осындай сыйдақ жігіт елде мол-ақ,
Бәрі де шаруаға келеді олақ.
Сырын дүзер біреу жоқ, сыртын дүзеп,
Бар өнері — қу борбай, сымпыс шолақ»,

(Абай, 1 том 73-бет).

«Мал мен бастың дұшпаны —
Келелді пысық көбейді...»

(Абай, I том, 73-бет).

«Сасық, паңдау келеді,
Қырт мақтаншақ оңбайды»

(Абай, I том, 76-бет).

Мұнда ақын әлеумет өміріндегі әртүрлі жаман мінез-құлықты шенеп, жұртшылықты ондай мінез, іс әрекеттерден бездірмек болса, ол үшін қолданған эпитеттері тек жай эпитет емес, сарказмге суарылған мысқыл, кекесін болып келеді.

Эпитет туралы айтылғандарды қорыта келгенде:

Бірінші кіргізіп, әдебиет тілін байытты. Оның жасалыну жолдарын көрсетті.

Екінші: эпитетпен байланысты бірнеше поэтик тілдердің басын қоса отырып, өмір құбылысының бейнесін толық беру мүмкіншілігінің тамаша үлгілерін қалдырады.

Үшінші: инверсия заңына сүйене отырып, эпитеттің дағдылы орнын ауыстырып қолдану әдісін қалдырды.

Төртінші: Бір нәрсенің өмірде толып жатқан қыры мен сыры болатындығын танытып, эпитет арқылы олардың әр алуан қасиеттерін ашып, әр эпитет бір сөзге әртүрлі мән беретіндігінің үлгісін пішіп берді.

Бесінші: түр мазмұнының түрі болуы керектігін, әртүрлі жағдай, әртүрлі құбылысын суреттегенде солардың әрқайсысына эпитеттерді лайықтап, тандап ала білудің айқын жолдарын көрсетті.

VII тарау

ТЕҢЕУ, ОНЫҢ АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ТҮРЛЕРІ

Қазақ тіліндегі эпитеттер мен басқа тілдердегі эпитеттердің жасалуы жолдарының негізгі бірі десек, теңеудің бірлік жағы да, кейбір тілдегі теңеулердің жасалуынан, мысалы, орыс тілімен салыстырғанда айырмашылығы да бар.

Орыс тіліндегі теңеулер «как, так, точно, будто, подобно, что» арқылы жасалынатыны тәрізді, қазақта да кейбір теңеулер «секілді» деген сөздер арқылы жасалынады. Бұл орыс тіліндегі теңеулердің «будто», «подобно» деген сөздер арқылы келетін теңеулеріне дәл келеді. Бірақ, орыс тілінде теңеудің көпшілігі творительный падеж арқылы жасалынады. Бұл бізде жоқ. Бізде мұның орнына теңеудің өзіне тән белгілі-белгілі жұрнақтары бар.

Белгісіз нәрсені, жұртқа мәлім белгілі нәрселерге салыстыру арқылы көзге елестету осы жұрнақтар арқылы орындалады (тай-тей, дай-дей, дайын-дейін, ша-ше және «дай» жұрнағымен байланысты келетін «мын»). Қазақ тіліндегі теңеулердің көпшілігі-ақ осы жұрнақтар арқылы жасалады.

Теңеу ауыз әдебиетінде болсын, Абай алдындағы тарихи әдебиетте болсын поэтик тілдердің ең көлемді, ең бай түрі және Абай алдындағы әдебиеттердей секілді, немесе, әр түрлі жұрнақтар арқылы жасалатын түрлерін де түгел көрсетуге болады.

Бұл үшін ауыз әдебиетінің әр түрінен бірнеше мысалдар келтірілді:

«Көптің күші көлдей,
Көшіп жүрген елдей», (45)

«Көзі жарық жұлдыздай,
Мойыны иыл қобыздай.
Құйрығы ұзын қамшыдай,
Шудасы бар жамшыдай...» (46).

«Баста дәурен тұрғанда,
Бір-біріңді хан көтер,
Ақсақ қойдай аяндап,
Өлім шіркін ол жетер...» (47).

«Бұлаңдап асау кердей жүрсем-дағы,
Токтыдай борышқа кеттім, о, дариға-ай!...» (48)

«Омыртқаң бар отаудай,
Мен жауырыңа қарасам,
Сыпыра шапқан тақтадай
Құйрығыңа болайын,
«Қынаптан шыққан қанжардай» (49).

«Жанады сен дегенде ішім өрттей,
Ғашықтық маған түсті ауыр дерттей»
«Ағаштан белі мертілген
Қорлықпенен өлген ер...» (50)

«Қазша қанатын жаяды,
Үйрекше мойнын созады.
Құсша қонады...» (51)

«Арғымақ деген жығылғыр,
Найза бойы жар келсе,
Жабыдайын жалтандап,
Түсер жерің қарай ма?» (52)

«Аңласаң әңгімеме назар салып,
Ақ балдақ тасқа шабар асылдаймын.
Ағатай, қадіріме жетсең танып,
Гауһардың жанған шырақ тасындаймын» (53).

«Ұяты жоқ жігіт
Жүгенсіз ат секілді.
Ұяты жоқ әйел
Тұзсыз ас секілді...» (54).

«Кейбір жұлдыз әуеде ай секілді,
Кей жаман бас білмеген тай секілді...» (55)

«Айманның әрбір түрлі айланы бар,
Секілді бойы көркем биік шынар...» (56)

Біз, теңеу жасайтын: «дай-дей, тай-тей, ша-ше, дайын-дейін жұрнақтары мен «секілді» тәрізді сөздердің әрқайсысына ауыз әдебиетінің әр түрінен, әдейі, бірнеше мысалдардан келтіріп өттік.

Енді XVIII—XIX ғасырдағы және Абай кезіндегі тарихи әдебиеттерге көп тоқталмаймыз.

Өйткені, олардың алдында болған халық әдебиетінен теңеулердің барлық түрі табылғандықтан, оның негізінде өскен және бір басқыш жоғарғы сатысы саналатын тарихи әдебиеттің өкілдерінің қайсысынан болсын теңеудің жоғарғы бес түрі түгел табылатыны сөзсіз. Әйтседе XVIII—XIX ғасырдағы және Абайдың тұстас ақындарынан жалпылап, әр түрінен бір мысалдан келтіріп өтелік:

1

«Ей, Абылай, Абылай,
Сені мен тұңғыш көргенде,
Тұрымтайдай ұл едің...» (57)

«Бұрала біткен емендей,
Қисық туған сорлы аған...» (58)

«Емендей белін бүгілтіп,
Жібектей жалын төгілтіп...» (59)

2

«Жолбарысша жорыттым,
Етіне құлан тоям — деп...» (60).

3

«Түлкідейін түн қатып,
Бөрідейін жол жатып,
Жауырыныңа мұз қатып,
Жалаулы найза қолға алып,
Жау тоқтатар күн қайда?»... (61)

4

«Тас кескен тауға салса асылдаймын,
Құрбыдан бұл сырымды жасырмаймын» (62)

5

«Секілді жыңды бота бір делбені,
Құдайым тірі қойған несін жан ғып...» (63)

Сөйтіп, ауыз әдебиетінің әр түрі, XVIII ғасыр, XIX ғасырдың бірінші жарымы және екінші жарымы, яғни, Абайдың өз кезінде болған әдебиеттердегі теңеулердің

түрлерін түгел қамтып, толық етіп мысалдар келтірдік. Енді, осы түрлердің бәрі бірдей Абайда бар ма, болса қандай, өзі қандай жаңа теңеулер кіргізді соған келелік.

1

«Бұлттай қасы жауып екі көзін,
Бурадай бұрк-сарқ етіп долданғанда...»

(Абай, 1 том, 83-бет).

«Күшік иттей үріп жүр,
Кісіден кеммін демейді...»

(Абай, 1 том 73-бет).

«Өз үйінде өзендей
Күркірейді, айтса дау...»

(Абай, 1 том 86-бет).

2

«Болатша дірілдеген жалын көрген,
Бір күнгірт тартып және оттай жанған».

(Абай, 11 том, 103-бет).

«Қабаған итше өшігіп шыға келер,
«Мен қапсам, тап бір жерің бөксерем» деп,—

(Абай, 1 том 46-бет).

3

«Аласыз қара көзі айнадайын,
Жүзіне ыстық тиіп салған сайын...»

(Абай, 1 том 109-бет).

4

«Піскен алма секілді тәтті қызды
Боламын да, тұрамын көргендей-ақ...»

(Абай, 1 том 109-бет).

Келтірілген мысалдар Абай өлеңдерінде теңеудің бір түрінен басқаларының бәрі де барлығын көрсетеді. «Дай» журнағы мен «мын» жалғауы қосылып, сол арқылы жасалынатын: «Ақ балдақ тасқа шабар асылдаймын» дейтін тәрізді теңеудің түрі Абай өлеңдерінде жоқ. Оның кездеспеуі заңды. Өйткені, бұл теңеу, көбіне айтыс өлеңдерінде, айтыс ақындарының сөздіктерінде кездеседі. Бір ақын екінші ақынмен айтысқанда өзін көтеріп, мақтау

үшін жақсы деген әр нәрсеге теңеп, балайды. «Асылдай-мын», «жасылдай-мын», «тасын-дай-мын» т. б. Айтыста бұл теңеудің кездесуі орынды. Айтыс өлеңдерінің өзі талас-тартыс, жарысқа құрылғандықтан, әр ақын қарсы жағынан өзін жоғары қоюы, оны қалай да жығуы негізгі шарт болғандықтан, мақтануының ерсілігі де жоқ және айтыстың жанрының өзі әр ақынның өзін жоғары санап, қарсы жағын жұлығынан келтірмей, оған үстемдік сезімде болуын талап етеді. Егер, қарсы ақынды өзінен жоғары қойып, өзін одан төмен санап, кібіртіктеп отырса, ол ақын айтысып кімді жеңбек? Жай кезде өзінен артық санап, даңқты ақындар деп ұғатын ақындарын да, аты мәлім емес, жас ақындар айтысында да жоғарғы шартты берік ұстап, жеңіліп қалғанға шейін өзін қарсы жағынан жоғары қоюға тырысып, өршілденіп, мақтанып бағады. Бұл айтыс өлеңдерінің керек етуінен туатын заңды нәрсе. Абай — айтыс ақыны емес. Сондықтан, жоғарғы тәрізді айтыс жанрына ғана тән теңеудің Абай өлеңдерінде неге кездеспейтіні де түсінікті. Ақындардың өзін-өзі мақтауы тек айтыс өлеңдерінде ғана орынды. Сонда ғана оның ерсілігі жоқ. Басқа жай өлеңдерде өзін-өзі мақтаса, ол ақынның даңқойлығы болар еді. Қазақ халқы — мақтаншақты мейлінше жеккөретін ел. «Өзін-өзі мақтаған — өлімнің қара басы», «Өзін мақтаған — өгіз деп» бағалайды. Мақтаншақтықты өлімдей жеккөріп қатты күрес ашып: «Ол арсыздық белгісі» деген дана ақынның өлеңдерінде өзін әр нәрсеге теңеп, көку үшін қолданылатын теңеудің кездеспеуінің бұл — екінші себебі. Үшінші: Абай — оқушыларымен тікелей сөйлесіп, өмірдегі мұңы мен жүректегі сырын айтып, көп кеңесетін Гете, Толстой сықылды үлкен ой, терең пікір иесі. Бірақ, оның сыры жұрттың надандық, пәлекор, партиялығы, солардың ішінде өзінің жалғыздығы, сонан туған мұң мен зар:

«Атымды адам қойған соң,
Қайтып надан болайын?
Халқым надан болған соң,
Қайда барып оңайын?!»

(Абай, I том, 207-бет).

«Жетім қозы тас бауыр,
Түңілер де отырар...»

(Абай, I том, 146-бет).

«Моласындай бақсының
Жалғыз қалдым тап шыным».

(Абай, I том, 99-бет).

Тағы осылар тәрізді, өмір толқыны, терең сезімнен сарқыла келіп іштегі күйікті сыртқа шығартты. Ал, өзін мақтап, басқадан өзінің артықшылығын айтып жарқ ете қаламын деу Абайға жат. Жоғарғы теңеудің Абай өлеңінде кездеспеуінің бұл үшінші себебі.

Сонымен қатар, Абайдың тіл қорына қосқан жаңа теңеулері де аз емес.

Абайдың жаңа теңеулерінің көпшілігі қазақтың бұрынғы әдебиетіндегі теңеулердің үлгісі негізінде құрылады. Эпитет тәрізді теңеулерде де Абайдың қолдану түрінде, өзіне шейінгі әдебиетте қолданылмаған, өзіне тән ерекшеліктері байқалады.

«Құйрықты жұлдыз секілді,
Туды да көп тұрмады...»

(Абай, I том, 180-бет).

«Құйрықты жұлдыз» бұрын да қолданылған. Бірақ, адам өмірін оған теңеу бұрын болған емес.

«Адасқан күшік секілді,
Ұлып жұртқа қайтқан ой»

(Абай, I том, 172-бет).

ойды адасқан күшікке теңеу, немесе:

«Болатша дірілдеген жалын көрген,
Бір күнгірт тартып және оттай жанған»

(Абай, II том, 103-бет).

болатқа халық әдебиетінде әр нәрсені теңей береді. Бірақ, сүйген сұлудың көзін жалын көрген болаттың от көргендегі өзгеріс құбылысына теңеу ешбір әдебиет нұсқасы, ешбір ақында (қазақта, Абайға шейін, болған жоқ. Осылар тәрізді Абайдың өз өлеңдерінде кездесетін жаңа теңеулер:

«Ақылдың сөзіндей ойлы күйді,
Тындағанда көңілдің өсері бар...»

(Абай, I том, 187-бет).

«Кәркидеп пілдей қуатты»

(Абай, I том, 240-бет).

**«Көзге қамшы тигендей
Шырайналды артқы жас»**

(Абай, I том, 180-бет).

**«Қуаты оттай бұрқырап,
Ұзынға өлшеп тізілген.
Жаңбырлы жайдай сырқырап,
Көк бұлттан үзілген»**

(Абай, I том, 204-бет).

**«Сағынсам да алыстан
Жүруші ем күнше жылынып»**

(Абай, I том, 245-бет).

Әрине, бұлар сықылды бұрын қолданылмаған, бірақ, өзінен бұрынғы әдебиеттегі теңеулердің негізіне құрылған жаңа теңеулер Абайдан көп табылады. Оның бәрін бірдей келтіріп жату қажетсіз.

Бірақ, әңгіме олардың тек жаңалығында ғана емес, сонымен қатар, үздік көркемдік, жайнақы жандылығында. Бұл жағынан да Абай — кейінгілерге үлгілі ақын.

Абайдың көп жаңа теңеулері орысша аудармалары мен шығыс әдебиетіне байланысты.

«Толқынын жүрегiнiң хаттай таныр» сықылды бiрен-саран аударған өлеңдердiң әсерiнен туған жаңа теңеулермен қатар, үлгiсi орысшадан алынса да, сөйлем құрылысын қазақша етiп, жiгiн бiлдiрмей жiберген жаңа теңеулер де аудармаларында жиi ұшырайды.

**«Құлын, тайдай, айқасып, ойын салып,
Кептерше сүйiнiскен демалыс бар»**

(Абай, II том, 105-бет).

Мұндағы «кептерше» — орыс өлеңдерiндегi теңеудiң үлгiсiнен алынған. Қазақтың өлеңдерiнде кептерге теңеу жалпы кездеспейдi. Ал, орыстарда кептерге теңеу жиi ұшырайды. Бұл жердегi бiздiң айтпағымыз — сол теңеудiң жаңалығы ғана емес, орыс әдебиетiндегi теңеулердiң үлгiсiн қалай алып, Абайдың қалай пайдаланатынын жолын көрсету.

Абайдың «кептерше» деген теңеуiне «құлын-тайдай» деген қазақтың байырғы, дағдылы теңеуiн қатар қойып қолдануы «кептерше» теңеуiнiң бұрын жоғын, басқа әде-

биет тілінің үлгісінен келіп кіргенін байқатпайды. Орысшадан аудармаларында кездесетін теңеудің біралуаны төмендегідей:

«Сокқан боран секілді біздің өмір,
Не тыныштық тауып берді, өзін де көр»
(Абай, II том, 153-бет).

«Арыстанның жалындай бұйра толқып,
Айдаһардай бүктеліп жүз толғанып...»
(Абай, II том, 111-бет).

«Менің өмірім — бір суық сұр,
Күзгі күндей түр бұзық»,
(Абай, II том, 75-бет).

«Уақыттай өзі жүйрік ат мінеміз»,
(Абай, II том, 95-бет).

«Мүз жүрегім май сықылды
Еріп от боп, күйді жан...»
(Абай, II том, 77-бет).

Мұндағы теңеулер де орыс әдебиетінің үлгісімен жасалса да, жігін байқатпай, «тап-таза» қазақша болып естіледі.

Ал, шығыс әдебиеті — мәдениетімен байланысты туған жаңа теңеулер бірен-саран ғана. Мысалы:

«Зи зәһардай күйдірді ғашығың қатты»,
(Абай, I том, 34-бет).

«Көк қанат пейіс құсындай
Қу ағашқа қонақтап...»
(Абай, I том, 218-бет).

Дінмен байланысты осы келтірілген бір екі-ақ теңеу. Қалғандары шығыстың, грек, рим елдерінің даңқты адамдарының атымен байланысты:

«Аплатон, Сократ ақылды,
Қаһарман, Ғали жүректі...
Ескендір, Темір, Шыңғыстай
Мұсылманда атақты»
(Абай, I том, 240-бет.)

Шығыстың даңқты адамдарының аты Абайға шейінгі әдебиеттерде кездесе береді. Байтоқ, Жанұзақ, Шернияз

т. б. ақындарда да бар. Ол жаңалық емес. Мұндағы жаңалық — Абайдың өз ерекшелігі, эллипсис заңына сүйеніп, теңеудің жұрнақтарын тастап кетіп, сөз үнемдеу. Дұрысында:

«Аплатон (дай) Сократ (тай) ақылды
Қаһарман (дай) Ғали (дай) жүректі,
Ескендір (дей) Темір (дей) Шыңғыстай
Мұсылман да атақты» — болуы керек.

Абай сөйлемді қысқартып және салыстырмақшы бірнеше адамдарды бір-ақ жұрнақтың маңына жинастырып, теңеудің бірнеше жұрнақтарын әдейі тастап кетеді. Бірақ, айтайын деген ойы ап-ашық. Бұл әдіс — тек Абайдың өзіне ғана тән, сондықтан жаңа және аз сөзге көп мағына сыйғызу деген әдебиеттің ақындар алдында қоятын негізгі шартын берік ұстаған шын мәнінде сөз міскері екенін де аңғартатын әдіс.

VIII тарау

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ АУЫСТЫРУ МАҒАНАСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН СӨЗДЕР — (ТРОПЫ)

а) **Метафора.** Ауыстыру мағынасында қолданылатын сөздер қазақ өлеңдерінде де басқа әдебиеттердегі поэтик тілдермен негізі бір. Метафора, метанимия, синекдоха, кейіптеу, символ — бәрі жөнінде де осыны айтуға болады.

Бірақ, мазмұны жағында өзгешелік болмаса да, қазақ өлеңдеріндегі метафораларды орыс тіліндегі метафоралармен салыстырғанда жасалуы жағынан, өзінше, кейбір ерекшеліктері де жоқ емес.

Жалпы алғанда, метафора — сыртқы, не ішкі бір ұқсастығына қарап, бір нәрсені екінші нәрсеге балау. Екі нәрсенің арасына тепе-теңдік білгісін қою десек, қазақ өлеңдерін де солай етіп шығару үшін, кейде бір нәрсені екінші нәрсеге тікелей болса да, кейде жалғау арқылы, кейде көмекші етістіктер арқылы жасалатындығын көреміз.

«Құлакер, әкең — тұлпар, шешен — сұңқар,
Соғып ең дөненінде сегіз арқар».

(Ақансері).

«Арыстан еді Исатай»,

(Махамбет).

Бұл үзінділерде «Құлакердің әкесін — тұлпар, шешесін — сұңқар», «Исатай — арыстан» деп, «тұлпарға», «арыстанға» тікелей балап және екі нәрсенің арасына тепе-теңдік белгісін қояды. (Исатай да арыстан, арыстан да арыстан). Аристотель теңеу мен метафора туралы айта келіп, мынадай мысал келтіреді. «Лев (—Ахилл) ринулся — и Ахилл ринулся, как лев (64) дейді. Мұның алдыңғысы — метафора, соңғысы — теңеу.

Демек, теңеуде бір нәрсені екінші бір нәрсеге теңгенде, екеуінің арасында еш айырма жоқ, тепе-тең деп ұқпаймыз. Екеуі екі нәрсе, екеуінің жігі әрдайым ап-ашық. Тек белгілі нәрсе арқылы белгісіз нәрсені көзге елестетеміз. «Ол арыстандай айбатты» дегенде арыстан сықылды, тәрізді, бірақ арыстан емес.

Метафорада ондай сілтеу жоқ. «Ол — арыстан» деп кесіп айтады. Арыстан мен батырдың қайраты жағынан ұқсастығын алады да, бірін екіншісіне тепе-тең етеді. (Арыстан — батыр, батыр — арыстан.)

Теңеу мен метафораның бір-біріне жақындығы үлкен. Мұны ғылымпаздардың бәрі де растайды. Аристотель «Сравнение — также метафора, но с присоединением частиц сравнения» десе, Ж. Вандриес өзінің «Тіл» деген кітабында «Метафора — қысқартылған теңеу» дейді. (6).

Ғылымпаздардың бұл пікірлерінің дұрыстығын, екеуінің (метафора мен теңеудің) арасындағы жақындығын қазақ әдебиетінің поэтик тілдерінен мысалдар алып дәлелдеуге болады. Қазақта теңеудің жұрнақтарын алып тастаса, кез келген теңеу, оп-оңай метафораға айналады. Керісінше, метафораға теңеудің жұрнағын қоссақ, онда ол теңеу болып шығады.

«Ол арыстандай айбатты,— (теңеу).
Ол — арыстан айбатты»,— (метафора).

немесе, теңеудің жұрнағын қысқартып, метафораның өзіне тән жалғау, не көмекші етістіктерін қоссақ, теңеу — метафора болып шығады:

«Арыстаным айбатты»,
Арыстан еді ол айбатты».

Бұл үзінділердегі теңеу мен метафора жақындықтары, орыс ғалымдарының метафора параллелизмнің дамыған түрі, оның даму сатысы теңеу деп қарайтын қисынын толықтыра түспесе, қайшы келмейді (әрине, біз бұл жерде

қазақ әдебиетіндегі метафора, теңеулердің тарихи даму жолдарын айқындау мәселесін қойып отырғанымыз жоқ, сондықтан, ол өз алдына басы ашық қалатын мәселе).

Сөйтіп, қазақ өлеңдеріндегі теңеу мен метафораның жақындығы: теңеудің жұрнағын қысқартсақ метафора болып, метафораға теңеу жұрнақтарын жалғаса, теңеуге айналады, бұл бір. Екінші, теңеуде де, метафорада да екі нәрсе қатар алынады, әйтсе де, қазір, бұл екеуінің арасындағы айырмасы да ашық нәрсе. Бірінші, теңеуде бір нәрсе, екінші нәрсеге теңелсе, метафорада баланады. Теңеу: бұл — пәлендей, сол тәрізді, секілді десе, метафора: бұл — пәлен, бұл — соның өзі деп кесіп айтады. Мағна жағынан, әрине, екеуі бір емес.

Екінші: теңеудің өзіне тән жұрнағы бар да, метафораның өзіне тән жалғау, не басқа сөздері бар.

Үшінші: теңеуде теңеу жұрнақтарының теңейтін сөзге жалғануы міндетті түрде болса, метафорада сөзге метафоралық мән беретін сөздер, не жалғаулардың үнемі бола беруі міндетті емес. Жалғаусыз да, не көмекші сөзсіз де, бір нәрсе екінші нәрсеге сырт жағынан, не басқа жағынан ұқсастығына қарап, тікелей балана береді.

Төртінші: теңеуде теңелетін нәрсе мен теңейтін нәрсенің екеуі де ұдайы қарсыма-қарсы тұрса, метафорада ұқсастығы бар нәрсенің бір жағы қалып қоюы да мүмкін. Бірақ, контекст бойынша, ол нәрсені оқушы қиялы арқылы түсіне алады. Міне, теңеу мен метафораның бірлігі, айрымашылықтары, негізіне алғанда, осы айтылғандар.

Солай дей тұрсақ та, жалпы қазақ әдебиетіне тән және көп кездесетін метафора, ол екі жағы балайтын нәрсе мен баланатын нәрсенің екеуі де) қарсыма-қарсы тұруы. Қазақ әдебиетіндегі поэтик тілдің бұл ерекшеліктерін Совет дәуірінің үлкен оқымысты, атақты ғалымы, академик А. С. Орлов өте дұрыс аңғарған.

Александр Сергеевич өзінің «Қазақтың батырлар жыры» (1945-жылы) атты бағалы еңбегінде теңеу мен метафораға қазақ жырларынан толып жатқан мысалдар келтіреді.

Метафора:

«Сирота, оставшийся в утробе матери,
Я на твоего верблюжонка похожу,
Вы на моего отца походите» (66)

(«Алпамыс»)

«Сайын» жырынан мына үзіндіні алады:

«Имя ей — Аю-Бекеш,
Волос ее черный густ,
Голос ее — звонкий курай,
Шеки ее — розовый куст,
Уста ее — нет краше уст,
Взоры ее — при жизни рай,
Стан ее — гибкая лоза,
Ходит словно гордый фазан,
Бегаёт, как горная коза» (67).

Александр Сергеевич «Тағы да ұлттық әр түрлі образ және метафоралар келтірелік»,— деп, төмендегі үзіндіні алады:

«Ты — оплот моего совета,
Ты — жемчужина моего широкого живота...
Ты — неумомимый Дульдиль мой
(Легендарный конь, принадлежавший Азрет-Али)
Ты — сладкозвучный соловей» (68).

Академик А. С. Орловтың қазақ батырлар жырының тілдерінде жасаған талдаулары қазақ әдебиетінің поэтик тілін терең зерттеуде мәні зор. Өйткені, бірінші жағынан қазақ өлеңдерінде метафора көпшілігінде бір нәрсені екінші бір нәрсеге қарсыма-қарсы қойып балау арқылы жасалынатындығын көрсетсе, екіншіден өмір құбылысын суреттеуде метафораның поэтик тілде алатын орны үлкен екендігін және көрсетеді.

Құрылысы жағынан алғанда, қазақ әдебиетінде метафораның бес түрі бар. Яғни бес түрлі жолмен жасалынады.

Бірінші: метафораның жай түрі.

Екінші: жалғаулар арқылы жасалынатын метафора.

Үшінші: көмекші етістік арқылы жасалынатын түрі.

Төртінші: күрделі метафора, немесе метафораның ұлғайған түрі.

Бесінші: метафораның «бейне бір», «тең» деген сөздердің көмегімен жасалатын түрі.

Метафораның бірінші түрі, яғни, жай түрі жалғаусыз, жұрнақсыз бір нәрсені екінші нәрсеге балау арқылы жасалынады:

«Көп сөз — көмір,
«Аз сөз — алтын» (69).

«Жігіттің үміт — басқышы
Қия таудан асуға.
Жігіттің үміт — бақ кілті
Қайындық құлпын ашуға (70)

Метафораның екінші түрі «мын», «бын», «пын», «сын», — жіктік жалғаулары, не: «м», «н», «ы» (сы) — тәуелдік жалғаулары арқылы жасалынады.
Жіктік жалғау:

«Сен бұзау терісі шөніксің
Мен өгіз терісі талыспын» (71).

(Мен) «Бес түлеген бөрімін,
Белге соқсаң жығылман» (72).

Тәуелдік жалғаулары арқылы жасалынатын метафора төмендегілер тәрізді болып келеді:

«Халқыңыз қапа болмайды,
Есен барса жолбарысын» (73).

Немесе, осының сыпайы түрі:

«Бәй-еке, сіз бір аққан бұлағымыз,
Зарлаған біз бір жетім ылағыңыз» (74).
«Исатай — ел еркесі, ел серкесі» (75).
«Таудағы тарлан шұбар біз едік» (76).

Метафораның үшінші түрі, көмекші етістіктердің жәрдемімен жасалынады: (Еді, едім, едің, екен, ем, ең, м, н.).

Бұлар бір-біріне баланып тұрған екі сөзге, сөйлемге біткен түс беріп, олардың метафоралық мәнін толықтыруда ерекше орын алады және ауыз әдебиетінде болсын, жазба әдебиетте болсын бұл метафораның көп кездесетін түрі.

Ақжүніс өзін суреттей келіп:

«Қойда бағылан қозы едім,
Жылқыда шаңқаң боз едім» (77).
«Қара судың бетінде
Сығылып аққан сең едің» (78).
«Арыстан еді-ау, Исатай,
Бұл пәнидің жүзінде
Арыстан одан кім өткен» (79).
«Шарықтаған сұңқар ем,
Қанатым сынды ұша алмай» (80).

«Орданың басты билері —
Қас қасқырлар мында екен» (81).
«Молдалардан сұрасам,
Ақ шейттің өзі екен».

Метафораның ұлғайған түрі, не күрделі метафора өз ара үшке бөлінеді:

а) бір нәрсені бірнеше нәрсеге балау арқылы:

«Тоқсан бес деген тор екен,
Дүйім жанның қоры екен,
Қарғиын десең, екі жағы ор екен,
Найза бойы жар екен,
Түбі жоқ терең көл екен,
Ел қонбайтын шөл екен,
Келмейтұғын неме екен...» (83).

Мұнда «тоқсан бесті», «торға», «қорлыққа», «орға», «жарға», «көлге», «шөлге» — қысқасы, бірнеше нәрсеге балап отыр. Өлең сөйлеміндегі «тоқсан бес» барлық сөздің қазығы болса, ол сөздің басқа нәрселерге балау жөнінде дәнекер болып тұрған көмекші етістік «екен». Бірақ, күрделі метафораның бұл түрі тек қана «екен», не «еді» лер арқылы ғана жасалынады деп ұғынып қалмау керек. Кейде жалғаусыз, көмекшісіз де бір нәрсені бірнеше нәрсеге тікелей балау арқылы да жасалынады.

«Қарға батыр, әр сөзің — күміс, алтын,
Сыртыңнан тілеу тілер барлық халқың» (84).
«Бишара болдың сұм қазақ
Жалмауыз болды ұлығың» (85).

б) Ұлғайған метафораның екінші түрі — бір нәрсені екінші нәрсеге бірден балай салмайды, не нәрсеге баламақ, әуелі сол нәрсенің артықшылық, ерекше қасиеттерін поэтик тілдердің басқаларының (көбіне эпитет) көмегі, жәрдемі арқылы суреттеп, көзге елестетіп алады да, сосын барып балайды. Мысалы:

«Мен тауда ойнаған қарт марал,
Табаным тасқа тиер деп,
Сақсынып шыққан қиядан».

Бұл үзіндіде ақын өзін маралға балайды. Бірақ, оны тікелей балай салмайды, «мен марал» демейді, қарт марал тауда ойнаған марал, табаны тас тиер деп, күні бұрын алдын ойлайтын сақ марал, қысқасы, осы үзінді-

дегі толып жатқан әртүрлі эпитеттердің бәрі де «марал» деген сөзді анықтайды. Ақын өзінің кім екенін айту үшін әуелі маралды суреттеп, оны оқушылардың көз алдына елестетіп алады да, сосын барып өзін маралға балайды.

«Мен қарақұстан туған қалықпан,
Сөйлер сөзге жалықпан» (86).

тағы басқа осылар тәрізді.

в) біз жоғарыда, метафорамен теңеудің айырмасын айта келіп, кейбір метафорада екі нәрсенің қарама-қарсы тұруы шарт емес, екінші жағын оқушылар сөйлемнің мағынасына қарап өзі-ақ сезеді дедік. Бізше, бұл да метафораның ұлғайған түріне жатады.

«Көлге біткен құрағым,
Сурылып озған пырағым» (87).
«Шамдансам, жығар асаумын,
Шамырқансам, сынар болатпын» (88).

Бұл үзінділерде балап отырған жағы бар да, балайтын нәрсесі жоқ (Алдыңғы екі жолда «сен» деген сөз, соңғы екі жолда «мен» деген сөздер айтылмай қалған). Оларды сөйлемнің мағынасына қарай ұғуға болады.

Бұларды біз метафораның ұлғайған түріне жатқызуымыздың себебі: әрі бір нәрсені бірнеше нәрсеге балайды, әрі суреттеп алып, сосын балайды. Мұның екеуі де ұлғайған метафораның негізгі шарттары.

Метафораның бесінші түрі: «бейне бір», «бейне (тең)» деген сөздер арқылы жасалынады.

Бұл сөздердің көпшілігі теңеуге де жақын ұғым тұғызуы мүмкін. Бірақ, тереңірек қарасақ, теңеуден гөрі метафораға жақындығын мазмұнынан көруге болады.

«Пайдасы мол жігіттер
Дария шалқар көлмен тең.
Өз басынан пайдасы аспаған
Ел қонбаған шөлмен тең». (89).

«Ауызы бейне шалғы орақ,
Шөп емес, бірақ май орады» (90).

«Басы жоқ, төрт аяқты жансыз бір зат,
Құлағы жоқ, көзі жоқ, бейне бір ат» — (91).

деген мысалдарды алсақ, «Ауызы шалғы орақтай» дегеннен сөйлемнің құрылысы өзгермесе де, мағынасы бір-

дей емес. «Ауызы бейне шалғы орақ» пен «Ауызы шалғы орақтай» тең мағына бермейді. Алдыңғы сөйлемде «ауыз» да,— «орақ» та — бәрі бір десек, соңғы сөйлем туралы оны айта алмаймыз. Соңғы сөйлемде «ауыздың» қандай ауыз екенін «шалғы орақ» арқылы көзге елестетеміз де, онан әрі бармаймыз.

Метафора мағына жағынан кесіп айтады: (мынау — сол) теңеудей («сол» тәрізді) емес. Міне, осы жағынан алғанда: «бейне, бейне бір, тең» деген сөздермен келетін образдар, жай қарағанда теңеуге ұқсап тұрса да, метафора дейтініміздің себебі осы.

«Бейне, бейне бір» сөздері арқылы жасалынатын метафоралар тек ауыз әдебиетінде ғана емес, тарихи әдебиетте де жиі кездеседі.

«Бақытың баста тұрғанда,
Асқар таумен тең едің» т. б. (92).

Бірақ, ескерте кететін бір нәрсе: жіктік жалғауы, не тәуелдік жалғаулары, немесе «бейне, бейне бір, тең» және көмекші етістердің келген жерінің бәрін де метафора деп ұғу қате.

«Алыстан сағынысып келіп едім» —
Менің ұлым сен едің,
Сенің әкең мен едім».
«Тең теңімен, тезек қабымен»,—

деген жолдардағы «ым, тең, едің, едім» дердің метафорамен үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Сондықтан, бұлармен байланысты келетін сөздер метафоралық ұғым беріп тұр ма, жоқ па, мағына жағына көз салу керек. «Едім, едің, мың, бын» тағы басқалар бір нәрсені екінші нәрсеге балау үшін қолданылып, бірінші нәрсені екінші нәрсеге тепе-тең ету үшін қолданылса ғана олар метафоралық ұғым береді. Сонда ғана оларды метафора деуге болады.

Біз қазақ тіліндегі метафора, олардың түрлері, қалай жасалынатындарына тоқтап, олардың әрқайсысына ауыз әдебиетінен және Абай алдындағы тарихи әдебиеттерден бірнеше мысалдар келтірдік. Енді Абайдың өзіне келелік.

Абай өлеңдерінен метафораның қай түрі болсын түгел кездесетіндігін көреміз.

1) жай түрі:

«Сұлу аттың көркі — жал,
Адамзаттың көркі — мал,
Өмір сүрген кісіге
Дәулет — қызық, бала — бал...»

(Абай, I том, 192-бет.)

2) жалғау арқылы келетін метафора.

«Көңілге жұбаныш,
Сен едің базарым...»

(Абай, I том, 199-бет.)

«Көзімнің нұрысыз,
Сізсіз жоқ қуаныш»

(Абай, I том, 165-бет.)

«Жаңа жылдың басшысы — ол»

(Абай, I том, 180-бет.)

«Көңілім күні өткен соң,
Жалғанда болмас сүйініш»

(Абай, I том, 245-бет.)

«Бір ғылым еді іңкәрін,
Әр қиынға сермедің...»

(Абай, I том, 191-бет.)

«Алдындағы асау жас жайнап тұрған,
Мен болмаспын, бір уыс топырақпын»

(Абай, II том, 106-бет.)

«Мен көмірмін қалған өрттен,
Енді ұлықсат бізге бер...»

(Абай, II том, 7-бет.)

«Сен жаралы жолбарыс ең,
Мен киіктің лағы ем...»

(Абай, II том, 80-бет.)

«Өмір, дүние дегенің
Ағып жатқан су екен.
Жақсы, жаман — көргенің,
Ойлап тұрсам, у екен...»

(Абай, I том, 145-бет.)

3) Көмекші етіс арқылы келетін метафоралар:

«Жаңа жылдың басшысы — ол,
Мен ескінің арты едім...»

(Абай, I том, 180-бет.)

(Сен) «Ескеріп істеп ойлаған,
Тәуекелге нар едік...»

(Абай, I том, 177-бет.)

4) Метафораның ұлғайған түрі:

- а) «Демалысы — үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң — қыс келіп әлек салды»

(Абай, I том, 83-бет.)

«Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек,
Ақылың — ашыған у, ойың — кермек...»

(Абай, I том, 44-бет.)

«Сәлем — борыш, сөз — қулық болғаннан соң...

(Абай, I том, 52-бет.)

«Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек»

(Абай, I том, 181-бет.)

- б) «Берекелі болса ел —
Жағасы — жайлау ол — бір көл.
Жапырағы жайқалып,
Солқылдайды, соқса жел.
Берекесі кеткен ел,—
Суы ашыған батпақ көл...»

(Абай, I том, 100-бет.)

Абай өлеңдерінде жоғарғы метафоралардың балайтын нәрсесін айтпай, тек баланатын нәрсесін ғана айтушылық жиі ұшырайды.

Осының екінші бір түрі балайтын нәрсесін өлеңінің бас жағында ғана бір рет келтіріп, басқа жағында баланатын нәрсесінің өзін суреттеу. М ы с а л ы.

«Кешегі Оспан —
Бір бөлек жан,
Үйі — базар, түзі — той».
«Жауға мылтық,
Досқа ынтық,
Жас асар ма осыдан...»
«Ел тамағын,
Жұрт азабын,
Жеке тартқан кетті гүл».

(Абай, I том, 149-бет.)

Алдыңғы үш жолда «Үйі — базар, түзі — той» баланатын нәрсесі де, балайтын нәрсесі де бетпе-бет, қара-

ма-қарсы. Ал, соңғы жолдарда тек бір-ақ жағы бар — «жауға мылтық, (досқа — ынтық)). «Гүл...»: Бірақ, әңгіме Оспан туралы болғандықтан, «мылтыққа» да, «ынтыққа» да, «гүлге» де балап отырғаны — Оспан екені оқушының көңілінде тұрады да, қарсыма-қарсы қойып баламаса да, оқушыға түсінікті.

«Абдырахманның келіншегі — Мағышқа Абайдың айтқан жұбатуы» дейтін өлеңді алсақ, мұнда алдыңғыдан гөрі де қиыннан қиысатындығын көреміз.

Алдыңғы (Оспан туралы) өлеңде өлеңнің бас жағында бір рет болса да, «Оспан» айтылады. Ал, мына соңғы өлеңнің еш жерінде де Абдырахманның аты аталмайды.

(Ол) «Тиянағым, тұрлауым,
Енді кімге асылдым...»

(Абай, I том, 242-бет.)

Мұның метафора екенін тәуелдік жалғауы «ым» мен жасырынып, ойда тұрған «ол» деген сөз арқылы білеміз. Немесе:

«Самородный сары алтын
Саудасыз берсең алмайды
Саудыраған жезіне.
Саудырсыз сары қамқаны
Садаға кеткір сұрайды
Самарқанның бөзіне»

(Абай, I том, 59-бет)

деген өлеңін алалық.

Мұнда «алтын», «қамқа» деп отырғаны ақынның сөздері де, «жез», «бөз» деп отырғаны басқалардың сөзі. Бірақ, ол сөздердің қайсысы болсын сөйлемнен тысқары. — Әйтсе де, сөйлемнің мағынасына қарай әңгіме не туралы екендігін аңғаруға болады.

Б. «Бейне, (бейне бір) тең» тәрізді сөздер арқылы жасалынатын түрлері:

«Интернатта оқып жүр
Талай қазақ баласы,
Жасөспірім, көк өрім
Бейне қолдың саласы...»

(Абай, I том, 66-бет).

«Қайғын болар шермен тең,
Қара көңлім жермен тең,

Сенсіз маған жат төсек,
Болар бейне көрмен тең...

(Абай, I том, 107-бет).

«Бейне», «тең» сөздері қосылған жерде сөйлемнің мағыналары теңеу емес, метафоралық ұғым беретіндігін бұл мысалдардан анық көруге болады.

Метафораның әр түрінен келтірілген мысалдар, ұлы ақынның өзіне шейінгі әдебиеттердегі поэтик тілдердің бар үлгілерін толық меңгеріп, әр түрлі өмір құрбыластарын суреттеуде оны өз керегіне жарата алғандығын көрсетеді, бұл бір. Екінші, осы үлгілерді меңгере отырып, Абайдың өзінің де әдебиетке кіргізген жаңа метафоралары аз емес — бұл екі.

Әрине, тілде болмаған жаңа сөздермен әдеби тілді байыту қандай ақынға болсын әлінен тыс жұмыс. Өйткені, қандай ұлы ақын болмасын, бүкіл халықтан асып түсіп, жалғыз өзі тіл жасауы мүмкін емес. Ондай ақынды тарих білмейді. Әр елдің ұлы жазушы — ақындарының өзі кіргізген жаңа сөздері сол ұлттың жалпы тіліне салыстырғанда дарияға тамған тамшыдай ғана деуге болады. Қай ақын болсын, өзіне шейінгі жасалынған халықтың әзір тіліне кез келеді де, шашылып жатқан бай қазнаны маржанша тізіп, қиюын тауып қалап, тот басқанын аршып, кірлегенін тазартып, жансызына жан, қансызына нәр беріп, жаңа нәрсе етіп шығарады. Ұлы ақындар әдебиет тілін дамытты, байытты, жаңа сөз, жаңаша сөйлем, образдар кіргізді* дегенде — біз осыны ұғамыз. Міне, осы жағынан алғанда Абайдың қазақтың әдеби тілін жасауда еңбегінің өте зор екендігін поэтик тілдердің әр қайсысынан да көруге болады. Соның бірі — м е т а ф о р а.

Бізше, Абайдың қазақ поэтик тіл қорына қосқан жаңа метафорасы да аз емес. Әрі құнды. Сөздерін қазақтың өз тіл байлығынан алса да, оны қиюластырып қалауы үздік шебер, беретін мазмұндары терең, жаңа образ, жаңаша ұғым болып шығады. Мысалы:

«Жүрек — теңіз, қызықтың — бәрі асыл тас,
Сол қызықсыз өмірде жүрек қалмас»

(Абай, I том, 228-бет).

«Күн — күйеу, жер — қалыңдық сағынышты»,

(Абай, I том, 124-бет).

«Достық, қастық — бәрі де жүрек ісі,
Ар, ұяттың бір ақыл — күзетшісі...»
(Абай, I том, 228-бет).

«Жүректің ақыл — суаты
Мархабат қылса тәңір үшін...»
(Абай, I том, 196-бет).

«Өткен өмір — қу соқпақ,
Қыдырады талайды»
(Абай, I том, 172-бет).

«Өмір жолы — тар соқпақ, иілген жак,
Иіліп екі басын ұстаған хақ»
(Абай, I том, 173-бет).

«Шығып кетер, я қалғыр,
Оған ақыл — арам без»
(Абай, I том, 94-бет).

«Салған ән — көлеңкесі сол көңілдің,
Тақтысына билесін ол құлаққа»
(Абай, I том, 187-бет).

«Алды — үміт, арты — өкініш алдамшы өмір,
Желікпен жерге тықпас кісің бар ма»
(Абай, I том, 205-бет).

«Шыныменен тамам ел
Қете ме екен ит бола...»
(Абай, I том, 76-бет).

«Сен жаралы жолбарыс ең,
Мен киіктің лағы ем...» —
(Абай, II том, 80-бет).

Бұл келтіріліп отырған «Жүрек — теңіз, қызық — асыл тас», «ақыл, ар — ұяттың күзетшісі» тағы басқа метафоралық сөйлемдердің сөздерін жеке-жеке алғанда жалпы тілімізде бұрыннан бар пәлендей жаңалығы жоқ тәрізді көрінсе де, Абайдан бұрынғы әдебиеттен Абай қолданған түрді кездестіре алмаймыз. Сондықтан, олар жаңа. Әңгіме, әрине, оның тек жалаң түрінде ғана емес, мазмұнында да. «Ақылды ар ұяттың күзетшісі», «жүрек — теңіз, қызық асыл тас» дегенде сол көркем сөздердің астарлы мағынасында қанша терең ой, терең пікірлер жатыр. Осылар тәрізді әр образда үлкен

мән жатушылық Абайдың басқа ақындардан ерекше қасиетінің бірі деуге болады.

Абай өлеңдеріндегі метафоралардың және бір өте жиі кездесетін түрі — эпитеттік метафора және метафораның шендестірумен байланысты келетін түрлері.

Эпитеттік метафора:

«Иісін — гүл аңқыған,
Нұрың — күн шалқыған»
(Абай, I том, 135-бет).

«Ақ етің үлбіреп,
Өзгеше біткен гүл»
(Абай, I том, 135-бет).

Жоғарғы жаңа метафораларға келтірген мысалдарды алсақ, метафораларының көбі эпитеттермен байланысты болып отырады. «Өмір жолы», не «тар соқпақ», не «қу соқпақ», «Бесік — тек қана жайлау емес, кең жайлау» т. б.

Шендестірумен байланысты келетін метафоралар дегеніміз төмендегілер тәрізді:

«Сіз жалын шок, біз бір май,
Ыстық сөзің кірді ішке,
Май тұра ма шыжымай...»
(Абай, I том, 107-бет).

«Қайғың — қыс, жүзің — жаз,
Боламын көрсем, мәз»
(Абай, I том, 135-бет).

«Біз — қырғауыл, сіз — тұйғын,
Тояттай бер, кел де алып»
(Абай, I том, 108-бет)

«Біреуі — көк балдырған, бірі — қурай,
Бір жерге қосыла ма қыс пенен жаз...»
(Абай, I том, 148-бет).

Бұл үзінділердегі сөздерді бір нәрсені екінші нәрсеге тікелей балауы жағынан алғанда метафора. Бірақ, «Қыс пен жазды», «от пен майды», «қырғауыл мен тұйғынды», «балдырған мен қурайды», қысқасы, арасы алшақ жатқан екі нәрсені бір-біріне қарсыма-қарсы қоюшылық жағынан — шендестіру.

Ақын айтайын деген ойын, сөз жоқ, метафора арқы-

лы бермек. Әйтсе де ойын жинақы, жанды етіп беру үшін — шендестіруді де қоса қолданады.

Әрине, оған таңқалуға болмайды. Өйткені, әдебиетте поэтик тілдердің өзара байланысты келіп отыруы тілдің жалпы заңы десек, кейде белгілі бір өмір құбылысын, не сезім дүниесін суреттегенде, поэтик тілдің бір түрімен оны айқын етіп беруге мүмкін болмайды. Ондай жағдайда ақындар өз ойын оқушыларына тез жеткізу үшін суреттеу құралының қазығы етіп қолданып отырған поэтик тілмен байланысты, поэтик тілдердің басқа да түрлерін қолданады. Ол, әрине, заңды да, керекті де. Мұны, әсіресе, ұлы ақындарда көп кездестіреміз. Әр түрлі өмір құбылысын суреттеуде бұл — Абайдың ең сүйіп қолданатын әдісінің бірі.

Біз, Абайдың шет тілдерден қолданған сөздерін тексерген тарауымызда араб, парсы, орыс тілдерінен қанша сөз пайдаланып, ол тілдердің Абай тілінен орын алған себептерін айттық. Бұл сөздердің бірқатары ғылыми, философиялық діни термин болса, бірқатары шағатай, араб, парсы әдебиеттерінде қолданылатын образдар — поэтикалық тілдер. Мұндай образдар поэтик тілдің басқа түріне қарағанда, әсіресе, Абайдың метафораларында жиі кездеседі.

«Юзі — раушан, көзі — гауһар,
Лағылдек бет үші ақмар.
Тамағы қардан һәм биһтар,
Қашын — құдірет, қолы шигә»

(Абай, I том, 32 бет).

«Я, ярым қалай болар жауап сөзі,
Мәт — қасың, тәштит — кірпік, сәкін — көзің

(Абай, I том, 34-бет).

«Сенсің — жан ләззәті,
Сенсің — тән шәрбәті...»
«Сұлуды сүймектік —
Пайғамбар сүннәті»

(Абай, I том, 135-бет).

«Сол Масғұт қыдыр шалдан бата алыпты,
Соңында «Шәмши — Жиһән» атаныпты.
Мағынасы — «Бұл дүниенің күні» деген,
Жетіліп бізге ғибрат сөз қалыпты...

(Абай, I том, 252-бет).

Абайда орыс тілінің ықпалымен жасалынған да кейбір метафоралар жоқ емес.

«Единица — жақсысы,
Ерген елі — бейне нөл»

(Абай, I том, 100-бет).

«Барымта мен партия,
Бәрі мастық, жұрт құмар»

(Абай, I том, 137-бет).

немесе, (сөзі орысша болып келетін) «Самородный сары алтын» тәрізді метафоралық эпитет т. б.

Метафора Абайдың ең сүйіп қолданатын және көп қолданатын тілінің бірі дедік. Әрине, бұл кездейсоқ емес. Өйткені, көркем әдебиет сөздердің дәлдігін, анықтығын, жайнақы, ойнақылығын керек етумен қатар, айтайын деген ой-пікіріне оқушыларының шәк келтірместей етіп сендіруін де талап етеді. Ол үшін әр образ өмір шындығына дәл келуі керек десек, сонымен қатар айтайын деген пікірді үзілді-кесілді айту да — негізгі шарттың бірі. «Арыстандай Исатай» бұл әлі үзілді-кесілді пікір емес, «сол сықылды ғана». Біз қиял арқылы әуелі арыстанды көзге елестетіп аламыз да, сосын барып Исатайдың қандай екенін шамалаймыз. «Арыстан еді Исатай» десек мұнда «секілді» жоқ. Екі нәрсенің қасиетін бір-біріне ауыстырғанда бұл — «сол, соның өзі» деп кесіп айтады да, оқушыларының сенбеуіне, шәк келтірулеріне жол қалдырмайды. Сондықтан, метафора поэтик тілдердің басқа түрлеріне қарағанда ой-сезімге тікелей әсер етеді. Жалпы ақындардың, соның ішінде Абайдың өлеңдерінде көп кездесетінінің бір себебі осы болуға тиіс. Және теңеу мен метафораны сезімге әсер етуі жағынан алғанда, метафораның ерекшелігі де осы ой-сезімге тез әсер етуінде. Сонымен байланысты, метафораның сезімге әсер етуде, бізше тәуелдік жалғауы арқылы жасалынатын түрі ерекше орын алатынға ұқсайды.

«Аспандағы жұлдызым,
Маңдайдағы құндызым,
Сұлу ажар көркемді,
Қыз да болса еркем-ді
Ақжүністей аруды
Алып қашып барасың... (93)
«Алтыннан соққан қияғым,
Күмістен соққан тұяғым...» (94)

Осы үзіндіде келген метафоралар қайсысы болсын нәзік, сезімді тербетерлік сөздер. Абайдың сүйіспендік — махаббат жырлары:

«Көзімнің қарасы
Көңлімнің санасы...»

(Абай, I том, 134-бет).

деп келетіні де сондықтан, яғни сезімге әсер ету тілегінен туатын тәрізді.

Абай өлеңдерінде шумақтың, не бунақтың санын толтыру үшін қолданылатын сөздердің болмауымен қатар, әр сөзі белгілі бір мағынаға негізделінеді десек, бұны поэтик тілдердің қайсысына да байланысты айтуға болады. Абайдың қолданатын образдарының бәрі де белгілі бір мақсатқа бағыныңқы. Әрине, ақынның оларды күні бұрын ойлап алып, өлеңді сосын жазбайтыны кімге болсын мәлім. Ой тізгінін берік ұстасаң болды, сөз өзі келеді деп Қатон айтқандай әр образ, әр сөз жазу үстінде туатындығы — жалғыз Абай емес, барлық ақыңға тән нәрсе. Әйтсе де, ойдың да, ойшылықтың да шегі бар, шеңбері бар. Абайдың ойы мен сөзі әр кезде бірлікте. Бұл, әрине, ақындардың бәрінің қолынан келе бермейді. Ондай ой мен тілдің бірлігін күшті сақтау — Абай тәрізді ұлы ақындардың ғана қолынан келетін іс.

Міне, осы жағынан алғанда, Абайдың метафоралары кейде терең ой, кейде нәзік сезім, кейде көңіл күйін беруге лайықталынады. Олардың әрқайсысына жеке тоқтап, талдау — айрықша өз алдына мәселе. Әйтсе де, метафорамен байланысты, — Абайдың айтайын деген ой-пікіріне қарай сөз таңдауларының бірер мысалын келтірелік. Абайдың көп өлеңдері — өз заманының жаман жақтарын шенеп, мысқылдай отырып түземек, кейінгі ұрпақтарды жамандық іс-әрекеттерден бездірмек болған сатиралық өлеңдер. Соған лайықты Абайдың өзіне тән тіл қолданыстары бар. Біз бұл мәселелерге кейін жеке тоқталамыз. Бірақ, жоғарғы талдап өткен метафораларды алсақ, Абайда сарказм негізіне құрылған метафора түрлерінің де кездесетіндігін көреміз. Абайдың:

«Екі сөзді тәңір атқан (ол)
Шыр айналған дөңгелек»

(Абай, I том, 145-бет).

«Байы — баспақ,
Биі саспақ.
Әулекі аспақ сыпыра ку...»
(Абай, I том, 143-бет).

«Құйрығы — шаян, беті — адам
Байқамай сенбе құрбыға»
(Абай, I том, 130-бет).

деп келетін сөздері өзінің айтайын деген ойына образдарды таңдап, талғап алатындығына дәлел бола алады. Ақын өз кезіндегі сұм-сұрқиялыққа қарсы күрес ашып, халқын әділдік, адамгершілікке бастамақ болса, соған бөгет жасаушы сұм-сұрқияны ел ұғымындағы ең жексұрын нәрселерге балап, мысқылдап, жер-жебіріне жетеді.

Қорыта келгенде, ауыз әдебиеті өзіне шейінгі тарихи әдебиеттердегі метафоралардың бар үлгілерін Абай толық меңгеріп, өз өлеңдерінде олардың әр түрін де кіргізуімен қатар, өзінше әр түрлі сөз байланысы, сөйлем құрылыстарын жасап, қазақтың әдеби тіліне толып жатқан жаңа метафора кіргізді.

Метафораның, ұлғайған түрлерінің кейбіреулерін өзінің бұрынғы байырғы қалпынан өзгертіп, жоғарғы мәдениеттілік сатыға жеткізді. Метафора мен эпитет, антитеза мен метафоралардың байланысын күшейтіп, олардың тамаша-тамаша үлгілерін қалдырды. Айтайын деген ой-пікіріне лайықты сөз таңдап, әр сөз пікірдің көлеңкесі болып, қалай тізілуі керек, оларды метафорада қалай қолданудың өнегелерін көрсетті.

б) **Метонимия.** Ауыстыру мағынасында қолданылатын поэтик тілдің бірі — м е т о н и м и я.

Метафора екі нәрсенің арасында тек ұқсастығы ғана болып ауыстырылса, метонимияда екі нәрсенің арасында белгілі бір байланысы болады да, сондықтан, біріншісінің орнына екінші нәрсені алмастырып айтады. Мұнда екі нәрсені бір-біріне баламайды да, теңемейді де, тек бірінің орнына екіншісін қолданады. Метонимияның жасалу жолдары жалпыға бірдей, сондықтан, қазақ тілінде былай жасалады деп айрықша тоқтауды керек етпейді.

Екі нәрсенің алмастырылып, бірінің орнына екіншісі айтылып, бірі арқылы екіншісін ұқтырудың түрі көп. «Мен екі аяқ іштім» — (асының орнына ыдысын); «Ана

үйдің құдасы келді» (іесінің орнына үйін); «Оның қаламы жүйрік», «ісінің орнына қолданатын құралын); «Тілі жүйрік — (сөзінің орнына тән мүшесін) «Мен Абайды оқыдым» — (шығармасының орнына авторын); «Ойладың ба, Ореке, барамын деп Азуға» — (елінің орнына қаласын, тұрағын) алмастырып айтулар — бәрі де метонимия.

Өмірдегі іс-әрекет, не әртүрлі бір-бірімен байланысты өмір құбылыстары қанша көп болса, алмастырылып айтылатын нәрселер де сонша көп болуы мүмкін. Демек, оларды байланыстарының түріне қарап жіктеу мүмкін емес. Сондықтан, қазақтың ауыз әдебиеті, тарихи әдебиеті және Абай өлеңдерінен метонимияға жалпы мысалдар келтіріп, салыстырулар жасап, бізше, Абайдың өзі кіргізген жаңа метонимияларына тоқталмақпыз.

1) Ауыз әдебиетінен:

«Келбеттіден кеңес сұра..» (95).

«Жабыны жалды екен деп сатып алма,
Жаманды малды екен деп жақын болма...» (96).

«Есің барда етегің жап,
Қайратың барда мал тап» (97).

«Бар мақтанса, табылар,
Жоқ мақтанса, шабылар» (98).

«Ақты құдай асырайды,
Қараны құдай табады» (99).

«Мыңнан біреу шешен,
Жүзден біреу көсем» (100).

«Бірдің кесірі мыңға...» (101).

«Алыстан қызыл көрінсе.
Манат емей немене...» (102).

«Сол дәуреннің тұсында
Самарқанды сапырып,
Шапқан шөптей жапырып,
Аспадым да саспадым...» (103)

«Байдың қызы жамылар
Масаты шекпен, қамқасын». (104).

«Алты құлаш құлан атпен,
Үсті толған болатпен...» (105).

«Сусар бөрік басында,
Үстіне киіп құлпыдан,
Керей ұлы Келмембет
Сөйлес қылып кідірді,
Аулының келіп сыртынан...» (106).

«Кигені атлас, қырмызы» (107).

«Екі семіз қолға алып,
Ерлер жортып күн көрген» (108).

«Салмай тойға мінетін құлакерім,
Құлакерге жарасқан құранды ерім» (109).

«Жүк артында кездеседі осы шұбар,
Шұбарға мінген жанның бәрі құмар» (110).

«Жүрсіз бе аман-есен, қиғаш қастар,
Қара көз қызыл жүзді, сүмбіл шаштар» (111).

«Мырзаның тандап алған ақ білегі,
Құйқалақ кірлі мойын тоқалдардай.
Жарығы табанының тоқсан тілік,
Зырлайды жалаң аяқ от арбадай...» (112).

2) Тарихи әдебиеттен:

«Жігіт жақсы бола алмас,
Алғаны жаман болғансын...» (113).

«Күмбір-күмбір кісінетіп,
Күреңді мінер күн қайда» (114).

«Ертеден салса, кешке озған,
Ылдидан салса, төске озған,
Қой мойынды, көк жұлын,
Көк жұлынды жетелеп...» (115).

«Егізімнен айрылып,
Мен бір аққу болдым халықтан соң» (116).

«Мінгені Исатайдың ақ табан-ай,
Сүт беріп, сұлы беріп баптағаны-ай» (117).

«Жаманнан туған жақсы бар,
Атасын айтса нанғысыз,
Жақсыдан туған жаман бар,
Күндердің күні болғанда,
Жарамады бір теріге алғысыз» (118).

«Ұлы менен қызына
Қырмызы қытай кигізген» (119).

«Үкілі құйрық, майда жал
Екі мезгіл жемдеді...» (120).

«Басқадан асып кеткен Исатай-ай,
Ішкені алтын аяқ, ақ құйрық шай» (121).

«Қара бір қасы қиылған,
Көкпеңбек темір киінген...» (122).

«Түркменнің қос қанатты, көк мойыны
Шабылып жер танымас бәйгі көрмей» (123).

«Өлсем де, «Көк кептерге» бір салайын,
Қу тақтай, екі шекті әкел бері...» (124).

«Ақ көйлек ғашық болсаң бізге деген,
Шығалық ақ түлкідей түзге деген...» (125).

Ауыз әдебиеті, Абайдың алдындағы және өз тұсындағы тарихи әдебиеттерден келтірілген метонимияның мысалдарынан екі нәрсе бірінің орнына екіншісі алмастырылып (ауыстырылып) қолданғанда өмірдің сан алуан құбылыстарынан алынатындығы айқын көрінеді. Кейде аттың орнына түсі — («күреңді мінер күн қайда») кейде киімінің, қаруының орнына олардың жасалынған заты («кигені атылас, қырмызы», «Үсті толған болатпен»), кейде өзінің орнына киімін («ақ көйлек ғашық болсаң бізге деймін»), кейде адамның орнына — қасиеті («жаманнан туған жақсы бар, жақсыдан туған жаман бар») қысқасы, шегіне жету өте қиын, қолданыла береді.

3) Абай өлеңдерінен кейбір мысалдар:

«Алтын, күміс кигені — камқа, торғын,
Күтуші қыз, келіншек жүр соңында...».
(Абай, I том, 184-бет).

«Етімді шал сипаған құрт жесіп деп,
Жар тастан қыз құлапты терең суға».
«Кәрі, жас дәурені өткен тату емес,
Епке көнер, ет жүрек сату емес».

(Абай, I том, 184-бет).

«Тіпті оңбассың өзіңе өзін мәз боп,
Дастархан мен қатынды мақтан көрсен»
(Абай, I том, 184-бет).

«Ішіп терең бойлаймын
Өткен күннің уларын...»

(Абай, I том, 197-бет).

«Құдай қосқан қосақтан
Жалғанда қалдым жырылып...»

(Абай, I том, 246-бет).

«Ағын жесең, ақылың жаннан асар,
Сары жесең, дәулетің судай тасар...»

(Абай, I том, 250-бет).

«Имансыздық намазда
Қызыл бастың салған жол»

(Абай, I том, 100-бет).

«Дәрі қосқан аяқты ішкеннен соң,
Әзім барып жығылды шалқасынан...»

(Абай, I том, 269-бет).

«Көкпенбек темір киген өңшең батыр
Тартылып жөнеледі сырнай-керней...»

(Абай, I том, 255-бет).

«Атадан алтау,
Анадан төртеу,
Жалғыздық көрер жерім жоқ»

(Абай, I том, 99-бет).

«Үйі мәз боп қой сойды
Сүйіншіге шапқанға...»

(Абай, I том, 92-бет).

Бұл тәрізді метонимиялар Абайда өте көп, әралуаны табылады. Мысал үшін осылардың өзі де жеткілікті. Енді Абайдың өзінің енгізген метонимияларының кейбір үлгілерін келтірелік:

«Боламын деп жүргенде, болат қайтып,
Жалын сөніп, жас жүзін басады әжім»

(Абай, I том, 201-бет).

«Талаптың аты арындап,
Әр қияға салған шақ»

(Абай, I том, 130-бет).

«Күшік асырап, ит еттім,
Ол балтырымды қанатты,
Біреуге мылтық үйреттім,
Ол мерген болып мені атты...»
(Абай, I том, 215-бет).

«Кеселді түйін шешілсе,
Кердең мойын кесілсе...»
«Үміттің аты еліріп,
Қос тізгінді сөзбайды...»
(Абай, I том, 151-бет).

«Тың тұяқ күнім әйтсе де,
Қарбандаймын өкімдеп...»
(Абай, I том, 87-бет).

«Сенімі жоқ серменде сырды бұзды...»
«Жүрегінде жатады өкпе сызы...»
(Абай, I том, 70-бет).

«Алқыны күшті асаулар,
Ноқтаға басы керілді.
(Абай, I том, 88-бет).

«Жаралы көңілімнің
Жазылмай сызығы...»
(Абай, I том, 165-бет).

«Өңкей уды жиып ап,
Себеді сорлы жүрекке...»
(Абай, I том, 173-бет).

«Бітпейді ішімде
Ғашықтың жарасы...»
(Абай, I том, 134-бет).

Келтірген үзінділердегі Абайдың қолданып отырған сөздері жеке алғанда, бұрынғы әдебиеттерде болса да, тап осы түрде, Абайдың қолданыстарындай сөз байланысы, өлең сөйлемдерін оған дейінгі әдебиеттен кездестіре алмаймыз. «Сыз» да «сызық» та, «жара» да жай қолданыла береді. Бірақ, «көңілдің сызығы», «өкпе сызы», «ғашықтың жарасы» сезімге жаңаша әсер етіп, жүректі жаңаша тербетеді. Жаңалық дегенде осыны ұғымыз керек.

Абай өлеңдерінде метонимияның жаңа түріне жататын бір алуан метонимиялар — нәрсенің, не адамның өзінің орнына «түсін» алмастырып айту. Бұның негізі

бұрынғы әдебиет нұсқаларынан да табылады: «Күренді мінер күн қайда» т. б. Бірақ, Абайда сол «түстің» өзіне жеке мән беріп, «түстің» өзін объект етіп суреттеушілік жиі ұшырайды. Бұл — бізше, ескі әдісті дамытып, ілгерілетіп, өзінше жаңарту. Бір адым алға бастыру.

«Ағын жесең, ақылың жаннан асар,
Сары жесең, дәулетің судай тасар,
«Ақ пен сары екеуін алмаймын» деп...»

(Абай, I том, 250-бет).

«Салақ, олақ, ойнасшы, керім-кербез,
Жыртаң, тыртаң, қызылдан шығады ерек».

(Абай, I том, 57-бет).

«Сол желіккеннен желігіп,
Жынды сары жоғалды...»
«Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме,
Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме...»

(Абай, I том, 195-бет).

«Рас сөзге таласып,
Ақжем болма, жаным кел...»

(Абай, I том, 100-бет).

Бұл келтірген үзінділерде нәрсенің өзінің орнына «түсін» алмастырып айту, бұрынғы: «Салмай тойға мінетін құлакерім» емес, одан өзгеше, солардың ізімен, үлгісімен жасалса да, құлаққа естілу, көңілге қонымдылығы жаңаша. Абай өлеңдерінде орыс әдебиеті және орыс тілі арқылы батыс әдебиеті философиясының әсерінен туған жаңа метонимиялар жоқ емес.

«Қартаң бай, қатты сақ бол, тілге көнсен,
Мүйіз шығар қатынның тіліне ерсең...»

(Абай, I том, 185-бет).

«Единица нөлсіз-ақ
Өз басындық болар сол.
Единица кеткенде,
Не болады өңкей нөл...»

(Абай, I том, 100-бет).

Бұл үзінділердегі метонимиялардың негізінде орыстың халықшылдарының «Дара, бір мен көп» туралы көзқарастарының жатқандығы ерекше дәлелдеуді керек етпейді.

Біз, бұл бөлімде бұрынғы әдебиетімізде не барының бетін аша отырып, Абай өлеңдеріндегі метонимиялардың негізгі түрлеріне мысалдар келтірдік. Бірақ, метонимиялар Абайда не үшін көп қолданылады, өмір құбылысын суреттеудегі орны, мәні қандай деген мәселелерді синекдохамен байланысты айтуды дұрыс көріп әдейі кейінге қалдырдық.

в) Синекдоха:

Ауыстыру мағынасында қолданылатын сөздердің ерекше бір тобына жататын — синекдоха. Бұл жай сөздерде де, көркем әдебиетте де жиі кездеседі. Біз жай әңгімелесіп отырып та бүтіннің орнына бөлшек, жекешенің орнына көпшені қолдана береміз. Бірақ, оның синекдоха екенін аңғармаймыз. Біреудің неше жаны барлығын білгіміз келсе, «Басың нешеу» дейміз. Шынында, білгіміз келіп отырғаны — адамы. (Тура — өз мағынасында олай деп сұрауға болмайды) «Пушкиндердей, Абайлардай ақын дүниеге сирек келеді» деп, жекешенің орнына көпшені қолданамыз. «Жау жоғары, біз төмен». Шынында жау біреу емес, көп. Әңгіме көп қол туралы. «Жұрттың қалай екенін білмеймін» деп біреуге кейісек жалқы ұғымның орнына «жұрт» деген жалпы ұғымды айта береміз. Міне, осылар тәрізді жекешенің орнына көпшені, көпшенің орнына жекешені, жалпының орнына жалқы, не жалқының орнына жалпы ұғымды қолдануды синекдоха дейміз.

Орыс әдебиетінің бұрынғы теоретиктері де (Потебня), осы күнгі теоретиктері де (Б. Томашевский, Л. И. Тимофеев, Г. Н. Поспелов) синекдоханы метонимияның бір түрі деп қарайды. Б. Томашевский «Метонимияның ерекше бір тобы — синекдоха» десе (126) Л. И. Тимофеев «Дағдыда синекдоха метонимияның ерекше бір түрі деп танылады, бірақ мазмұнына қарағанда, метонимия мен синекдоханың арасында үлкен айырма бар деп айта қоюға болар ма екен». (127) дейді. Ал, Г. Н. Поспелов метонимия мен синекдохалардың айырмашылық және бірліктерін айта келіп, қорытындысында: «Демек, синекдоха — метонимияның бір түрі ғана» (128) дейді.

Авторлардың бұл пікірлерінің дұрыстығына қазақ әдебиетінен де толып жатқан мысалдар келтіруге болады. Кейде бір сөз бір сөйлемде метонимияның мағына-

сын берсе, екінші сөйлемде сол тұлғасында тұрып синекдоханың мағынасын береді.

«Қой мойынды көк жұлын,
Көк жұлынды жетелеп...» —

деген өлеңіндегі «жұлын» аттың орнына қолданылса,— метонимия, егер бүтіннің орнына бөлшекті қолдану болса,— синекдоха.

«Тиеді ер пайдасы сасқан жерде,
Етегін ер жаңылып басқан жерде» —

деген сөйлемдегі «етегін» де — сол тәрізді. Сондықтан, метонимия мен синекдоханың арасына үзілді-кесілді шек қою өте қиын. Әйтсе де, сол бұрынғы өзіне тән «ерекшеліктеріне» сүйене отырып, салыстырулар жасалық.

1) Ауыз әдебиеті және тарихи әдебиеттен:

«Тауда туған баланың
Екі көзі таста болар.
Ашаршылықта туған баланың
Екі көзі аста болар» (129).

«Жүрген аяққа жөргем ілігер» (130).

«Қолы қимылдағанның
Аузы да қимылдайды...» (131).

Кигіз кімдікі болса,
Білек соныкі» (132).

«Құс қанатымен ұшады,
Құйрығымен қонады...» (133).

«Жеңім жаман болса да,
Жағам жақсы...» (134).

«Жанылмас жақ болмас,
Сүрінбес тұяқ болмас» (135).

«Әскерді көріп артынан
Әзімбай жаман шошынды» (136).

«Жауласқан жаудың жүрегі
Мұз құйғандай суысқан...» (137).

«Жемді мекен қылмадың,
Жемнен елді көшірдің...» (138).

«Қиямет түсті араға,
Қатын менен балаға,
Өрілді аттың құйрығы,
Өлім хақтың бұйрығы...» (139).

Тарихи әдебиет:

«Жау жоғары, біз төмен...» (140).

«Қанатым сынды қайрылып,
Кенекемнен айрылып,
Бір көруге болдым зар...» (141).

«Ғаламға мағлұм болдым өлең жаттап,
Қысқартам адымыңды бір-ақ аттап». (142).

«Жыртар едім жағанды,
Жаңылтар едім тобаңды...» (143).

«Ашулансам, шырағым,
Жас та болсам, желкеңнен
Бір-ақ тістеп жұлқырмын».
«Бөкен терісін бөрік еткен,
Сексеуілден күрке еткен,
Бауырына тулақ жамаған,
Қаңбаққа жүзін қамаған...» (144).

«Аузына қарасам,
Аш бөріге меңзеймін...» (145).

Абай өлеңдерінен:

«Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең, өзін біл»
(Абай, I том, 95-бет).

«Айттым сәлем, қалам қас,
Саған құрбан мал мен бас»
(Абай, I том, 106-бет).

«Өткен соң базар,
Қайтқан соң ажар,
Не болады құр қу жақ»
(Абай, I том, 97-бет).

«Малыңды жауға,
Басынды дауға
Қор қылма, қорға, татулас...»
(Абай, I том, 96-бет).

«Ендігі жұрттың сөзі — ұрлық, қарлық,
Саналы жан көрмедім сөзді ұғарлық...»

(Абай, I том, 51-бет).

«Біздерде ғашық көп,
Қайсысы саған дөп...»

(Абай, I том, 136-бет).

«Тынышыр еді жүрегім,
Жүздерінді сау көрсем...»

(Абай, I том, 165-бет).

Бір жілік пен бір аяқ қымыз берген
Дереу сені жұмсайды бір жұмысқа...»

(Абай, I том, 169-ет).

Синекдоханың, жалпы алғанда, барлық түріне де мысал келтірдік. Абай өлеңдерінде өзіне шейінгі әдебиетте қолданылмаған синекдоха басқа поэтик тілдермен салыстырғанда анағұрлым басым. Абайда өте көп қолданылады деп танылатын эпитет пен метафорадан да метонимия мен синекдоха жиі кездеседі. Біздің қолымыздағы картотекалар осыны айқындайды. Бұрын қолданылмаған синекдоханың жиі түрлері де Абайда жиі ұшырайды. Бұл жаңа түрлер әралуан жолдармен жасалынады. Көбінесе басқа поэтик тілдердің қарым-қатыс, өзара жаңаша байланыстары арқылы жаңартылатынға ұқсайды. Мысалы:

«Шырайды қайғы жасырмай,
Күлкінің еріні кезермес»

(Абай, I том, 151-бет).

«Қайғы шығып ныққа,
Қамалтпасын тұйыққа,
Сергі, көңлім, сергі енді»

(Абай, I том, 119-бет).

Бұл үзіндідегі өлеңдер ой-сезімге әсер етудегі күштілігі, «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп», сезім дүниесін қозғайтын қасиеті — жаңа образ, жаңаша сөйлем құрылысында. Мұндағы синекдохалар бүтіннің орнына бөлшекті қолдану (Бұл — барлық әдебиетте де синекдоханың көп кездесетін түрі. «Шырай», «ерін», «нық»). Былайынша алғанда, көп айтылатын, «ит арқасы жауыр»

сөздер. Бірақ, Абайдың тап осы қолданыстарында, олардың шын мәнінде суреттеу құралы екенін мойындау былай тұрсын, тамаша үздік, жаңа образ екеніне де ешкім таласа алмайды. Ендеше, мұның құпия сыры қайда. Бізше мұның құпия сыры — жаңалығы, кейіптеу (жансызға жан беру) мен синекдоханың байланысты келуінде.

Екінші сөзбен айтқанда: «Шырайды қайғы жасырмай» — «қайғының» жанданып, күн көзін бұлт жасыруды елестету; «күлкінің ерні кезермес» дегенде, «еріні кезерген» адам сықылдандырып, күлкіге жан бітіріп, қиялға қондыру, «қайғы шығып иыққа» дегенде, қайғыны өрмелеп жүретін жанды нәрсенің кейіпіне келтіру ассоциациялары синекдоханы жаңа сөз, жаңа образ етіп отыр. Басқалары да осы тәрізді әралуан жолдармен жаңартылған. Бұларға Абай өлеңдерінен бірнеше мысалдар келтірелік.

«Нұрын, сырын көруге,
Көкірегінде болсын көз...»

(Абай, I том, 94-бет).

«Жақсы әнді тыңдасаң ой көзімен,
Өмір сәуле көрсетер судай тұнық...»

(Абай, I том, 188-бет).

«Ызалы жүрек, долы көл,
Улы сия, ащы тіл...»

(Абай, I том, 183-бет).

«Мезгіл өткен дәуренді қуалаған,
Не қылсын бір қартайған қу сүйекті»

(Абай, I том, 184-бет).

«Жер күңіреніп, жұрт жылап,
Ағайын түгел жеткені-ай...»

(Абай, I том, 235-бет).

«Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла...»

(Абай, I том, 206-бет).

«Көкірегінде оты бар,
Құлағын ойлы ер салсын...»

(Абай, I том, 121-бет).

«Өзінде бармен көзге ұрып,
Артылам деме өзгеден...»

(Абай, I том, 158-бет).

«Тірі қалдым өлмей әрең,
Қатты батты тырнағың...»

(Абай, II том, 80-бет).

«Ықтиярсыз мұнды сөзім
Кетті ыршып жолына...»

(Абай, II том, 77-бет).

«Ет жүрексіз ерніңнің айтпа сөзің,
«Тіл үйренген нәпсінің қу мінезін.
Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма,
Шымылдық боп көрсетпес шынның жүзін...»

(Абай, I том, 205-бет).

Бұл үзінділер, Абай өлеңдерінің бұрын қолданылмаған синекдохалардың байлығына да, жаңаша сөз байланыстары, сөйлем құрылыстары арқылы бұрынғы бардың өзі Абайша сөйлейтіндігіне де толық дәлел.

Сонымен қатар, әртүрлі өмірдің бейнесін түгелдей беруде де Абай өлеңдерінде поэтик тілдің болу түрі ерекше орын алады. Абайдың не тамаша сұлу деген өлеңдерін алсақ, метонимия мен синекдоха негізгі суреттеу құралының бірі болып келеді. Абайдың атышулы «Аңшылық туралы», не «Қара көз, имек қас» атты өлеңдерін ала-лық.

«Көре тұра қалады қашқан түлкі,
Қанды көз қайқаң қағып шықса аспанға...»
«Қырық пышақпен қыржындап тұрған түлкі
О-дағы осал жау емес қыран паңға...»
«Сегіз найза қолында көз аудармай,
Батыр да аял қылмайды ертең таңға...»

(Абай, I том, 39-бет).

«Қара көз, имек қас,
Қараса жан тоймас»,
«Ауызың бал, қызыл гүл,
Ақ тісің кір шалмас».

(Абай, I том, 135-бет).

Әрине, мұнда поэтик тілдердің (эпитет, метафора) басқа түрлері де бар. Бірақ, Абайдың осылар сықылды

мандай алды көркем өлеңдерінде метонимия, синекдохалар айрықша орын алатындығын көреміз.

Абайдың кейбір сатиралық өлеңдері негізінде метонимия синекдохадан құрылады:

«Әуелде көтім бас кәпір
Мықтыға неғып беттеймін,
Жуанды қойып, жуасты
Біраз ғана шеттеймін...»
«Бұзақының бүлігін
«Жақсы ақыл» деп, «күп деймін»

(Абай, I том, 89-бет).

деген төл сөздер де — таза метонимия мен синекдоха. Сөздерді сарказм, ирониялық түрде қолдану арқылы екі жүзді, жалтақ етіп көрсетпек, болыстың образын ақын бере алған.

Метонимия бір нәрсенің орнына, екінші нәрсені алмастырып айтса да, синекдоха бүтіннің орнына бөлшек, көпшенің орнына жекешені айтса да, бірімен екіншіні, бөлшек пен бүтінді айтып бере алғандықтан, өмір құбылысын суреттеуде бұлар поэтик тілдің ең оңтайлы, жинақы, жанды түрінің бірі саналады. Бір нәрсенің өзін айтпай, оның орнына жақындығы бар басқа нәрсені алмастырып айту: «Ей, қалпақ, бері кел», не бөлшекті қолдану: «Тұяғың нешеу», «тың тұяқ күнім әйтседе» деген сөздері, «Ей, Сәрсенбай, бері кел» деп. «Жылқы, сиыр, қой ешкің нешеу» деген толық түрі мен салыстырғанда әрі анағұрлым жайнақы, әрі анағұрлым жеңіл, анағұрлым көркем, әрі сол мағыналарды бере алады. Ал, жаңалықтан жаңалық іздеу, мез еткен сөздерді жаңа сөз, жаңа сөйлемдермен өзгертіп отыру адам баласының табиғи тілегі десек, алмастырып айту, бөлшекті қолдану бұл тілекке де қабысады.

Қазақтың ескі өмірін өзгертіп, жаңартпақ болып ұлы тілекті алдына қойып іс еткен, сол жолдағы еңбегінің бір зор саласы — әдебиет болса, оған өз өлеңдерімен үлкен төңкеріс жасап, әрдайым жаңалыққа жаны құмар болған ұлы ақынға алмастырып отырудың, бүтіннің орнына бөлшекті қолданудың — осы айтылғандар тәрізді сезімге жаңаша әсер ету жағы да көңіліне қона кетті. Абай өлеңдерінде метонимия, синекдохалар көп кездесуінің негізгі себебі осы айтылғандар деуге болады.

г) Символ. Символ — қазақша бір сөзбен айтқанда — бейнелеу. Айтайын дегенін ашып айтпай астарлап, басқа бір нәрсенің бейнесінде суреттеу.

Символ психологиялық параллелизмнің бір тарауы, соның дамыған, өскен түрі деп танылады. Бұл туралы ғалымдар: Әуелде, адам баласы көңіл күйін табиғаттағы құбылыспен қатар қойып суреттеді, екеуін бір-біріне ұқсатып, екеуіне де тән жалпы бір жақындық тапты; осыдан параллелизм туды. Кейін адам санасы өсе келе, қаз-қатар қойылатын екі құбылыстың (параллелизмнің бір мүшесі) бірін қалдырып, екіншісін жеке алып суреттейді. Сөйтіп, параллелизмнің бір сыңары — символға айналады деген қорытындыға келеді. Міне, осы тұрғыдан қарап, қазақтың ауыз әдебиеті, Абайға шейінгі тарихи әдебиетін негізінен алғанда (көпшілігінде), символдың параллелизмнен әлі түгел ажырай алмағандығын көруге болады.

«Ақ тұлпар орға жығылса,
Желіде қалған жас құлын
Құнан, дөнен болғанда,
Иесі мінбес деменіз.
Ақ сұңқар торға іліксе,
Ұяда қалған балапан
Темір қанат болғанда,
Үйрек ілмес деменіз.» (146).

Бұл үзінді жай қарағанда көп мүшелі параллелизм тәрізді. Бірақ, параллелизмнің (адам туралы айтылатын) бір мүшесі жоқ. Сондықтан, символдық ұғымға жақындайды. Таза символ деуге тағы болмайды. Өйткені, жоқ сөздің құбылыстың орны сезіліп тұр. Символда параллелизмнің жасырын қалатын жағы мүлде сезілмейді. Ауыз әдебиеті, Абайға дейінгі тарихи әдебиеттің дені символдың параллелизмнен әлі түгелдей жігін ашып болмаған кезін аңғартады деуіміздің себебі осы.

Бірақ, бұл сөзден ауыз әдебиетінің, не Абайға дейінгі тарихи әдебиеттің бәрі осылай деп үзілді-кесілді қорытынды жасауға болмайды. Біздің негізгі (көпшілігі) деген сөзді қоса айтуымыздың мәні осында. Яғни, ауыз әдебиетінің нұсқаларында, Абай алдындағы тарихи әдебиеттерде параллелизмнен бөлініп шыққан символдық образдарды да кездестіруге болады.

«Орал таудың ор түлкісі,
Айнала қуса, ит жетпес.

Бұл — Бекболат бидің Абылай ұстап алып кеткен баласын ажырата барғанда ханға айтқан сөзі. Баласын Бекболат алып кеткесін, бейнелеп айтқан бидің бұл сөзін Абылайдың қасындағы билері шеше алмай, өзі шешіпті.

«Орал таудың ор түлкісі» деп өзін айтты. «Айнала қуса, ит жетпес» деп сендерді, «Ақ иық» деп мені айтты, «Ақ иық келгесін, тек кетпеуі жөн», әйтсе де, «кешірер» деді,— дейді Абылай. Бұл ауыз әдебиетіндегі символдың нағыз таза түрі. Мұнда параллел етіп отырған екінші нәрсенің орны мүлде белгісіз. Оқушылар басқа нәрселермен салыстыра, ойлай келе шеше алады. Ол өз алдына. Символ — бейнелеп сөйлеу — ауыз әдебиетінде, әсіресе, билердің сөзінде көбірек кездеседі. Өйткені, билер — үстем таптың идеологтары. Олар айтайын дегендерінің ұшығын ғана көрсетіп, жұмбақтап сөйлеуді негізгі әдісі етті. Өздері үстем тап өкілдері болғандықтан, жалпы бұқара көпшілігіне түсінікті бола бермеуді ойлады. Сөйтіп, жұмбақтап сөйлеуі кездейсоқ емес, өздерінің таптық тілек, мүдделерімен байланысты.

Символдың тамаша бір үлгісі ретінде XVIII ғасырда өмір сүрген Ұлы жүз — Төле би, Орта жүз — Қаздауысты Қазыбек, Кіші жүз — Қаражігіттің мына бір-бір ауыз сөздерін келтірейік.

Қалмаққа қарсы бірігіп күресу жөнінде үш би көл жағасында бас қосып, әрқайсысы бейнелеу түрде бір-бір ауыз сөз айтады.

Төле би көлге қарап: «Алар ма еді мына көлдің қуын атып...» Қазыбек: «Қу атам деп жүрмеңіз суын атып».

Қаражігіт: «Үлкен той, ұлы жиын боп жүрмесін, перінің суда жүрген қызын атып»,— дейді. Осы сөздерден өздері ұғынысып, қалмаққа қарсы күреске үш жүздің де әзір екенін біліп, елдеріне қайтады. Осылар тәрізді символдың аз да болса, кейбір таза түрін Абай алдындағы тарихи әдебиеттен де кездестіреміз.

«Күмісті мылтық қолға алып,
Көлден куларды ұшырдым,
Қолымдағы құсымды
Қапшықпен ұшырдым
Алтыннан айбар тор жасап,
Ақырда қолға түсірдім» (148).

Бұл мысалдар, біріншіден, ауыз әдебиеті, Абайға шейінгі тарихи әдебиетімізде де өз мәніндегі символдың болғандығын дәлелдесе, екіншіден, параллелизмнен символдың қалай айрылатындығын да айқындайды. Жоғарғы үзіндіде әңгіме тек қана аққу туралы. Бірақ, айтайын деп отырғаны аққу емес, басқа нәрсе. Оның астарлы мағынасы не екенін біз өзіміз ойлап табуымыз керек. Нені айтпақ, ол символда айтылмайды. Параллелизмде астарлы мағына жоқ. Параллелизмнің екі жағы қатар суреттелсе, символда тек бір-ақ жағы болады дейтініміздің түйіні осында.

«Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,
Қол қорыған сен едің,
Сен де айрылдың көліңнен.
Ел қорыған мен едім,
Мен де айрылдым елімнен» (149).

Бұл — параллелизм. Егер осыны жоғарғы үзіндімен салыстырсақ, символ мен параллелизмнің айырмасы апайқын тұрады.

Символға жасалған бұл шолу, әрине, жеткіліксіз. Басқа поэтик тілдерге қарағанда, бұған өте аз тоқтауымыздың себебі — тақырыптан ұзап кетпеу. Тақырып «Абайдың поэтик тілі» болғандықтан ауыз әдебиеті, Абай алдындағы тарихи әдебиет бұл еңбекте Абаймен салыстыру үшін ғана керек десек, Абайдың өз өлеңдерінде символ, мейлінше аз. Сондықтан оған көп тоқталмаймыз. Абайдың барлық өз өлеңінде өз мәніндегі символ деп «Сегіз аяқ» атты өлеңінің:

«Жар тасқа бардым,
Күнде айқай салдым.
Онан да шықты жаңғырық.
Естіп үнін,
Білсем деп жөнін,
Көп іздедім қаңғырып,
Баяғы жар тас — бір жартас,
Қаңқ етер, түкті байқамас»,—

(Абай, I том, 98-бет).

деген жерін айтуға болады. Бұл сөз жоқ, таза символ, мұны параллелизммен шатастыра алмайсын. Ал осыдан басқа бейнелеу (символ) Абай өлеңдерінде кездесе, ол — әлгі келтірген үзіндіміздей, өмірдің бір құбылы-

сын екінші нәрсенің бейнесінде суреттеу емес, жай сөз арасында келетін символдық образдар ғана.

«Үсті-үстіне бас салса,
Сонда пәнде оңбайды.
Жылама, Мағыш, жылама,
Алладан өлім тілеме,
Қолдан ұшқан ақ сұңқар.
Қайтып келіп қонбайды..»

(Абай, I том, 242-бет).

Мұнда символ — «қолдан ұшқан ақ сұңқар». Бірақ символдық образдың айналасындағы сөздердің бәрі анайы, ашық айтылып отырғандықтан, символдың астарлы мағынасы Абдырахман екені ап-анық тұрады да, Абдырахман — «қолдан ұшқан ақ сұңқар» деген ұғымды беріп, образ метафораға айналып кетеді. Немесе:

«Жат қораны күзеткен
Қартаң шалда сана жоқ...»

(Абай, I том, 182-бет).

«Жат қора» — символ. Бірақ, айналасының бәрі өмір шындығын өз қалпында суреттеу болғандықтан, ол сөздердің бейнелеу екені сезілмей де қалады.

Немесе: Абайдың, «Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап» — деген өлеңін алалық:

«Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап
Жұрт жүр ғой күйкентай мен қарға сақтап,
Қыран шықса, қияға жібереді,
Олар да екі құсын екі жақтап.
«Қарқылдап қарға қалмас арт жағынан,
Күйкентайы үстінде шықылықтап.
Өзі алмайды, қыранға алғызбайды,
Күні бойы шабады бос салақтап.
Тиіп-шығып, ыза қып, ұстатпаса,
Қуанар иелері сонда ыржақтап.
«Не таптық, мұныменен деген жан жоқ.
Түні бойы күпілдер құсын мақтап,
Басқа сая, жанға олжа дәнеме жоқ,
Қайран ел осынымен жүр далақтап...»

(Абай, I том, 48-бет).

Бұл өлең түгелдей алғанда, бейнелеумен жазылған өлең деуге болады. Айтайын деген пікірін ашып айтпай, бүркеп, әр нәрсенің бейнесінде астарлап айтады және осыны аяғына шейін берік сақтайды. Бірақ, сол бейне-

леу ретінде алынып отырған «қыран», «қарға», «күйкентай» өз кезінің әралуан адамдары екенін білу де қиын емес. Бұл оны бейнелеуден гөрі пернелеуге (аллегорияға) жақындатады. Бейнелеу (символ) мен пернелеудің (аллегорияның) арасы бір-біріне өте жақын болғандықтан, солай көріну де заңды.

Әйтсе де, пікірін ашып айтпай астарлап айтуды аяғына шейін сақтап шыққандығына, бейнелеу ретінде алынып отырған «қыран, қарға, күйкентай» лардың іс-амалдары, адамның емес, сол құстардың істеріне тән болуына және аллегорияша пікір белгілі бір мінез-құлықты жөндеуге тура жұмсалынбай, сол пікірді алыстан орап айту жақтарына қарағанда да, өлең дегенмен де символдың қасиетін жоғалтпайтын сықылды.

Әңгіме Абай өлеңдеріндегі символ, онымен байланысты параллелизм туралы да айтылып отырылғандықтан, символ мен параллелизмді түсінуде ерекше маңызы бар ақынның мына өлеңіне тоқталмауға болмайды:

«Жазғытұрым қалтиған бір жауқазын
Қайдан білсін өмірдің көбін, азын,
Бәйтеректі күндейді жетемін деп,
Жылы күнге мәз болып, көрсе жазын.
Күз келген соң тамырын үсік шалып,
Бетегеге жете алмай болар жазым.
Мен-дағы көп есіттім жастың назын,
Қол жетпеске қол созар, бар ма лажың.
«Боламын» деп жүргенде, болат қайтып,
Жалын сөніп, жаз жүзін басады әжім»
(Абай, I том, 201-бет).

Өлең — осы тұрғысында психологиялық параллелизм. Мұндағы қатар тұрған екі нәрсе: 1. «Жауқазын» (жапырақ шөптің бір түрі). 2. Жас (адам). «Жауқазын» бәйтеректі күндейді, «жас қол жетпеске қол созады», «Жауқазынның тамыры» үсік шалып, бәйтерекке жете алмай жазым болса, «жас» тың боламын деп жүргенде, жалыны сөніп, түсін әжім басады... «Қысқасы қатар қойылған екі нәрсе (жауқазын мен жас) бірін екіншісі сол түрде аудармай, қайталайды. Осы қалпында мұны психологиялық параллелизмнің тамаша үлгісі десек, сонымен қатар, бұл өлеңнің және бір тамаша жағы бар.

Біз жоғарыда символ мен параллелизмнің айырмасын айтқанымызда, символда қатар алынатын екі нәр-

сенің жалаң бір жағы алынып, екінші жағы айтылмай, тасталынып кетеді дедік. Егер, осы өлеңнің «жауқазымы» ғана алынып, (оның екінші жағы) параллел болып отырған «жастығын» әдейі тастап кетелік:

«Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын
Қайдан білсін өмірдің көбін, азын,
Бәйтеректі күндейді жетемін деп,
Жылы күнге мас болып, көрсе жазын.
Күз келген соң, тамырын үсік шалып,
Бетегеге жете алмай болар жазым»,—

деп қысқартсақ, табиғаттың бір құбылысы туралы айтылған, өз алдына бір өлең болып шығады. Бұл — еш мүлтігі жоқ символ. Мұнда қатар қойылған «жастық» жоқ. Әйтседе, «Жауқазын» арқылы «жас», «жастықты» ұғамыз. «Жауқазын» — бұл өлеңде «жастық», «жастықтың» бейнесінде алынған деп ұға аламыз.

Символ параллелизмнен айрылып шықты деген пікірдің дұрыстығын дәлелдеуде болсын, екеуінің айырмасы қандайлығын тануда болсын Абайдың бұл өлеңі таптырмастық үлгі.

Абайдың өлеңдерін түгелдей алып зерттегенде, символдың бұл тәрізді тек екі-үш өлеңдерінде кездесуі, ақынға өмір құбылысын бейнелеп суреттеу әдісі таныс болса да, оны мейлінше аз қолдануы, әрине, кездейсоқ емес.

Абай — өз творчествосында майданға ашықтан-ашық шыққан ақын. Өз кезіндегі қазақтың феодалдық аулындағы ескішілік, надандық, жалқаулық, партияқорлық «түйені түгімен, биені бүгімен жұтатын» паракорлықтардың — бәрін де Абай бұлжытпай, өз қалпында суреттейді. Оларға қарсы күрес майданында «Ұлы сия» мен «ащы тілді» аямай жұмсап, қазақтың ескі феодалдық, буржуазиялық өміріндегі не зұлымдық деген нәрселерінің халыққа шын бетін ашып берді. Сөйтіп, Абайдың әдеби стилі шын мәніндегі реализм болды. Абай өлеңдерінде символдың аз кездесуі ақынның осы реалистік стилімен байланысты, түп тамыры осында жатыр деуге болады.

Абайдың басқа поэтик тілдеріне тоқталғанда, әрдайым оның поэтик тілге өзі кіргізген жаңалықтарына айрықша тоқталсақ, символмен байланысты оны жасай алмаймыз. Өйткені, символдың анауы жаңа, мынауы

ескі деп жіктеу жалпы мүмкін емес, ол жердің шегін табу қиын. Екінші, Абай реалистік стилдің ақыны десек, символ — негізінде символистік стильге тән образ. Демек, оның символ жөнінде мынадай жаңалықтары бар деуге Абай еңбектерінен материалдар табуға болмайды.

Абайдың аудармаларында символмен келетін екі-үш өлеңдері бар:

«Қонады бір күн жас бұлт,
Жартастың төсін құшақтап,
Жөнелді ертен, қалды үміт,
Көк жүзіне ойнақтап.
Әжімді жүзі тершіген
Кәрі жартас таң қапты.
Бәрі осы-ау деп қыз (із) деген,
Томсарып тұрып жылапты...»

(Абай, II том, 146-бет).

Жалғыз жалау жалтылдап
Тұманды теңіз өрінде...
Жат жерде жүр не тындап,
Несі бар туған жерінде?
Ойнақтап, толқып, жел гулеп,
Майысар дінгек сықырлап...
Ол жүрген жоқ бақ іздеп,
Қашпайды бақтан бойды ұрлап.
Астында дария көк майдан,
Үстінде сәуле алтын күн.
Қарашы, ол бүлік құдайдан
Сұрайды дауыл күні-түн».

(Абай II том, 145-бет).

«Қорқытпа мені дауылдан,
Дүрілдеп тұрса тау мен сай,
Шатырлап тұрған жауыннан
Жаркылдап тұрса түскен жай,
Көк торғындай аспан — көк,
Білемін, жайнап, ашылар.
Исі аңқыған бәйшешек
Түрленіп жерді жасырар...»

(Абай, II том, 93-бет).

«Құдай мықты жаратқан үлкен жар тас
Былш-былш еткен бет бұрып судан қайтпас.
Бұлтта суық дауыл жәймен сырлас,
Өзгені жан екен деп сырын айтпас...»

(Абай, II том, 107-бет).

Бұлардың соңғы екеуі үзінді. Абай бұл өлеңдерді өзінің замандасы және ең тереңнен сүйетін ақыны — Лер-

монтовтан аударған. Мұндағы символдық образдар Лермонтовқа жатады. Оны Абайға жапсырудың керәгі жоқ. Абайдың бұл жөніндегі үлкен еңбегі орыс тілінде айтайын деген пікір символ арқылы айтылғандығын дұрыс ұғынып, аудармасында да сол стилді берік сақтап, символдық өлең етіп аударылуында ғана. Сондықтан, бұл жеке тоқтауды керек етпейді.

Аллегория. Жоғарғы айтылып отырған символ тәрізді аллегорияда да пікір астарлы түрде айтылады. Бір қарағанда екеуінің айырмасы жоқ тәрізді. Әйтседе, бұларды поэтик тілдің бір түрі деп қарауға болмайды.

Символдың екі жағы бар: бірінші жағы бейнелік, оқушыларының көз алдында тұратын сурет те, екінші жағы — сол арқылы оқушыларына айтпақ автордың ой-пікірі. Ол әрдайым бүркеулі болады, болжалдап, қиял жүгіртіп ойлауды қажет етеді. Сондықтан символ мен жазылған өлеңдердегі автордың ой түйінін әр кім түрлі ұғынуы да мүмкін. Мысалы:

Конады бір күн жас бұлт,
Жартастың төсін құшақтап.
Жөнелді ертең, қалды үміт,
Көк жүзінде ойнақтап —

деген Лермонтовтың өлеңін алсақ, мұны тек жалғыздықтың символы деп қана емес, табиғат құбылысының бір алуан суреті — пейзаждық деп те қарауға болады.

Ал, аллегорияда олай екі ұшты түсінуге жол жоқ. Мысалы:

«Тұрды патша қайғырып, уайым жеп,
«Ала қойды болады қайткенім еп».
Аю, түлкі қасында — уәзірлері,
Кенеседі оларға «қайтемін деп».
«Қолбаң етіп, қорс етіп сөйледі аю:
Батыр патшам, не керек көп ойлану?
Қойды жан деп, есіркеп кім аяйды.
Ақылы ала қойдың — қырып салу...»

(Абай II том, 129-бет).

Аңдардың арасындағы бұл тәрізді кеңестің болмайтыны жұрттың бәріне мәлім. Сондықтан, арыстан да, аю да, қасқыр да, түлкілер пернелеуден айтылып отырған адамның кара жүректері мен қулары екенін, ала қой — момындар екенін аңғару қиын емес.

Сонымен, адамдардың арасындағы әртүрлі қарым-

қатынастары, айуандардың араларындағы қарым-қатынас етіп, айтайын дегенін астарлап, сол айуандардың іс-әрекеттері етіп айтып беретін поэтик тілдің бір түрі **аллегория** — **пернелеу** деп аталынады. (аллегория — пернелеу мұнан бұлай бір ұғым деп түсінілуі керек).

Аллегория қазақ әдебиетінде ескі заманнан келе жатқан поэтик тілдің бір түрі екендігін қазақтың «төрт түлік мал және әр түрлі жануарлар туралы» айтылатын ескі, ой-сананың сәбилік дәрежесінде туған әртүрлі ертегі, әңгімелерде айқындайды. «Арыстан, қасқыр және түлкі», «Түлкі мен қасқыр», «Аю мен түлкі», «Түлкі мен бөдене», «Аю мен қойшы», тағы басқа ертегілерді алсақ, тілдері бір өңкей аллегория болып келеді. Аллегория әуелде адамдардың арасындағы қарым-қатыстарды астарлап айтудан туған ғана емес. Айуандардың арасында да, адамдардың арасындағыдай қарым-қатыстар бар деп өздері шын сенген ой-сананың сәбилік кезімен байланысты туған. Бірақ, кейін ол түсінік ескірген кезде астарлы ұғымы бар поэтик тілдің бір түрі болып, әдебиеттен берік орын алғанға ұқсайды.

Қазақ ауыз әдебиетінде аллегорияның және көп кездесетін түрі — өтірік өлеңдер. Көбіне жастардың өзара ойын-сауықтарында айтылады. Мұны қазақтың ауыз әдебиетіндегі **басня**нің алғашқы бастамасы деп жорамалдауға болады. Жалпы құрылысы **басняға** ұқсайды. Тілі — аллегориямен келеді.

Беріпті бақа қызын көбелекке,
Жүріпті қара шыбын жеңгелікке,
Бір туын құмырсқаның ұстап сойып,
Той қылып, ат шаптырған төңірекке...»

(Өтірік өлең).

Кейде айтушының өзі де араласа жүреді.

«Мен өзім бес жасымда ұрын бардым,
Сонда да тең құрбымнан бұрын бардым.
Айғырын кесерткенің ұстап мініп,
Алдынан қайын атамның қырындадым...»

(Өтірік өлең).

Міне, ауыз әдебиетіндегі аллегорияның әуелгі нұсқалары деп айуанаттар туралы ертегілер мен осы өтірік өлеңдерді айтуға болады.

Ал, XVIII ғасырда басталатын тарихи әдебиетті

алып, Абай кезіне дейін шолып өтсек, не б а с н я, не ертегі, не с к а з к а, сатиралық ертегі, қысқасы аллегориямен жазылатын өлең, әңгімелерді кездестіре алмаймыз.

Басня, оның негізгі құралы болып саналатын — а л л е г о р и я тарихи әдебиетте ХІХ ғасырдың екінші жарымында ғана көріне бастайды. Әдебиет майданына Абайдан 3—4 жыл ғана бұрын шыққан Алтынсарин орыс ақыны Крыловтың бірнеше басняларын аударды. Сонымен байланысты, аллегориялық образдар да бұл кездердегі өлеңдердің тілінен орын алды.

«Көзіме күні бойы көрінбеп ең,
Келесін, сөйле — деді, сен қай жақтан.
Сонда бұл мұрынын көкке көтереді,
Адамсып маңызданып жөтеледі.
Жер жыртып күні бойы шаршап келем,
Мазалап, сұрап саған не керекті».

Алтынсариннің басқа аудармалары да осылар тәрізді.

Алтынсарин Крыловтың үш-төрт қана б а с н я с ы н аударады. Әйтседе, осының өзі Абайдың болсын, не өз кезіндегі басқа ақындардың болсын басня жазуларына мұрындық болды.

ХІХ ғасырдың екінші жарымында Алтынсаринның қолға алған игілікті ісін дамытып, ілгерлеткенде, Крыловтың басняларын шебер түрде қазақтың ұғымына жатық етіп бере білген де — Абай. Абай Крыловтан он төрт б а с н я аударды. Осы аудармамен байланысты Абай өлеңдерінен аллегория орын алды.

«Ірімшікті құдайым
Кез кылды бір күн қарғаға.
Алып ұшып барды да,
Қызық қылып ашарға.
Үлкен олжа емес пе
Ірімшік деген қарны ашқа;
Тұмсығында ірімшік
Ойлап қарап тұр еді.
Бір қу тұлкі сорына
Жақын жерде жүр еді.
«Қарағым, неткен сұлу ең»,
Деп таңырқап таңданды.
«Неткен мойын, неткен көз!
Осыдан артық дейсіз бе,
Ертегі қылып айтқан сөз?»

(Абай, II том, 131-132-бет).

Абайдың аудармасы мен оның алдындағы Алтынсаринның аудармасын тіл жағынан салыстырсақ, айырмашылығы жоқ. Олай болмауы мүмкін де емес. Өйткені, аударып отырғандары б а с н я, басняның тілі аллегория болғандықтан, басқа жол жоқ. Дегенмен де Абайдың бұл туралы да орны бөлек тәрізді.

Өйткені, басняға тән ерекшелік, қып-қысқа өлеңге бірнеше жануарларды қатыстырып, оларды өзара сөйлестіріп, қысқасы сюжетке құру. Бұл жөнінде негізгі орын алатын суреттеу емес, аз сөзге көп мағына сыйғызылып құрылатын қысқа-қысқа диалогтар. Диалогтың мұндай түрі Абайға шейінгі әдебиетте тек Алтынсаринның ғана аудармаларында аз-маз кездеседі. Ал, ауыз әдебиетіндегі өлеңдерде, не тарихи ақындардың шығармаларынан кездестіре алмаймыз. Аз сөзге көп мағына сыйғызып, сол сөздерінде әр жануардың өзіне тән характерлер берілетін өте тұжырымды түрде, кейде ирония, кейде сарказммен құрылатын диалогтардың Крылов баснясын аударумен байланысты Алтынсарин бастаушы ақын болса, Абай оны дамытып, ілгерілеткен, мәдениетті елдердің әдебиеттерінде кездесетін, алдыңғы айтылған принципті берік сақтаған, диалогтардың тамаша үлгілерін жасаушы ақын.

Мысал үшін Абайдың «Шегіртке мен құмырсқа» деген аудармасын алалық:

«Селкілдеп келіп жығылды,
Аяғына бас ұра;
«Қарағым, жылыт, орын бер,
Жаз шыққанша асыра.
«Мұның, жаным, сөз емес,
Жаз өтерін білмеп пе ең,
Жаның үшін ешнәрсе,
Ала жаздай қылмап па ең»
«Мен өзіндей шаруашыл,
Жұмсақ илеу үйлі ме?
Қоғалды қуып, ән салып,
Өленнен қолым тиді ме?
«Қайтсін, қолы тимепті,
Өлеңші, әнші есіл ер!
Ала жаздай ән салсаң,
Селкілде де билей бер».

(Абай II том, 127-бет).

Міне, осы үзіндінің өзінен-ақ қысқа түрде құрылған диалогтың шегіртке мен құмырсқа образдарын жасауда

қандай мәні барлығы анық. Не барлығы 20—30 жолдың ішінде пернелеу түрінде әкәжушіл жалқау мен еңбекшінің образдарын жасап, адам баласын еңбекке үндеуде мағынасы терең пікір айтушылық шебер құрылған диалогпен ғана жасалынып отыр.

Әрине, бұл айтылғандардың негізі орыс әдебиеті, Крыловта, ескі грек әдебиеті Эзопта жатыр. Олардың классик үлгісі қазақ әдебиетіне шебер енгізіп, бойына сіңіруде Абайдың әдебиетте аққұла орны бар. Оны көрмей кетуге болмайды.

Диалог түрінде болмаса да, аз сөзге көп мағына сыйғызу жүйесіне негізделген, төл сөздерді шебер қолданушылық Абайдың өз өлеңдерінде жиі кездеседі. Мысалы:

«Бай алады «Кезінде көп берем», деп,
«Жетпей тұрған жерінді тек берем», деп,
Би мен болыс алады күшін сатып,
«Мен қазақтан кегінді әперем» деп,

(Абай, I том, 46-бет).

Ақын төл сөзді шебер қолдануының арқасында көп ұтқан. Артық сурет, артық баяндаулар қысқартылып, ой түйініне төл сөздер арқылы тікелей келген. Абайдың қолданысында әр төл сөз өзі үшін өздері жауап беріп, ақынның айтайын деген пікірін қысқа түрде ұқтыра алады. Сөйтіп, Абай Крыловтан қазақшылаған баснялары арқылы жалпы аллегорияға ерекше бір жаңалық кіргізе қоймаса да, аз сөзге көп мағына сыйғызған диалог жөнінде қазақ әдебиеті үшін зор еңбек етті.

е) Кейіптеу. (Олицетворение). Қазақ ауыз әдебиетін, Абай алдындағы тарихи әдебиетті, оларда қолданылатын кейіптеулерді алсақ, жансыз нәрселерді жандандыру, жануарларға тіл бітіру, ескі наныммен байланысты әртүрлі мифті адам бейнесінде көрсету деп, негізінде өзара үшке бөлуге болады:

1

«Кел, кел бұлт, кел, бұлт
Екі енеге тел бұлт.
Ағысы қатты сулардан
Сыйпай соғып кел, бұлт, (151.)
Дария шор, дария шор».

2

Жоғарғы ерні қыбырлап,
Төменгі ерні жыбырлап,
Тайбурыл сонда сөйлейді:
«Сен үстiмде аманда,
Мен астында аманда,
Қажу бар ма мен сорға.
Намаздігер өткенше
Намазшамға жеткенше,
Сырлы Қазан шаһарын
Көрсетпесем көзіңе.
Түсірмесем өзіне
Таңдап мінген бурылды
Сол жерде шал құдайға...» (152).

«Ақ сауыт сонда сөйлейді:
Батыр Сайын, қорықпашы,
Бөтен сөзді, айтпашы,
Қатарланған қамалды
Бұза алмасаң, саған серт.
Тоғыз қабат оқ жетпес,
Оқ жеткізсем, маған серт» (153).

3

«Асың-асың асыңа,
Береке берсін басыңа.
Қырғауылдай қорғалап,
Бөденедей жорғалап,
Қыдыр келсін қасыңа...» (154).

Ауыз әдебиетіндегі кездесетін кейіптеудің үлгілері осылар. Бұлардың шығу тектерінің де негізі халық санасының сөбилік кезінде жатыр. Табиғат құбылысын әлі түсінбеген табиғат жанды нәрсе, жануарлар да, заттар да адамша сөйлей алады деген ұғымнан туғандығы анық. Адам баласының өмірінде кездесетін пәле мен қазалардың да өзінше иелері бар, олар да адам тәрізді іс-әрекет істейді, кереметті қасиетімен бізге көрінбейді деп, оларға ат қойып, айдар тағып, «қыдыр дарыды», «Құт қонды», «Жұрт келді», «бәдік көшті» деген тәрізді сөздерде сол наныммен байланысты жандандырылып айтылған сөздер.

XVIII ғасырдың соңы, XIX ғасырдың бірінші жарымындағы, Абайға дейінгі тарихи әдебиетті алсақ, олардың өлеңдерінде кейіптеулер мейлінше аз кездеседі. Кейіптеулердің ең көп кездесуі керек табиғатты суреттеген

өлеңдерді алсақ та, кейіптеудің негізгі тіл болып саналмайтындығын көру қиын емес.

Қазақ даласының бай табиғатын сипаттаған талай күшті ақындардың талай әдемі өлең жырлары бар. Бірақ, бәрінде де тек сыртқы кескінін беру, поэтик тілдердің басқа түрлерімен жай портретін ғана жасау. Жалғыз Абайдың алдындағы тарихи ақындар ғана емес, Абайдың өз тұстас ақындары туралы да осыны айтуға болады.

«Жайық, сені қайтейін,
Ағашың айбар көрінген,
Жапырағы жерге төгілген,
Жапырағы жасыл ала қамқадай,
Бұтағы бұрама күміс алқадай,
Балдырғаны сокқыдай,
Боз сазаны тоқтыдай,
Бұланы жырақ қараған,
Бұғысы қойдай тараған,
О, Жайығым, Жайығым,
Жоқ еді қоныс айыбың... (155).

Абайдың алдындағы әдебиетте болсын, өз кезіндегі әдебиетте болсын, табиғатты суреттеуде Мұраттың бұл өлеңі ең көркем, маңдай алды өлеңдерден саналады. Сондықтан, басқа мысалды келтіріп жатудың қажеті аз. Ал, осы өлеңді поэтик тіл жағынан алып қарасақ, жансызды жандандырып айту, яғни, кейіптеу жоқ. Табиғат құбылысын сол өз қалпында суреттеген де қойған: Бұл жалғыз Мұрат емес, барлығына тән.

Бізше, Абайдың алдындағы Бұхардан басталған поэзия, көпшілігінде, дидактикалық поэзия болды. Дидактикалық поэзия үлгі-өнеге үйретерлік нақыл сөздерді керек етті. Абайдың тұстас ақындарының, Алтынсариннан басқасы, сол әдебиеттің үлгісінде өсті. Кейіптеудің аз кездесуінің бір себебі осы тәрізді. Екінші себебі: бұл дәуірдің ақындары, өздері сол бұрынғы ауыз әдебиетінің жақсы традициясын алса да, ауыз әдебиетінің кейбір жақтарын тым жабайы көрді. Бұл кездегі ақындардың ой-санасы атам заманғы жоққа сенушіліктен анағұрлым жоғары екендігі сөзсіз. Сондықтан, жануарларды сөйлету, не табиғат құбылыстарына бас ию, бұрынғы «кұт», «жұт», «қыдыр» тәрізді иелерге бас ию оларға енді ескішілдік көрінді. Ал, кейіптеуді жаңа дәуірге лайықтап, мәдениетті елдердің ақындары тәрізді жаңа-

ша құруға ол ақындардың жеткілікті мәдениеті болмады. Міне, осы себептермен байланысты Абайға шейінгі әдебиетімізде кейіптеу поэтик тілдің ерте туып, кеш қалған түрінің бірі болды.

Абай кейіптеуді қайта тірілтті. Әртүрлі өмір құбылыстарын суреттеуде болсын, автордың ой-сезімі, өмірге көзқарастарын жанды етіп айтып беруде болсын ең күшті құрал екенін танытып, өз өлеңдерінде, аудармаларында кейіптеудің тамаша-тамаша үлгілерін көрсетті. Абайдың атышулы «Қыс», «Жазғытұрым» тәрізді өлеңдері, «Қараңғы түнде тау қалғып», «Теректің сыйы» сықылды аудармалары негізінде кейіптеумен жазылған.

Абай кейіптеу жөнінде бұрынғы ауыз әдебиетіндегі ізбен кеткен жоқ. Сол кездегі орыс әдебиетіндегі кейіптеулердің, әсіресе, Лермонтовтың табиғатты суреттеу әдісін үлгі етті. Ауыз әдебиетінен алғаны жансыз нәрсені сөйлету болды. Бірақ, Абайда ондағыдай «табыну», жалбарыну жоқ. Абай табиғатқа жан бітіреді, қимылдатады, сөйлетеді, сезіндіреді, бірақ, ескі әдебиет нұсқаларындағыдай оларды шын жаны бар күш деп ұғудан Абай аулақ. Табиғат құбылыстарын ақын кейіптеу арқылы суреттесе, ол оған сенгендігі емес, суреттеген нәрсесін оқушыларының көз алдына жанды түрде елестету.

«Күн жоқта кісімсінер жұлдыз бен ай,
Ол қайтсін қара түнде жарқылдамай,
Таң атқан соң шығарын күннің біліп,
Өңі қашып, бола алмас бұрынғыдай,
Күн — күйеу, жер — қалыңдық, сағынышты,
Құмары екеуінің сондай күшті.
Күн қырындап жүргенде, көк қожандап,
Күйеу келді, ай, жұлдыз көтін қысты.
Ай, жұлдызға жылы жел хабар беріп,
Жан-жануар қуанар тойға еліріп,
Азалы, ақ көрпесін сілке тастап,
Жер күлімдер өзіне шырай беріп,
Күн күйеуін жер көксеп ала қыстай,
Біреуіне біреуі қосылыспай,
Көңілі күн лебіне тойғаннан соң,
Жер толықсып түрленер тоты құстай... т. б.»

(Абай, I том, 124-бет).

Абай табиғатты суреттеуде мәдениетті елдердің табиғатты жандандырып суреттеудің үлгісін алды деуімізге Абайдың «Қыс» деген өлеңі толық дәлел бола алады.

«Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау танымас тірі жанды,
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық.
Басқан жері сықырлап келіп қалды,
Дем алысы — үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң — қыс келіп әлек салды.
Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды...
Бұлттай қасы жауып екі көзін,
Басын сіліксе, қар жауып мазанды алды.
Бұрадай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,
Алты қанат ақ орда үй шайқалды...»

(Абай, I том, 83-бет).

Қысты жанды нәрсе етіп көрсетудің элементі Абайдан бұрын да болды. «Қылышын сүйретіп қыс келеді» — дейді қазақ. Қысты қаһарлы батыр, жауынгер бейнесінде ұғады. Бірақ, Абайға шейінгі әдебиеттің қай нұсқасын алсақ та, қысты ақсақалды шал бейнесінде суреттеу болған емес. Қысты шал бейнесінде суреттеу орыс әдебиетіне тән нәрсе. Орыс ақындарының әр дәуірде көп суреттеген атышулы «Дед морозы» Абайдың қысты суреттеуінде негізгі тұлға (праобраз) болып отыр. Бұл аударма емес, Абайдың өз өлеңі. Әйтсе де, қысты дед мороздың бейнесінде суреттеу қазаққа тән нәрсе емес, орыс әдебиетіне тән.

Некрасов өзінің «Мороз, красный нос» деген поэма-сының бір жерінде:

«Не ветер бушует над бором,
Не с гор побежали ручьи,
Мороз — воевода дозором,
Обходит владенья свои...
Идет — по деревьям шагает,
Трещит по замерзлой воде,
И яркое солнце играет
В косматой его бороде...» —

деп суреттейді (156). Бірақ, Абай орыс әдебиетіне еліктесе де, бүкілдей олардың ықпалына беріліп кетпейді. Оны қазақтың өз ұғымына жақындатады. Қысты жанды нәрсе етіп көрсету қазаққа жат еместігі жоғарыда айтылды. Орыстан алғаны — қыстың «ақ сақалы мен кіл аққа киінуі». Қыстың орыс әдебиетіндегі істейтін іс-әрекеттері: айдын мұзды сықырлатып, сыңсыған қалың

ағашты жарып өтіп, тағы басқа, солар тәрізді әртүрлі өз меншігін күзетуші (дозор) болса, Абайдың қысы, қазақтың өзіне таныс «кәрі құда», «шабынатын бура» бейнесінде, оның жүрген жері Некрасовтағыдай қалың тоғай, айдын мұз емес, Арқаның жазық сар даласы, қысызғары батқандар, балықшы мен ну тоғайда ағаш кесіп жатқан орыс крестьяны емес, «Шидем мен тон қабаттап киген қазақ малшысы» мен қыс титығына жеткен тебіндегі жылқы. Қысқасы, Абай тек еліктеуші емес, еліктеген нәрсесін өзінше меңгеруші. Қазақтың ұғымында бұрын шал бейнесінде суреттелмейтін қысты, өз елінің тұрмыс-салтына байланысты байырғы, қол бала образдар алып, қазақтың ұғымына сай келтіреді де, елді өзіндік етіп шығарады. Бұл тәрізді үлкен шеберлік — Абайдың қаламына жалпы таныс нәрсе.

Абайдың орыс ақындары, әсіресе, Лермонтовтан аударған өлеңдерінде ерекше орын алатын нәрсе табиғат құбылысына тек жан бітіру ғана емес, және тіл бітіру, сөйлету дедік.

«Кавказдай құзда туған перзенттенмін,
Бұлттың сүтін ішіп ер жеткенмін.
Қазбектен, ағам, сені көксеп шығып,
Кім қақтықса жолымда күйреткенмін.
Аптығып, асау інің келді, ақсақал,
Тау, тасқа адамзатқа салып жанжал;
Дем алайын деп келдім, аш қойныңды,
Сәлем-сауқат әкелдім, қош көріп ал»
Әкелген бұғы менен маралым бар,
Адамнан тартып алған көп малым бар.
Ертоқымы, атымен, қаруымен
Ер шеркешті әкелген амалым бар.
«Мұның бәрі — тартуым сізге, дейді,
«Ақылыңды айт, ақсақал, бізге» дейді.
«Бақша, зауыт, жайларды қылдым талқан,
Әрбір бай жалдап жатыр жүз кедейді».
Қартаң Каспий қалғыған бойыменен
Терекке көзін ашып үндемейді.
Азырқандың, — білемін, ақсақал шал
Тентегіңнің сөзіне құлағың сал.
Қазақ-орыс қатыны — бір сұлуды
Әкеліп ем, қайтейін, оны-дағы ал.»
Кәрі Каспий қара көк көзін ашты,
Жылы жүзбен Терекке амандасты.
Жыбыр қағып, қозғалып сылқ-сылқ күліп,
Қатынды алды, қытықсыз араласты...»

(Абай, I том, 112-бет).

Бұл өлеңге Терек өзені жанды адамдардың амалындай амалдар жасайды және жанды адамдарша сөйлейді. Қысқасы, табиғатқа жан бітіріп, айтайын деген ойын кейіптеу арқылы беруде Абайдың бұл аудармасы өзінің орыс тіліндегі нұсқасынан бір де кем түспейді.

Абайдың бұлар тәрізді пейзаждық өлеңдері әралуан. Олардың кейбіреулері символ, кейбіреулері аллегория, кейбіреулері жай ғана суреттеу, кейбіреулері кейіптеу болып келеді. Символ мен аллегория бұрын талданса, кейіптеу туралы қазір айтылып отыр. Сондықтан, табиғат көрінісін кейде жай ғана суреттеушілік те аз кездеспейді. Мұны алдыңғылармен шатастырмау үшін бірер мысалдар келтіріп өтелік:

«Жазды күні шілде болғанда,
Көк орай, шалғын, бәйшешек
Ұзарып өсіп толғанда,
Күркіреп жатқан өзенге,
Көшіп ауыл қонғанда...»

(Абай, I том, 64-бет).

«Желсіз түнде жарық ай
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен күрілдеп...»

(Абай, I том, 202-бет).

Бұл үзінділерде де табиғат суреттеледі. Бірақ, мұнда символ да, аллегория да, кейіптеу де жоқ. Табиғат көрінісін сол қалпында әдемілеп суреттеу ғана бар. Сондықтан, бұл соңғы айтылғандардың алдыңғылардан жігі бөлек.

Сонымен қатар, айта кететін және бір мәселе — поэтик тілдердің басқа түрлерінің кейіптеуімен байланыстары. Тілде бір сөз екінші сөзбен байланысып, бір сөйлем екінші сөйлеммен байланысып қана ой-пікірді ұқтыру, мағына беру тілдің жалпы заңы десек, поэтик тілдер де бұл заңға бағынады. Өмір құбылысының әр түрлі суретін жасауда поэтик тілдер әрдайым байланыс, қарым-қатыста болып отырады. Олай болмауы мүмкін де емес. Бірақ, әр жағдайға, суреттемек өмір құбылысына лайықты, соған сәйкес, поэтик тілдің бір түрі бірінші

орын алуы мүмкін, мысалы, Абайда адамның, не басқа нәрсенің портретін жасауда көбіне эпитет, сосын теңеудің қолданылуы тәрізді, бұл бұрын айтылған. Әйтсе де, ол жай поэтик тілдің басқаларының араласып келуіне бөгет емес, қайта, кейбір жағдайларда керекті де. Жоғарғы үзінді келтірген Абайдың «Қыс» өлеңін алсақ, ақын мұнда айтайын дегенін кейіптеу арқылы айтпақ. Бірақ, қысқа дем алғызып басқан жерін сықырлатып, жүргізіп қою үшін әуелі поэтик тілдің басқаларының көмегімен (эпитет, теңеу, метафора) қыстың өзін ақынға әуелі ақсақалды шал кескініне келтіріп алу қажет болды. Сондықтан, «Денелі, ақ киімді, ақ сақалды, соқыр-мылқау» деген эпитеттерді, «Дем алысы — үскірік, аяз бен қар» деген тәрізді метафораларды қолданып отыр. Мұндай байланыстар ақындарда кездеседі және ол заңды да.

Сөйтіп, Абайдың поэтик тілдерінің басқа түрлері жөнінде қазақ әдебиет тіліне қосқан жаңалықтарын жекелеп көрсетсек, кейіптеу Абайдың жазба әдебиетімізге бүтіндей қосқан жаңалығы деп айтуға болады. Өйткені, ескі ауыз әдебиетінде өмір құбылысын суреттеуде поэтик тілдің негізгі бір түрі саналып, XVIII—XIX ғасырдың әдебиетінде де қолданылмай, не аз кездесетін кейіптеуді, жаңа дәуір, жаңа ой-санаға сәйкес, жаңаланған түрде қайта тіріліп, поэтик тілдердің өмір құбылысын суреттеуде санаулы құралының бірі етуі қазақтың әдебиет тілін жасауда, сөз жок, ұлы еңбек.

Сонымен қатар, Абайдың кейіптеуді қолдану жолдары әралуан. Олардың әрқайсысында үлкен шеберлік, міскерліктер бар. Олардың әрқайсысы жеке талдауды керек етеді. Әйтседе, сол табиғатты жанды етіп суреттеудің сезім дүниесіне қандай әсер етуі жайлы «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» деген өлеңінен бір үзінді келтірейік:

«Мен көрдім ұзын қайың құлағанын,
Бас ұрып қара жерге сұлағанын.
Жапырағы сарғайып, өлімсіреп,
Байғұстың кім тындайды жылағанын.
Мен көрдім ойнап жүрген қызыл киік,
Кеудесіне мылтықтың оғы тиіп.
Қалжырап, қансыраған, қабақ түскен,
Кімге батар ол байғұс тартқан күйік.
Мен көрдім сынық қанат көбелекті,
О да білер өмірді іздемекті,

Күн шуақта жатады қалт-қалт етіп,
Одан ғырат алар жан бір бөлек-ті».

(Абай, II том, 113-бет).

Табиғат құбылысын, жан-жануарларды кейіптеу арқылы суреттеп, не терең ой, не терең сезімдерді беруге болатындықтың бұл үзінді айқын үлгісі бола алады. Абайдан кейінгі қазақ әдебиетінде кейіптеудің поэтик тілден үлкен орын алуы да Абайдың әсері деуге болады.

IX тарау

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ — ИРОНИЯ, САРКАЗМ, ГИПЕРБОЛА (ӘСІРЕЛЕУ) ЖӘНЕ ЛИТОТА

а) **Ирония.** Ирония, сарказм, гипербола, литотаны бұрынғы поэтик тіл туралы еңбектердің бірқатарында (А. Виноградов), тағы басқалар образды сөздердің жеке түрі деп қарайтын.

Жоғарғы дәрежелі оқу орындарында қолданылып жүрген кейбір оқу құралдарында Г. Н. Пospelов («Әдебиет теориясы», 51-бет), Л. И. Тимофеев («Әдебиет теориясының негіздері» 102—103, бет), Б. Томашевский («Әдебиет теориясы» (поэтика), (39-бет) тропаның ерекше бір түрі деп талдайды. Ирония мен сарказмды А. Тимофеев те, Б. Томашевский де бір нәрсе деп танып, сарказм деген сөзді мүлде қолданбайды.

Г. Н. Пospelов «Сөздік ирония, идеялық ирония» деп екіге бөледі де, сол кітаптың 187-бетінде «Иронияның ең жоғарғы сатыдағы түрі сарказм аталынады» деп ескерту береді.

Бұл авторлардың ирония, сарказм, әсіресе, гипербола-ларды тропаға, оның бір түрі метонимияға жатқызуы дұрыс па, жоқ па, оны ашық қалдырып, поэтик тілдердің бұл түрлері қазақтың ауыз әдебиеті, тарихи әдебиетте қандай орын алады соған ғана тоқталмақпыз.

Әдетте, сөздің, не сөйлемнің сыртқы құрылысына ішкі

мазмұны қарсы келіп, өзі келеке ретінде айтылса, ондай сөзді и р о н и я дейді.

Қара кісіні «аппағым», пұшық кісіні «қоңқағым» деу — и р о н и я.

Ирония ауыз әдебиетінде де, тарихи әдебиетте де кездеседі.

Айман Теңгеге:

«Менде де бар бір жаман,
Не қылайын қазақтың
Жүйрігі мен жорғасын...» — (157).

дейді.

«Менде де бар бір жаман» деп отырғаны — Әлібек, өзінің сүйген жігіті, «Жүйрік пен жорға» деп отырғаны — өзінің әрі менсінбей, әрі жауы санап жүрген кісісі — Қөтібар.

Абай алдындағы және тұста әдебиеттерден бірнеше мысалдар келтіруге болады.

«Айтатұғын жөнім бар,
Ишанға не десем де,
Жұмаққа тура бастайтын,
Ел серкесі көсемге» (158).

Дулат осы үзінді келтіріп отырған өлеңінің ұзына бойына молда-ишандарды шенеумен, жерлеумен болады. Екінші бір жерінде:

«Өзінде, ишан, иман жоқ,
Елге иман бермексің», —

лейді. Сөйтіп отырған ақынның «ишандарды жұмаққа бастайтын ел серкесі көсем» деуін оқушылар керісінше ұғады. Сөз сөйлемдерінің сыртқы құрылысы мақтап тұрса да, мазмұны оған түп-тура қайшы.

«Мәшһүр Жүсіп, жұрттан асқан шешенсіз бе,
Әр топта сөйлейтұғын көсемсіз бе,
Жеріктес, қанат, құйрық, балғаласым,
Данышпан, бұлбұл, түйе, есенсіз бе?» (159).

Мұнда да Мәшһүр Жүсіпті жекеті ретінде айтып отыр. Иронияның қалай құрылатынын айқынырақ көрсететін және бір мысалды «Біржан мен Сараның айтысынан» келтіруге болады.

Айтыста негізгі тартыстың бірі — Сараның айттырып

қойған күйеуі Жиенқұл. Тартыс Жиенқұлдың айналасында болады. Жиенқұл бүкір, мейлінше сиықсыз, жарым ес. Біржан осыны тілге тиек етіп, Сараға «Аулыңның жақсыларын мақтайсың, олар жақсы адамдар болса, сендей ел қамын жеген қызды ер азғыны — бүкірге берер ме еді,» деп келеді де:

«Шыбықтай жігіт шығар өңі нұрлы,
Өнері өзің теңдес сегіз қырлы.
Шеберден мін алатын мініскерсің,
Ер шығар тоты құстай неше түрлі» — (160).

дейді.

Оған Сара:

«Көрінесін Біржан салға ай секілді,
Ақ құйрық көңіл ашар шай секілді.
Ұсынса, қол жетпейтін арғымағым
Арғынға баламаймын тай секілді.
Асылым берген құдай өз бағыма,
Тенелмес жеті Біржан тырнағына.
Найманда ұлы дария саят керім
Балық боп ілінгенім қармағына...»

Біржан мен Сараның екеуінің сөздерінде сыртынан карағанда, Жиенқұлды аспанға шығарып мақтап отырғанға ұқсайды. Шынына келгенде, мағнасы керісінше, Жиенқұлды келеке етіп отыр. Жалпы алғанда, Абайдың алдындағы, өз кезіндегі иронияның түрі осылар тәрізді.

Бұл үзінділер тек қана иронияның не нәрсе екенін айқындау үшін алынып отырған жоқ, сонымен қатар, ирония Абайға шейінгі әдебиетімізде де поэтик тілдің негізгі түрі болғандығын көрсету үшін алынып отыр.

Абайдың өз өлеңдерінде де ирония жиі ұшырайды. Абай иронияларының көпшілігі әлеумет өміріндегі мінез-құлықтардағы кемшіліктерді мінеу, шенеуге арналады.

«Той болса, тон киелік, жүр баралық,
Бірімізді біріміз аударалық...»
(Абай, 54-б).

«Мұндай ма едің, ана күн,
Мұның қалай, батыр-ау».
(Абай, 86-бет).

дегендер тәрізді мінез-құлықты шенеудің қалпын шанышқан жай түрінен бастап, әлеуметтік мәні бар үлкен мәселелердің өзін де ирониямен суреттеген өлеңдер Абайда аз емес.

Мысал үшін «Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек» — деген өлеңін алалық.

«Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек.
Жұрты сүйген нәрсені о да сүймек.
Ішің берік боп, нәпсіге тыю салып,
Паңсымай, жайдақсымай, ірі жүрмек.
Сасқанынды көрсетпе ешкімге бір,
Сөйтсе де ірісімен кеңесіп жүр,
Кейбірін қауіптендір мінін тауып,
Кейбірін жылы сөзбен көңілдендір.
Көрінбе ел көзіне әсте қорқақ,
Жанды жан демейтұғын жан шығып бақ.
Анда-санда құтырған жаман емес,
Онынды жиі қылмай және бол сақ.
Кісімсі қайда жүрсең, олжаға тоқ,
Шұқыма халық көзінше қарғаша бок!
Жұрт жас бала, жылатып тартып алма,
Білдіртпей ептеп алсаң залалы жоқ.
Жат елге жадағайда сөйле шәргез,
Тар жерде тайпалудан танба әр кез.
Жатты «жау» деп елінді үрпитіп ап,
«Жауға жабдық» деп жиып пайда қыл тез!»

(Абай, I том, 154 бет).

Бұл өлең сырт қарағанда ел билеу жөнінде айтылған бір өсиет өлең тәрізді.

«Жатты жау деп елінді үрпитіп ап,
Жауға жабдық деп жиып, пайда қыл тез», —

деген тек соңғы екі жолын оқығанда ғана жоғарғы айтылғандарының кекесін екенін байқайсың.

Бірақ, біздің бұл жердегі айтпағымыз — өлеңнің сөз, сөйлем құрылыстары ғана емес, сонымен байланысты әрі оның мазмұны. Демек, Абай бұл өлеңінде өз кезіндегі ел басқарушыларының образын жасады. Олардың жай қарағанда тәп-тәуір секілденетін іс-әрекет, мінез-құлықтары алдау, көз бояу, бой көрсету, бұлар перде ғана, шын беттер перденің аржағында, ол жауыздық, кесер кеңірдек, қарабастың қамынан әрі бара алмайтын өзімшілдік деп, Абай өткір ирониямен оларды шенеді. Кейінгі ұрпақтар мұндай іс-әрекеттерден аулақ болу үшін, жоғарғылардың сұмдық мінездерін жұрт алдына салып масқаралап, күлкі етеді. Бұл жәйт — ұлы ақынның иронияға тек үлкен мән бергенін көрсетіп қана қоймайды және ирония ақынының әртүрлі өмір күресінде күшті құралының бірі болғандығын да көрсетеді.

Ирония Абайдың өз өлеңдері ғана емес, аудармаларында да жиі ұшырайды. Абай Крыловтан алған аудармаларында кездесетін ирония, сарказмдерін дұрыс түсініп, мәнін берік сақтайды. «Шегіртке мен құмырсқаның» аяғындағы: «Ты все пела — это дело...» — деген сөзін қазақ ұғымына дәл келтіріп:

«Қайтсін қолы тимепті,
Өлеңші, әнші, есіл ер.
Ала жаздай ән салсаң,
Селкілде де билей бер» —

(Абай, II том, 127-бет).

деп ирониямен бітіреді.

С а р к а з м — иронияның ұлғайған түрі. Мұның да негізгі мазмұны — өмір құбылысының кейбір жағын мысқылдау, шенеу. Айырмасы: иронияда бір нәрсені шенемек, кекемек болса, ішкі мазмұны кекесін болғанмен, сөз, сөйлемінің құрылысы, мақтаған тәрізденіп, бүркемеленеді десек, сарказмда соңғы бүркемелеу жоқ, шенейін, мысқылдайын дегенін ашықтан-ашық шенейді. Сарказм иронияға қарағанда анағұрлым өткір, анағұрлым улы. Ирония мен сарказм бір нәрсе деп қарайтын авторлардың: «сарказм — иронияның ең жоғарғы сатыдағы түрі» дейтіні де сондықтан. Әрине, бұл пікірді де қате деуге болмайды. Өйткені, ирония мен сарказмның жақын екені сөзсіз. Сондықтан, иронияның жоғарғы түрі сарказм деудің еш қателігі жоқ. Бұл екеуінің арасы жақын екендігін Шернияздың мына өлеңінен көруге болады. Баймағамбет Шерниязға ханымын мақта дегенде:

«Ханымның келбетінің келгенін-ай.
Сипаты бейне жұмақ үрдің қызы»,

деп ирониялық түрде мазақтаса, жаманда дегенде:

«Байеке, заманыңда тасуын-ай,
Шеріңнің сөйлер сөзге асуын-ай.
Ханымның бойы аласа, мұрны қайқы,
Тап мінген мегежіннің қашырындай» — (162).

деп, сарказммен ханымды келеке етеді. Әрине, бұл да сарказмның нақтылы күшті түрі емес.

Абай алдындағы қазақ әдебиетіне шолу жасасақ, басқалармен салыстырғанда сатиралық өлеңдерді көбірек шығарған Дулат. Оның бұл тектес өлең-жырларында сарказм жиі ұшырайды. Мысалы:

«Жатып ішер жалмауыз,
 Борсық тұмсық қанды ауыз...»
 «Кеңесбай азғын тұрған соң,
 Тістеуік, айғыр сықылды,
 Үйірінді сұйылтып,
 Тай, құнанды қуғансың,
 «Ел билерлік ісің жоқ,
 Дегдар емес будансың.
 Ырысын параның,
 Қотара құйса тоймайтын,
 «Ашылған әбден араның,
 Түйені жұтсаң түгімен,
 Биені жұтсаң бүгімен
 Қақалмай бір-ақ толғайтын...»
 «Ишан елді аралап,
 Қошқар, теке жинадың.
 Маңдай алды бай болдың,
 Қылығың неге тыймадың.
 Өзің алсаң жүз аз деп,
 Берсең бірді кимадың.
 Жетерлік болды елге де,
 Сенің берген иманың...»
 «Ақылы жоқ молдалар
 Иман сатпақ тиынға,
 Өзін де сатпақ тыйынға
 Елге иман бермексің...»
 «Майордың алса бұйрығын,
 Борбайға қысып құйрығын,
 Ел пысығы жортады.
 Өзі елді қорқытып,
 Онан өзі қорқады...»

(163).

Мұнда ақын өзінің жек көрген, шенейін деген нәрселерін ашықтан-ашық мысқылдайды. Қожа-молда, елдің сол кездегі атқа мінерлерінің іс-әрекет, мінез-құлықтарын ақын қандай жексұрын деп таныса, оны суреттеу үшін қолданатын сөз, сөйлемдері де соған лайықталынып құрылады.

Абай өлеңдеріндегі поэтик тілдерінің басқа түрімен салыстырғанда сарказмды ең көп кездесетін түрі деп атауға болады. Өз мағнасында қолданылатын, ауыстыру мағнасында қолданылатын, немесе, фигура — түрінде сарказм қамшының өзегі тәрізді өріліп отырады. Ол заңды. Өйткені, қандай ақынның болсын, жауларына қарсы күресте қолданған күшті құралының бәрі — сатира. Сатираның тілі негізінде ирония, сарказм, әсіресе, сарказм десек, Абай өлеңдерінде поэтик тілдің бұл түрі не үшін көп қолданылатынының сырын білу қиын емес.

Абайдың әр түрлі тақырыпқа жазған сатиралары көп. Олардың негізгі тілі — сарказм. Мысалы:

«Жылуы жоқ бойының,
Жылмиғаны неткені.
Құбылуы ойының —
Кетпей құйтың еткені.
Мұңды жылмаң киімін
Кезек киіп, ел жиып,
Болыс болса түсінің,
Түксігін салар тырсиып,
Бір көрмекке тәп-тәтті
Қазаны мен қалбаңы;
Дөң айналмай ант атты,
Бүксіп, бықып әр жағы.
Сенен аяр түгі жоқ,
Бүгін жақсы көрініп,
Бүгін жалын, ертең шоқ,
Сөзі мен өзі бөлініп...»

(Абай, I том, 214-бет).

«Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап,
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап...»

(Абай, I том, 87-бет).

«Мінер атын, киімін ып-ықшам қып,
Сымбаттанып, сымпиып, тамақ аңдып,
— Бұрандап жылы жүзін асқа сатқан,
Ант ұрғанға қосылма, кетсін қаңғып...»

(Абай, I том, 170-бет).

«Бойы былған,
Сөзі жылмаң,
Кімді көрсем, мен сонан
Бетті бастым,
Қатты састым,
Тұра қаштым жылма-жан...»

(Абай, I том, 43-бет).

Біз жоғарыда Абай сатирик ақын, сондықтан, оның өлеңдерінде сарказм жиі кездесуінің негізгі себебі сол методымен байланысты дедік. Бірақ, Абайдың осы әдісті мол қолданудың жанрға көшуінің өзінде үлкен мән бар. Абайдың алдындағы тарихи әдебиеттен азды-көпті өз кезін сынаған, жамандық жақтарын шенеген сатирик ақындар деп Дулат тәрізді бірін-саран ақындарды ғана,

сосын Шортанбайды айтуға болады. Ал, XIX ғасырдың екінші жарымында Абайдан басқа ешкімді де айта алмаймыз. Абай сатирик ретінде өз кезінде дара ақын болды. Ақансері тәрізді кейбір ақындарда кездесетін сатиралық өлеңдер адамдарға арналған, жалпы әлеуметтік мәні аз.

Қай кезде болсын сатира өмірді, не өмірдегі адамдарды келеке ету, мысқылдау, солардың әр түрлі жаман жақтарын жұрт алдына салып масқаралау, күлу.

Бұл ақынның өмір тану, көзқарастары өз кезіндегі үстем тап, билеуші таптың тілегіне қайшы келген кезде туады. Не көптің, не белгілі бір топ, немесе, тап атынан күрес майданынан шығып өз бойындағы бар күш, бар қайратын жаңағы үстемдік етушілерге қарсы жұмсайды. Қарсы жағының әр түрлі жаман жақтарын көреген келіп, олардың жанына салуға өз қолындағы құралдың ең өткірін жұмсайды. Абайдың сол өткір құралы шындық (реализм) және сатира болды десек, осыдан келіп сарказмның Абай өлеңдерінде поэтик тілдің негізгі бірі болып саналуының беті ашылатын сықылды.

«Улы сия, ащы тіл,
Не жазып кетсе, жайы сол» —

деп ақынның өзі айтқан, XIX ғасырдың екінші жарымында ескі феодалдық құрылыстың елді ел етпей, жер ететін әр түрлі талас, тартыс, бақ, күнdestік, жалқаулық, на-дандық, пәлеқорлық тәрізді іс-әрекеттерінен жерінген, халық қамын ойлап, жоғарғыларға сөзімен қатты күрес ашып, өз жұртын мәдениетке, адамгершілікке үндеген де Абай болды.

Абай өлеңдеріндегі сарказмдік ащы тілдің тууына негіз болған себеп те, оның үлкен мәні де ақынның өз кезіндегі, әлеумет өміріндегі шорласқан қайшылық, зор тартыстарға белсене қатысуы болды. Күрес сатираны керек етсе, сатира ирония, сарказмды керек етті. Бұл бір.

Екінші, Абай әлеумет өміріндегі әр алуан мәселелерге сын көзімен қарап, өзінше кемшіліктерін шенеудің көрнекті үлгісін Салтыков-Щедриннен алған деуге болады. «Ойында жоқ олардың Салтыков пен Толстой» деп Абай жай айтпаған, ақын оларды өзі ұстаз етіп, басқаларға да үлгі ретінде, ұсыну ретінде айтқан.

Салтыковтың сатирасы ескі Россияның көлеңкелік, кертартпалық жағын шенеуге жұмсалып, демократтық

идеяны қолдау, оған бөгет болушыларды өлтіре шаншу болса, екеуін бір сатыға қоймағанмен де, талай мәселелер жөнінен екеуінің арасында пікір жағында үндестігі көп. Олардың алыстан ұштасқан осы пікір үндестіктері бірі екіншісіне еліктеген стиль ұйқастығына негіз болды. Абай сатирасының, демек, сарказмнің бір тамыры орыс әдебиеті, турасын айтқанда, Салтыковтың творчествосында жатыр.

Міне, осы айтылған екі түрлі жағдайдың жиынтығы Абайды үлкен сатирик және сарказмдік тілдің ұстасы етті.

б) **Гипербола (Әсірелеу), Литота.** Әсірелеу — әр түрлі құбылысты өте асырып айту. Ондағы мақсат, — адамның ой-сезіміне тез әсер ету, суреттеген нәрсесін үлкейтіп, көзге елестету.

Әсірелеу өлеңде де, жай сөздерде де жиі кездеседі. «Көп түкірсе, көл болар», «Қара арғымақ арыса, қарға адым жер мұң болар» деген тәрізді мәтел, мақалдардың өзі әсірелеумен айтылған сөздер.

Қанша адам түкірсе де, көл болмайтынын, ат қанша арыса да бітпейтін іс жоқтығын аңғарту үшін, не арыған атқа жақын жердің өзі алыс көрінетіндігін айту үшін бір нәрсенің ең арғы шегін алады.

Бір нәрсені өте үлкейтіп айтуды әсірелеу десек, өте кішірейтіп айту литота делінеді.

«Ойпаң-ойпаң жерлердің
Ат шалар оты қалмады», —

деген екі жолдың соңғысы — литота.

Әсірелеу мен литота бір нәрсенің екі жағы тәрізді. Екеуі бөлек те, бірге де қолданыла береді. Әсірелеу де, литота да поэтик тілдің басқа түрлерімен, әсіресе, теңеу, метафорамен байланысты түрде өте жиі ұшырайды.

«Етектейін еріннен
Екі елісі қалыпты»

деген жолдың алдыңғысы әсірелей теңеу де, соңғысы — литота. «Айдын-айдын сулардың аяқтай суы қалмады» — литоталық теңеу.

Әсірелеу де, литота да жалпы ауыз әдебиеті, әсіресе, жырларда көп кездеседі. Бір сөзбен айтқанда, Абайға дейінгі әдебиетіміздің бәріне тән, түрлі өмір құбылысын

суреттеуде ең сүйіп қолданылатын тілдің бірі деп айтуға болады.

АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ:

«Бір мүйізін жер тіреп,
Бір мүйізін көк тіреп,
Айналайын, қара бұлт,
Келші бермен жақындап...» (164).

«Қызыл бас көрсе, жан тартқан,
Қырық құлаш қызыл дәу...»
«Жоғарғы еріні көк тіреп,
Тайбурыл сонда сөйлейді...»
«Төрт аяғы тиген жер
Тесіле жаздап солқ етті...» (165).

«Әр жарадан аққан қан
Су сықылды саулады..
Екі қойны толыпты,
Бозмұнайдың сол күнде
Көзінен аққан жасына...» (166).

«Белі нәзік талып тұр
Тартқан сымнан жіңішке,
Үзіліп кетпей не ғып тұр...» (167).

Етектейін еріннен
Екі елісі қалыпты.
Қиған қамыс құлақтан
Бір тұтамы қалыпты.
Жалбыраған жалынан,
Күлтеленген құйрықтан
Бір тұтамы қалыпты...» (168).

АБАЙҒА ШЕЙІНГІ ТАРИХИ ӘДЕБИЕТ:

«Аққан жасы сел болған,
Етегі толып көл болған...» (169).

«Алтыннан сарай салдырған,
Ол салдырған сарайдың
Айналасы айшылық,
Көлденеңі күншілік...» (170).

«Біздің анау Нарында
Бір төбелер бар еді,
Айналасы ат шаптырса жеткісіз.
Қиқулап ұшқан қырғауыл
Күнінде құлай да басып өткісіз». (171).

«Телегей теңіз шалқыған
Қоғалы көлдер суалып,
Тізеге жетер-жетпес күн болған» (172).

«Таулар күйіп, тас жанып,
Лебімен пісті қазаны». (173).
«Биттей нәрсе қалсайшы
Бұрынғы заңнан ырымға...» (174).

«Өнер-білім бар жұрттар
Тастан сарай салдырды,
Айшылық алыс жолдардан
Көзінді ашып, жұмғанша
Жылдам хабар алғызды...» (175).

Сонымен қатар, болмайтын бір нәрсені, немесе, әңгіме дәл санын білу емес, көптігін айыру болса да, пәлен деп бір санды кесіп айтуды әсірелеудің ерекше бір түрі деп білуіміз керек. Мысалы: «Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге жайылады» дейді. Шынында, бұл, отыз тістен шыққан сөздің қанша елге жайылатынын санап айтқан сөз емес, санауға болмайды да, мақсат ауыздан шыққан сөздің көп жерге жайылатындығын айту болғандықтан, кейде мазмұны, кейде дыбыс үндестігіне қарап бір санды кесіп айта салады. Пәлен деп үзілді-кесілді түрде айту — суреттеп өмір құбылысының шындығына оқушыларын шек келтірмейтін етіп сендіру.

«Үш мың атты бір жерге,
Төрт мың атты бір жерге
Қойып кетіп барады...»

«Аттың жолы қазылды,
Ұмтылғанда қысылып,
Бес жүз құлаш жазылды....» (176).

«Асқар-асқар тауы бар,
Қырық мың шеру жауы бар,
Онан қайтып өтесің...» (177).

«Ән салып тоқсан екі түрлендіріп,
Найманның бір жияйын тірі жанын...» (178).

Қысқасы, осы келтірген мысалдар тәрізді, санауға болмайтын, санауға болған күнде де айтайын дегені бір нәрсенің дәл саны емес, көптігі, не аздығы. Әйтсе де, соны санағандай, пәлен деп бір санды кесіп айту, ауыз әдебиеті болсын, Абайға дейінгі тарихи әдебиетте болсын, қазақ ақындарының сүйіп қолданатын әдісінің бірі.

Ауыз әдебиеті, Абай алдындағы тарихи әдебиетте кездесетін әсірелеу, литотаның негізгі түрлері осылар.

Біз бұған шейінгі тараулардың бәрінде де Абайдың қай түрі болсын ұлы ақынның өзіне тән ерекшелігіне айрықша тоқтап, қазақтың әдеби тіліне кіргізген әр түрлі жаңалықтарын айтып, оны мысалдар арқылы, өзімізше, дәлелдеп отырдық.

Ал, әсірелеу жөнінде оны айта алмаймыз. Өйткені, әсірелеудің жаңа түрін кіргізуі былай тұрсын, бұрынғы ауыз әдебиеті, не өзіне дейінгі тарихи әдебиеттегі әсірелеу, литоталардың түріндей әсірелеулер оның өлеңдерінде жоқ.

«Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанда...»
(Абай, I том, 51-бет).

«Арақ ішкен, мас болған жұрттың бәрі,
Не пайда, не зиянын біле алмай жүр...»
(Абай, I том, 52-бет).

Бәрінің көңілін, тындырып,
«Біреуін ала көрмепті...»
(Абай, I том, 175-бет).

«Мұқым қазақ баласы
Тегіс ақыл сұрапты...»
(Абай, I том, 240 бет).

Абай өлеңдерінде кездесетін әсірелеулердің негізгі түрі осылар тәрізді, жайшылықта да айтыла беретін, суреттеу құралы ретінде оқушыға ерекше әсер етпейтін дағдыға айналған сөздер. Поэтик тілдердің басқа түрлерімен салыстырғанда, оның өлеңінде кездесетін мұның өзі аз. Бұлар ауыз әдебиеті жырларда кездесетін:

«Жоғарғы ерні көк тіреп,
Төменгі ерні жер тіреп...»
«Қызыл бас көрсө жан тартқан
Қырық құлаш қызыл дәу...»

тәрізді әсірелеулердей емес, бір нәрсені үлкейтіп айтқымыз келгенде, қолданыла беретін жалпы тілімізге тән, дағдылы нәрсе.

Абайдың өлеңдерінде қолданылатын барлық литотаны, әсірелеуді алғанда, бұрынғы әдебиеттердегі әсірелеу, литотаның үлгісіне жақын келетін:

«Көз жұмғанша дүниеден,
Иманын айтып кеткені-ай...»

(Абай, I том, 235-бет).

«Берген бе тәңірім саған өзге туыс.
Қыласың жер жаһанды бір-ақ уыс...»

(Абай, I том, 173-бет).

деген тәрізді әсірелеу мен литота бірнеше жерде ғана кездеседі. Абай сықылды жиырма жыл жазған ақында ескі әдебиеттегі әсірелеудің түріне жақындайтын (онда да жақындайтын), өте аз кездесуі Абай өлеңдерінде поэтик тілдің бұл түрін жоқ десек те артық болмайтындығын көрсетеді.

Бұл жерде екі мәселенің бетін аша кетуге тура келеді. Бірінші: ауыз әдебиеті, тарихи әдебиетімізде әсірелеу неге көп қолданылады. Екінші: Абайда бұл неге аз.

Бізше, ауыз әдебиетінде әсірелеудің көп кездесуі, оның өмір құбылысын суреттеуде негізгі құралдың бірі болуы, ауыз әдебиетінің ескі өмірдің сәулесі, ой-сананың сәбилік дәрежесінде туғандығымен байланысты тәрізді.

Бақсы жырындағы:

«Бір мүйізі көк тіреп,
Бір мүйізі жер тіреп» —

деп келетін, әр түрлі жын, дыю перілерді, немесе, әсірелей суреттелетін әр түрлі жылан, айдаһар т. б. образдарды алсақ, бір кезде сондай нәрселердің болуына сенушілік — поэтик тілдің бұл түрлерінің түпкі тамыры, негізгі себебі болғандығын аңғартады. Сол хиял дүниесінен, өмірдегі әр түрлі құбылысты терең түсінбеуден туған әдіс кейінгілерге үлгі болды. Солай суреттеу дағдыға айналды. Жалпы искусство әдебиетте бола беретін кейбір шарттылық (условность) адам санасының өскен кезінде де, «жоғарғы ерні көк тіреп, төменгі ерні жер тіреп» тұратындарды да ерсі көрсетпеді.

Абай алдындағы қазақтың тарихи әдебиетінде де поэтик тілдің бұл түрі басым болды. Өмірдің әр түрлі жағын асырып, не кішірейтіп суреттеулердің әр түрлі үлгілеріне Абайға шейінгі тарихи әдебиеттен бірнеше мысалдар келтіріп өттік. Тарихи әдебиет әсірелеуді дәл ауыз әдебиетіндегі тәрізді қайталамаса да, анағұрлым жолын жіңішкертсе де, «Бір мүйізі көк тірейтіндер» ізін әлі жоғалтпағандығы анық байқалады.

Оның себебі түсінікті. Өйткені, Абай алдындағы тарихи әдебиетіміздің өкілдері Дулат, Махамбет тағы басқаларын алсақ, олардың ұшқан ұясы, алған үлгісі қазақтың сол ауыз әдебиеті болды. Олардың қайсысына болсын басқа елдің әдебиеті таныс емес болатын. Сондықтан, ауыз әдебиетінің әсерінен олардың мүлде арылып кетуі де мүмкін емес еді. Сондықтан да, оларда әсірелеу жиі кездесетін...

Абай ше? — Жалғыз ғана қазақ мәдениеті — әдебиетінің буынында піскен ақын емес, шығыс, батыс, орыс мәдениет-әдебиетімен толық қаруланған үлкен мәдениетті ақын. Оның үстіне ұлы талант. Өмірді кеңнен шолыған дана, үлкен реалист. Осылардың жиынтығында келіп Абай өзінің алдындағы ақындардан да, өз замандастарынан да анағұрлым жоғары болды. Сондықтан, өзіне шейінгі әдебиеттен де ол жоғары еді. Қай жағынан алсақта, Абай өзіне шейінгі халық мұрасын толық меңгеріп, оның керегін алып, жоғы болса өзі қосып, керексіз болса оны екшеп, шетке шығарып отырды. Мұны ол кейде үлкен сезім, кейде салқын ақыл, кейде бақылау, кейде мәдениеті арқылы жасады.

Абайдың ескі мұралардың үлгісінен алмай, қазіргі дәуірде ескірген әдіс деп қараған мәселесінің бірі өмірдегі әр түрлі болмысты шындықтың шегінен асыра көрсету болды. Ол үшін қолданылатын негізгі тіл құралының бірі әсірелеу, литота болса, олардың «Абай шығармаларында неге аз» кездесетіні анықталатын сықылды.

Н. Г. Чернышевский «Өмірді аудармай суреттеп, көзге елестету деген — искусствоның жалпы ерекше белгісінің бірі. Искусствоның мәні де осында. Кейде искусстволық шығармалардың басқаша да мәні бар. Ол өмірді жай ғана түсіндірушілік: көбінесе, олар өмір құбылыстары туралы үкім мағнасында болады»¹ дейді.

Абай — осы көзқарасты берік ұстаған адам. Өлең шығармаларының мақсаты өмір шындығын аудармай өз қалпында суреттеу, өмірді түсіндіру, өзінше кемшілік деп санаған жақтарына үкім шығару деп ұқты. Абайдың барлық шығармаларының идеялық мазмұны осыны дәлелдейді десек, бұл оның тіліне де байланысты. Демек, шындықты шегінен асыра суреттемей-ақ, оқушылардың

¹ Н. Г. Чернышевский «Эстетическое отношение искусства к действительности», Москва, 1945 г. стр. 117.

ой-санасына әсер етуге болатындығын дана ақын, бір жағынан, осыны сезсе, екіншіден, суреттеу әдісінің бұл түрі ескірген, халық санасының сәбилік сезіміне өрістес екенін аңғарады.

Сөйтіп, өмірдегі әр түрлі құбылыстардың шын сырын терең ғылыми түрде түсінген, өмір шындығын аудармай өз қалпында беремін деген реалист ұлы ақынның өлеңдерінде әсірелеу, литота — жалпы әсірелей суреттеулердің аз кездесуі, шын мәнінде кездеспеуі заңды, оның өмірге реалистік көзқарасы, реалистік стильмен байланысты екендігін көрсетеді.

Жоғарғы, Абайдан келтірілген, әр түрлі әсірелеулердің бұрынғы әдебиеттерде кездесетін әсірелеулерден өзгеше, жайшылықта да тілде ұшырай беретін сөздер болуының негізгі себебі де осында жатыр.

Абай — тіл мәселесіне қатты көңіл бөлген ақын. Бұған айрықша тоқталамыз. Әйтсе де, образдағы реалистік әсірелеумен байланысты айта кетуді керек ететін бір мәселе — поэтик тілдің бұл түрін қолданбағанда біле қолданбағаны. Және ақынның өзі оны жақсы түсінетіндігі.

Абай өзінің замандас ақындарына арнаған бір өлеңінде:

«Сөз айттым Әзірет Әлі айдаһарсыз
Мұнда жоқ алтын иек сары ала қыз»,—
(Абай, I том, 101-бет).

дейді.

Бұл өлеңінен бұрынғы әдебиетте көп кездесетін түрлі кереметтермен байланысты сөз қолдануды да, шығыс әдебиетіне еліктеп, әсірелеулердің не шектен асқан сорақы түрлерін қолданып, қыссалар жазған Жүсіппек Қожаларды да сөздің өмір шындығына дәл келу жағын ойламай «сұлу сөзді» орынсыз қолданған Әріпті де өлтіре сынау еді.

Ол кездегі шығыстан аударған, не соған еліктеп өздері шығарған жырлардың тіліне тән нәрсе әсірелеу болатын.

«Мәһабіл келді бұған жаудай болып,
Тігілген қара суға аудай болып,
Үстіне жеті мың батпан сауыт киіп,
Келді бір кішігірім таудай болып...»

деп келетін «Сал-сал», «Зарқұм» қыссаларындағы әсірелеулерді Абай сорақылық деп білді. Сондықтан да ол:

«Өлеңі бар. өнерлі, інім, сізге
Жалынамын, мұндай сөз айтпа бізге.
Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ,
Есіл өнер қор болып кетер түзге», —

(Абай, I том, 101-бет).

дейді.

Біз әсірелеудің Абай өлеңдерінде аз кездесуінің түпкі қазығы — ақынның реализмінде жатыр дедік. Әңгіме реализм туралы және образ туралы болғандықтан, әсірелеумен тікелей байланысты болмаса да, (өйткені, бұл мәселе барлық образға бірдей) жалпы реализммен байланысты болғандықтан, Абайдың әр түрлі образдарының өмір шындығымен қабысып жататындығына да аз-маз тоқталып өтуге тура келеді.

Абай қандай ақынды болсын мейлі бір нәрсені суреттегенде қолданған образдары өмір шындығына дәл келіп, шындықпен қабысып жатпаса, сөзінің сырты қанша сұлу болғанымен, оны ақындық деп танымады. Ондайларды қатты шенеді. Жоғарғы келтірген үзіндідегі «Мұнда жоқ алтын иек сары ала қыз» дегені Әріп ақынды сынаған сөзі болатын.

Әріп ақын қызды суреттей келіп бір жерінде «алтын иек» деген сөз қолданады. Оның суреттеуінше «Қыздың жүзі ақ, иегі алтын». Демек, Абайша айтсақ «сары ала» қыз болып шығады. Ондай адам өмір шындығында кездеспейді. Сондықтан, ол образдың өмір шындығында тірек — негізі жоқ. Бұл тәрізді сөз қолданыстар Абай өлеңдеріне жат. Абайдың әр сөзі, әр образы өмір шындығының бір бөлшегі, ол өмірдің қандай құбылысын суреттесін әр сөз, әр образының негізінде — шындық жатады. Бұл — Абай өлеңдерінің бәріне тән жағдай. Әйтсе де, мысал үшін Абайдың «Қан сонарда бүркітші шығады аңға» деген өлеңі мен «Қанжардан» бір үзінді алып талдап көрелік.

«Қан сонарда» өлеңін түгелдей алғанда қазақ даласындағы аңшылық өмірдің жалпы суретін аудармай, сол өзінің шындық қалпында береді. Өз алдына, жеке образдарын алсақ та, жоғарғы айтылған, Абайдың әр образы шындық өмірдің бір бөлшегі деген пікірдің дұрыстығын айқындайды.

«Томағасын тартқанда бір қырымнан,
 Қыран құс көзі көріп самғағанда,
 «Төмен ұшсам, түлкі өрлеп құтылар» деп,
 Қанды көз қайқаң қағып шықса аспанға.
 Көре тұра қалады қашқан түлкі,
 Құтылмасын білген соң құр қашқанға.
 Ауызын ашып, қоқақтап, тісін қайрап,
 О да талас қылады шыбын жанға.
 Қырық пышақпен қырындап тұрған түлкі,
 О-дағы осал жау емес қыран паңға.
 Сегіз найза қолында көз аудармай.
 Батыр да аял қылмайды ертең таңға.
 Қанат, құйрық суылдап ысқырады,
 Көктен қыран сорғалап құйылғанда...»

(Абай, I том, 39 бет).

Келтірген үзіндідегі түлкі көрген қыранның, қыран көрген түлкінің көріністерін суреттеген: «Қанды көз қайқаң қағып шықса аспанға», «Қырық пышақпен қырындап тұрған түлкі», «Сегіз найза қолында көз аудармай» деген тәрізді образдарды, қыранмен түлкі алған, аңшылық өмірдің шындығына салыстырсақ, дәл емес, осындағы образдардың тууына негіз болған сол өмір құбылысымен қабыспайды деп кім айта алады.

«Қара көз қарап маған көп қадалған,
 Күпия қайғы өртеніп бойын алған.
 Болатша дірілдеген жалын көрген,
 Бір күңгірт тартып және оттай жанған» —

(Абай, II том, 103 бет).

деген жолдағы теңеу, эпитетті алып, теңеп отырған нәрсесі болат болса, от көргенде, болаттың қандай өзгерістерде болатынын еске алсақ, жоғарғы образдардың негізі өмірде дәл солай болатын шындық болмыста жатқандығына тағы шек келтіре алмаймыз.

Қорыта келгенде, шын мәніндегі әсірелеу, әсірелеп суреттеу әдісін Абай өз өлеңдерінде қолданбады. Оны ескірген әдіс деп ұқты. Оның орнына негізі өмір шындығына тірелетін образдарды қолдануды дамытты, ілгерілетті. Сөздің түрін қуалап шындықтың мазмұнына көңіл бөлмеушілікке қарсы күрес ашып, сөздің дәлдік, шындығын, өзі берік ұстап, басқалардан да осыны талап етті.

Абай, поэтик тілдердің кейбіреуін, жаңадан ендірген сөз, сөйлем, жаңаша жасалған образдар арқылы дамытса, бұрынғы ауыз әдебиетіндегі қолданылып, өзіне дейін-

гі тарихи әдебиетте қолданылмай, не мүлде аз қолданылып жүрген кейбір поэтик тілді қайта тірілтіп, жалпы әдебиет тілінен өзінің заңды орнын әперіп т. б. осылар сықылды игілі еңбектер жасаса, әсірелеу туралы да Абайдың орны ерекше. Өйткені, көбінесе ескі наным, хиял дүниесімен байланысты болып келетін суреттеу әдісін шын мәніндегі реализм жолына салу — ол да аз еңбек емес.

Абайдың ауыз әдебиеті, өзіне дейінгі тарихи әдебиеттен айырмасының бетін ашуда бұл образ қолданыстарындағы реалистік мәселесінің мәні зор. Бұл — Абай шығармалары мен оған шейінгі әдебиеттің жігін айыруда ең күрделі мәселенің бірі.

Х тарау

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ФИГУРА ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ. АБАЙҒА ТӘН КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Біз өткен тарауларда Абайдың поэтик тілдерінің өз мағнасында, ауыстыру мағнасында қолданатын жеке образдарын талдадық.

Енді образ жасауда, адамның ой-сезіміне әсер етуде, сөйлемдегі сөз байланыстарының мәні қандай, соған тоқталамыз.

Жазушы ақындар шығармаларын жай қара сөз, не ғылыми еңбектердегі сөз, сөйлем құрылыстарының түрлерінен басқаша құрады. Жазушы ақындар қандай өмір құбылысын суреттесе де, ең алдымен сезім дүниесіне әсер ету тілегін алға қояды. Өмірді оқушыларына білдіру ғана емес, сездіру, сезім дүниесі арқылы өмірді тану — ақындардың, жазушылардың алдында тұратын ең бірінші міндет. Ол үшін ақын, жазушылар тек жеке сөздерді ғана талғап алмайды, олардың сөйлемдегі алатын орындарын да талғайды. Бұл негізінде ақынның сезім толқынына байланысты.

Ақынның творчествосы жалаң ғана ойдың жемісі емес, және сезімнің жемісі. Терең ой, үлкен пікір, ыстық сезімді жарып өтіп, сонан шықса ғана, ол поэзия, сонда ғана ол поэтикалық творчество. Жай қара сөз, ғылымдық еңбектерден поэзияның негізгі ерекшелігі де осында тәрізді. Ақын, жазушылар сөйлемдерді өзінше құрып,

сөзді өзінше талдауларының да негізгі себебі осы сезімді беру тілегімен байланысты.

Кейде дағдыдағы қолданылатын сөздердің орнын ауыстырады. Кейде айтылуға тиісті ойдың ұшығын көрсетеді де, соны дәл беретін сөзді әдейі тастап кетеді. Кейде бір сөзді әдейі бірнеше рет қайталайды. Кейде дауыс толқынын өзгертіп, сонымен байланысты, тыныс белгілеріне де өзгеріс туғызды, міне, осылардың бәрін бір сөзбен атағанда — **ф и г у р а** дейді.

Қазақ әдебиетіндегі фигуралардың да негізгі түрлері: арнау (обращение), қайталау (повторение), шендестіру (атитеза), дамыту (градация), инверсия, эллипсис.

а) Арнау. Арнау не біреуге, не көпшілікке, не табиғаттың бір құбылысына қайрыла сөйлеу. Кейде лепті сөйлем, кейде сұраулы сөйлем, кейде риторикалық сұраулар арқылы құрылады. Сөйлем құрылысы, ішкі мазмұнына қарай арнау өзара үшке бөлінеді: 1) жарлай арнау, 2) зарлай арнау, 3) сұрай арнау, 4) риторикалық сұрақ.

1

«Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық» (180).

2

«Мұнша қысым қылдың ғой, қатты құдай.
Қабырғама кара жер батты, құдай.
Жаяу жүрсем, табаным ауырады,
Тым болмаса, бермедің атты, құдай. (181).

«Қара бір шашым жаяйын,
Жаяйын да, жыяйын,
Қыналы бармақ, жез тырнақ
Күнінде қанға бояйын.
Албыраған акша бет
Сүйегіне таяйын.
Мөлдіреген қара көз
Жаспен оны ояйын.
Алшандап жүрген жалғызым,
Орнына кімді қояйын...» (182)

3

«Жаудан жылқы айырып,
Жігіт қалпақ киісіп,
Ақырып жауға тиісіп,

Батыр болар ма екенсің.
Сөйлегенде, сөз бермей,
Шешен болар ма екенсің...» (183).
«О, Ақтан жас, Ақтан жас,
Сен де жетер ме екенсің.
Жетімдіктің белінен
Асып кетер ме екенсің» (184).

4

«Қарадан боз да өтер ме.
Қайырылмай дәурен кетер ме...» (185).
«Борай да борай қар жауса,
Қалыңға боран барар ма?
Қаптай соққан боранда
Қаптама киген тоңар ма?
Туырлығы жоқ тұл үйге
Ту байласаң тұрар ма?
Ту түбіне тұлпар жығылса,
Шаппаған нәмәрт оңар ма?» (186).

Риторикалық сұраудың, алдыңғы зарлай арнаудан ерекшелігі жауапты керек етпейді.

«Ту түбіне тұлпар жығылса,
Шаппаған нәмәрт оңар ма...»

дегенде «оңбас» деген жауабы әрдайым оқушының көңілінде тұрады.

Риторикалық сұрақтардың жауабы өзінің ішінде оқушылар, сөйлемдегі ой толқынына қарап, жауабын өздері бере алады. Сөйлем әдейі солай құрылады.

Арнаулардың бұл түрлері Абайдың алдындағы, не өз кезіндегі тарихи әдебиеттерден де, Абайдың өз өлеңдерінен де түгел табылады. Сондықтан, олардың әрқайсысынан мысалдар келтіріп, қайталап жатудың қажеті аз. Өйткені пәлендей жаңалық бар деп айта алмаймыз. Сондықтан, арнауды осымен қысқартып, Абай өлеңдеріндегі фигураның екінші түрі — қайталауға тоқталық.

Қазақтың өлеңдерінде болсын, көркем қара сөздерінде болсын үлкен орын алатын фигураның күрделі бір түрі — қайталау.

Белгілі бір өмір құбылысына, не бір нәрсеге оқушыларының назарын аудару үшін ақын-жазушылар бір сөзді, не сөйлемді әдейі қайталап сөзге, не сөйлемге ерекше түс береді.

б) Қайталаулар: 1) жай қайталау, 2) еспе қайталау,

3) синтаксический параллелизм, 4) анафора, 5) эпифора.

1

«Жөнелді қалмақ, жөнелді,
Шеңбер тартып келеді...» (187).
«Аулақ жағын тебініп,
Ауыл жағын шіреніп...» (188).

2

«Ойнама, батыр, ойнама,
Ойнаймын деп ойлама... (189).
«Әдеп, ақыл — сары алтын,
Алтынды таза сақтамай,
Қалай етіп шіріткен...» (190).

3

«Қас жақсыда кек болмас,
Қас жаманда тек болмас...» (191).
«Панасыз болса, сайдан без,
Пайдасыз болса, — байдан без» (192).
«Кереуенім кетті мәріне,
Мәріден кетті әріге...» (193).

4

«Атадан ұл туса игі,
Ата жолын қуса игі,
Атадан ұл тумаса,
Ата жолын қумаса,
Туғаннан тумағаны сол игі...» (194).

5

«Біз Еділ үшін егестік,
Біз Жайық үшін жандастық,
Біз Қиғаш үшін қырылдық,
Біз Тептер үшін тебістік,
Біз Таразы сайлап, оқ аттық» (195).
«Әлелей болмаса ән болмас,
Бәлелей болмаса бел болмас,
Шағала келмей, жаз болмас,
Шаңқан келмей, боз болмас...» (196).
«Сексен беске келгенде,
Екі қара көзді алар.
Бойындағы безді алар.
Бетіндегі нұрды алар,
Аузындағы тісті алар...» (197).

Абайға дейінгі қайталаудың негізгі түрлері осылар. Кейде анафора мен эпифораның қабат келетін түрі (симплока, сплетение) де кездеседі. Мысалы.

«Ойнама, батыр, ойнама,
Ойнар кісің мен емес,
Ойнағаның жөн емес...» (198).

Абай өлеңдерінен қайталаудың бұл түрлерінің қайсысын болсын табуға болады. Бұлардың әрқайсысына ақынның өз өлеңдерінен бір-бір мысал келтіріп өтелік.

1

«Сап-сап көңлім, сап көңлім,
Саяламай, сай таппай...»

(Абай, I том, 231-бет).

2

«Адам ғапыл дүниені дер менікі,
Менікі деп жүргеннің бәрі оныкі...»

(Абай, I том, 193-бет).

3

«Толайын десен, шара жоқ,
Толықсып жүрер шама жоқ...».

(Абай, I том, 182-бет).

4

«Ел жамаған билер жоқ,
Ел қыдырып сандалды...»
«Адам деген даңқым бар,
Адам қылмас халқым бар...»

(Абай, I том, 120-бет).

5

«Есерлер жас қатынды тұтады екен,
Жас қайғысын білдірмей жұтады екен...»

(Абай, I том, 184-бет).

«Сұм дүние тонап ажтыр ісің бар ма.
Баяғы күш, баяғы түсің бар ма».

(Абай, I том, 205-бет).

Қайталаулардың Абайға дейінгі әдебиеттерден және Абайдың өзіне мысалдар келтіргендегі айтпағымыз — қайталаудың барлық түрі Абай өлеңдерінде түгел барлығын көрсету ғана емес, қайталауменен байланысты, қазақ әдебиет тілін дамытуда Абайдың жасаған еңбегі, үлгілі өнегесі қайсы, осының бетін ашу.

Біз Абайдың өлеңдерінде көп қайталанатын кейбір сөздеріне айрықша картотека жасадық. Ондағы мақсат — бұрынғы қайталаулардан айырмасын ашу. Абайдың өзіне тән ерекшелігін айқындау. Біздің алғанымыз «жүрек», «көңіл» деген сөз. Абайдың барлық өлеңдерінде «жүрек» 80 рет, «көңіл» 113 рет қайталанатын екен.

Біз сөзді қайталап айту ауыз әдебиетінде де, Абайға шейінгі тарихи әдебиетте де поэтик тілдің жалпы заңы бойынша жиі кездеседі және ол орынды да деп жоғарыда оған мысалдар келтірдік. Бірақ ауыз әдебиетіне ерекше тән және бір нәрсе сөйлемдегі айтылмақ ойға байланысы жоқ сөздердің көп қайталануы болатын.

«Сарманымды ендеше, сарманымды,
Сасық көлге қамаймын бар малымды...»
Тесіп алып, ендеше тесіп алып,
Жыңғылдан жылқы айдаймын кесіп алып...»

тағы басқа да осылар тәрізді.

Мұндағы: «Сарманымды», «тесіп алып» деген сөздер бір нәрсеге көңіл аудару үшін, не сөз, сөйлемдердің әсерін күшейту үшін қолданылып отырған жоқ. Жолдың санын толтыру үшін, кейінгі жолдарға ұйқас ізделу үшін қолданылып отыр. Сондықтан, ол өлеңнің әлі өлеңдік дәрежеге жетпеген баландығын көрсететін ауыз әдебиетінің, әсіресе, айтыстардың бойына сіңген зор кемшіліктің бірі болатын. Бұл кемшіліктен Абайға дейінгі тарихи әдебиет те арылып кете алған жоқ еді деп өткен тарауда айтқан болатынбыз.

Абай өлеңдеріндегі қайталанған сөздер бұлар сықылды қайталанбайды. Әрбір қайталанған сөзге, сөйлем құрылысында, басқа сөздермен байланысқанда жаңаша мән, жаңаша мағына береді.

Адам баласы бір кездегі толып жатқан нәрселерді бір сөзбен атап, бір ұғымның айналасында ұғатын сананың сәбилік дәрежесінен арыла келе, әр нәрсенің өзіне жеке-ше ат қойып, бірінен екіншісін айыра ұғыну дәрежесіне ерте жетсе, мәдениет өсіп, ой-сананың әбден толысқан кезінде бір нәрсенің толып жатқан сан алуан сыры мен қырының барлығын танып білді. Осындай бір заттың сан алуан қыры мен сырын ашып, бір сөздің әр алуан мәні барлығын танып, әдебиет тілін солар арқылы байытып, дамытушылар — классик ақын, жазушылардың ұлы ең-

бектерінің бірінен саналады. Бұл — әр елдің әдебиетіне де тән нәрсе.

Қазақтың ұлы ақыны Абай да осы ауыр жүкті арқа-лап, қазақ жағдайында өзінің тарих алдындағы зор міндетін толық атқара алған ақынның бірі.

Біз жоғарыда, Абайдың өлеңдерінде көп қайталанатын кейбір сөздердің жалпы санын айттық. Көзге көрсетіп, көңілге қондырарлық дәлелі болмаса, жалаң санның әрине, құны аз. Сондықтан, сол көп қайталанатын сөздерден бірнеше мысалдар келтірелік.

Ж ү р е к:

«Сөз айталмай бөгеліп,
Дүрсіл қағып жүрегі...»

(Абай, I том, 202-бет).

«Ет жүрексіз ерініңнің айтпа сөзін,
Тіл үйренген нәпсінің қу мінезін...»

(Абай, I том, 205-бет).

«Асау жүрек аяғын шалыс басқан,
Жерін тауып артқыға сөз болмай ма...»

(Абай, I том, 206-бет).

«Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сия, ащы тіл...»

(Абай, I том, 183-бет).

«Қан жүрек те қайғылы-ау,
Қайрыла кет сен маған...»

(Абай, I том, 211-бет).

«Толқынын жүрегіңнің хаттай таныр,
Бүлк еткізбес, қалайша соқса тамыр»

(Абай, I том, 57-бет).

«Жүрегі айна, көңілі ояу...»
Сөз тыңдамас сол баяу...»

(Абай, I том, 94-бет).

«Жүрегіңмен тыңдамай,
Құлағыңмен қармарсың...»

(Абай, I том, 121-бет).

«Өртенген жүрекке
Бір көрген болар сеп...»

(Абай, I том, 136-бет).

«Сенісерге жан таба алмай,
Сенделеді ит жүрек...»

(Абай, I том, 146-бет).

«Өрбіген жүрек басылмай,
Талапты көңіл елермес...»

(Абай, I том, 151-бет).

«Жүректің сөзін сөйле, тіл,
Жалғаны жоқ бояма...»

(Абай, I том, 164-бет).

«Жүрек —теңіз, қызықтың бәрі асыл тас,
Сол қызықсыз өмірде жүрек қалмас..»

(Абай, I том, 228-бет).

«Мал ішінен айналып,
Көңілі жақсы, жайланып...»

(Абай, I том, 64-бет).

«Көңлімнің күні өшкен соң,
Қайғылы, қара болар күн...»

(Абай, I том, 244-бет).

«Ақ көңілім анық қарайды,
Қызыл гүлім суалып...»

(Абай, I том, 241-бет).

«Жарқ етпес қара көңілім не қылса да,
Аспанда ай менен күн шағылса да...»

(Абай, I том, 237-бет).

«Арттағы майда көңіл жүр,
Жалынсаң қайтып келер ме».

(Абай, I том, 155-бет).

«Кейде есер көңіл құрғырын
Махаббат іздеп талпынар...»

(Абай, I том, 122-бет).

«Екі көңіл арасы жылшылық жер,
Оны қайтып қосады ол ант атқан...»

(Абай, I том, 185-бет).

«Күңгірт көңлім сырласар
Сұрғылт тарқан бейуаққа..»

(Абай, I том, 172-бет).

«Жаралы көңіл жазылар
Дүниеде рахат бар шығар...»

(Абай, I том, 150-бет).

«Көрмеген көп дүние көл көрінді,
Кірлемеген көңілдің ашығында...»

(Абай, I том, 70-бет).

Көп қайталанатын «жүрек» пен «көңіл» деген сөздер кездесетін өлеңдерден келтірілген осы мысалдардың өзінен де әр сөзге әр түрлі мән беріп, әр түрлі мағынада қолданылатыны айқын көрінеді. «Дүрсіл қағып жүрегі» дегенде, «жүрек» өз мағынасында қолданылып отырса, «ет жүрексіз ерініңнің айтпа сөзін», «жүрегі — айна», «жүрегіменен тыңдамай» «жүрек — теңіз» дегенде «жүрек» өз мағынасында емес, ауыстыру мағынасында қолданылып отыр.

Кейде «жаңа эпитеттер» арқылы «жүректің» әртүрлі сырын, қасиеттерін жекелеп көрсетеді. «Мұздаған жүрек», «жылы жүрек», «қан жүрек» деген сөйлемдерде «жүрек» деген сөз өз қалпында қайталанса да, әр түрлі эпитеттер арқылы өзінше өзгешелігін сездіреді. Сол тәрізді «көңілі жақсы жайланып» пен «арттағы майда көңіл тұр» түрі жағынан бір болса да, көркемдік, сезімге әсер етуі жағынан екі басқа. Алдыңғы жолда «көңіл» өзінің жай мағынасында қолданылса, соңғы жолда ауыстыру мағынасында қолданылып отыр. «Арттағы майда көңіл тұр» — кейіптеу (олицетворение).

Демек, мұндағы алынып отырған «жүрек, көңіл» деген сөздер тілшілердің көзімен қарағанда қайталанып отырған сөздердің кейбіреулері «түбір», кейбіреулері «туынды» сөз болып көрінсе, әдебиетшілдерге олай емес. Жай ғана айтылатын «жүрек», «көңіл» деген сөздермен «аяғын шалыс басқан асау жүрек», «махаббат іздеп талпынған есер көңіл» бір емес. Алдыңғы нәрсенің жай ғана аты болса, соңғылар — сол нәрсені жандандырып айтқан образ. Поэтик тіл. Бірде ол кейіптеу, бірде метафора, бірде метонимия, бірде синекдоха, бірде эпитетпен байланысты образды сөзге айналып, қайталап айтатын сөздің түбірі бір болса да, контексте айналасындағы сөздердің қарым-қатынасына қарай әр жерде әртүрлі жаңаша мәні бар.

Біздің байқауымызша, «жүрек» те, «көңіл» де көбіне

эпитет пен кейіптеуге байланысты қайталанып, сол арқылы жаңаша көркемдік мән беретінге ұқсайды.¹

Сонымен Абайдың өлеңдеріндегі бір сөзді қайталау аз кездеспейді. Абайдың сөз қайталауы — өзінен бұрынғы әдебиеттің дағдыға айналған, немесе сөз таба алмағандықтан, не сөздің ұйқасы үшін ғана қайталау емес, әрбір сөздің толып жатқан ерекше мәні барлығын аңғартатын, олардың ерекшелік мәні басқа сөздермен байланысты түрде айқындалатындығын көрсетіп, оның тамаша-тамаша үлгілерін берген қайталау. Абайдың сөз қайталау жөніндегі басқалардан өзгешелігі де, қазақтың әдебиет тілін дамытудағы зор еңбегінің мәні де — бір сөздің әр алуан сыры мен қыры барлығын ашуында.

в) **Шендестіру.** Фигураның және бір түрі — шендестіру. Бұл арасы алшақ екі нәрсені бір-біріне қарсыма-қарсы қою. Сол арқылы үшінші бір нәрсені көзге елестету. Қарсыма-қарсы қою кейде мінез жағынан, кейде тереңдік, тайыздық жағынан қойылуы мүмкін.

«Қатыны семіз, ері арық
Үй жұтынан сақтасын.
Иесі семіз, аты арық
Түз жұтынан сақтасын... (199).

«Қара жерге қар жауар,
Қарды көр де, етім көр.
Қар үстіне қан тамар,
Қанды көр де, бетім көр...» (200).

«Алдым биік, артым жар,
Айналуда жерім тар...»
«Қарға, құзғын қаһар қылмас
Көп болғаннан сұңқарға...» (201).

Абайға шейінгі әдебиет нұсқаларының негізгі түрлері, осы келтірілген үзінділер тәрізді, арасы алшақ жатқан екі нәрсені бір-біріне баламай да, теңемей де бірін екіншісіне тек қарсыма-қарсы қойып, үшінші бір құбылысты білдіру.

«Қар» мен «қара жер» — түс жағынан арасы алшақ жатқан нәрселер. Ақты қараға қарсы қою арқылы еттің

¹ Ескерту: Абай өлеңдеріндегі эпитеттер және оның түрлері деген бөлімде Абайдың жаңа эпитеттерімен байланысты «Қан жүрек», Асау жүрек» деген сөздер алынған. Ол бөлімдерде әңгіме эпитет туралы болса, мұнда бір сөздің қайталануы туралы. Сондықтан әрқайсысының жөні өзіне басқа.

ақтығын айрықша көзге түсіреді. «Қар» I—, «Қара жер» 2-нәрсе болса, айтайын деген «еті» (етінің ақтығы) 3-нәрсе.

Абайға дейінгі әдебиетте, біздің байқауымызша, көбіне екі нәрсені қатар қойып, үшінші нәрсені елестету және екі нәрсені қарама-қарсы қою, көбіне, сыртқы белгілері жағынан тәрізді. Жоғарғы келтірілген мысалдар да, Абайға дейінгі барлық әдебиет нұсқаларынан терілген қолымыздағы басқа мәліметтер де осыны дәлелдейді.

Абай өлеңдерінде кездесетін шендестірулердің түрлерін негізінде үшке бөлуге болады.

1

«Қырда торғай сайраса, сайда бұлбұл,
Таудағы әнін қосар байғыз, көкек»

(Абай, I том, 123-бет).

«Біреуі көк балдырған, бірі құрай,
Бір жерге қосыла ма қыс пенен жаз...»

(Абай, I том, 185-бет).

«Болмаған соң бір есеп,
Мейлі қамқа, мейлі бөз...»

(Абай, I том, 94-бет).

2

«Қар — аппақ, бүркіт — қара, түлкі — қызыл,
Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға.
Қара шашын көтеріп екі шынтақ,
О да бүлк-бүлк етпей ме сипағанда.
Аппақ ет, қып-қызыл бет, жап-жалаңаш,
Қара шаш қызыл жүзді жасырғанда.
Күйеуі ер, қалыңдығы сұлу болып,
Және ұқсар тар төсекте жолығысқанға...»

(Абай, I том, 39-бет).

3

«Бір суып, бір ысып,
Барады іш пысып...»

(Абай, I том, 160-бет).

«Бір үміт, бір қауып,
Көңілге жол тауып...»

(Абай, I том, 160-бет).

«Таймандамай тамылжып,
Бір суынып, бір ысып...»

(Абай, I том, 200-бет).

«Ішім өлген, сыртым сау,
Көрінгенге деймін-ау...»

(Абай, I том, 86-бет).

Бұл үш түрінің негізінде өзгешелік жоқ. Бәріне де негіз — арасы алшақ жатқан екі нәрсені бір-біріне қарсы-ма-қарсы қою. Бірақ, сол қарсыма-қарсы қоюдың өзі әртүрлі. Кейде, бір нәрсені екінші нәрсеге сыртқы түс жағынан қарсыма-қарсы қояды.

«Қара жерге қар жауар,
Қарды көр де, етім көр...»

Кейде ішкі сезім дүниесінде болатын арасы алшақ екі түрлі сезім түйсіктерін бір-біріне қарсыма-қарсы қою. «Бір суынып, бір ысып, барады іш пысып».

Абайдан келтірілген үзінділердің бірінші түрі — бұрынғы әдебиеттердегі бар үлгілер. Екі нәрсені сыртқы белгілер арқылы қарсыма-қарсы қою. Бұлардың ауыз әдебиеті, Абайға дейінгі тарихи әдебиеттерде кездесетін шендестірулерден айырмасы жоқ.

Бірақ, Абай өлеңдерінде кездесетін шендестірудің екінші түрі мен үшінші түрінде бұрынғы әдебиеттегі бар үлгілерден құрылысында Абайдың өз қаламына тән алғанда, Абайға дейінгі әдебиеттерде екі нәрсені бір-біріне қарсы қойып, үшінші нәрсені білдірсе, не үшінші бір өмір құбылысын көзге елестетсе, Абай үш нәрсені, не үш түрлі өмір құбылысын бір-біріне қарсы қойып, солар арқылы төртінші бір нәрсені, не төртінші бір өмір құбылысын көзге елестетеді.

«Қар — аппак, бүркіт — қара, түлкі — қызыл,
Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға...»

«Аппак ет, қып-қызыл бет, жап-жалаңаш,
Қара шаш қызыл жүзді жасырғанда...» —

(Абай, I том, 39-бет).

деген үзінділерді алсақ, түсі жағынан арасы алшақ үш нәрсені алып, солар арқылы төртінші нәрсені көзге елестететіндігін көреміз. Бұл Абайға дейінгі әдебиеттерімізде кездеспейді. Сонымен қатар, осы Абайдағы шендестірудің екінші түрі мысал ретінде келтірген жоғарғы сегіз

жол өлең, шендестірудің өте бір қиыннан қиыстырылған түрі тәрізді. Біріншіден, бұл шендестіру поэтик тілдің басқа түрлерімен (эпитет, инверсия) байланысып келеді, екіншіден, бұл тек шендестірудің жай түрі ғана емес, күрделі түрі деуге болады. Бірақ, айтайын деген ойын шендестірумен айтпақ. Сондықтан, поэтик тілдердің басқаларының бұл жерде тек жәрдемшілік қана мәні бар.

Әйтседе, Абайдың өзіне тән ерекшелігі де, өзінше әдебиет тілінің жалпы қорына қосқан бұл жөнінен жаңалығы да шендестірудің Абай өлеңдерінде кездесетін үшінші түрі деуге болады.

Абайға дейінгі әдебиетте екі нәрсені қарама-қарсы қою тек сыртқы белгілері жағынан десек, Абайдағы шендестірудің үшінші түрі ішкі сезім дүниесіндегі арасы алшақ екі нәрсені қарама-қарсы қоюға негізделінеді.

«Бір суып, бір ысып,
Бір үміт, бір қауіп...
Бір суынып, бір ысып» —

деген түрлі ішкі өзгерістерге байланысты шендестірулер. Абайға дейінгі әдебиетімізде бұл тәрізді ішкі сезімдегі құбылыстардан құралған шендестіруді кездестіре алмаймыз. Сондықтан, мұны Абайға ғана тән, Абайдың енгізген жаңалығы деп айта аламыз. Бұлай болуы заңды да. Өйткені, Абайға дейінгі тарихи әдебиеттің болсын, ауыз әдебиетінің болсын тіл байлығын мақтасақ та (мұны Абайдың тілдеріне салыстыру үшін поэтик тілдің әр түрінен келтірген мысалдардың өзі-ақ көрсетеді), біздің мақтай алмайтын, жалпы кемшілік деп санайтын бір мәселеміз — сезім дүниесін суреттеу, сезімдегі болатын әртүрлі жан жүйесінің құбылыстарын суреттеудің аздығы.

Бұл — тілде де солай еді. Абай, өз өлеңдерінде, өзінен бұрынғы әдебиеттің кетігін бітеп, кемтігін толтырған қазақтың бірінші — психолог ақыны десек, оның шендестірулері де сезімдегі әртүрлі түйсіктерге негізделеді. Бұған біз кейінгі бір тарауда айрықша тоқталамыз.

г) Дамыту. Өлеңде, не қара сөзде алдыңғы ойдан соңғы ойды, алдыңғы оқиғадан соңғы оқиғаны күшейтіп айтуды да м ы т у (градация) дейді. Дамыту жай сөздерде де кездеседі. «Бар. Жүгір. Ұш.» дегенде «бардан» «жүгір», «жүгірден» «ұш» деген күштірек.

Дамыту ауыз әдебиеті. Абайға дейінгі тарихи әде-

биетте өмір құбылысын суреттеуде өте сүйіп қолданатын поэтик тілдің бір түрі деуге болады. Көбіне, әсірелеу, литотамен байланысты болып келеді. Дамыту, әсіресе, жырларда, батырлардың іс-әрекеттерін суреттеген не аттарының шабысын суреттеген эпизодтарда жиі ұшырайды.

«Әйт, жануар. шу» деді,
Аршындап бурыл гуледі.
Тау мен тасты көрмеді...
Табаны жерге тимеді,
Көлденең жатқан көк тасқа
Тіктеп тиген тұяғы
Саз балшықтай иледі.
Сенгір-сенгір таулардан
Секіріп бурыл жөнелді.
Кешке таман Тайбурыл
Жын қаққанға ұқсайды,
Құлан менен құлжаның,
Марал менен бұғының
Ұзатпай алдын тосады.
Қарсы келген кабактан
Бурыл қағып жөнелді,
Аманбайдың ақ тікен
Асып бурыл жөнелді.
Көк жағалай отырған
Көкқұтан мен қарабай
Көтеріліп ұшқанша,
Белінен келіп басады...»

Мұнда Тайбурылдың шабысы бірден-екі дамытыла суреттелді. Әуелі төбелерден, сосын таулардан секіреді. Кешке жақын марал, бұғы сияқты төрт аяқты аңдардың алдын «ұзатпай тосқан Бурыл, мұнан кейін, ен тез ұшатын құстардың ұшуына пұрсат бермей, көтерілгенше белінен басып өтеді».

Батырлардың жекпе-жекке шығып соғысқан жерлерінде әр жырда қайталанып отыратын дағдыға айналған дамыту арқылы суреттеулер бар.

«Қарсыласып барысты,
Әуелі сөзбен қағысты,
Қасарысып тұрысты,
Әуелі тәуір сөйлесіп,
Артынан шайтан шалысты.
Шалысқан емей немене,
Ырғай сапты найзаны
Ырғай-ырғай салысты,
Итерісіп тұрысты,
Аттары жата қалысты,

Қанжар қалды қайысып,
Семсер қалды майысып,
Қақырығы қан татып,
Түкірігі жын татып,
Өштім, жандым дегенде,
Өлдім, талдым дегенде
Барып жауды жеңді...» —

(203).

деп келеді.

XVIII—XIX ҒАСЫРДАҒЫ ӘДЕБИЕТ

«Жетпіс жасқа келгенде,
Жылуы болмас қойынның.
Қаруы болмас сойылдың,
Өлмесең де жойылдың.
Сексен бес деген сыр екен,
Шындап ұрған пір екен,
Сексен бес жасқа келгенде,
Екі қара көзді алар,
Аузындағы сөзді алар.
Бетіндегі нұрды алар,
Бойындағы жырды алар,
Аузындағы тісті алар,
Бетіндегі түсті алар,
Қолындағы істі алар,
Өлмегенде нең қалар», (204).
«Толғай-толғай оқ атқан,
Он екі тұтам жай тартқан,
Қабырғасын қақыратқан,
Тебінгісін тесе атқан,
Тізгінінен кесе атқан...» (205).

Ауыз әдебиеті, Абай алдындағы тарихи әдебиеттен келтірілген бұл мысалдардың қайсысынан болсын жоғарғы айтылған қимылды, бірінші құбылыстан екінші құбылысты өсіріп, дамытып отыратындығын және сол дамытулардың қайсысы болсын, әсірелеу, литота, әсірелеумен нақ байланысты екенін анық көреміз.

Абай алдындағы әдебиеттердегі кездесетін дамытудың негізгі үлгілерін қысқартып, енді Абай өлеңдеріне келсек, біз оның өлеңдерінде поэтик тілдің (фигураның) бұл түрін кездестіре алмаймыз. Жоғарғы үзінді келтірген дамытулар Абай өлеңдерінде жоқ. Мұның себебі не. Бізше, мұның екі түрлі себебі бар. Бірінші: дамыту әдісі, көпшілігінде, сюжетті, оқиғалы шығармаларға, әсіресе, оқиға, қимылдардың көп ұшырайтын жерлеріне байланысты.

Абай — ол тәрізді үлкен оқиғалы шығарма жазбаған

ақын, Оның сюжетті поэмалары «Масғұт», «Ескендір», «Вадим», «Әзімдерінде» де қиыннан қиысқан оқиғалар аз және көбіне жай баяндау негізінде құрылған. Егер, Абай соғысты, не тағы бір сол тәрізді қимылы көп оқиғаны жазса, мүмкін, дамытудың жоғарғы үзінді келтірілген түрлеріндей дамытулар онда да кездесер еді. Бірақ, ол — ондай нәрсені жазбаған ақын.

Әрине, бұл да негізгі себеп бола алмайды. Өйткені, дамыту көпшілігінде оқиғалы шығармаларда кездессе де, ол оның тұрақты шарты емес. Басқаша бір өмір құбылысын суреттеумен байланысты да дамытулар бола береді. Адамның жасына берген Бұхар жыраудың мінездемесі — оқиғаға құрылған нәрсе емес, әйтсе де, дамытудың көрнекті бір түрі. Дәл осы Бұхардікі тәрізді адам өмірін суреттеуге арналған өлең Абайда да бар.

«Балалық өлді, білдің бе.
Жігіттікке келдің бе.
Жігіттік өтті көрдің бе.
Кәрілікке көндің бе...»

(Абай, I том, 171-бет).

Бұл — дамыту емес. Адам өмірінің бастан өткен белес белдеріне өткен жастары риторикалық сұрақ қойып, жай ғана санап өтеді.

Абай өлеңдерінде дамыту кездеспеуінің екінші және негізгі себебі — оның реалистік методында, стилінде жатқан тәрізді. Әрбір әсірелеу, әрбір литота — шындықты жай қалпынан не өте асырып, не өте кемітіп айту деген сөз. Демек, өмірді шын өз қалпында «бұлжытпай» суреттеу әдісіне әсірелеу дәл келмейді.

Әсірелеу, литота Абайдың өлеңдерінде бірен-сарандап қана болмаса, кездеспейді десек, дамытудың Абай өлеңдерінде кездеспеуі соған сабақтас. Демек, өмірге реалистік көзқараспен қарап, өмір шындығын өз қалпында суреттеуді ақынның негізгі нысанасы етуі әсірелеумен байланысты жүретін дамыту әдісіне де шығармаларында орын қалдырмайтынға ұқсайды.

д) И н в е р с и я. Сөйлемдегі сөздерді дағдыдан тыс түрде қиюластырып құру — фигураның бір түрі, ол и н в е р с и я делінеді.

Сөйлемде сөз мүшелерінің өз орындары бар. Әдеттегі жай сөйлемдерде бастауыш бұрын, баяндауыш соңынан келеді. Анықтауыш өзінің анықтайтын сөзінің ал-

дында тұрады. Тағы басқаларының да өздерінің орны болады.

Бірақ, бұл әдеттегі сөйлемдердің сөз құрылыстарының белгілі орны болу тәртібі өлеңге, не көркем қара сөзге, әсіресе, өлеңдерге шарт болып, өлең сөйлемдерінің өздеріне тән құрылуына бөгет бола алмайды.

Өлеңдерде кейде ұйқастың қажет етуімен, кейде сезімнің, ашығырақ айтқанда, сол сезімді оқушыға жеткізуде үлкен орын алатын дауыс ырғағының керек етуімен байланысты сөйлемдегі сөздердің орындары, жайшылықта айтылатын сөйлемдерден басқаша болып, ауысып келе береді.

«Келдік талай жерге енді,
Кіруге-ақ қалдың көрге енді...»

(Абай, I том, 119-бет).

Бұл өлең сөйлемді жай сөйлемге айналдырсак: «Талай жерге келіп, енді көрге кіруге-ақ қалып отырмыз» дер едік. Бұлай құрылғанда да мағнасына келетін кемшілік жоқ. Бірақ, сезімге әсер етуі жағынан бірдей емес. Алдыңғы, өлең сөйлемі, сөздерінің орындары ауысып келуі аркасында оқушыларына күштірек әсер етеді. Соңғы сөйлемнің мағынасын дәл ұқсақ та сезімге өлең сөйлеміндей әсер ете алмайды. Мысалы:

«Патша айтты Қамбарға
Өлтірейін деп едім,
Кешіксең келмей осыдан...»
«Қамбар айтты: «Падышам,
Атпенен тасып аулымды,
Қондырып едім көшіріп» (206).
«Сен сөйтіп біздің елге болма қасты,
Қас болсаң, салар жөнге сендей масты...»
«Бір уақыттар болғанда,
Көктей етіп жайықты,
Бір қасық ішкен қара су
Жұмасына ас қылдым» (208).

Бұл үзінділердегі инверсия баяндауыш пен бастауыштың орнын алмастырып құрауға негізделген.

«Патша айтты Қамбарға...»
«Қамбарға патша айтты...» —

дегенде, мұнда аяғында келетін баяндауышты толықтауыштан бұрын қояды. Бұл — инверсияның бір түрі. Екін-

ші түрі — дағдыда эпитет анықтайтын сөздердің алдында келетін болса, оның орнын ауыстырып анықтайтын сөздің соңына қоюшылық.

«Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды...» Абай өлеңдерінде кездесетін инверсияның негізгі түрлері төмендегілер:

I

«Келдік талай жерге енді,
Кіруге-ақ қалдық көрге енді.
Тыңдаушымды ұғымсыз,
Қылып тәңірім берген-ді...
«Жатпа ұйда қорғанып,
Ұш, көңілім, көкке, кергі енді...»

(Абай, I том, 119-бет).

Барып келсе, Ертістің суын татып,
Беріп келсе, бір арыз бұтып-шатып...

(Абай, I том, 50-бет).

«Біз қырғауыл, сіз тұйғын,
Тояттай бер, кел де алып».

2

«Тау басында бар кара, ұсақ топырақ,
Қапқа толтыр кешікпей, жылдамырақ»,
«Жер соғары сіңірлі, аяғы тік,
Жаурыны етсіз, жалпақ тактайдай-ақ...»

(Абай, I том, 267-бет).

Күлте құйрық, қыл түбі әлді келіп,
Көтендігі шығыңқы, ала майлы...
«Сырты қысқа, бауыры жазық келіп,
Арты талтақ, ұмасы үлпершекті...»

(Абай, I том, 63-бет).

«Қар — аппақ, бүркіт қара, түлкі — қызыл...
Ұқсайды қаса құлу шомылғанға...»

(Абай, I том, 39-бет).

Инверсияның бұл түрі Абайға дейінгі әдебиетте кездеспейді, не мүлде аз кездесу мүмкін десек, мына келтірген мысалдарға қарағанда, бұл әдісті Абай жаңалық деп танып «машығы» ретінде қолданғанға ұқсайды. Орыстың Пушкин, Лермонтов тәрізді ұлы ақында-

рына да инверсияның бұл түрі жиі ұшырайды. Әрине, Абай үлгіні солардан алды демек емеспіз, соларша өз халқының әдебиет тілін өзінен бұрынғы әдебиеттерде аз кездесетін, не кездеспейтін, поэтик тілдің және бірінің шебер түрде үлгісін жасап, байытты, қорлантты демекпіз.

Өлеңде болсын, көркем қара сөзде болсын инверсияның мәні үлкен. Өйткені, оқушылар көркем шығармада әрдайым жаңалық іздейді. Мысалы: «Тау басында бар қара, ұсақ топырақ» деген жолды алсақ, мұнда «топырақ» деген сөздің алдына тұруға тиісті «қара эпитетін «топырақтан» бөліп әкеліп, мүлде басқа жерге қойған. Сондықтан, ол дағдыдағы сөз қолданыстардан тыс. Сондықтан да ол жаңа.

«Қар — аппақ, бүркіт — қара, түлкі — қызыл»¹ — деген жолда эпитеттерді бөліп алып, басқа жерге қоймаса да, сөздерінің орнын ауыстырып, сол арқылы жаңа нәрсе етеді. Әдетте «Ақ қар, қара бүркіт, қызыл түлкі» деп эпитетті анықтайтын сөздердің алдына қойса, Абай ол эпитеттерді анықтайтын сөздердің соңына апарып қояды. Сөйтіп, әдеттегі сөздердің орнын ауыстырып қолдану арқылы оқушыға жаңаша әсер етіп, суреттемек өмір құбылысына олардың көңілін тез аударды. Инверсия, сөзді тек дағдыдағы қалпында ғана емес, дағдыдан тыс та қолдануға болатынын, солай құрудың арқасында өлеңде, көркем қара сөзде сөз, сөйлемдердің оқушыларға әсерін күшейтуге мүмкіншілік барын білдіреді. Міне, осы жағынан алғанда инверсияның мәні үлкен. Оның да көрнекті үлгілерін Абай бізге қалдырып кете алды.

е) Эллипсис. Өлеңде, не көркем қара сөзде айтылуға тиісті кейбір сөзді әдейі қалдырып кету — эллипсис делінеді. Бірақ, сол қалдырып кеткен, сөз сөйлемдегі басқа сөздердің қарым-қатынасына, сөйлемнің мағ-

¹ Абайдың бұл өлеңін эпитетке де, шендестіруге де, қазір инверсияға да келтіріп отырмыз. Оның себебі: сол үшеуінің де мұнда элементі барлығы. Айыра көрсету жағынан «Қар аппақ», бүркіт қара», түлкі — қызыл» — эпитет, қарсыма-қарсы қоюы жағынан шендестіру, сөздің орнын ауыстыру жағынан — инверсия. Бұл айтылғандардың бәрі де поэтик тілдердің өзара байланыстары ауыз әдебиетінен бастап күні бүгінгі әдебиетімізге дейін өте жиі кездеседі. Оны жеке бір тарау етіп кіргізуді де ойлап едік, бірақ Абайдың өзіне тән пәлендей ерекшеліктер, жаңалықтар бар деп айту қиын, сөз байланыстары жалпы әдебиетке тән нәрсе болғандықтан, бұл мәселені ашық қалдырып, жеке зерттеуді қажет деп таптық.

насына қарағанда оқушыларға жеткендей, ол сөзді оқушылардың өздері оңай тапқандай етіп қалдырылады.

Сөз тастап кетудегі мақсат — не оқиғаны күшейтіп, қимылды тездеу, не аз сөзге көп мағына сыйғызу.

Кейде айтылуға тиісті сөздердің алдындағы сөздер айтылады да, сөйлемнің ең негізгі мүшесі әдейі бүгіліп қалады. Бұл көбіне монолог, диалогтарда кездеседі. Мысалы «Аттан! «Аттан!» «Келіп қалды! Ойбай, келіп қалды!.. дегенде, сөйлемнің негізгі мүшесі «Ұры тиді» «жау» деген сөз айтылмай, не болып, кім келіп қалғандығын жұмбақтап, оқушыларын соны білуге ынтықтыру үшін әдейі бүгіп қалынып отыр. Кейде ол не қатты қуанғандағы, не қатты қайғырғандағы сезім құбылысын көрсету үшін де қолданылады.

Эллипсис те инверсия тәрізді қазақтың ауыз әдебиеті, не Абай алдындағы әдебиетінде қанатын кең жая алмаған поэтик тілдің бір түрі деуге болады. «Тұрмыс, салт» өлеңдерінде, не «Айтыстарда» мүлде кездеспейді. Оқиғамен байланысты жырларда бірен-саран ұшырайды.

«Таң бозарып атқанда,
Таң шолпаны батқанда,
Ұйқыда ел жатқанда,
«Аттан!» деген бір дауыс,
Құлаққа сар-сар келді...» (209).

Мұндағы мақсат «аттанның» алдындағы «Жау шапты» деген сөзді әдейі тастап кетіп, сол арқылы сөйлемге жанды түс, эллипсисінің негізгі түрі осы ғана.

Эллипсис, поэтик тілдердің басқа түрлерімен салыстырғанда Абай өлеңдерінде сирек ұшырайды. Абай өлеңдеріндегі эллипсистердің түрлерін екіге бөлуге болады.

1. Бүтін сөздерді қалдырып кету.

2. Кейбір сөздердің бөлшегін қысқартып, не оны мүлде айтпау, не бірнеше сөздерге бірыңғай келетін бөлшектің біреуінің айналасында жинақтау.

«Деген сөз: бұқа буға, азбан дуға...
Хан қарқ боп түсіп жүр айқай-шуға»

(Абай, I том, 184-бет).

Бұл үзіндіде: «Бұқа буға, азбан дуға» деген сөйлемнің аяғында келуге тиісті. «Семіреді» деген сөз әдейі

қалдырылған. Бірақ, «Бұқа буға, азбан дуға» деген сөйлемдегі басқа сөздердің мағнасына қарап, дәл сол сөздің қалғанын ұғу қиын емес. Немесе:

«Өлді кейі, кейі сау,
Кімді сүйсе бұл жүрек...»

(Абай, I том, 211-бет).

Мұнда: «бірі» деген сөз қалдырылған. Абай өлеңдеріндегі кездесетін эллипсистің бұл — бірінші түрі. Екінші түрі төмендегілер тәрізді:

«Өткен күнгі қызығым,
Ұйықтап көрген түстен кем...»

(Абай, I том, 244-бет).

Мұнда «түстен» деген сөзден кейін айтылуға тиісті «де» жалғаулығы қалдырылған.

«Кәркидән, пілдей қуатты,
Тағы арыстан жүректі,
Аплатон, Сократ ақылды,
Қаһарман, Ғали білекті...»

(Абай, I том, 240-бет).

деген Абайдың төрт жол өлеңін алсақ, соңғы үш жолында «дай, тай» жұрнақтары қысқартылып, олардың беретін мәні «пілдей» деген сөздегі «дей» жұрнағына бағындырылған. Соңғы өлеңдердегі «дей», «тай» жұрнақтары айтылмаса да, теңеулік мағна беріп тұр. Сондықтан, бірнеше жұрнақты қысқартып, алғашқы жолында бірақ жұрнақты қалдырған.

Сонымен поэтик тілдің бұл түрі жөнінде үлкен өзгеріс жасап, пәлендей жаңалық кіргізбесе де, аз да болса, Абайдың өзіндік ерекшелігі барлығын аңғаруға да тануға болады.

XI тарау

АБАЙ — ҚАЗАҚТЫҢ БІРІНШІ ПСИХОЛОГ АҚЫНЫ

Қазақтың ауыз әдебиеті, Абай алдындағы, не тұсындағы әдебиетінің өсе алмай келе жатқан мәселесінің бірі ішкі сезім дүниесін суреттеу болатын.

Ауыз әдебиеті, Абай алдындағы тарихи әдебиеттердің не үлгілі деген шығармаларын алсақ та, адамның ішкі сезімін, психологиялық моменттерді суреттеуде үлгі етерлік нәрселері аз, тіпті жоқ болатын еді десек те, кеміткендік емес, шындық. Өзіне дейінгі әдебиеттердің бұл тәрізді өрістей алмаған жағын толықтырып, сезім дүниесін сөз арқылы терең суреттеу әдісінің тамаша үлгілерін көрсеткен Абай қазақта бірінші ақын болады.

Абайға шейінгі әдебиетімізде адамның басындағы күйініш, сүйініш, әртүрлі ішкі сезім дүниесін, екінші сөзбен айтқанда, адамның психологиясында болатын өзгерістерді суреттеудің екі түрлі әдісі бар еді. Бірінші — психологиялық параллелизм, екіншісі ерекше құрылатын әр түрлі монологтар.

Психологиялық параллелизм

Ауыз әдебиетінде геройлардың (қаһарман) бастарында болатын күйініш, әртүрлі психологиялық өзгерістерді суреттегенде, оған табиғатта, не жануарларда болатын әртүрлі құбылыстар қатарласа жарыса жүретін.

Сол қатарластыру арқылы адамның басындағы сезім дүниесін суреттеу психологиялық параллелизм әдісі болатын. Бұл ауыз әдебиетінде әбден бекіп, тұрақталған әдіс еді.

«Кейбір жұлдыз әуеде ай секілді,
Кей жаман бас білмеген тай секілді.
Келген жерден өленді қоя беріп,
Баласы жақсы ауылдың қай секілді.
«Айды қара, ендеше, айды қара,
Көрейін шырайыңды, айға қара,
Сізге деген сөлкебай үйде қапты,
Базаршылар келгенше, жайға қара» (210).

«Аққу көлден ұшады қанқылдаған,
Әдемі балақ жүні жалпылдаған.
Томағасын сыпырған тұрымтайдай
Көзіңнен жар айналсын жарқылдаған» (211)

«Жүгірдім бала күнде сорды айналып,
Көп жейді тұрымтай құс торғайды алып,
Келгенде біздің елдің боз баласы,
Отырсың кетейін деп оңайланып» (212).

«Есік алды шоқ қияқ,
Қалмады сенен бір тұяқ,
Қалғанда сенен бір тұяқ,
Жылар ма едім мен бейбақ» (213).

Бұл — психологиялық параллелизмнің ескі түрлері. Параллелизмнің адам баласының табиғат тануының сәбилік дәрежесімен байланыстылығы, ескі кездегі көп тәңірге табынушылық, кейінгі кезде бір тәңірге сенумен байланысты жақтары, оның өзара түрлері, тарихи даму жолдарына біз әдейі тоқталғанымыз жоқ. Өйткені, біз бұл жерде параллелизмнің тек іс-әрекет, қимыл жақтарынан табиғат, жануарларға құбылыстарды қарсы-ма-қарсы қойып, солар арқылы адамның көңіл-күйін суреттейтін кейбір түрлеріне ғана тоқталмақпыз. Параллелизмнің бұл түрлерінің сезім дүниесінде болатын өзгерістерді суреттеуге тікелей байланыстары бар.

Ауыз әдебиетіндегі, адамның ішкі сезімін суреттеудегі ең үлгілі саналатын «Тарғын» жырындағы белі мертігіп жатқанда айтқан Тарғынның монологінен бір үзінді келтірелік.

«Асыл туған Ақжүніс,
Көкті бұлт қоршайды.

Күнді байқай қарасам,
Күн жауарға ұқсайды.
Айды байқай қарасам,
Айды бұлт құрсайды.
Түн жауарға ұқсайды.
Көгілдірін еріткен
Көлде қулар шулайды.
Шулағанға қарасам,
Көктен сұңқар шүйіліп,
Соғылғанға ұқсайды.
Бойды байқай қарасам,
Ауыз-мұрным сынысып,
Алданың ақ бұйрығы
Таялғанға ұқсайды... (213).

Бұл — Тарғынның өлер алдындағы «жан» күйзелісін, оның қиналып жатқандағы ішкі сезім дүниесіндегі күйініш халін суреттеу. Бірақ, соны суреттеу үшін табиғаттағы әртүрлі құбылыстарды, әртүрлі жануарлардың арасындағы қарым-қатынастарды, параллель етеді. Қаһарманның басындағы ауыр халін оқушылар (читатель) сол қатарластыра суреттеген табиғат құбылысы, жануарлардың арасындағы қарым-қатынастар арқылы ғана сезеді. Ауыз әдебиетінде бұл — дағдылы әдіс. Адам баласындағы күйініш, сүйініш, жалпы психологияда болатын әртүрлі құбылыстарды параллелизмді қолданбай, тікелей суреттеу пәлен шығарма, пәлен жырда бар деп айта алмаймыз.

Параллелизм әдісі тек ескі ауыз әдебиеті ғана емес, қазақтың Абайға дейінгі тарихи әдебиетіне де тән әдіс.

Абайға дейінгі әдебиеттің биік шыңы саналатын Махамбеттің өзі де адамның басындағы күйініш-сүйінішті суреттеуде жоғарғы айтылған параллелизм әдісінен әрі бара алған жоқ. Поэтик тілдің басқа жағынан оны қанша мақтасақ та, тап бұл мәселеге келгенде параллелизмнен басқа әдіс қолданды деуге дәлеліміз жоқ.

Исатай досы өліп, өзі хан, төрелерден қуғын-сүргін көріп жүрген кезіндегі өз басындағы ауыр халін суреттемек өлеңдерінде Махамбет сол айтылған психологиялық және синтаксистік параллелизм әдісін қолданды. (Сонымен қатар, бұл өлеңде поэтик тілдердің басқа түрлері бар. Ол өз алдына. Өйткені, айтайын деген пікірін, суреттемек құбылысын параллелизм арқылы бермек болған. Сондықтан, басқаларына тоқтамаймыз).

«Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,
Көл қорыған сен едің,

Сен де айрылдың көлден.
Ел қорыған мен едім,
Мен де айрылдым елімнен,
Сені көлден айырған —
Лашын құстың тепкіні.
Мені елден айырған —
Хан Жәңгірдің екпіні.
Айтып, айтып немеңе,
Құсалықпен өтті ғой
Махамбеттің көп күні...» (214).

Ақын өз басындағы ауыр хал, көрген зорлығына, лашыннан тепкі көрген қызғыш құстың ауыр халін қазқатар (параллель) қойып, соңғы арқылы ішкі өз жағдайын көрсетеді. Бұл жалғыз Махамбет емес, Абайға дейінгі тарихи әдебиеттің өкілдерінің бәріне де тән әдіс еді.

Ал, параллелизмді Абайдың өзі қолданды ма десек, қолданды деген жауап беруге тура келеді. Поэтик тілдің басқа түрлерімен салыстырғанда, жоқтың қасы екені рас. Әйтсе де, бірен-сарандап табылады.

«Көк ала бұлт сөгіліп,
Күн жауады кей шақта.
Өнебойың егіліп,
Жас ағады аулақта.
Жауған күнмен жаңғырып,
Жер көгеріп күш алар.
Аққан жасқа қаңғырып,
Бас ауырып, іш жанар...»

(Абай, I том, 189-бет).

«Сұлу аттың көркі — жал,
Адамзаттың көркі — мал.
Өмір сүрген кісіге
Дәулет — қызық, бала — бал».

(Абай, I том, 192-бет).

Бірақ адамның ішкі сезім дүниесін суреттеуде Абайға тән әдіс бұл емес. Бұл — оның әр алуан әдістерінің бір түрі ғана. Оған кейін ерекше тоқтаймыз. Біздің бұл жердегі айтпағымыз: ішкі сезім дүниесін суреттеуде өзіне дейінгі негізгі әдістің бірі саналған параллелизмді Абай қолданды ма. Қандай дәрежеде қолданды. Міне, осының бетін аша кету.

Сөйтіп, Абайға шейінгі әдебиетте сезім дүниесін суреттеудегі негізгі әдістің бірі параллелизм дедік, оған

бірнеше мысалдар келтіріп, өзімізше, дәлелдедік те. Енді, адамның басында болатын әртүрлі сезімді суреттеудегі ауыз әдебиеті — Абай алдындағы тарихи әдебиеттің екінші түріне келелік.

Бұл әртүрлі монологтар арқылы жасалынады.

Ауыз әдебиетіндегі әртүрлі лирикалық өлеңдерді, батырлар жыры, тарихи жырларды, лиро-эпос жырларды, не тарихи ақындардың шығармаларын алсақ та, күйініш, сүйініш, қысқасы, адамның басында болатын әртүрлі ішкі сезімді суреттеуде монологтардың үлкен орын алатындығын және ерекше құрылатындығын көреміз.

«Бедеу аттың бестісі-ай,
Адамның азбас естісі-ай,
Қайда кетіп барасың,
Қарағымның аманат қойған ешкісі-ай,
Шөрей, жаным, шөрей» (215).

Бұл үзіндіде жалғыз ұлы жау еліне барып, хабарсыз кеткен, дұшпаны жаулап алып, өз малына өзін малшы қылып қойған, сексендегі шалдың ауыр халі суреттеледі. Осы қалпында оқығанда кім де болса шалдың басындағы ауыр халін сезгендей, аяғандай. Бірақ, «ай» ды алып тастасақ, біз алдыңғыдай әсерді сезе алмаймыз.

«Бедеу аттың бестісі,
Адамның азбас естісі,
Қайда кетіп барасың,
Қарағымның аманат қойған ешкісі,
Шөрей, жаным, шөрей». —

десек, мұнда алдыңғы күйініш жоқ, жай ғана суреттеу болады да шығады. Не мына мысалды алалық:

«Туырлықтай ту алған, Мамай,
Қылышын қанға суарған, Мамай.
Жауды көрсе, қуанған, Мамай (216).

Бұл өлең осы тұрғысында, өміріндегі ең қымбаттысы — баласынан айырылған ананың зор қайғысын, жүрек жалынын, ішкі сезіміндегі ауыр күйінішін көрсетеді...

Бірақ, мұндағы құпия сыр — қаратпа сөзді сөйлемнің аяғында келтіріп және соны бірнеше рет қайталап

айтуда. Егер, сөйлемнің аяғындағы қаратпалы сөз болып, әрі бірнеше қайталанып тұрған «Мамай» деген сөзді алып тастап:

«Туырлықтай ту алған,
Қылышын қанға суарған,
Жауды көрсе қуанған...»

деп өзгертсек, алдыңғы үзіндідегі сезілетін ауыр хал, күйініш сезілмейді. Соңғы Мамайдың ерлігін жай ғана суреттеу болып шығады. Қорыта қайтқанда, монолог арқылы психологиялық әр түрлі құбылыстарды суреттеудің негізі қайда жатыр десек, дауыс ырғағында жатыр деп жауап беруге болады.

Монолог — төл сөз. Әрбір төл сөз біреудің сөзін бұлжытпай жазуды, өзі қалай айтса, солай етіп оқуды, не солай етіп айтуды керек етеді. Демек, ауыз әдебиеті, не Абай алдындағы тарихи әдебиет осы жүйені қолданып, дауысқа салып айтып, сол арқылы сезімдегі құбылысты сездіру әдісін қолданған.

Абай алдындағы нұсқаларының психологиялық моменттерді суреттеудегі негізгі екі әдісі осы айтылған психологиялық параллелизм мен монолог арқылы суреттеу еді.

Бұл әдістің алдыңғысы сезім дүниесін суреттеудегі мәңгіден бері келе жатқан ескі, сондықтан, тек анда-санда ғана қолданбаса, сезімге әсер етуге, көркемдік қасиеті жұқарған, тозығы жеткен әдіс болатын. Соңғы, монолог әдісін алсақ, бұл да зордан мол да, жоқтан бар игі ғана еді. Жоғарғы тәрізді сөйлемнің құрылысын сәл өзгертсе, өзінің сезімге әсер ететін күшінен айырылып қалатыны да осы әлсіздігі еді.

Абай дәуіріндегі мәдениетті елдердің әдебиеті бұл екеуін де аттап өткен болатын. Олар параллелизм әдісін ескі түр деп қараса, монологтерді қолдану мүлде басқаша түр, басқаша мазмұн алған. Ол кездегі орыс, не басқа елдердің әдебиеті монологтарды адамның мінезін ерекше-леуге пайдаланатын. Егер ішкі сезім дүниесін суреттеу үшін қолданылатын монологтар болса, онда ол бір сөзді қайталау әдісімен емес, не эллипсис заңы, не тыныс белгілеріне сүйенетін.

Сөйтіп, бұл екі әдістің екеуі де Абай алдындағы әдебиетіміздің адамның сезім дүниесін суреттеуде өте кейін қалғандығын көрсететін еді.

Абай оны сезді де, түсіне де білді. Көп елдің әдебиетін, әсіресе, орыстың классик әдебиетін терең зерттеп, олардан керегін ала білген және алғанын өз бойына сіңіріп, қазақ оқушыларының жүрегіне жат емес, жақын нәрсе етіп шығара білетін, сөзге ұста, місекер ақын Абай өзіне шейінгі қазақ әдебиетінде де қолданылатын ішкі сезімді суреттеу әдістері ескірген әдістер екеніне көзі әбден жетіп, оның жаңаша жолын іздей де, таба да, оны шебер түрде қолдана да білді. Бұл адамның сезімінде болатын әр түрлі құбылыстарды суреттеу үшін оған басқа нәрселерді қатарластырмай (параллель етпей), не сөйлемнің аяғына әр түрлі сөздер қосып, дауыстап, тек үн араласқанда ғана психологиялық моменттерді бере алатын монологсыз-ақ, Абай сезім құбылысын тікелей суреттеп, адамның басында болатын әр түрлі қалды көрсете алды.

Бұл — адамның сезімінде болатын әр түрлі құбылыстарды тікелей суреттеу әдісі — Абайдың ең сүйіп қолданған әдісі болды.

Мұны біз Абайдың көп өлеңдерінде кездестіреміз. Сондықтан, бір-ақ өлеңіне тоқтап, қалай қолданылатындығының үлгісін көрсетелік:

«Қызарып, сұрланып,
Лүпілдеп жүрегі,
Өзгеден ұрланып,
Өзді-өзі керегі,
Екі ғашық құмарлы
Бір жолдан қайта алмай,
Жолықса ол зарлы,
Сөз жөндеп айта алмай,
Аяндап ақырын,
Жүрекпен алысып,
Сыбырын, тықырын
Көңілмен танысып...
Дем алыс ісініп,
Саусағы суынып,
Белгісіз қысылып,
Пішіні құбылып,
Иығы тиісіп,
Тұмандап көздері,
Үндемей сүйісіп,
Мас болып өздері.
Жанында жапырақ,
Үстінде жұлдыз да.
Елжіреп-қалтырап,
Жігіт пен ол қыз да.
Өзге ойдан тыйылып,

Бірі мен бірі әуре,
Жүрекке құйылып,
Жан рақат бір сәуле.
Жүрегі елжіреп,
Буындар босанып,
Рақатпен елжіреп,
Көзіне жас алып,
Жүйрік тіл, терең ой,
Сол күнде қайда едің.
Ғашыққа мойын қой,
Жеңілдің, жеңілдің».

(Абай, I том, 132-бет).

Бұл тәрізді адамның ішкі сезімінде болатын әр түрлі құбылыс, белгілі бір жағдаймен байланысты сезімде кездесетін өзгерістерді шебер түрде суреттеу, Абайға дейін қазақ әдебиетінде болған емес. Абайдың қолданысындағы жоғарғы өлеңнің әр сөзі — ішкі сезімнің айнасы. Алыстан аңсап қосылған шын ғашық екі жастың жан жүйелеріндегі құмарлық, мастық, «жан рақат» тәтті сүйістерді: бір қызарып, бір бозарып құбылған бет, лүпілдеп соққан жүрек, ысынған дем, суынған саусак, қысылған пішін, тұмандаған көз, елжіреген жүрек, босаған буын, әлсіреген бой, көзге іріккен жас, қысқасы, адамның сыртқы құбылыстарын суреттеу арқылы, іштегі әр түрлі сезіну түйсіктерін дәл бере білген.

«Ғашықтың тілі-тілсіз тіл,
Көзбен көр де, ішпен біл.
Сүйісер жастар қате етпес,
Мейлің илан, мейлің күл,
Ол тілге едік оңтайлы,
Хәріпсіз біліп сондайды,
Біліп-ақ, ұғып қоюшы ең,
Енді ішіме қонбайды...» —

(Абай, I том, 157-бет).

деп ақынның өзіне өзінің берген мінездемесі — шын және өте әділ айтылған сөз. Адамның сыртқы құбылысынан ішкі сезім дүниесінде не болып жатқанын тапжылдырмай танып және оны бұлжытпай, дәл етіп суреттеуде Абайды кіммен болсын қатар қоюға болады.

Әңгіме, әрине, тек адамның сезім құбылысын суреттеуінде ғана емес, сол сезімдегі әртүрлі өзгерістерді басқаға сездіре алуында, өлеңді оқығанында әр сөздің жан жүйесін тербете алуында ғой. Ол тілекті Абай жоғарғы өлеңінде ойдағыдай етіп орындай алған десек, басқа өлеңдері жөнінде де осыны айтуға болады.

Абайдың өзіне дейінгілерден бұл жөніндегі ерекшелігі де, оның үлкен психологтігі де осынысында. Бұл шеберлікке Абай қалай ие болды. Бізше, бұл үшін искусствоның екі түрлі заңын берік ұстағанға ұқсайды.

Бірінші, суреттеген болмысының өмір шындығына дәл келуі. Екінші, басканың сезім — күйініш-сүйінішін өз сезімінен өткізе білетіндігі, сол арқылы оқушыларының сезімін тербете алуы. Мысалы:

«Дем алыс ысынып,
Саусағы суынып,
Белгісіз қысылып,
Пішіні құбылып,
Иығы тиісіп,
Тұмандап көздері,
Үндемей сүйісіп,
Мас болып өздері...»

деген жолдарын алсақ, ішкі сезімді беру үшін қолданылған образдарды шындыққа дәл келмейді деп кім таласа алады. Бұл суреттеу жастық, сүйіспендіктің тәттілігін татқан жанның қайсысының көкейіне қонып көңілін тербетпес. Бұл тәрізді тербелте жазған ыстық сөз қандай сезімді болсын тербетіп, қандай жанды болсын тебрентетіні сөзсіз. Бұл үшін жалғыз-ақ шарт: бойында жан, кеудесінде жүрегі бар тірі адам болуы керек.

Сөз арқылы адамның психологиясын суреттеудегі осы тәрізді шеберлік Абайды қандай үлкен психолог ақын жазушылардың да қатарына қосады.

Сонымен қатар, оны талантты психолог ақын-жазушылардың қатарына қосатын екінші бір шеберлік, суреттеп отырған құбылысын, қаншама, өзінің сезім жүйесінен өткізіп, жан толқынымен жаза отырса да, оқушыларына сол құбылысты сырттан ғана суреттеуші болып көріне білуінде.

Екінші сөзбен айтқанда, әртүрлі болмысты лирикалық суреттеу бар, психологиялық суреттеу бар. Мұның екеуі бір-бірімен нық байланысты. Бірақ, бір нәрсе емес. Лирикалық шығармаларда ақын сол суреттеген құбылысына өз сезімін қатыстыра отырып суреттейді және сол суреттеп отырған нәрсесінің жағдайына қарай ақын да қайғырады, қуанады, күйінеді, сүйінеді т. б.

Психологиялық суреттеу әдісінде ақындардың суреттеп отырған құбылысына өз сезімін қатыстыру, өз ба-

сындағы күйініш-сүйінішін бірінші орынға қою болмауы керек. Оның жасырын қалып, қайғы, қуанышты біреулердің бастарында болғанын ақын бұлжытпай суреттеуші ғана болып көрінуі қажет.

Сезім құбылысын суреттеудегі лирикалық шығарма мен психологиялық шығармалардың бұл — негізгі айырмасы. Абайдың жоғарғы өлеңдеріндегі:

«Жүйрік тіл, терең ой,
Сол күнде қайда едің.
Ғашыққа мойын қой,
Жеңілдің, жеңілдің...» —

деген соңғы төрт жолындағы өзіне қайрылуы болмаса, басқа жолдарының бір жерінде, тереңнен толғап жазып отырса да, өз сезімінің ұшығын көрсетпей, басқа адамдардың ішкі сезімдеріндегі психологиялық моменттерді, сырттан ғана бақылап, сырттан ғана суреттеуші болып көрінуі және сол қаһармандарының басында болған халдерге оқушыларын бой сұндырып, солардай сезіндіре білуі Абайдың үлкен психолог, «жан жүйесінің инженері» екендігін айқындайтын негізгі мәселенің және бірі деуге болады.

Сонымен қатар, бұл қазақ әдебиетінің тілін дамытудағы Абайдың тарихи айрықша еңбегінің бірінен саналуға тиіс. Өйткені, өзіне дейінгі әдебиетте болмаған өмірді терең суреттеулердің жаңаша әдісін тауып, сондан жол салып, тамаша-тамаша үлгілерін қалдыру, өзінен соңғы әдебиеттің кең өріс алып даму, ілгерілеуі үшін тарих алдында зор еңбек, үлкен табыс. Мұндай зор еңбек жасап, ұлы табысқа қолы жеткен оны толық меңгеріп, үздік-үздік үлгілер қалдырып, әдебиеттің алтын қазынасы етуші, бірінші психолог ақын қазақта Абай болды.

XII тарау

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ АҚЫЛ, НАҚЫЛ СӨЗДЕР. ОЛАРДЫҢ АБАЙҒА ШЕЙІНГІ ӘДЕБИЕТТЕРДЕГІ БАР ТҮРЛЕРІМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА БІРЛІГІ ЖӘНЕ АЙЫРМАСЫ

Қазақтың ескіден келе жатқан ауыз әдебиетін алсақ, үлкен бір саласы болып саналатын түр: ақыл, нақыл сөздер деуге болады. Күні бүгінге шейін бұл екеуі қосылып, бірнеше рет қазақ тілінде кітап етіліп шығарылды. Бірақ олардың ешқайсысында айтуға тұрарлықтай бұл мәселеге талдаулар берілген емес. Халық әдебиетіндегі аз сөзбен көп мағна беретін қысқа-қысқа терең мағналы сөздерді — нақыл сөз, не мақал-мәтел деп атап, жинап бастырумен ғана қанағаттанып келінді.

Мұның екеуі де, негізінде, аты белгісіз халық даналарының өмірді бақылай келіп айтқан үлкен ой, терең пікірлердің жиынтығы. Тәжірибе жемісі. Нақыл сөздерді де түгелдей халық туғызды десек, қате болар еді. Өйткені, халық дегенде біз еңбекші халықты ұғамыз. Әрине, нақыл сөздерге үстем таптық идеясын үндейтіндері де толып жатыр. Сондықтан да біз «негізінде» деп, әдейі ескертіп отырмыз.

Бізше, күні бүгінге дейін «мақал-мәтел», «нақыл сөз» делініп келген, не олай деп айтылынбаса да, сол тектес сөздерді мағнасына, құрылысына қарап: ақыл сөздер (дидактикалық сөздер), нақыл сөздер (афоризм)

деп екіге бөлуге керек тәрізді. Мақал-мәтелдер өздерінің мазмұнына қарай, кейбіреуі ақыл сөздер тобына, кейбіреулері нақыл сөздер тобына жатуға тиісті. Бұл екеуінің айырмасы қайсы? Бізше, бірі — өмірді танытады. Екіншісі — өмірге жетектейді:

Ақыл сөздер — халықтың кейінгілерге қалдырған өсиет-ақылы, өмір-тіршіліктеріне жетекші басшылық. Сондықтан, оның мағынасы ашық, ұғуға жеңіл, көпшіліктің бәріне түсінікті, аз сөзге көп мағна сыйғызып, көркемдеп айтылған үгіт-насихат.

Нақыл сөздер дегеніміз — үлкен ой, терең пікірге құрылған өмір туралы айтылған ел санасының қорытындысы. Ащы мен тұщы, алыс пен жуық, жақсы мен жаман — осылар сықылды өмірдің әртүрлі жақтарын ой елегінен өткізіп, олар жөніндегі халықтың шығарған үзілді-кесілді өкімі: өмірдегі әр алуан құбылыс, іс әрекеттерді өзінше, әбден бақылап, сынай келе, «қатесіз», өмірде тап солай болатындығына көздері жетіп, өмір шындығына айтқандары дәл келетін етіп кейінгі ұрпаққа қалдырған халық даналығының сәулесі, ой түйіні.

Нақыл сөз, мағна жағын алғанда ақыл сөз тәрізді, мынаны істе, — жақсы, ананы істеме, — жаман демейді: өмірдегі өзінің көргенін, сезгенін, бақылағанын қорытып айтады да қояды.

«Жаманға жүзің салма,
Малды екен деп,
Жақсыдан қолыңды үзбе
Жарлы екен деп»

(ақыл сөз)

«Өнерлі жігіт өрде озар,
Өнерсіз жігіт жер соғар»

(нақыл сөз)

Алдыңғысында адамның кімнен қашып, кімнен қол үзбеу керектігін айтса, соңында ол жоқ. Өнерлі жігіт пен өнерсіз жігіт туралы өзінің бақылай келе қорытқан пікірін айтады. «Мынаны ал, ананы алма» демейді. Оқушы, тыңдаушы өзінше ойлап, өзінше түйюлері керек.

Ауыз әдебиеті болсын. Абай алдындағы тарихи әдебиет болсын ақыл, нақыл сөздерге бай. Өмірдің әр түрлі жақтарын қамтыған неше алуан түрлерін ауыз әдебиеті, тарихи әдебиетімен кездестіруге болады.

Ақыл сөздер: (Ауыз әдебиеті)

«Қайыры жоқ көлден без,
Қайырымы жоқ елден без»
«Бүлінген елден бүлдіргі алма...» (217).
«Жамандық көрген жеріңнен
Еңбекте де қаш!
Жақсылық көрген жеріңе
Еңбекте де жет!...» (218).
Сөз бергенге ерме,
Бөз бергенге ер!
Сөз бейнет болар,
Бөз көйлек болар...» (219).

(Тарихи әдебиет).

«Жал құйрығы қаба деп,
Жабыдан айғыр салмаңыз,
Қалың малы арзан деп,
Жаман қатын алмаңыз,
Жабыдан айғыр салсаңыз,
Жауға мінер ат тумас,
Жаманнан қатын алсаңыз,
Жауға шабар ұл тумас» (220).
«Атасы оның текті деп,
Тұрлаусыздан сөз ұкпа.
Ауызы оның епті деп,
Нашардан шыққан жақсының
Сөзін жерге тастама,
Атасы жаман өтті деп...» (221).

Нақыл сөздер: (ауыз әдебиеті.)

«Емен ағаштың иілгені — сынғаны,
Ер жігіттің ұялғаны — өлгені» (222).
«Алтау ала болса,
Ауыздағы кетеді.
Төртеу түгел болса,
Төбедегі келеді...» (223).
«Көкті бу көтереді,
Сүйрікті су көтереді,
Ауырды нар көтереді,
Өлімді бар көтереді...» (224).

(Тарихи әдебиет).

«Жапанға біткен жантақты
Жаһан кезген нар жейді.
Тәтті менен дәмдіні
Қолында пұлы бар жейді.
Қорқақтықтың белгісі
Арықты да «жар» дейді.
Кертартпаның белгісі
Кең дүниені «тар», — дейді (225).
«Арғымақтың баласы
Аз оттар да, көң жусар,

Талаудан татқан дәні бар.
Азамат ердің баласы
Аз ұйықтар да, көп жортар,
Дұшпанға кеткен ары мен
Барымтаға түскен малы бар...» (226)

Ауыз әдебиеті, Абайдың алдындағы XVII—XIX ғасырдағы тарихи әдебиеттеріндегі ақыл, нақыл сөздердің негізгі үлгілері — осы келтірілгендер.

Ауыз әдебиеті, немесе, Абай алдындағы әдебиеттерімізде ақыл, нақыл сөздердің басым жатуы заңды. Біз, осы еңбектің «Көркем сөз, оның өміріндегі орны, мәні» деген тарауда, ауыз әдебиеті халықтың тек қана көркем өнері емес, әрі философиясы, әрі ғылымы, әрі тәрбие құралы болады дедік. Ендеше, сол әдебиетті тәрбие құралы етудің тілегі жұртты, өмірді тануға, адамды өмірдегі жақсылыққа үйретіп, жамандықтан қашыруға жетектейтін ақыл, нақыл сөздердің ауыз әдебиетінен үлкен орын алуының негізгі себебі болады.

Абай алдындағы қазақтың тарихи әдебиетінің сарыны да негізінде ақыл, нақыл сөзге құрылды. Сондықтан, оларды негізінде дидактикалық поэзия деп атасақ артық болмайды.

XVIII ғасырда Бұхардан басталатын жазба әдебиет тарихын алсақ, әр ақын өзінің таптық көзқарас, дүние танушылығына қарай өздерінің шығармаларында көптеген ақыл, нақыл сөздер қалдырды. Олардың ішінде біздер үшін де пайдалылары бар екендігі сөзсіз. Абай алдындағы тарихи әдебиеттердің көпшілігі — жырау деп аталынуы да әдебиетімізде осы дидактикалық сарынның басымдығы еді. Бұхар жырау, Жангісі жырау, Үмітай жырау, Жанұзақ жырау, Дулат жырау деп халықтың көп ақындарға ат қоюы да олардың өлең-жырларының дидактикалық сарынымен байланысты.

Әрине, бұл сөзден Абай алдындағы әдебиеттің бәрі бірдей солай екен деп ұғуға болмайды. Сол жырау атанған ақындардың дидактикасыз, жай көркем өлеңдері де болады. Немесе, жырау емес, тек ақын деп аталатын Махамбет, Шернияз, Мұраттардың өлеңдерінен де ақыл, нақыл сөздерді табуға, тіпті кейбіреулерінен жиі ұшыратуға болады. Сондықтан, әңгіменің негізі не туралы екендігін ұмытпауымыз керек.

Ақыл, нақыл сөздердің не әдемі, не терең мағналы түрлері Абайдың өз өлеңдерінде де көп. Табиғатты, ел өмі-

рін, сүйіспендік, өнер, ғылым тағы басқа өмірдің әртүрлі саласына арналған ақынның жай, көркем, сұлу лирикаларымен қатар, өз кезіндегі шет көрген мінез-құлықтарды қатты сынаған улы сатираларымен қатар, өз кезіндегілерге сабақ, кейінгілерге үлгі ретінде айтқан өлеңдер де Абайда аз емес. Бұл өлеңдердің идеялық мазмұны, характері ақыл, нақыл сөздерді керек етті.

Абай өзінің әлеумет өміріндегі ролін жақсы түсінді. Ол өзін өз кезінің ақыны ғана емес, ұстазы білді. Сондықтан ол, өмірдің барлық саласынан, жұртының бүгінгісіне де, келешектегісіне де сабақ беруді адамдық борышым деп ұқты. Ақынның онысы дұрыс та, орынды да еді... Өйткені, ХІХ ғасыр қазақ тарихы Абайдан артық ойшыл, онан оқымысты, онан асқан ақындық талантты білмейді. Жалғыз қазақ емес, Абайды өз кезінде шығыста теңдесі аз табылатын ақын десек, асырып айту болмайды.

Сөйтіп, өз заманының ұстазы, өмірді «оқушыларына» үйретуші, танытушы ақын Абай ақыл, нақыл сөзге көп көңіл бөлді. Бұған өз өлеңдерінен және қара сөздерінен бірнеше мысалдар келтірелік.

Ақыл сөздер:

«Әсемпаз болма әр неге,
Өнерпаз болсаң арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан».

(Абай, I том, 158-бет).

«Досына достық — қарыз іс,
Дұшпаныңа әділ бол!»

(Абай, I том, 130-бет).

«Егіннің ебін,
Сауданың тегін,
Үйреніп, ойлап мал ізде.
Адал бол, бай тап,
Адам бол, мал тап,
Қуансаң, қуан сол кезде.
Бірінді қазақ, бірін дос
Көрмесең, істің бәрі бос...»

(Абай, I том, 96-бет).

«Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей»

(Абай, I том, 96-бет).

«Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа, күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол;
Адам болам десеніз
Тілеуің өмірің алдында.
Оған қайғы жесеңіз
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ,
— Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой,
— Бес асыл іс көнсеңіз...»

(Абай, I том, 61-бет).

Бұл келтірілген үзінділерде ақын: өнер, ғылым, еңбек, достық, қастық, әділдік, өсек, өтірік, жауыздық, рахымшылық, талап, ар, ұят тағы басқа бірнеше нәрселердің бетін ашып, не нәрсені адам қасиет біліп үйрену не нәрседен қашу керектігіне басалқылық жасап, даналық ақыл береді. Осылар тәрізді өмірдің әр саласын алып аз сөзге көп мағна сыйғызып, жұртшылыққа айтқан Абайдың өнегелі сөзі, үлгілі өсиеті көп. Мысалы үшін, осы келтірілгендеріміз де жеткілікті. Сондықтан оның нақыл сөздерінен бірнеше үзінділер келтірелік.

Нақыл сөздер:

«Екі кеме құйрығын
Ұста жетсін бұйрығың»

(Абай, I том, 98-бет).

«Азат басың болсын құл
Қолдан келмес іске ұмтыл».

(Абай, II том, 125-бет).

«Берекелі болса ел:
Жағасы — жайлау, ол — бір көл.
Берекесі кеткен ел —
Суы ашыған батпақ көл...»

(Абай, I том, 100-бет).

«Жарлылық, жалыншты жалтақ көздік,
Сүйкімді икемі жоқ, шалдуарлық...»

(Абай, I том, 54-бет)

Накыл сөздер Абайдың қара әңгімелерінде де кездеседі. Ғылымдар Академиясының Қазақ филиалы 1940 жылы бастырған II томында, «Отыз жетінші сөз» — деген атпен басылған қара әңгімесінде жиырма төрт түрлі накыл сөз (афоризмдері) бар.

1. «Көңілдегі көрікті ойдың ауыздан шыққанда өңі қашады...»

2. «Әкесінің баласы — адамның дұшпаны, адамның баласы — бауырың».

3. «Адам баласын заман өсіреді, кімде кім жаман болса, оның өзінің замандастары виноват».

4. «Биік мансап — биік жар тас: ерінбей еңбектеп жылан да шығады; екпіндеп ұшып қыран да шығады. Жікшіл ел жетпей мастанады, желөкпелер шын деп ойлайды...»

5. «Бақпен асқан патшадан мимен асқан қара артық; Сақалын сатқан кәріден еңбегін сатқан бала артық...»

6. «Қайратсыз ашу тұл; тұрлаусыз ғашық тұл; шәкіртсіз ғалым тұл».

7. «Дүние үлкен көл; заман соққан жел, алдыңғы толқын ағалар, соңғы толқын інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер».

8. «Жаман дос — көлеңке, басынды күн шалса, қашып құтыла алмайсың, басынды бұлт алса, іздеп таба алмайсың...» тағы басқалар. (Абай, II том, 219—220-бет).

Біз жоғарыда ауыз әдебиеті, Абай алдындағы тарихи әдебиет Абайдың шығармаларынан ақыл, накыл сөздерге бірнеше мысалдар келтіріп, ақыл, накыл сөз деп нені ұғамыз, бұл екеуінің бірлігі, айырмасы қайсы, ауыз әдебиеті, тарихи әдебиет, Абайдың өз өлеңдерінде жиі кездесуінің себебі не? деген сұрауларға өзімізше жауап бердік. Енді Абайдың бұл жөнінде ерекшелігі қайсы, соған келелік.

Абай алдындағы ауыз әдебиеті, тарихи әдебиеттегі ақыл, накыл сөздерді құрылысы жағынан қанша көркем, мағна жағынан қанша терең десек те, не түрі, не мазмұны ұлттық шеңберден аса алмайды. Қазақтың не терең деген накыл сөздерін алсақ та, мағнасы терең болса да, түрі бұрынғы (байырғы) қалпында қала беретін.

«Елу жылда ел жаңа,
Жүз жылда — қазан...»

деген нақыл сөзін алып философиялық мәніне көз жіберсек, өмір өзгеріп отырады деген ұғымға жақын келеді. Бірақ, сол философиялық пікір қазақтың «Қара қазаны» арқылы берілген.

«Арымас тұлпар болмас,
Қажымас сұңқар болмас...»
Еттің бәрі қазы болмас,
Иттің бәрі тазы болмас...» —

деген нақыл сөздерді алсақ та, үлкен ойды жабайы түрде бергендігін көру қиын емес.

Үлкен ойға орайлы сөз тауып, ақыл, нақыл, сөздерді мәдениетті биік сатыға көтерген қазақ тарихында бірінші ақын Абай болды. Оның даналығы, үздік суретші таланттарының үстіне әрі өз елінің, әрі шығыстың, орыстың мәдениеттерімен қаруланған адам болуы өзіне шейінгі қазақ әдебиетіндегі ақыл, нақыл сөздердің үлгілерін мазмұны жағынан да, түрі жағынан да философиялық ұғым дәрежесіне жеткізді.

Абайдың өлеңдерінен жоғарыда келтірілген үзінділерді былай қойғанда, Абай өзіне шейінгі қазақ әдебиетіндегі болмаған сөз образы арқылы шын мәніндегі үлкен-үлкен философиялық пікір айту әдісін жоғарғы сатыға көтерді. Қазақ тілі, қазақтың сөзімен де қиюын тауып қалай білсе, мәдениетті елдердің тіліндегі философиялық ұғымды өз дәрежесінде айтуға болатындығының үлгісін көрсетті.

«Осыны оқып ойлай бер, болсаң зерек,
Еңбекті сат, ар сатып неге керек.
Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек...»

(Абай, I том, 181-бет).

«Ақыл мен жан — мен өзім, тән менікі,
«Мен» менен менікінің мағнасы екі.
Мен өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
Менікі өлсе, өлсін, оған бекі...»

(Абай, I том, 193-бет).

«Тоты құс түсті көбелек,
Жаз сайларда гулемек.
Бәйшешек солмақ, күйремек,
Көбелек өлмек, сиремек...»
Сүймек, сезбек, киінбек,
Адамзатқа не керек:

Қарекет қылмақ, жүгірмек,
Ақылмен ойлап сөйлемек,
Әр кімді заман сүйремек.
Заманды қай жан билемек,
Замана оны илемек...»

(Абай, I том, 225-бет).

Единица — жақсысы,
Ерген елі бейне нөл.
Единица нөлсіз-ақ,—
Өз басындық болар сол.
Единица болмаса,
Не болады өңкей нөл?..»

(Абай, I том, 100-бет).

Бұл келтірілген үзінділердегі өмірге көзқарас, дүние танушылық ой-пікір, оларды айтып беру үшін қолданылып отырған сөз, образдар жоғарғы ауыз әдебиетінен келтірілген «елу жылда ел, жүз жылда қазан», «ет жақсысы — қазы, ит жақсысы — тазы», «жалп-жалп еткен жапалақ жабы жерге қонбайды», немесе:

«Арғымақ жабы көрінер,
Аса шауып буланса.
Айдын көл батпақ атанар,
Айдыны құрып суалса:
Бәйтерек сабау көрінер,
Жапырағы түсіп қуарса», —

дегендей емес, мәдениетті философ ойшылардың өмірді тану, өмірге көзқарас, өздерінің терең ой, кесек пікірлерін айтуда қолданатын «мен» — («я»), «Еденица», «Ноль» — (герой, толпа), «Ақыл» мен «сезім», «ерік» (разум, чувство, воля) міне, осылар болды. «Тоты құс түсті көбелек» өлеңінде өмірде өзгермейтін нәрсе жоқ, барлығы өзгеріліп отырады деген кәдімгі философиялық категорияның бірін Абай өз өлеңінде сол ұғымды бере аларлық сөз тауып, философиялық ойды сол өзінің дәрежесінде оқушыларына жеткізе білген. Мұндай пікірлерді түсіндіруге бұрынғы әдебиеттерде қолданылатын байырғы сөз, сөйлемдерден өзгеше, жаңа сөз, жаңа сөйлем құрылыстарымен айтып береді. Бұрынғы әдебиеттердегі өмірді тану, өмірге көзқарастарды көрсететін өлең-жыр, әртүрлі тақпақ, билер сөздерін алсақ, қаншама терең десек те, мәдениеті әлі ер жетпеген сәбилік дәрежесін көрсетсе, Абайдың бұл топқа жататын сөздерінің бәрі де зор мәдениетке еріскен, өмірді кеңнен шолып, терең түсінген

философиялық үлкен ой, сананың жоғарғы мәдениеттік сатыдағы дәрежесін көрсетеді.

Қазақ әдебиетінің тілі Абайға шейін бұл дәрежеге жете алған жоқ еді. Бұған жеткізген де, бұл жөнінде әдебиет тілін зор өзгеріс жасап, дамытып, ілгерілеткен де Абай болды.

Абайдың өзіне шейінгі ақыл, нақыл сөздермен бірлігі жоғарғы айтылғандар болса, ерекшелігі — осы соңғы айтылған, ойлау, өмір тану шегін шын мәніндегі философиялық дәрежеге жеткізіп, оны қазақтың өз тілі, өз сөзі арқылы айтып беруге болатындығын айқындау. Бізше, бұл — қазақтың әдеби тілін дамытудағы ұлы ақынның ұлы еңбектерінің күрделі бір саласы.

Ескерту: Ақыл, нақыл сөздердің көпшілігі метафора, теңеу, эпитет тағы басқа да поэтик тілдердің түрлеріне негізделініп құрылады. Негізгі үлгілерін «көркем тілдің қазақ өміріндегі мәні, орны» деген тарауда айтқандықтан және поэтик тілдердің өзара байланыста болып отыруы жалпы тіл заңы болғандықтан, ол жағына тоқталғанымыз жоқ.

XIII тарау

АБАЙ АУДАРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТІЛІ

Абай орыс әдебиетін 1882-жылдан бастап аударған. Ең бірінші аудармасы — орыстың атақты ақыны Лермонтовтың «Бородино» атты патриоттық өлеңінен үзінді. Ең соңғысы — «Вадим» атты Лермонтовтың ұзақ әңгімесінің желісін, оқиғасын алып, өзінше қысқартып жазған поэма.

Абай аудармаларын зерттеушілер қазір орыс әдебиетінен оның елуден аса аударған өлеңдері барлығын айқындап отыр. Олардың ішінде лирикасы да, баснясы (мысал өлеңдер) да, ұзақ өлеңдері де, сатиралық лирикалары да бар. (Солардың ішінде «қарға мен түлкі» атты басня екі түрлі вариантта аударылған).

Орыстың атақты жазушы, ақындарын аударуда Абай тек қана қазақ емес, бүкіл шығыс елінде елеулі орын алады. Шығыс елінде, 1889-жылға шейін Пушкиннің «Онегині» тек Азербайжанда ғана аударылған. Сонан кейінгі аударған қазақ — Абай. Қазақпен салыстырғанда ол кезде үлкен мәдениетті саналатын татар, өзбек тағы басқа көршілес елдердің бәрінен, Сарыарқада жатқан Абай, орыстың ұлы ақыны Пушкиннің дүниежүзілік мәдениет мұрасының шаршы төрінен орын алған еңбегінің ұлылық қасиетін танып, Татьянаның үнімен даланы жаңғырықтыруы — қазақ үшін мақтанарлық іс.

Абайдың өмірбаянын жазған тарауда Абай 70—80-жылдардан бастап орыс мәдениетіне түгелдей бет бұрды, ол кездегі орыстың алдыңғы қатардағы идеясымен

жақсы танысып, Сарыарқадан оларға үн қосушы бірінші ақын да Абай еді дедік. Демек, болашағы мол ұлы орыс халқының тез ілгерілеуіне бөгет болып отырған аграрлық-патриархалдық патшашыл Россияның құрылысын, әлеумет өміріндегі әртүрлі кемшіліктерді қатты шенеп, соларды жою арқылы Россияны алға апаруға күш салған, ол жолда шатқалаң қиын соқпақтарға кездесіп, талай қиыншылықтарды бастарынан кешірген Крылов, Пушкин, Лермонтовтың шығармалары Абайға қона кетуі, олармен өзінің мұңдас болуы, екі елдің ұлы ақындарының идея-тілектерінің бірлігі еді. Крылов жазған «Қасқыр мен қозы», «Қарға мен түлкі» оқиғалары тағы басқалар ол кезде қазақта да аз емес болатын. Сонымен қатар, орыстың ұлы ақындарының жалпы адамгершілікке үндеген әр түрлі мысалдары мен үлгілі өлеңдері, өз елінің басшысы, ұстазы боламын деген кемеңгер ақынға осы жағынан да дәл келеді. Бұл бір.

Екінші, Пушкин, Лермонтовтардың шын мәніндегі искусство иелері екендігін Абай жақсы ұғынды.

Абайдың аудармаларының характеріне жалпы шолу жасасақ, жоғарғы ақындардың ол кез келген өлеңдерін аударып бермеген. Таңдап, талғап аударған.

Абайдың аударған өлеңдері не адамгершілік тақырыбына байланысты жаман мінез-құлықты шенеу, жақсылыққа үндеу, не патриоттық үлкен идеяны көксеген өлеңдер, не терең ой — философиялық не үздік көркем өлеңдер болып келеді. Крыловтың мысалдары, «Теректің сыйы», «Тұтқын», «Татьянаның Онегинге», «Онегиннің Татьянаға» жазған хаттары тағы басқа осылар тәрізді атышулы өлеңдер. Сөйтіп, Абайдың Пушкин, Лермонтов, Крылов тәрізді орыстың ұлы классиктерін аударуы кездейсоқ емес, заңды, жоғарғы айтылған екі түрлі күрделі себептерге негізделген деуге болады.

Абай аудармаларының тарихи-әлеуметтік мәні үлкен. Өйткені, ең алдымен, қазақ жұртшылығы Пушкин, Лермонтов, Толстой, Салтыков тәрізді дүниежүзілік әдебиетінің ірі тұлғаларымен бірінші рет Абай арқылы танысты. Екінші, өзінің зор талант, асқан шеберлігінің арқасында, ұлы ақындардың ұлы еңбектеріндегі үлкен идея, сұқтанар сұлулықты қазақ оқушыларының ой-сезіміне жеткізе аударып біліп, оларға жалпы қазақ халқының жүрегінен жылы орын әперді. Оларды қазаққа өз ақындарындай сүйгізді. Абайдан бергі, әдебиетті сүйетін қазақтардан, хат біл-

сін, білмесін «Татьянаның хаты», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Қанжар» (Кинжал), «Жалғыз жалау жалтылдап» өлеңдерін білмейтін қазақ аз шығар. Сөйтіп, Абайдың аудармалары алдағы халықтың мәдениеті, үлкен идея ұлы ақындар мен қазақ халқының жұртшылығы араларындағы дәнекер болды.

Абай оларды тек қана досы көріп қойған жоқ, әрі өзінің ұстазы тұтты.

Абайдың ұлттық шеңберден шығып, жалпы адам баласылық идеяны көксеген, интернационалдық жүректің иесі ақындығын осы орыс жазушыларына көзқарасының өзі-ақ дәлелдейді. Абайдың жастарға үлгі ал, өнеге үйрен деген адамдары қазақ емес, Толстой, Салтыков-Щедрин т. б. болды.

«Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой,
Я тілмаш, я адвокат
Болсам деген бәрінде ой».

Бұл сөзден Абай өз халқын жек көрді деген ұғым тумайды. Абай айналасындағы әлеумет өмірін, «ел еркесін» сынағанда, өмір уын ішіп, бүк түсе қайғырғанда сол халық үшін қайғырып, халық қамы үшін өмірден тыныштық көре алмайды. Бар өмір, бар асылын сол халық үшін жұмсады. Бірақ, ол кезде қазақта Салтыков пен Толстой жоқ еді. Ендеше өмірге адамгершілік көзбен қараған, интернационалдық жүрегі бар ақынның объективтік көзқарасы Салтыков, Толстойды қазаққа үлгі еткізді.

Енді аударманың құрылысы жағына келсек, Абай аудармаларын негізінде екі түрлі деуге болады. Біріншісі, дәл аударма, екіншісі, ерікті аударма. Дәл аудармалары шумақ, бунақ, буын, ұйқастарына қарай өзара және екіге бөлінеді. Кейбір өлеңдерді аударғанда, Абай шумағын да, ұйқас түрлерін де берік сақтайды. Орыс өлеңдерінің ырғақ, буындары қазақ өлеңінің буындарына дәл келе бермейді. Өйткені, орыс өлеңі тоникалық не силлабо-тоникалық өлең құрылысына жатады да, қазақтікі — силлаболық өлең құрылысына жатады. Сондықтан, Абай аударған өлеңдерінің буынын қазақша дәл беруге мүмкін болмаса да, саны жағынан соған жақын келетін өлеңмен аударады. Кейде ұйқастарын, кейде тіпті образдарын да дәлме-дәл шығарады:

Внимательным, иль равнодушным!
Как томно был он молчалив,
Как пламенно красноречив,
В сердечных письмах как небрежен!
Одним дыша, одно любя,
Как он умел забыть себя!
Как взор его был быстр и нежен,
Стыдлив и дерзок, а порой,
Блистал послушною слезой!» (228).

ҚАЗАҚШАСЫ

«Жасынан түсін билеп сыр бермеген,
Дәмеленсе, күндесе білдірмеген.
Нанасың не айтса да, амалың жоқ,
Түсінде бір кәдік жоқ алдар деген.
Кейде паң, кейде көңгіш орныменен,
Кейде елеусіз, кейде ынтық формыменен,
Кейде үндемей жүрсе де, сөзге баяу,
От жалындай жауапкер құрбыменен.
Ғашықтық сөзге жүйрік әсіресе,
«Дем алысым құмарым, бір сен» десе,
Жанын құрбан жолына қылған жансып,
Көз қарауы құбылар әлденеше.
Кейде ұялшақ, төменшік, кейде тіп-тік,
Қамыққансып, қайғырып орны келсе...»

(Абай, II том, 69-бет).

Бұл өлеңді ұйқасы не тармақтары (жолдары), буын саны бірдей болмағандықтан, дәл емес деуге болмайды. Мазмұны, сол мазмұнды берудегі образ, сөз мәндері дәлме-дәл. Сондықтан, біз мұны дәлме-дәл аударма деп санаймыз. Дәл аударманың осы соңғы түрімен байланысты айтылған: «Қанжар», «Дұға», «Жолға шықтым бір жымжырт түнде жалғыз», «Терек сыйы», «Өзіңе сенбе, жас ойшыл», «Еврей күйі» — бәрі де «Онегиннің сыйпаты» тәрізді ұйқас, буын сандарын сақтамағанмен, мазмұнын, образдарын бұлжытпай дәл беру әдісімен аударылған. Кейбіреулерінде шумақ, не бірнеше жолдарын Абай аудармай кететіні рас. Бірақ, ол өз алдына мәселе. Біздің бұл жердегі айтпағымыз — ақынның неге аудармағаны емес, аударған жерлерін, өлеңдерін қалай аударғаны. «Онегиннің сыйпатынан» келтірген үзіндінің орысша, қазақшасын салыстыра оқыған адамға дәлдігі айқын. Кім аударса да бұдан артық дәл, бұдан артық жанды етіп аударма алуы екі талай.

Екінші түрі — ерікті аударма. Бұған жататындар:

«Онегиннің Татьянаға жазған хаттары», Крыловтан аударған кейбір мысалдар және қара сөзден өлең еткен «Вадим» поэмасы. Бұлардың негізі ғана орысша. Абай олардың жалпы мазмұнын өз сөзі, өз ұғынуынша әдемілеп айтып береді. Солардың үлгісін ғана алып өзінше жазады. Бірақ, жалпы сарыны, ізі сақталынады. Кейде өз жанынан сурет, баяндаулар қосып, кейбір жерлерін мүлде тастап кетеді. Кейде орыстың ол кездегі жоғарғы топтарының өмірінде аузына түспейтін сөздерді де Абай Татьянаның аузынан шығарады:

«Қаймақ еді көңілімде,
Бізге қаспақ болды жем.
Екі сөз жоқ өмірімде,
Мен де сорлы — бақыты кем...»

(Абай, II том, 81-бет).

«Қаймақ пен қаспақ», «Евгений Онегин» романында мүлде жоғы былай тұрсын, орыстың ол топтарының адамдарының мүлде басына келмейтін сөздер. Абай аудармаларының екінші түрі — осы тәрізді ерікті аудармалы өлеңдер.

Абай аудармаларының өзара екіге бөліп қарағанда бірінші түрі қазақ әдебиет тарихында ең үлгілі, ең сапалы аудармалар болып саналады. Өйткені, Абай — бір тілден екінші тілге аударылғанда сақталынуға керекті шарттардың негізін дұрыс ұғынған ақын. Сондықтан да ол өлеңінің мазмұны, түріне қарап әр түрлі әдіс қолданады. Орыс тіліндегі өлеңдердің дәлме-дәл аударуға келетіндері болса, қазақ өлең құрылысынан оған дәл не жақын келетін түрлерді іздеп, «бұлжытпай» дәл беруге тырысады. («Қараңғы түнде тау қалғып» т. б.) Оған болмаса, мазмұнымен қолданған образдарын дәл етіп береді. Бұл — аудару жұмысының жалпы заңы. Бір тілден екінші тілге аударғанда қолданылатын ежелгі әдістің бірі.

Сонымен қатар, Абай аудармаларының және бір үздік ерекшелігі — қандай аудармашы болсын, өз тіліндегі көркемдік, құндылығын, құлаққа қонымды, көңілге жағымдылығын, қазақшаға аударғанда сол өзінің түп нұсқасындағы дәрежеде сақтай алуы, әрі оны қазақша етіп шығара білуі. Бұл аудармашыларда өте сирек кездесетін қасиет. Басқа аудармашылардың аударған өлеңдерін

оқып, оны оригиналдарымен салыстырсақ сөзі, мазмұны дұрыс болғанымен, оригиналдың өзін оқығандағы әсерді аудармадан ала алмайсың. Және оқығанда-ақ аударма екені көрініп тұрады.

Абай аудармаларында ол жоқ. Дәл, бұлжытпай аударды деген өлеңдердің өзін алсақ та қазақтың өз өлеңдеріндей болып шығады. Оригиналмен салыстырсақ, дәл оқысақ, өлеңнің өз тіліндегі әсерімен Абай аудармаларынан алатын әсерінде айырма жоқ. Міне, аударма жөніндегі Абайдың озат шеберлігі де, бұл күнге шейін үлгілілігі де осында.

Абай аудармаларының бұл тәрізді үздік болуының, бізше, үш түрлі себебі бар: 1) өзінің үлкен таланттығы; 2) орыс тіліндегі өлеңдерде қолданылатын сөздердің тек жай мәнін ғана емес, әдемілік қасиеттерін терең ұғынуы; 3) қазақтың өз тіліне ақынның мейлінше байлығы.

Пушкин, Лермонтов, Крыловтар — ұлы таланттар. Олар тәрізді ақындардың өлеңдерін аударушы да талантты ақын болуы керек. Кез келген ақынның оларды ойдағыдай етіп аудару қолдарынан келе бермейді.

Абайдан кейінгі қазақ ақындарының не оның алдындағы Алтынсариндердің аударғандары Абай аудармасынан әлдеқайда олқы жатуы, орыс тілін Абайдан аз білетіндігінде емес, ақындық дарындарының жетпейтіндігінде.

Әрине, орыс тілін жақсы білмесе, жеке талант та өз бетімен аударма жөнінде ештеңеге арзымайды. Және тілді білу бар да, оның әдемілік қасиетін ұғыну бар. Екеуі бір-бірімен байланысты. Бірақ, бір емес. Тіл білген адамның бәрі бірдей әрбір сөз, әрбір образдың әдемілік қасиетін түсіне бермейді. Тілдегі сөз образдарының ой тербетіп, жан сүйсіндіретін әсерін сезіну тіл білген адамның бәрінің қолынан келе бермейді. Ол үшін аударушы ақынның өзінде сол тілді жай жақсы білу, түсінуімен қатар, әдемілік қасиет, күшін ұғып, түсіне білерлік ақындық жан, үлкен талант болуы керек.

«Лилейная рука тебя мне поднесла,
В знак памяти, в минуту расставания,
И в первый раз не кровь вдоль по тебе текла,
Но светлая слеза — жемчужина старания.
И черные глаза, остановясь на мне,
Исполнены таинственной печали,
Как сталь твоя при трепетном огне,

То вдруг тускнели, то сверкали...» (229).

«Еркелі нәзік қолымен маған тиді,
Ұмытпа деп айрылған жерде берді.
Қан сорғалар жүзіне, жас сорғалар,
Қайғымен өртенгеннің белгісі еді.
Қара көз қарап маған көп қадалған,
Құпия қайғы өртеніп бойын алған.
Болатша дірілдеген жалын көрген,
Бір күңгірт тартып және оттай жанған».

(Абай, II том, 103-бет).

Осы екі үзіндіні салыстырсақ та, Абайдың орыс тіліндегі образды сөздердің әдемілік, көркемдік қасиет, күші сезімге өз тілінде қандай әсер етеді, оған теңдес қазақша қандай сөз қолданса, қазақтың өз ұғымынша қандай сөздер әсерлі болатындығын терең ұғынғандығын, орыс тіліндегі қолданылған сөз образдары мен қазақ тіліндегі қолданылған сөз образдарының жай ғана мәнін емес, әдемілік күшін, әсерін ұға, түсіне білушілерге дәлелдеп жатудың қажеті аз. Міне, осы жерден келіп, орыс өлеңдерін аударуға қазақ тілінің байлығының үлкен орын алуы, яғни, жоғарғы айтылған үшінші себебі келіп шығады. Егер оригиналды үздік образдарды түсіне тұрса да, оған лайықты және қазақ оқығанда да ой тербетіп, жан үзгендей сөз таба алмай қожыратса, бұлай болып шықпас еді. «Лилейная рука» — дегенді «апақай», «аппак», «талдырмаш», «жіңішке» — деп аударса да мағнасын берер еді. Бірақ ол толып жатқан синонимдардың «нәзік қол» дегенді таңдайды және өте дұрыс орынды таңдаған.

Лермонтов:

«Как сталь твоя при трепетном огне,
То вдруг тускнели, то сверкали...» —

десе, Абай да сол орыс тіліндегі күрделі теңеуді бұлжытпай күш, қасиетін өз қалпында сақтап

«Болатша дірілдеген жалын көрген,
Бір күңгірт тартып және оттай жанған...» —

деп аударады. Бұл күрделі теңеу орыс тілінде қандай үздік, әдемі, қандай жан тербететін күшті, әсерлі десек, қазақшасы туралы да соны айта аламыз. Сөйтіп, Абайдың шебер аудармашылығының негізінде ұлы талант орыс тілінің әдемілік күш, қасиетін терең ұғу, қазақтың өз

тіліне байлық, оны таңдап, талғап ала білуде жатқандығын көреміз.

Абайдың жалпы аудармаларымен байланысты тоқталуды керек ететін және бір мәселе: орыс әдебиетін терең білу және қазақшаға аудару Абайдың өзіне не берді, қазақ әдебиетін дамытуда аудармалардың қандай мәні болды? деген сұрақтарға жауап бере кетуді керек етеді.

Бірақ аңғарған адамға бұл сұрақтардың бірқатарына «Абайдың қазақ әдебиет тіліне енгізген жаңа сөз, сөйлемдері» деген бөлімде және эпитет, теңеу, тағы басқа поэтик тілдердің түрлерімен байланысты бірқатар жауап берілді. «Мүйіз шығар», «Сабағын айтып тынар», «мен сынық жан», «тасты жол», «барасың қайда, қайда болмай маған?» деген тәрізді сөз қолданыстар, немесе, «Апарар сырын білмес бір далаңға» орыс әдебиетінің үлгісінде жасалған образдар деп, жоғарыда айтылған болатын. Сол сықылды:

— «Қатып қалған көзімде бір тамшы жас.
Төгілмей ме, бой жылып, о да ерісе?..» —

(Абай, II том, 89-бет).

деген тамаша көркем образдардың тегін қуа келсек те, бірқатарының ақ негізі Пушкин, Лермонтовтарда жатқандығын көру қиын емес. Жоғарғы өлеңнің орысшасында:

«И если есть в очах застывших капля слез,
Они расстает и прольются...» —

делінген. Орыстың әдеби тілінің үлгісімен жасалынып, Абайдың қазақ әдебиет тіліне кіргізген сөз образдарына осы еңбектің әр тарауында айрықша тоқтап отырдық. Оларды қайталап айтудың керегі аз. Сондықтан, бұрынғы тарауларында айтылмаған, бізше, бұлар да орыс әдебиетінің үлгісінен алынған және бір-екі әдіске тоқталамыз. Бұлар — шебер құрылған диалог пен мінездеу.

Диалогтың түрі бұрын да бар. Қазақтың айтыстары диалогтан құралады. Батырлар жырындағы кездесетін екі батырдың сөйлесулері, не билер сөздері — бәрі де диалог. Бірақ, айтыс жырларда кездесетін диалогтар көпшілігі тым ұзақ, тым шұбалаң, әрқайсысының сөздері ұзын-ұзын монолог болып келетін. Өлеңде бір сөз, екі сөзден құрылған және сөйлеушілердің мінез-құлқына

тән, олардың бейнесін айқындауда үлкен мәні бар, әрі қысқа, әрі шебер құрылған диалогтардың көрнекті үлгілері қазақ әдебиетінде Абайдан басталды және бұл үлгіні де Абай орыс әдебиетінен алған. Өйткені, олардың көпшілігі аудармаларында кездеседі.

«Ағайынын дос-жарын
Жиып алып үйіне.
Жылады шағып мұң-зарын
«Болыстық қыл» деп күйіне.
Бәрі ақылды, бәрі есті,
Бәрі желдей еседі.
«Болмас еді бұл» десті,
«Өзіңнен болды» деседі.
Біреу айтты: «Лапкінді
Мұнша алысқа салмау ғой,
Аулаққа тастап әрненді
Бүйтіп қалып қалмау ғой...»
«Аузың күйді аулақтан,
Енді жақын салсаңшы.
Қабаған біздің мойнақтан...
Бір күшікті алсаңшы!
Бір күшікті сіз үшін
Берейін, құда, келтіріп,
Жылда талай күшікті
Бос қырушы едім өлтіріп...»

(Абай, II том, 117-бет).

Диалогке өте шебер Крылов, Лермонтов, Пушкиндердің өлеңдерін аудару сол үлгіні қазақ әдебиетіне енгізуге негізгі себеп болды.

Өлеңде өз сөздерінің арасына, қатысушылардың мінез-құлықтарын айқындайтын, соларға тән өздерінің бірді-екілі қысқа-қысқа сөзін кіргізіп отыру әдісі де не қармандардың өз аузынан шыққан сөз арқылы олардың образын жасау әдісі де сол орыс әдебиетіндегі диалог, төл сөздерді қысқа, шебер түрде қолдана білумен байланысты тәрізді. Бірінші, бұл үлгі Абайдан бұрынғы қазақ әдебиетінде болған емес, екінші, Абайдың бұндай өлеңдері оның аудармалық еңбектерінен кейін жазылған.

«Бай алады кезінде көп берем» деп,
«Жетпей тұрған жерінде тек берем» деп,
Би мен болыс алады күшін сатып:
«Мен қазақтан кегінді әперем» деп.
Дос алады «Бермесен, бұлт берем» деп,
«Жауына қосылуға, сырт берем» деп.

«Бұзылған соң, мен оңай табылмаспын,
Неғылып оңайлықпен ырық берем» деп.

(Абай, I том, 46-бет).

2

«Болыс болдым мінекей
Бар малымды шығындап,
Түйеде қом, атта жал
Қалмады елге тығындап.
Сүйтсе-дағы елімді
Ұстай алмадым мығымдап,
Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап...

(Абай, I том, 87-бет).

Мұның біріншісінде автор өз сөзінің араларына оқиғаға қатыстырып суреттеп отырған адамдардың төл сөздерін кіргізе отырса, екіншісінде ұзақ монолог ретінде болыстың өз сөзі арқылы оның мінез-құлқын көзге елестетеді. Алдыңғысының да, соңғысының да адам образын жасауда мәні үлкен.

Абайдың орыс классиктерінен алған өте бір құнды әдісі — сөз арқылы қаһармандарының мінез-құлық, ішкі сыр-сипатын ашу. Бұл — психологиялық суреттеуде ерекше әдіс. Психологиялық суреттеуде ішкі әртүрлі сезім өзгерістері көрсетілсе, мінездеуде адамның бойына берілген өзіне тән, басқалардан ерекшеліктерін суреттейді. Біреу күйгелек, біреу жеңілтек, біреу салмақты, біреу ақкөңіл, біреу сұңғұла — әр адамның өзіне тән табиғи мінездері болады. Әрине, бір адамда бір мінез ғана болуы шарт емес. Бірнеше мінездердің басы қосылып, өте қиыннан қисқан мінездердің болуы мүмкін. Жалпы, әсіресе, бірнеше қаһармандар қатысқан сюжетті ұзақ поэма, роман, әңгімелерде образ — типтердің бірі екіншісіне ұқсап кетпеу үшін, мінездеудің мәні үлкен.

Абайға дейінгі қазақ әдебиетінің қай түрінде болсын мінездеу де өте кенже қалған әдіс болатын. Жырларда не әртүрлі поэмаларда мінездеулер не кездеспейтін, кездесе қалса, жұрнағы, сұлбасы ғана болатын. Жырларда кездесетін батырлардың бір-бірінен онша айрылмай, барлығы біркелкі болып келушілігінің бір сабағы осы мінездеулердің бойы өсіп, бұғанасы қатпауымен байланысты. Батырлар жыры, не сол жырлардағы бір батырдың екіншілерден айырмашылығын көрсетпек болғанда,

көбіне, сыртқы портрет жағынан суреттеу арқылы жеке-лей көрсететін.

Абай қазақ әдебиетінің бұл жемшілігін сезді де, орыс әдебиеті, әсіресе, Пушкин өлеңдерін аудару арқылы мінездеудің тамаша-тамаша үлгілерін қалдырды. «Онегиннің сипаты» деп аталатын «Евгений Онегин» романынан аударған үзіндісі адамның мінез-құлқын қалай суреттеу керектігін көрсетуде, бізше, өзіне шейінгі әдебиетте жоғы былай тұрсын, күні бүгінге дейін теңдесі жоқ мінездеу.

«Жасынан түсін билеп, сыр бермеген,
Дәмеленсе, күндесе, білдірмеген,
Нанасың не айтса да, амалың жоқ,
Түсінде бір кәдік жоқ алдар деген...
Кейде пан, кейде көңгіш орныменен,
Кейде елеусіз, кейде ынтық формыменен.
Кейде үндемей жүрсе де сөзге баяу,
От жалындай жауапкер құрбыменен.
Ғашықтық сөзге жүйрік әсіресе,
«Дем алысым, құмарым бір сен» десе.
Жанын құрбан жолына қылған жансып,
Көз қарауы құбылар әлденеше.
Кейде ұялшақ, төменшік, кейде тіп-тік.
Қамыққансып, қайғырып, орны келсе.
Жай, жаңа кісі болып түк білмеген,
Қалжыңын білдірмейді қалай деген.
Жаның шошыр, ерлігі жаннан бөлек,
Кісіге балдан тәтті орны келген...»

(Абай, II том, 69-бет).

Бірақ, мінездеу жөніндегі Абайдың үзіндісі тек орыс әдебиетіндегі жақсы үлгілерді аударуында ғана емес, өз бойына сіңіріп, өз шығармаларында да үздік өнеге қалдыруында.

Абайдың поэмаларындағы Ескендір, Аристотель, Масхұд, Жәдгөй шал, Әзім, Хан қыз образдарын, олардың әрқайсысының мінездерін жекелеп көрсетуде шеберлігін былай қойғанда, өз кезіндегі болыс, билерді, атқа мінер қуларды сықақ еткен қысқа-қысқа сатиралық — лирикаларының өзінде де адамның ішкі сыр-сипатын өте ашық, айқын етіп көрсетеді («Болыс болдым мінекей», «Мәз болады болысың», «Дүтбайға», «Көкбайға» т. б.) (Дүтбайға).

«Жылуы жоқ бойының —
Жылмиғаны неткені?
Құбылуы ойының —
Кетпей құйтың еткені.
Мұңды жылмаң киімін

Кезек киіп, ел жиып,
Болыс болса, түсінің
Түксігін салар тырсыып.
Бір көрмекке тәп-тәтті
Қазаны мен қалбаңы.
Дөң айналмай ант атты,
Бүксіп, бықсып ар жағы,
Сенен аяр түгі жоқ,
Бүгін жақсы көрініп.
Бүгін жалын, ертең шоқ.
Сөзі мен өзі бөлініп.
Әлі үміт, әлі серт.
Жын сықылды бұзылып.
Қулық емес, бұл бір дерт,
Тұрлауы жоқ құбылып...»

(Абай, I том, 214-бет).

Улы сарказммен жазылған сатиралық осы кішкене өлеңнің өзінен де ақынның мінездеуге қандай ұсталығын көру қиын емес. Сондықтан, басқа мысалдар келтірмесек те болады.

Жоғарғы айтылғандарды қорытсақ, Абайдың аударма жөнінде де қазақ әдебиет тарихында орны айрықша екендігін көреміз.

Бірінші, бұл — қазақ әдебиетінің даму жолындағы күрделі жаңа адым. Екінші, қазақ жұртшылығын ұлы идея, үлкен қор, жоғарғы сатыдағы әдебиетпен таныстырып, екі елдің рухани тіршілік мәдениет, әдебиеттерін байланыстыруға берік дәнекер болды. Үшінші, орыс әдебиетін жақсы аудару, олардың үлгісінде жаңа образ, жаңа сөз, сөйлем, қазақ әдебиетінде бұрын жоқ әртүрлі әдістерді әдебиетке кіргізіп, қазақтың әдеби тілін бұрынғыдан да байытып, дамытты, ілгерілетті. Төртінші, шет тілден өлеңдерді қалай аудару керек екендігінің бірінші рет жолын салып, кейінгілерге үлгісін пішіп берді.

Абай аудармалары — бүгінгі аудармашылар үшін де көрнекті үлгі.

XIV тарау

ТІЛ ТУРАЛЫ АБАЙДЫҢ ӨЗ КӨЗҚАРАСЫ

Абай өлеңдерінің поэтик тілдерін ауыз әдебиеті, өзінен бұрынғы, өз кезіндегі тарихи әдебиет тілдерімен салыстыра зерттегенде, сөйлемнің жалпы құрылысына, мағынасына қатысы жоқ кездейсоқ сөздердің кездеспейтінін, әрбір сөз, әрбір образдары сөйлемдегі ойдың бір керегіне жарап, айтайын деген пікірлеріне дайын байланыстылығын, сөйлемде сөз орындары ауыстырылса, олардың өзі де белгілі бір заңға сүйенетіндігін көрдік.

Мұның негізгі себебі, әрине, ақынның таланты, сезім күшімен байланысты. Қандай ақынды алсақ та, өз сезгенін, өз ой-пікірін айту үшін сөзді күні бұрын іздемейді, сөз ой мен сезімге ере туады. Ақындар әр кезде терең ойды толқыған сезімге суарып сөз арқылы жарыққа шығарады. Сондықтан, поэзияның тілі — ой-пікірдің тілі ғана емес және сезімнің де тілі. «Жазушы образ арқылы ойлайды» дейтін Белинскийдің жұртқа мәлім формуласының мәні осында.

Ақын-жазушылардың образдарында ой мен сезім қиюын таптырмай, әрдайым жымдасып жатады. Жай қара сөз, ғылымдық мақалалардан поэзия, көркем қара сөздің тілдерінің айырмашылық жағы да осында.

Көркем тіл ой ғана емес, сезімнің көлеңкесі екенін Абай да жақсы түсінген. Сондықтан да ол:

«Ет жүрексіз ернің айтпа сөзін,
Тіл үйренген нәпсінің қу мінезін...» —

(Абай, I том, 205-бет).

дейді. Бірақ, бұл айтылғандардан ақындар өнебойы тек сезімнің жетегіне ере береді деген ұғым тұмауы керек. Сөз талғау, сөз таңдау ұдайы ой толқыны, сезім түйсінгеннен туса да, негізінде солай болғанмен, әсіресе, жазба әдебиеттің өкілдерінде өз шығармаларының тіліне айырықша көңіл бөлу, жөндеу олардың творчестволық жұмыстарында ерекше орын алады. Саналы түрде, өз еңбектеріне сын көзімен қарап, талай сөзді сызып, талайын өшіріп, олардың орнын, ой-сезімін дәл бере алады деген басқа сөздермен алмастыруды біз Пушкин, Лермонтовтар тәрізді ұлы ақындардың қолжазбаларынан да жиі ұшыратамыз. Сонымен қатар, тіл мәселесіне мәдениетті ақындардың саналы түрде қарап және үлкен мән беретіндіктеріне орыс, не басқа елдер әдебиет тарихынан да айқын көруге болады.

Пушкин, 1835-жылғы өзінің Дуровқа жазған хатында «... Сөз неғұрлым түсінікті болса, ол солғұрлым жақсы. Ең негізгі нәрсе — шындық, шын ниет...» дейді (230).

Дәл осы пікірді оның замандастары Баратынский де айтады: «... Егер сөз туралы тоқталсақ, біз жазғанда бір-бірімізге ойланған ойымызды жеткізу үшін жазамыз, егер оны дәлдеп айтпасақ, біздің ойымызды басқалар қате түсінуі, не мүлде түсінбеуі мүмкін. Онда не үшін жаздық...» (231).

«... Жазғаныңызды қолдан желгенше, түсінікті етіп жазыңыз. Қандай ойды айтпақсыз, оның бәрі бір. Айтпағыңыз жаңа, бұрын ешкім қозғамаған нәрсе болса, нұр үстіне нұр, ол жаңа пікірді айту үшін қолданатын сөздерің ешуақытта түсініксіз, жасалынды сөз болмасын...» (232).

Біздің қазақ әдебиеті тарихында, жалпы искусство, поэзия, оның тілі туралы жоғарғы аттары аталған классиктердің ой-пікірлерінің дәрежесінде пікір айтқан ең бірінші акын Абай болды.

Мақсатым — тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан, сауық ойда жоқ, әуел баста-ақ...»

(Абай, I том, 82-бет).

деп ақын өзінің оқушыларымен сырласқан бір өлеңінде өлең жазудың алдында тұрған екі мақсатын ашып айтып, «тіл ұстарту» мәселесін бірінші орынға қойса, екінші өлеңінде:

«Өлең сөздің — патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.
Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол — ақынның білімсіз бишарасы.
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.»
Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын,
Қазақтың келістірер қай баласы...»

(Абай, I том, 78-бет).

Және бір өлеңінде:

«Өлең деген — әр сөздің ұнасымы,
Сөз қосарлық, орайлы жарасымы.
Сөзі тәтті, мағнасы түзу келсе,
Оған кімнің ұнасар таласуы...»—

(Абай, I том, 81-бет).

деп, өлең, сөз, тіл деген не нәрсе, олардың әрқайсысына өзінше анықтамалар береді.

Абайдың бұлардан басқа да тіл туралы айтқан сөздері көп, олардың әрқайсынан үзінді келтіріп жатпай, тек осы сөздерін талдап өтсек те, ұлы ақынның тілге өз көзқарасын тануға болатын секілді.

Абайдың поэзияға тілі жағынан қоятын шарты ең алдымен «жеңілдік» (түсінікті), «жүрекке жылы тию» (сезімге әсер ету) «мағынасының түзу келуі». Осыларды жинақтай келіп Абайдың өзі қалдырған формуласымен айтсақ: «іші алтын, сырты күміс»,— жақсы сөз, міне поэзия — өлеңнің тілі. Бұл формула: сөздердің түсініктілігін де әдемілігі — сезімге әсер ету жағын да, мазмұнының терең болуын да толық қамтиды. Сөз дәлдігін бұзатын екі-ұштылық, түсіну, ұғымды ауырлататын жасандылық, сөз, сөйлемдердің көркемдік қасиеті, мазмұнын сұйылтатын мағнаға қатысы жоқ, орынсыз шет сөз қолданушылық — бәрін де Абай өлеңінің құнын түсіретін нәрсе деп қатты сынады, мейлінше қарсы болды.

дейді. Сөйтіп, Пушкин, Тургенев Лермонтов, Белинский тағы басқалардың тіл туралы айтқан құнды пікір, өрнекті үлгілеріне дәл келетін ой пікірді қазақ әдебиет жағдайына лайықтап, кейінгі ұрпаққа өнегелі сөз қалдырушы қазақта бірінші ақын Абай болды.

Бұл пікірді, жоғарғы орыс жазушыларының сөздерін оқып, сонан кейін айтты ма? Әлде бұл қорытындыға ақын өз бақылауымен келді ме? Міне, осының жігін аша кетелік.

Екі елдің ақындарының дәл келген кейбір сөз, образ, не сөйлем, не кейбір афоризмдеріне қарап, мынау анадан алған екен, деп оп-оңай, шалақ қорытынды жасаушылар көп болады. Біз ол пікірден аулақпыз. Әдебиет тарихында, әсіресе, ауыз әдебиетінде бір сюжеттің бір-бірімен ешбір байланысы жоқ екі елде де кездесе беретіні тәрізді, дәлме-дәл, не оған жақын келетін ой, пікір, образды сөз, сөйлем афоризмдер де әдебиетте кездесе береді.

Қазақтың: «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» деген мәтелі, не татардың: «бірде олай, бірде бұлай дүние шолай айнала» дейтіні. «Барлық нәрсе өзгереді, бір қалыпта тұрмайды» дейтін Гераклиттың сөзін оқығандықтан айтылды деуге болмайтыны өзінен өзі айқын нәрсе. Бірақ мазмұндарында еш өзгешелік жоқ. Сол мазмұнды хат білмейтін қазақ та, татар да басқа сөзбен айтып берген. «Көңілдегі көрікті ойдың, ауыздан шыққанда өңі қашады» дейтін Абайдың өзі айтқан әйгілі афоризмнің мазмұнын дәлме-дәл түрде, 1934 жылы, Горький өлгенде жазған мақаласында француздың атақты жазушысы Ромен Роллан айтты. Ол өзінің мақаласын, «... Горькийдің өлгенін естігендегі күйінішімді айтып беруге тілім жетпейтін секілді. Сондықтан, ол туралы әуелі мүлде ешнәрсе жазбайын деп бір ойладым...» деп бастайды. Жоғарғы афоризмде де осы пікір. Бірақ, Р. Роллан да Абайды оқыған жоқ. Мұндай кездейсоқ дәл келу бола беруге мүмкін.

Сондықтан, тіл туралы Абайдың пікірлерінің орыс классиктерінің айтқан пікірлерімен дәл келулері не еліктеу, не олардың пікірін қайталау емес, өз қорытындысы, өз бақылауларының нәтижесі. Мұның негізін ең алдымен

Абайдың өз творчествосынан, өзінің жалпы өмірге, сол өмірдің сәулесі болған искусство — әдебиетке көзқарасынан іздеуіміз керек.

Қазақ тарихында искусство, поэзия өзінің не нәрсе екендігін, кім үшін керектігін бірінші рет Абайдан естіді. Оған дейін қазақтың искусствосы, әдебиеті ешкімнен ешқандай баға алған емес. Абайдың:

«Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.
Өмірдегі қызықтың бәрі өлеңмен,
Ойлансаңшы бос қақпай елең-селең» —

(Абай, I том, 81-бет).

деді. Бір жағынан ақын қазақтың өз өміріндегі поэзияның қандай ролі барлығын көрсетсе, екінші жағынан ақынның искусствоға берген, өзінше, жалпы бағасы болатын.

Алғашқы коммунизм қоғамынан бері искусство әрі өмір сәулесі, әрі адам тіршілігінің бір құралы болып, адам қоғамның даму тарихымен бірге жасасып келеді. Қай дәуір, қандай қоғамды алсақ та, *искусствосы* жоқ елді тарих білмейді. Мәдениеті төменгі сатыда тұрған елдердің искусствосы да төменгі дәрежеде болады, ол сөзсіз. Бірақ, болады. Өзінше, сол елдің рухани және тіршіліктің бір құралы боп жұмыс атқарады десек, Абайдың искусство туралы айтқан жоғарғы пікірі осыған дәл келеді.

Айрықша тоқтап, ән искусствосы туралы жазған өлеңінде әннің әр түріне Абай құнды-құнды бағалар береді.

«Көңіл құсы құйқылжып шар тарапқа,
Адам ойы түрленіп ауған шақта,
Салған ән — көлеңкесі сол көңілдің,
Тактысына билесін ол құлаққа.
Шырқап, қалқып, сорғалап, тамылжиды,
Жүрек тербеп оятар баста миды.
Бұл дүниенің ләззаты бәрі сонда,
Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды.
Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,
Оның тәтті, оралған мәні оятар.
Кейі зауық, кейі мұң, дертін қозғап,
Жас балаша көңілді жақсы уатар.
Адам аз мұны біліп ән саларлық,
Тындаушы да аз ол әннен бәһра аларлық.
Мұнмен шыққан оралған тәтті күйге
Жылы жүрек қайда бар қозғаларлық...

Көбінесе, ән басы келеді ашы,
«Кел тыңда!» деп өзгеге болар басшы.
Керім толған тауысар, қаңғыр-күнгір,
Сол жеріне ойыңмен араласшы!
Әннің де естісі бар, есері бар,
Тыңдаушының құлағын кесері бар.
Ақылдының сөзіндей ойлы күйді,
Тыңдағанда көңілдің өсері бар...»

(Абай, I том, 187-бет).

«Алты өлеңмен білдірдім әннің жайын» деп ақынның өзі айтқандай, жалпы әнге, оның әр түріне берген бағасы осы алты шумақта түгел қамтылады. Сондықтан, басқа ән туралы өлеңдеріне тоқталмасақ та болатын тәрізді.

Абай искусствоның қай түрі болсын оның мәнін, өзіне тән ерекшелік қасиеттерін терең ұғынды. Шын мәніндегі искусство не? Ол қалай жасалынады, қалай жасау керек? Олардың әлеуметтік мәні қандай? деген сұрақтарға жауап іздеп дұрыс баға бергендігін жоғарғы үзінді келтірген: «Туғанда дүние есігін ашады өлең», «Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы», «Көңіл құсы құйқылжыр шар тарапқа» деген өлеңдерінің өздері-ақ дәлелдейді. Ән, өлең, жырларды Абай өте жоғары бағалап, ақындардың шын өз мәніндегі искусство жасауларын, өлеңнің искусстволық дәрежесін жоғары көтерулерін талап етіп, бағасын төмендетуге, өлеңнің беделін түсіруге себепші жайыттардың қандай түріне болса да Абай аяусыз соққы беріп, қатты күрес ашты.

«Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,
Мақалдап айтады екен сөз қосарлап,
Ақындары ақылсыз, надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап.
Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.
Әр елден өлең менен қайыр тілеп,
Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап...» —

(Абай, I том, 78-бет).

деп Абай тағы бір өлеңінде біреулерді мақтап мал табатын ақындарды «сөз қадірін кетірушілер» деп қатты шенесе, екінші өлеңінде:

«Сый дәметпе, берсе алма еш адамнан,
Нең кетеді, жақсы өлең, сөз айтқаннан.
Сүйінерлік адамды сүй, қызмет қыл,
Аулақ бол әнін сатып ақша алғаннан»

(Абай, I том, 82-бет).

деп жоғары сатыдағы, шын искусство поэзия жасаудың жолын көрсетіп, басқаларға ақыл береді.

Бірақ, Абай «искусство искусство үшін» деген пікірден аулақ. Жоғарғы дәрежедегі поэзия жасаса, өлеңнің қадірін түсіретін «көр-жерді» сөз етуден, «мақтап мал табамнан» аулақ бол дегенде, поэзияның мақсатын ақын тек қана әдемілікті жырлау демейді. Бұл пікірге де Абай қарсы. Поэзияның әлеумет өмірімен нық байланысты болып, оның бір керегіне жарауы қажет деген тілекті Абай әрдайым бірінші орынға қояды.

Жоғарғы тілмен байланысты айтылған:

«Мақсатым — тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып, көңлін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан, сауық ойда жоқ әуел баста-ақ»—

(Абай, I том, 82-бет).

Дейтін сөзінде «искусство искусство үшін» деген теорияға қарсы екендігін де, өлеңді жұртшылық тілегі үшін жазу негізгі нысанасы екендігін де ақын ашық айтады. Ақын осы пікірін екінші өлеңінде бұдан да көрі тереңірек түрде баяндап:

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жок, барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін» —

(Абай, I том, 101-бет).

дейді. Сөйтіп, Абайдың өлеңге де, әнге де қоятын шарттары осылар. Искусство әлеумет өмірінен тыс, өз алдына бір нәрсе емес, өмір тіршілігі үшін, оқушыларын жақсылыққа, адамгершілікке жетектеп, тәрбие құралы болуы керек мұнарадан қарап, жұртшылықты осы көзқарасқа үндейді.

Абайдың тілге зор көңіл бөлуінің негізгі тамыры, міне осында, яғни, поэзия, қысқасы искусствоны, оның әлеуметтік мәнін терең ұғынуда жатыр. Поэзияны әлеумет өмірінің күшті құралы деп танушылық, сол міндетті атқара аларлық шын мәнісіндегі сөз искусствосын жасау тілегі осыны қажет етсе, ондай жоғарғы сатыдағы сөз искусствосын жасауда тілдің негізгі құрал екендігін ұғынған Абай тілді ерекше мәселе етіп қоймауы мүмкін де емес еді. Сондықтан да, Абай тілді бірінші орынға

қойып, өлеңнің әр сөз, әрбір сөйлемі үшін жаны ауырып, бір сөзді орынсыз қолданушыларға аяусыз күрес ашып, («Мұнда жоқ алтын иек сары ала қыз»), «сөз қадірін кетірушілерге» өлтіре соққы берді. Сондықтан да біз Абайдың поэзия тілі жөніндегі терең, құнды пікірлерін ақынның өз табысы, оның өз творчествосы өмірге өз көзқарасы мен тікелей байланысты, түп тамыры осында дейміз.

XV тарау

ҚАЗАҚТЫҢ ӘДЕБИЕТІН ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ТІЛІН ДАМУ, ІЛГЕРІЛЕТУДЕГІ АБАЙДЫҢ ТАРИХИ МӘНІ

(Қорытынды)

Абай қазақтың әлеумет өміріндегі әртүрлі қайшылықтардың шорласқан кезінде өмір сүрді дедік.

Абайдың кезі қазақ даласында ескі феодалдық қоғам құрылысының әлсіреп, капитализм элементтерінің кіре бастаған кезі болатын.

Тарих белінде түйіскен екі түрлі жүйе (система) бір-біріне оңайлықпен жол бере қоюы қиын еді. Сондықтан, талас-тартыстың болуы заңды еді. Бұл кездің өзінде, дегенмен, феодалдық құрылыс әлі күшті, қаусауы жетіп болмаса да, болашағы бұлдыр болатын. Ал, қазақ даласына жайыла бастаған капиталистік элементтердің алдыңғымен салыстырғанда болашағы мығым еді.

Капитализм элементтерінің қазақ даласына қанат жая бастауымен байланысты әртүрі жаңалықтар да ене бастады. Оқу, өнер-білім т. б. мәдениетке қол созу бұл кезде әлеумет өміріндегі прогресшілдердің айрықша көңіл бөлген мәселелері болды. Олар Шоқан Уәлиханов, Ыбрай Алтынсарин тәрізді мәдениетті оқымыстылар болатын. Бұлар ескілікке қарсы негізгі мәселенің бірі етіп ағарту мәселесін қойды.

Бірақ, әлеумет өміріндегі қайшылық, тартыстар тек ескішілдік пен жаңашылықтың маңында ғана емес, басқа

да мәселелердің талас-тартыстары көп еді. Ең алдымен, сол ескі феодалдардың өз араларындағы ескіден келе жатқан ру тартысы, сауда капиталының өкілдерінің өзара бәсеке таласы, мұның үстіне тап осы кезде шыққан штат, болыстық, старшиндыққа таласу, тағы басқа жесір дауы, жер дауы тағы басқалар. Осылардың арқасында жарқ еткен құйрықты жұлдыздай қазақты басқа мәдениетті ел қатарына қалай жеткізу керек, қайткенде алауыздықтан құтылып, бір бүтін ел болады деген үлкен идеяда жүрді.

Адамның мінез-кұлқы, өмірге көзқарасын айқындауға, жоғарғы қайшылық, тартыстардың әрқайсысының өзінше мәні болды.

Жоғарғы айтылғандардың үстіне бұл кез Россияда бұрынғы халықшылдардың, онан кейін демократияшыл әр текті интеллигенттердің патша үкіметімен белдесіп майданға шыққан күрестің қызу кезі болатын. Россияда болған бұл үлкен тартыстардың алыстағы жаңғырығы мен дүмпуі қанаттас отырған ұсақ ұлттарға да жетіп жатты. Осылардың бәрін қоса алып қарасақ, бұл кез әртүрлі тарихи жағдайлардың өте бір шорласқан, шиеленіскен кезі болды. Міне, тап осы кезде Абай тарих сахнасына шықты.

XIX ғасырдың 70—80 жылдарында Абай үлкен білімді, ой-санасы әбден толысқан ақын. Сондықтан, ол әртүрлі әлеуметтік ірі-ірі мәселелерге басқаларша емес, тереңірек қарады. Қазақтың әлеуметтік өмірінде не болып жатыр, соны ғана бақылап қойған жоқ, көршілес елдерде, әсіресе, мәдениет, ой-пікір жағынан озық алда отырған Россияда не болып жатыр, оған да көз тіге білді. Сонымен қатар, бұл кез оның өз бойындағы талант, ақындық қабілетінің де кемеліне келген кезі болады.

Бұл тәрізді үлкен қайшылықтар кейбір әлсіздерді бағырып, жоқ етіп жіберсе, зор күш, ірі таланттарды жарыққа шығарып кетеді. Сөйтіп, Абай жалғыз қазақтың әлеумет өмірінің қайшылықтарының ғана емес, XIX ғасырдың екінші жарымындағы бүкіл Россия өміріндегі зор қайшылықтардың нәтижесінде тарихи белге шықты.

Абай алдындағы Шоқан Уәлиханов, ақынның өз замандасы Алтынсарин Ыбрай тағы басқа солар тәрізді сол толқынның ішінде жарқ еткен шам сәулесіндей өз елін алға апару, мәдениетті ел ету идеясын колданған, өз кезінің алдыңғы қатарындағы ой-сананы берік ұста-

ған адамдардың, олардың басқа да сол XIX ғасырдың екінші жарымындағы әртүрлі прогрестік ой-пікірдің бәрінің де келіп құйған ұлы арнасы — Абай, Абайдың ұлы еңбектері.

Абай шығармаларынан қазақтың әлеумет өміріндегі жоғарғы айтылған өмір шындығы түгел орын алды деуге болады. Қазақ өмірінің қай саласын алсақ та, Абайдың тоқталмаған мәселесі кемде-кем шығар.

Өнер, білім, дін, философия, ғылым, искусство, әділдік, жауыздық, достық, қастық, адамгершілік, махаббат, елдік, бірлік, тәлім-тәрбие, өмір, өлім, кәрілік, тәңір, табиғат, қысқасы, өмірдің әр алуан саласы — Абай шығармаларының негізгі тақырыптары. Бұлардың көпшілігі бүкіл адам баласының, жер жүзінің ұлы жазушыларының бәрі де сөз еткен, бәрі өз пікірін айтқан тақырыптар. Абайдың солармен қатар түсіп, жалпы адам баласылық тақырыпты жыр қылып, қазақ даласынан оларға үнін қосуы ұрпағы үшін мақтанарлық ісі еді десек, сол тақырыптардың барлығы Абайда бір идея, бір мақсатқа бағыныңқы. Ол — идея, ол — мақсат: қазақ халқын елдік бірлігі күшті, ар-намысы мол, еңбек сүйген, іргесі берік, мәдениетті ел ету, сөйтіп, оны басқа алдағы елдің қатарына жеткізу еді.

Абай не жазсын, қандай тақырыпты жыр етсін, ізін қуаласақ, түп тамыры сол ел тілегінде жатады. Өз кезіндегі әлеумет өміріндегі әртүрлі мінез-құлық, іс әрекеттерді қатты шенеп, мінесе де, адамгершілік, оқу-өнер үйрен деп басалқалық айтса да, жалқаулықты мысқылдап, еңбек етуге шақырса да — түйіні қазақты мәдениетті, өнегелі ел ету. Қайғы, қуаныш — бәрі де осыған келіп тіреледі.

Жалпы елдік, өнер, ғылым мәселелерін Шоқан (Чокан) Уәлиханов та, Ыбырайлар да көтерді, олар да халықты елдік, өнер, білімге шақырды. Ендеше, Абайдың олардан айырмасы қайсы? Бізше Шоқан да, Ыбырай да бұл мәселелер жөнінде жақсы тілек, жалаң үгіттен әрі бара алған жоқ. Әрине, бұл айтқанымыз, қазақтың бірінші демократ интеллигенті, бірінші үлкен ғалымы Шоканның да, өз кезінің үлкен ағартушысы, қазақтың бірінші педагог, бірінші көркем қара сөз жазған және жазба әдебиет тарихында балалар әдебиетінің атасы болған Ыбырай Алтынсаринның да тарихи мәндерін кемітпейді. Бәлкім оларсыз Абай — Абай да болмаған бо-

лар еді. «Атаны көріп ұл өседі, ананы көріп қыз өседі» дейді қазақ мақалы, сондай-ақ, Шокан, Ыбырайлардың Абай үшін де мәні зор.

Бірақ, Абайдың олардан әлеумет өмірі, қазақ тарихында бұл мәселелер жөнінде де өзінше ерекшелік орны бар.

Абай қазақты мәдениетті іргелі ел етуге тек қана үгітші болып қойған жоқ, әрі үгітші, әрі насихатшы, әрі күрес ері болды. Елді ел етерлік жақсылыққа үндеп, ақыл айтып, басшылық етсе, елді қор ететін «ала жылан, аш бақа» күпілдектерге, алауыздық, партиягершілік, сұм-сұрқыя не азғындықтарға қарсы күрес ашып, аяусыз соққы берді. Бұл жағынан Абайдың алдындағылар былай тұрсын, онан кейінгі қазақ оқымыстыларынан да Абаймен ешкімді қатар қоюға болмайды.

Сөйтіп, өз кезіндегі әлеумет өмірінде болған сан қайшылық талас-тартыстардың бірінің де жетегінде кетпей, олардың әрқайсысын өзіне сабақ етіп, өз халқының тағдыры үшін қайғырып, өз бойындағы бар асылын сол халықтың мүддесі үшін жұмсап, өз еліміздегі және мәдениетті елдердегі, әсіресе орыс еліндегі алдыңғы қатардағы халықтық жақсы идеяны ту етіп, елін ілгері бастауы қазақ халқы үшін оның тарихи әлеуметтік мәні де, тарихта орынының зорлығы да, жалпы айтқанда, міне, осында.

Сонымен қатар, Абай тарихтың оған артқан жүгі тек әлеумет мәселесі ғана емес, келешек ұрпағының алдындағы өзінің ақындық міндетін, яғни, әдебиет мәселесін де жүктегенін Абай жақсы ұғынды, сондықтан, ол өзінің барлық мүмкіншілігін бұл жолдан да аяған жоқ.

Абайға дейінгі ауыз әдебиеті, тарихи әдебиетті алсақ, қазақ өлең құрылысының үш-ақ түрі болатын:

1. Он бір буынды.

2. Жеті буынды.

3. Аралас буынды, (Бұған кіретіндер әнге арналған өлеңдер мен жырларда көп кездесетін көп жолдары жеті буын, кейде, сегіз буын да аралас келіп отыратын өлеңдер). Мысалы:

Қара таудың (басынан) көш келеді,

Көшкен сайын (бір тайлақ) бос келеді.

Ел-жұртынан (айрылған) жаман екен,
Екі көзден (мөлдіреп) жас келеді (233).

«Алты қырлы ақ мылтық,
Ата алмасам (маған серт)
«Толғауыма (шыдамай).
Толықсысаң (саған серт) (234).

«Бір толарсақ, (бір тобық) санда болар жар-жар-ау,
Қырық кісінің (ақылы) ханда болар жар-жар-ау
«Әкем-ай!» деп (жылама) байғұс қыздар/, жар-жар-ау,
Әкең үшін (қайын атаң) онда болар жар-жар-ау» (235).

(Жырларда келетін түрі):
Бір азырақ// жырлайын,
Боз торғайдай// шырлайын,
Босағасы биік// біреуді,
Баса келіп// қорлайын...» (236.)

Абайға дейін қазақтың өлең құрылысының барлық түрі осы үшеуі-ақ Қазақтың өлең құрылысы силлабалаық өлең құрылысының жүйесіне жататындықтан, негізгі өлшеуіші — буын. Буыны жағынан ауыз әдебиетінің де, Абайға дейінгі тарихи әдебиеттің де жеткен жері осы еді. Және бұл түрлер қазақта әбден тұрақталып, бекіп алған түр еді.

Абай ең алдымен қазақ өлеңдерінің осы жағына көңіл бөлді.

Дәуірдің өзгеруі, ой-сананың ілгерілеуі, әлеумет өмірінің жалпы дамуы жаңа мазмұнды туғызса, жаңа мазмұн жаңа түрді керек етті. Асқан талант, аңғарымпаз ақыл, өз тұстастарына қарағанда анағұрлым үлкен мәдениеттілік — бәрінің жиынтығы ақынның жаңа кезеңдегі жаңа ой-санасы, жаңа мазмұнды айтып беруі үшін жаңа түр табуына әкеліп тіреді.

Ескерту: Қазақтың он бір буынды өлеңдері бунактарының орны ауысып түсуіне қарай өзара үшке бөлінеді. Бас бунағы 3 буынды орта бунағы 3 буынды, аяққы бунағы 3 буынды. Жалпы саны 11, одан өзгермейді.

Аузың бал, // қызыл гүл,
Ақ тісің // кір шалмас...»

{Абай, I том, 135-бет}.

II. Аралас буынды:

1. Алыстан сермеп, //
Жүректен тербеп, //
Шымырлап бойға // жайылған, //
Қиядан шауып, //
Қисынын тауып, //
Тағыны жетіп // қайырған
Іс-қауы тоқсан // қызыл тіл, //
Сөйлеймін десең, // өзің біл..»

(Абай, I том, 95-бет).

2. Сайрай берер, тілім //
Сарғайған соң // бұл дерттен!
Бүгілді белім, //
Жар тайған соң // әр серттен //
Қамықты көңіл //
Қайтсе болар жеңіл?..»

(Абай, I том, 103-бет).

3. «Бойы былғаң,
Сөзі жылмаң
Кімді көрсем // мен сонан //
Бетті бастым, //
Қатты састым, //
Тұра қаштым жалма-жан //»

(Абай, I том, 143-бет)

4. «Сен мені // не етесің? //
Мені тастап,

келтірген осы мысалдардың өзі де жеткілікті, сондықтан, осы жаңалықтарды қалай кіргізгені туралы аз тоқталып өтелік.

Абай қазақ өлеңдеріне әртүрлі жаңалықтарды, бізше, үш түрлі жолмен кіргізгенге ұқсайды. Кейбір өлеңдерін әнге арнап жазған. Кейбір өлеңін қазақта бұрыннан бар өлеңдердің ізімен жаза келіп, аяғына жаңаша бунақ, буындар қосып, жаңартқан, кейбір өлеңдерді басқа елдердің ақындарының өлең құрылысына еліктеп, сол әдіспен жаңа түр жасаған.

Бірақ, Абайдың үлкен шеберлігі соларды тек түр етіп енгізуінде ғана емес, түрін мазмұнына сай етіп, оқушылардың көңіліне қондыра білуінде. Оның басқа елдердің ақындарына еліктеп шығарған өлеңдері болсын, әнге арналған өлеңдері болсын, не әртүрлі әдіспен ескі өлеңдерге жаңаша түр берсін — бәрі де құлаққа жұғымды, көңілге қонымды келеді. «Сегіз аяқ», «Қор болды жаным» тәрізді белгілі әні бар өлеңдердің өзі де Абайға дейінгі «Аралас буынды» өлеңдердей емес, әнсіз жай оқығанында өзінің өлеңдік, не көркемдік қасиетіне, не мазмұнына ешбір нұқсан келмейді.

Бұрынғы «аралас буынды» өлеңдердің қайсысы болсын әнсіз, өлеңдік қасиеті аз болатын. Абайдың бұл да — үлкен шеберлігінің бір тамыры. Сонымен қатар, Абай өлеңінің жаңа түрі, жаңа құрылысына өте сақ, өте саналы түрде қараған ақын.

Шу дегенде құлағың тосансиды,
«Мұндай сөзді өскесін бұрын көрмей» —

деп, ақынның өзі айтқан сөзі өлеңінің тек мазмұны ғана туралы айтылған жоқ және түрі туралы да айтылған еді. Абай олай деп айтпаған күнде де, мұны жоғарғы келтірген мысалдардың өзінен де аңғаруға болады. Абайдың жаңалық деген бір өлеңін тұтас алып, құрылысын байқасақ, оның бірінші шумағындағы әр жолдың буын сандарының екінші шумағында дәлме-дәл қайталанып отырылуы, сөз жоқ, ақынның өзі енгізген жаңалықтарға саналы түрде көзқарасы болғандығын көрсетеді.

Қазақтың өлең құрылысына жасаған бұл тәрізді ірі төңкерісі Абайдың тарихи ұлы еңбегінің және бір негізгі саласы.

Қысқарта айтқанда, Абайдың тарихи зор мәні қазақ

тарихындағы ерекше, өз кезіндегі әлеумет өмірінің айқын айнасы болып, өз кезінің алдыңғы қатардағы әлеуметтік ой сананың жиынтығы, сарқынды — сіріндісі бола алуында. Бұл бір. Екінші: өз дәуіріндегі жаңа мазмұнға жаңа түр іздеп, қазақтың өзіне шейінгі өлең құрылысына үлкен төңкеріс жасап, қазақ өлең құрылысын жаңа арнаға салып, жаңаша түр енгізіп, ол түрлерді қазақтың тіл, өлең құрылысына табиғи етіп жасай алуының арқасында, оны қазақ поэзиясына сіңіре алуында. Бұл екі.

Бұл айтылған екі түрлі Абайдың ірі еңбегінің әдебиет тарихы, теория мәселесі үшін мәнінің зорлығы, орнының айрықшалығы қосымша дәлелді керек етпейді.

Осы айтылған үлкен тарихи мәні бар екі мәселемен нық байланысты үшінші және бір мәселе келіп шығады. Бұл, осы еңбектің негізгі тақырыбы және осы тараудағы (қорытындыға) айтылмақ пікірдің де негізгі түйіні — қазақтың әдебиет тілін жасау, дамыту, ілгерілетудегі Абайдың мәні мен тарихи орны қандай деген мәселе.

Абай өз кезіндегі алдыңғы әлеуметтік ой-сананың жиынтығы, қазақтың өлең құрылысына үлкен төңкеріс жасаған новатор болды десек, қазақтың әдебиет тілін дамыту, байытып, ілгерілетуде де осы пікірді айтамыз.

Абайдың әдеби тіліне не жаңалық енгізіп, қандай өзгеріс жасағаны, қай жетігін қалап қайта тұрғызғаны, нені дұрыс көріп, дамытып ілгерілеткені, нені шет қақпай жасап, не нәрсеге қарсы күрес ашқаны, жалпы да, поэтик тілдердің әр түрмен байланысты конкрет түрде де, бұл еңбектің ұзына бойына айтылып, өзіне дейінгі әдебиет нұсқаларымен келтірген мысалдарды Абайдан алынған мысалдармен салыстыра отырып дәлелделініп өтті. Сондықтан, Абайдың поэзиясының тілі жөніндегі айтылған барлық пікірлерімізді жинақтасақ төмендегі қорытындыларға келеміз:

Бірінші: ең алдымен Абай түр-мазмұнының түрі болуы керек, ұлттық түр, әлеуметтік, адам баласылық идеяны айтып беру үшін жұмсалуы керек, әр сөз мағна жағынан дәл, пікір анық түсінуге жеңіл және сөйлемде не екі ұшты, не сөйлемдегі ойға тікелей қатысы жоқ сөз болмауы керек деген принципті қатты қойып, өз шығармаларының үлгісінде көрсетіп және қазақ тілінің байлығы қандай ой-пікірді айтып беруге болсын, негізінде сөзі жететіндігін де айқындап берді.

Екінші: Абай қазақ тілінің араб, парсы, татар сөздерімен қатты шұбарланып, қазақ тілінде деген кейбір өлеңдерді қай тілде екенін айыру қиын халге жеткен кезінде тарихи сахынаға шығып, қазақ тілін орынсыз шұбарлаушыларға аяусыз соққы беріп, ана тілін таза сақтады. Әдебиетке жаңаша бағыт беріп, өзінен кейінгі ақындарға үлгі қалдырды.

Үшінші: Қазақтың өзіне дейінгі тіл байлығын, шығыс, орыстың классик поэзияларының үлгілерін меңгере отырып, қазақтың әдеби тіліне өзіне дейінгі әдебиеттерде қолданылмаған жаңа сөз, жаңаша сөйлем құрылыстарын енгізді. Әйтсе де, Абай тіл жөніндегі енгізген жаңалықтарының негізі етіп жасалынды жаңа сөздерді емес, жаңа сөйлем, жаңаша сөйлем құрылыстарын алды. Бұрынғы әдебиеттерде қолданылмаған, бірақ, қазақтың жалпы тілінде бар сөздердің жақсыларын теріп, өлеңдеріне кіргізіп, жеке алғанда сөздер бұрын болса да, Абайдың қолданысындай түрдегі байланыста қолданылмайтын, сондықтан жаңа саналатын сөйлем, сөз құраулар өзінің тілдегі жаңашылығының негізгі тірегі етті. Мұны ол өз мағынасында қолданылатын сөздерде де, ауыстыру мағынасында қолданылатын (тропа) сөздерде де және фигураның түрлеріне де қолданды. Сөйтіп, Абай қазақта бұрын олай қолданылмайтын сөздерінің жаңаша байланыстарын жасай, мұны қазақтың әдеби тілінің классикалық үлгісін жасады.

Төртінші: Қазақ әдебиетінде ескіден келе жатқан ой-сананың сәбилік дәуірі — бала кезімен байланысты туған тілдегі әсірелеу, литоталық поэтик тілдерді ескілік санап, оның орнына өмір шындығымен нық байланысты, өмір құбылысын суреттеудің жаңа әдісін ұсынды. Әр образ, әр суреттелген көрінісінің негізінде шындық болуы керектігінің айқын үлгісін көрсетті.

Бесінші: Бұрынғы әдебиетте болса да, әлі дәуірлей алмаған сатиралық әдіс, оның өткір құралы саналатын сарказм, иронияларды ең жоғарғы сатыға көтеріп, халық тіршілігіне зиянды іс-әрекет мінез-құлықтарды шенеудің күшті қоры етті.

Алтыншы: Абай өзіне дейінгі әдебиетте жоқ, адамның ішкі сезім дүниесін тікелей суреттеу әдісіне соныдан жол салып, психологияны суреттеуде дүние жүзінің атышулы акын, жазушыларының шығармаларымен тен

түсетін шығармалар беріп, өзінің асқан шеберлік ұсталығын ұрпаққа өнеге ретінде қалдырды.

Жетінші: Абай қазақтың өзіне дейінгі ауыз әдебиеті, тарихи әдебиетіндегі ақыл-нақыл сөздерінің үлгісін ала отырып дамытты, ілгерілетті. Сөздің бұл түрлерін тек бұрынғы шеңберлерінде қалдырмай, философиялық ойлау негізіне шейін жеткізді. Қиюын тауып қалай білсе, қазақ тілі, қазақтың сөз байлығымен де терең-терең философиялық ой-пікірді айтып беруге болатындығын, әңгіме сөздің жетпеуінде емес, мәдениеттің жетпеуінде екендігін айқындап, философиялық ой-пікірді қалай айтып берудің үлгілерін көрсетті.

Сегізінші: Қазақтың бұрынғы әдебиет нұсқаларында тек параллелизм түрінде ғана кездесетін табиғат құбылыстарын өз алдына өлеңнің бір жанры дәрежесіне жеткізіп, не сұлу, не әдемі табиғатты суреттеу (пейзаждық) өлеңдерін жасады.

Тоғызыншы: Орыс әдебиетінің ұлы классик ақындарының өлеңдерін аударып, олар арқылы дүниежүзілік әдебиетке қол созды. Қазақ жұртшылығын жер жүзінің даңқты ақын, жазушыларының сөз, идеяларына таныстырып, классик аудармалардың үлгі, өнегелерін кейінгілерге сабақ етті. Орыстың ұлы ақындарын терең түсініп, аударып отырып, олардың үлгісімен қалай жаңа сөз, сөйлемдер құру және оларды қазақтың өз ұғымына жатық, көңіліне қонымды етіп шығару әдістерін көрсетті. Сөйтіп, қазақтың әдеби тілін байыту, күшейтуге бұл мүмкіншілікті де толық пайдалана білді. Дүниежүзілік әдебиетпен өзінің жақсы таныстығы арқасында, адамның мінезін суреттеу әдісі, кейде «диалог» түрінде, кейде «қыстырма сөз» түрінде, сөйлем араларында қолданылатын «төл сөздердің» өзіне шейін әдебиетте болмаған жаңа үлгілерін жасады.

Оныншы: Поэзияның әлеумет өміріндегі мәні мен орны үлкен екендігін терең түсініп, шын мәніндегі көркем поэзия жасаудағы негізгі құрал тіл екендігін, сондықтан, оған айрықша көңіл бөлу керектігіне басшылық етті. Тілді бағаламаушылық, не оған жүрдім-бардым қарап, сөз «кадрін» кетірушілік ар мен ақындық міндетін арзандатып, «мақтау» өлең айтушылық тағы басқа осылар сықылды сөздің мазмұнын және искусстволық қасиетін төмендетушілерге де, түр қуалап жасалынды сөз, шындықтан тыс образ қолданушыларға да қарсы

күрес ашып, сөздің әрі көркем, әрі жеңіл, түсінікті, әрі мазмұнды болуын талап етіп, өзі оның айқын үлгілерін жасап, кейінгілерге басшылық етті.

Тіл жөнінде басқа мәдениетті елдердің ұлы адамдарының қойған шарттары мен талаптарын Абай да қойып, ол да солардың пікірлеріндей тамаша-тамаша құнды пікірлер айтты. Сөйтіп, бұл туралы да кейінгі ұрпақтарға өшпес өсиет, өлмес өнеге қалдырды.

Абайдың әдеби тіл туралы кейінгілер үшін үлкен мәні де ұлы еңбегі де, қорытып айтқанда, осы не түрлі мәселелердің айналасынан табылады.

Бұл еңбек, бірінші жағынан, Абайға дейінгі Қазақтың бай ауыз әдебиеті, XVIII ғасырда басталатын тарихи әдебиетін есінен шығарып, қазақ әдебиеті тарихында, әдебиет тілінде кесіп алғандай тек Абайдан бастағысы келетін көзқарастың қателігін, Абайдың поэзиясының да, тілінің де терең тамырының бір бұтағы өзіне шейінгі қазақ әдебиетінде жатқандығын көрсетсе, екінші жағынан, жоғарғы қорытып айтқан тіл жөніндегі он түрлі Абайдың тарихи ұлы еңбегі, Абайды не үшін қазақтың әдебиет тілінің негізін салушы, дамытып, ілгерілетуші дейтініміздің де себептерін ашып береді.

Бұл тәрізді бір дәуірдің алдыңғы қатардағы идеяларының жиынтығын, әрі күресшісі болу; бір халықтың ғасырлар бойы сүтпен еніп, сүйекке сіңген әдебиетінде төңкеріс жасау осылармен байланысты, қазақтың әдеби тілін өзіне шейінгі әдебиеттің тілінің дәрежесінен әлде қайда жоғарылатып, мәдениетті елдердің поэзиясының тілдерінің қатарына жеткізуі — бәрі қосыла келіп Абайды қазақтың ұлы классик ақыны етті.

Абайдан кейінгі қазақ әдебиеті Абайдың үлгісінде өсіп, өркендеді. XX ғасырдың бас кезінен бастап, күні бүгінге шейін өлең құрылысы, тілі жөнінде Абайдың әсерінсіз әдебиет тарихының қатарына қосылған қазақ ақынын табу қиын. Бұл мәселенің бетін ашу — келешекте зерттеушілердің ісі. Бірақ, оның өзінен кейінгілерге тигізген әсерін зерттеу үшін де Абайдың алдында не бар еді, өзі не жасады деген күрделі бір мәселенің бұл еңбекте негізінде беті ашылса, мақсаттың орындалғаны, келешек зерттеушілерге де жол ашқанымыз болып саналады. Сондықтан, Абайдың тілін зерттеу тек кешегі тарихты білу ғана емес, бүгінгі әдебиетімізді білу үшін де негізгі мәселенің бірі.

ҮЗІНДІЛЕР АЛЫНҒАН МАТЕРИАЛДАР

1. Абай Құнанбайұлы. Шығармалары, II том, (аудармалары мен қара сөздері) ҚҚӘБ, Алматы, 1940 ж. 165—166-бет.
118-бет.
2. Айтыс. I том, ҚҚӘБ. Алматы, 1942 ж.
3. Семейдің облыстық архиві іс № 242.
4. Абай Құнанбайұлы. Шығармалары II том. ҚҚӘБ, Алматы, 1940 ж. 202-бет.
5. В. Г. Белинский. полн. соб. соч. под ред. Венгерова том IV. стр. 516
6. Тіл және әдебиет институтының фондысы. Папка № 21.
7. Бұл да сонда институтының фондысы. Папка № 21.
8. Бұл да сонда институтының фондысы. Папка № 45.
9. Бұл да сонда институтының фондысы Папка № 45.
10. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. ҚҚӘБ, Алматы, 1935 ж. 23-бет.
11. Тіл және Әдебиет институтының фондысы. Папка № 47.
12. Бұл да сонда Папка № 21.
13. Бұл да сонда Папка № 21.
14. Античные теории языка и стиля. изд. Ан СССР Москва. 1940 г. стр. 182.
38-бет.
15. Айтыс. I том. ҚҚӘБ, Алматы, 1942 ж.
16. Бұл да сонда Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. 172-бет.
99-бет.
17. Махамбет өлеңдері. ҚҚӘБ, Алматы, 1958 ж. 179-бет.
18. Дулат өлеңдері. (Қолжазба). ҚӘМБ. 36-бет.
19. Махамбет өлеңдері ҚМҚӘБ. Алматы, 1958 ж. 419-бет.
20. Батырлар жыры. I том. ҚҚӘБ, Алматы, 1939 ж.
21. В. В. Радлов. Образцы народной литературы тюркских племен, часть III, С. П. 1870 г. стр. 17
22. А. Саади. Тіл, Әдебиет, язу һәм олардың тарихи өсулері Қазан, 1926 ж. 86-бет.

23. Батырлар жыры. I том. ҚКӘБ, Алматы, 1939 ж.	300-бет.
24. Бұл да сонда.	534-бет.
25. Н. Наушабаев. Манзумат Қазақыя Қазан, 1903 ж.	2-бет.
26. Юсуп пен Злиха. (Османша). Қазан, 1902 ж.	2-бет.
27. Сүлеймен Бақырғани	3-бет.
28. Ғали Рахим, Вазиз. Татар әдебиетінің тарихы. Қазан, 1925 ж.	117-бет.
29. Н. Наушабаев. Манзумат Қазақыя. Қазан, 1903 ж.	32-бет.
30. З. Әл-Жауһри-Әл Омскау. Тұр, қазақ. Қазан, 1909 ж.	40-бет.
31. Орынбай Құрманбаев. Насихат Қазақыя Қазан, 1900 ж.	32-бет.
32. Бұл да сонда	32-бет.
33. Ақмолла өлеңдері. (Қолжазба). ҚБМБ.	132-бет.
34. Ақансері өлеңдер. (Қолжазба). ҚБМБ	182-бет.
35. Абай Құнанбайұлы. I том. (С. Мұқановтың бас мақаласы). ҚКӘБ, Алматы, 1939 ж.	14-бет.
36. Қашафиддин мен Шаһмардан. Мақулат. Қазан, 1895 ж.	5-бет.
37. С. Е. Малов. К истории казахского языка. Известия Акад. СССР отд. лит. и языка № 3, Москва, 1941 г.	
38. А. Навои, Фархад и Ширин. Ташкент, 1940 г.	стр. 33.
39. Тіл және Әдебиет институтының фондысы. Папка № 16.	
40. Батырлар жыры. I том. ҚКӘБ, Алматы, 1939 ж.	100-бет.
41. Қазақ әдебиеті. ҚКӘБ, Алматы, 1942 ж.	129-бет.
42. Батырлар жыры. I том. ҚКӘБ, Алматы, 1939 ж.	167-бет.
43. Айтыс. I том. ҚКӘБ, Алматы, 1942 ж.	33-бет.
44. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. ҚКӘБ, Алматы, 1935 ж.	74-бет.
45. Бұл да сонда.	95-бет.
46. Тіл және Әдебиет институтының фондысы. Папка № 111.	
47. Билер сөзі. Тіл және Әдебиет институтының фондысы. Папка № 125.	
48. Айтыс. I том. ҚКӘБ, Алматы, 1942 ж.	109-бет.
49. Батырлар жыры. I том. ҚКӘБ, Алматы, 1939 ж.	413-бет.
50. Бұл да сонда	415-бет.
51. Жұмбақтар. ҚКӘБ, Алматы, 1940 ж.	67-бет.
52. Махамбет өлеңдері. ҚКӘБ, Алматы, 1939 ж.	147-бет.
53. Айтыс. I том. ҚКӘБ, Алматы, 1942 ж.	150-бет.
54. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. ҚКӘБ, Алматы, 1935 ж.	194-бет.
55. Айтыс. I том. ҚКӘБ, Алматы, 1942 ж.	39-бет.
56. Әдебиет хрестоматиясы. ҚКӘБ Алматы, (қолжазба).	280-бет.
57. Қазақ әдебиеті. ҚКӘБ, Алматы, 1942 ж.	168-бет.
58. Махамбет өлеңдері. (Қолжазба), ҚБМБ.	310-бет.
59. Мұрат өлеңдері. (Қолжазба), ҚБМБ.	600-бет.
60. Махамбет өлеңдері. (Қолжазба), ҚБМБ.	315-бет.
61. Махамбет өлеңдері. ҚКӘБ, Алматы, 1939 ж.	88-бет.
62. Айтыс. (Қолжазба). Тіл және Әдебиет институтының фондысы. Папка № 4.	

63. Айтыс. I том. ҚКӘБ, Алматы, 1942 ж.	117-бет.
64. А. Н. Веселовский. Историческая поэтика. Ленинград, 1940 г.	стр. 187
65. Ж. Вандриес. Язык. Москва, 1937 г.	стр. 170
66. А. С. Орлов. Казахский героический эпос. изд. АН СССР, Ленинград, 1945 г.	стр. 26
67. Бұл да сонда	стр. 55
68. Бұл да сонда	стр. 146
69. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері ҚКӘБ, Алматы, 1935 ж.	151-бет.
70. Билер сөзі. Тіл және Әдебиет институтының фондасы. Папка № 166.	
71. Бұхар жырау сөздері. (Қолжазба) ҚБМБ.	116-бет.
72. Ыбырай Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары. ҚБМБ. Алматы, 1943 ж.	27-бет.
73. Батырлар жыры. I том. ҚКӘБ, Алматы, 1939 ж.	
74. Шернияз өлеңдері (Қолжазба). ҚБМБ.	332-бет.
75. Бұл да сонда	360-бет.
76. Махамбет өлеңдері. ҚКӘБ, Алматы, 1939 ж.	370-бет.
77. Батырлар жыры. I том. ҚКӘБ, Алматы, 1939 ж.	100-бет.
78. Бұхар жырау сөздері. (Қолжазба). ҚБМБ:	405-бет.
79. Махамбет өлеңдері. ҚКӘБ, Алматы, 1939 ж.	116-бет.
80. Шортанбай өлеңдері. (Қолжазба). ҚБМБ.	86-бет.
81. Алмаш Азамат қызы. (Қолжазба). ҚБМБ.	569-бет.
82. Қалнияз өлеңдері. (Қолжазба). ҚБМБ.	342-бет.
83. Қазақ әдебиеті. ҚБМБ, Алматы, 1942 ж.	571-бет.
84. Ы. Алтынсарин. Таңдамалы өлеңдері. ҚБМБ, Алматы, 1943 ж.	176-бет.
85. Шортанбай өлеңдері. (Қолжазба). ҚБМБ.	23-бет.
86. Махамбет өлеңдері. (Қолжазба). ҚБМБ.	538-бет.
87. Батырлар жыры. I том ҚКӘБ, Алматы, 1939 ж.	320-бет.
88. Махамбет өлеңдері. ҚКӘБ, Алматы, 1939 ж.	566-бет.
89. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. ҚКӘБ, Алматы, 1935 ж.	113-бет.
90. Жұмбақтар. ҚКӘБ, Алматы, 1940 ж.	86-бет.
91. Бұл да сонда	40-бет.
92. Нысанбай өлеңдері. (Қолжазба). ҚБМБ.	91-бет.
93. Батырлар жыры. I том. ҚКӘБ, Алматы, 1939 ж.	463-бет.
94. Бұл да сонда	400-бет.
95. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. ҚКӘБ, Алматы, 1935 ж.	573-бет.
96. Бұл да сонда	66-бет.
97. Бұл да сонда	34-бет.
98. Бұл да сонда	13-бет.
99. Бұл да сонда	103-бет.
100. Бұл да сонда	141-бет.
101. Бұл да сонда	146-бет.
102. Билер сөзі. Тіл және Әдебиет институтының фондасы. Папка № 166.	99-бет.
103. Бұл да сонда. Папка № 127.	
104. Батырлар жыры. I том. ҚКӘБ, Алматы, 1939 ж.	114-бет.
105. Бұл да сонда	420-бет.
106. Бұл да сонда	317-бет.
107. Бұл да сонда	524-бет.

108. Асанқайғы сөздері. (Қолжазба). ҚБМБ.	73-бет.
109. Айтыс. I том. ҚКӘБ, Алматы, 1942 ж.	43-бет.
110. Жұмбақтар. ҚКӘБ, Алматы, 1940 ж.	148-бет.
111. Айтыс. I том. ҚКӘБ, Алматы, 1942 ж.	217-бет.
112. Бұл да сонда.	148-бет.
113. Бұхар жырау сөздері. (Қолжазба). ҚБМБ.	112-бет.
114. Махамбет өлеңдері. ҚКӘБ, Алматы, 1939 ж.	97-бет.
115. Бұл да сонда	97-бет.
116. Бұл да сонда	96-бет.
117. Махамбет өлеңдері. (Қолжазба). ҚБМБ.	318-бет.
118. Махамбет өлеңдері. ҚКӘБ, Алматы, 1939 ж.	89-бет.
119. Базар өлеңдері. (Қолжазба). ҚБМБ.	23-бет.
120. Нысанбай өлеңдері. (Қолжазба). ҚБМБ.	400-бет.
121. Шернияз өлеңдері (Қолжазба). ҚБМБ.	367-бет.
122. Ы. Алтынсарин. Таңдамалы өлеңдер. ҚБМБ, Алматы 1943 ж.	28-бет.
123. Әубәкір өлеңдері. (Қолжазба). ҚБМБ.	668-бет.
124. Кемпірбай өлеңдері. (Қолжазба.) ҚБМБ.	688-бет.
125. Ақансері өлеңдері. (Қолжазба). ҚБМБ.	186-бет.
126. Б. Томашевский. Теория литературы. (Поэтика). Л. 1925 г.	стр. 38.
127. Л. И. Тимофеев. Основы теории литературы. Москва, 1940 г.	стр. 101
128. Г. Н. Поспелов. Теория литературы. Москва, 1940 г.	стр. 49
129. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. ҚКӘБ, Алма- ты, 1935 ж.	35-бет.
130. Бұл да сонда	23-бет.
131. Бұл да сонда	23-бет.
132. Бұл да сонда	24-бет.
133. Бұл да сонда	176-бет.
134. Бұл да сонда	84-бет.
135. Бұл да сонда	176-бет.
136. Батырлар жыры. I том. ҚКӘБ. Алматы, 1939 ж.	323-бет.
137. Бұл да сонда	424-бет.
138. Асанқайғы сөздері. (Қолжазба). ҚБМБ.	72-бет.
139. Батырлар жыры. I том. ҚКӘБ, Алматы, 1939 ж.	180-бет.
140. Нысанбай өлеңдері. (Қолжазба). ҚБМБ.	413-бет.
141. Бұл да сонда	459-бет.
142. Айтыс. I том. ҚКӘБ, Алматы, 1942 ж.	110-бет.
143. Қашаған өлеңдері. (Қолжазба). ҚБМБ.	619-бет.
144. Шәңгерей өлеңдері. (Қолжазба). ҚБМБ.	251-бет.
145. Қалнияз өлеңдері. (Қолжазба) ҚБМБ.	553-бет.
146. Билер сөзі. Тіл және Әдебиет институтының фон- дысы. Папка № 133.	
147. Бұл да сонда. Папка № 60.	
148. Махамбет өлеңдері. ҚКӘБ, Алматы, 1939 ж.	103-бет.
149. Бұл да сонда	116-бет.
150. Ы. Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары. ҚБМБ. Алматы, 1943 ж.	23-бет
151. Тіл және Әдебиет институтының фондасы. Папка № 21.	
152. Батырлар жыры. I том, ҚКӘБ, Алматы, 1939 ж.	85-бет.
153. Бұл да сонда	385-бет.

154. Тіл және Әдебиет институтының фондасы. Папка № 19.
155. Қазақ әдебиеті. ҚБМБ, Алматы, 1942 ж. 264-бет.
156. Н. А. Некрасов. Избр. произведения. Москва, 1945 г. стр. 111
157. М. Әуезов. Айман-Шолпан. (Пьеса). ҚКӘБ, Алматы 1937 ж. 36-бет.
158. Дулат өлеңдері. (Қолжазба). ҚБМБ. 160-бет.
159. Ақансері өлеңдері. (Қолжазба). ҚБМБ. 210-бет.
160. Айтыс. I том. ҚКӘБ, Алматы, 1942 ж. 127-бет.
161. Бұл да сонда 128-бет.
162. Шернияз өлеңдері: (Қолжазба). ҚБМБ. 364-бет.
163. Дулат өлеңдері (Қолжазба). ҚБМБ. 159—161-бет.
164. Тіл және Әдебиет институтының фондасы. Папка № 16.
165. Батырлар жыры. I том. ҚКӘБ. Алматы, 1942 ж. 85—92-бет.
166. Бұл да сонда 351—373-бет.
167. Бұл да сонда 434-бет.
168. Бұл да сонда 427-бет.
169. Дулат өлеңдері. (Қолжазба). ҚБМБ. 157-бет.
170. Байтоқ ақын өлеңдері. (Қолжазба). ҚБМБ. 192-бет.
171. Махамбет өлеңдері. ҚКӘБ, Алматы, 1939 ж. 104-бет.
172. Бұл да сонда 107-бет.
173. Нысанбай өлеңдері. (Қолжазба). ҚБМБ. 452-бет.
174. Шортанбай өлеңдері. «Қазақ әдебиеті» ҚБМБ. Алматы, 1942 ж. 248-бет.
175. Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары. ҚБМБ. Алматы, 1943 ж. 11-бет.
176. Батырлар жыры. I том. ҚКӘБ, Алматы, 1939 ж. 176-бет.
177. Бұл да сонда 258-бет.
178. Айтыс. I том. ҚКӘБ, Алматы, 1942 ж. 108-бет.
179. Қисса Зархом. Қазан. 1902 ж. 18-бет.
180. Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары. ҚБМБ. Алматы, 1943 ж. 10-бет.
181. Бұхар жырау сөздері. (Қолжазба). ҚБМБ. 82-бет.
182. Тіл және Әдебиет институтының фондасы. Папка № 44.
183. Тіл және Әдебиет институтының фондысы. Папка № 45.
184. Дулат өлеңдері. (Қолжазба). ҚБМБ. 173-бет.
185. Мұрат өлеңдері. (Қолжазба). ҚБМБ. 185-бет.
186. Махамбет өлеңдері. ҚКӘБ, Алматы, 1939 ж. 89-бет.
187. Батырлар жыры. I том. ҚКӘБ, Алматы 1939 ж. 584-бет.
188. Байтоқ ақын. Өлеңдері. (Қолжазба). ҚБМБ. 189-бет.
189. Батырлар жыры. I том. ҚКӘБ, Алматы, 1939 ж. 214-бет.
190. Аубәкір өлеңдері. (Қолжазба). ҚБМБ. 673-бет.
191. Тіл және Әдебиет институтының фондысы. Папка № 111.
192. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. ҚКӘБ, Алматы, 1935 ж. 102-бет.
193. Алмаш өлеңдері. (Қолжазба). ҚБМБ. 334-бет.
194. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. ҚКӘБ, Алматы, 1935 ж. 183-бет.

195. Махамбет өлеңдері. (Қолжазба). ҚБМБ.	623-бет
196. Тіл және Әдебиет институтының фондысы Папка № 111.	
197. Бұхар жырау сөздері. (Қолжазба). ҚБМБ.	118-бет.
198. Батырлар жыры. I том. ҚКӘБ, Алматы 1939 ж.	214-бет.
199. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. ҚКӘБ, Алматы, 1935 ж.	112-бет.
200. Батырлар жыры. I том. ҚКӘБ, Алматы, 1939 ж.	404-бет.
201. Қалнияз өлеңдері. (Қолжазба). ҚБМБ.	549-бет.
202. Батырлар жыры. I том. ҚКӘБ, Алматы, 1939 ж.	88-бет.
203. Бұл да сонда	146-бет.
204. Қазақтың әдебиеті. ҚБМБ, Алматы, 1942 ж.	19, 78-бет.
205. Махамбет өлеңдері. ҚКӘБ, Алматы, 1939 ж.	84-бет.
206. Батырлар жыры. I том. ҚКӘБ, Алматы, 1939 ж.	315—337-бет.
207. Айтыс. I том. ҚБМБ, Алматы, 1942 ж.	190-бет.
208. Махамбет өлеңдері. (Қолжазба). ҚБМБ,	318-бет.
209. Қалнияз өлеңдері. (Қолжазба). ҚБМБ.	548-бет.
210. Айтыс. I том. ҚБМБ, Алматы, 1942 ж.	39-бет.
211. Бұл да сонда	211-бет.
212. З. Габдолкадилов. Шопаната. Қазан, 1889 ж.	31-бет.
213. Батырлар жыры. I том, ҚБМБ, Алматы, 1939 ж.	415-бет.
214. Махамбет өлеңдері. ҚКӘБ, Алматы, 1939 ж.	116-бет.
215. Батырлар жыры. I том. ҚКӘБ, Алматы, 1939 ж.	420-бет.
216. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. ҚКӘБ, Алматы, 1935 ж.	53-бет.
217. Бұл да сонда	83-бет.
218. Бұл да сонда	148-бет.
219. Бұхар жырау сөздері. (Қолжазба). ҚБМБ.	114-бет.
220. Дулат өлеңдері. (Қолжазба). ҚБМБ.	179-бет.
221. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері ҚКӘБ, Алматы, 1935 ж.	61-бет.
222. Бұл да сонда	147-бет.
223. Билер сөзі. Тіл және Әдебиет институтының фондысы. Папка № 133.	
224. Дулат өлеңдері. (Қолжазба). ҚБМБ.	179-бет.
225. Махамбет өлеңдері. (Қолжазба). ҚБМБ.	324-бет.
226. М. Ю. Лермонтов. Полный собр. соч. том I. Ленинград, 1939 г.	стр. 328.
227. А. С. Пушкин. Полн. собр. соч. том V. Издания Акад. Наук. 1935 г.	стр. 10
228. М. Ю. Лермонтов. Полн. собр. соч. том I. Ленинград, 1939 г.	стр. 271
229. Русские писатели о литературе. Ленинград, 1939 г.	стр. 174
230. Бұл да сонда	186-бет.
231. Бұл да сонда	251-бет.
232. Қазақ әдебиеті. ҚБМБ, Алматы, 1943 ж.	5-бет.
233. Батырлар жыры. I том. ҚКӘБ, Алматы, 1939 ж.	223-бет.
234. Айтыс. I том, ҚКӘБ, Алматы, 1942 ж.	35-бет.
235. Орынбай өлеңдері. (Қолжазба). ҚБМБ.	295-бет.

М А З М Ы Н Ы

Кіріспе	3
Шоқан (Мұхамедханафия) Уәлиханов	19
Ыбрай Алтынсарин	38

I бөлім

Абайдың өмірі және Абай туралы жазылған еңбектер	73
Абай шығармаларындағы шындық және әлеуметтік-теңсіздік мәселелері	83
Мағауия Абайұлы Құнанбаев	111

II бөлім

Терең ғылымдық еңбек (Бет ашар)	121
I тарау. Түсіндірме	127
II тарау. Поэтик тілдің қазақ өміріндегі орны мен мәні	133
III. тарау. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі	144
IV тарау. Абай сөздіктерінің әр түрлі салалары	156
V тарау. Абай өлеңдеріндегі өзінің тура мағынасында қолданылатын сөздер	163
а) Архаизм	
б) Диалект	
в) Шет сөз	
г) Абай өлеңдеріндегі жаңа сөз (неологизм) жаңаша сөйлемдер	: : :
VI тарау. Абай өлеңдеріндегі эпитет және оның түрлері	194
VII тарау. Теңеу оның Абай өлеңдеріндегі түрлері	204
VIII тарау. Абай өлеңдеріндегі ауыстыру мағынасында қолданылатын сөздер (тропы)	213
а) Метафора	
б) Метонимия	
в) Синекдоха	
г) Символ	

д) Аллегория	
е) Кейіптеу (олицетворение)	
IX тарау. Абай өлеңдеріндегі ирония, сарказм, гипербола (әсірелеу) және литота	264
X тарау. Абай өлеңдеріндегі фигура және олардың түрлері. Абайға тән кейбір ерекшеліктер	282
XI тарау. Абай қазақтың бірінші психолог ақыны	303
XII тарау. Абай өлеңдеріндегі ақыл, нақыл сөздер. Олардың Абайға шейінгі әдебиеттердегі бар түрлерімен салыстырғанда бірлігі және айырмасы	313
XIII тарау. Абай аудармалары және оның тілі	323
XIV тарау. Тіл туралы Абайдың өз көзқарасы	336
XV тарау. Қазақтың әдебиетін және әдебиет тілін дамыту, ілгерілетудегі Абайдың тарихи мәні.	347
Үзінділер алынған материалдар:	356

Проф. К. Джумалиев

ВОПРОСЫ ИСТОРИИ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ И ЯЗЫК ПОЭЗИИ АБАЯ

(На казахском языке)

Издание Казгослитиздата — 1960

Редактор *К. Узақбаева*. Художник *Г. Гилев*.
Техредактор *П. Вальчук*. Корректор *К. Байменова*.

* * *

Сдано в производство 25/VI — 60 г. Изд. № 211. Подписано к печати 4/X — 60 г. УГ04754. Бумага 84 × 108¹/₃₂ = 11,38 п. л. — 18,65 усл. п. л. (Уч. изд. 21,46 л.). Тираж 20 000 экз. Цена 10 руб. 60 коп. (с л. і. 61 г. 1 руб. 06 коп.). Алма-Ата, Типография № 2 Главлитиздата Министерства культуры Каз ССР. Заказ № 1274